



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ө.Х. МАРҒҰЛАН АТЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

ӨЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ТАРИХ ФАКУЛЬТЕТІ
АРХЕОЛОГИЯ, ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ МУЗЕОЛОГИЯ КАФЕДРАСЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
«ЕСІК» МЕМЛЕКЕТТІК ТАРИХИ-МӘДЕНИ ҚОРЫҚ-МУЗЕЙІ

АҚЫНЖАНОВ ОҚУЛАРЫ–2022

студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми
конференция материалдары

Алматы қ., 20–22 сәуір 2022 ж.

Алматы
2022

ӨОЖ
КБЖ
А 22

Жинақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірлігі Ғылым комитеті
бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру, ЖТН BR11765630 жобасы аясында шығарылды

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірлігі Ғылым комитеті
Ө.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Ғылыми кеңесі ұсынған

Бас редактор
Т.Б. Мамиров, тарих ғылымдарының кандидаты

Жауапты редактор
Р.С. Мусаева

Рецензенттер:
Д.А. Байтілеу, тарих ғылымдарының кандидаты
Ұ.Ұ. Үмітқалиев, тарих ғылымдарының кандидаты

Редакциялық алқа:
Б.Б. Бесетаев, К.А. Жамбулатов, Р.Ж. Жанұзақ,
Е.К. Казизов, Ө.Н. Отар, М.К. Сүйіндікова,
М.С. Шағырбаев

А 22 Ақынжанов оқулары—2022: студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференция материалдары (Алматы қ., 20–22 сәуір 2022 ж.). Алматы: Ө.Х. Марғұлан ат. Археология институты, 2022. 256 б.

ISBN

Жинаққа археология, этнология, мәдени мұраны қорғау және музейтану саласындағы студенттер мен жас ғалымдардың ғылыми зерттеулерінің нәтижелері кірді. Жаңа деректер ғылыми айналымға енгізіледі.

Басылым археологтарға, тарихшыларға, этнологтарға, музейтанушыларға, сондай-ақ Қазақстан мен көршілес өңірлердің материалдық және рухани мәдениетіне қызығушылық танытқандардың барлығына арналған.

ӨОЖ
КБЖ

ISBN

© Ө.Х. Марғұлан ат. Археология институты, 2022



МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КОМИТЕТ НАУКИ
ИНСТИТУТ АРХЕОЛОГИИ ИМ. А.Х. МАРГУЛАНА

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. АЛЬ-ФАРАБИ
ИСТОРИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ
КАФЕДРА АРХЕОЛОГИИ, ЭТНОЛОГИИ И МУЗЕОЛОГИИ

МИНИСТЕРСТВО КУЛЬТУРЫ И СПОРТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНЫЙ МУЗЕЙ-ЗАПОВЕДНИК «ЕСІК»

АХИНЖАНОВСКИЕ ЧТЕНИЯ–2022

материалы международной научной конференции
студентов и молодых учёных

г. Алматы, 20–22 апреля 2022 г.

Алматы
2022

УДК
ББК
А 22

Сборник издается в рамках программно-целевого финансирования Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан. ИРН проекта BR11765630

Рекомендовано к печати Ученым советом Института археологии им. А.Х. Маргулана
Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан

Главный редактор
Т.Б. Мамиров, кандидат исторических наук

Ответственный редактор
Р.С. Мусаева

Рецензенты:
Д.А. Байтлеу, кандидат исторических наук
У.У. Умиткалиев, кандидат исторических наук

Редакционная коллегия:
Б.Б. Бесетаев, К.А. Жамбулатов, Р.Ж. Жанузақ,
Е.К. Казизов, А.Н. Отар, М.К. Суюндыкова,
М.С. Шагирбаев

А 22 Ахинжановские чтения–2022: материалы международной научной конференции студентов и молодых ученых (г. Алматы, 20–22 апреля 2022 г.). Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана, 2022. 256 с.

ISBN

В сборник вошли результаты научных исследований студентов и молодых ученых по археологии, этнологии, охране культурного наследия и музееведению. В научный оборот вводятся новые данные.

Издание адресовано археологам, историкам, этнологам, музееведам, а также всем интересующимся материальной и духовной культурой Казахстана и сопредельных регионов.

УДК
ББК

ISBN

© Институт археологии им. А.Х. Маргулана, 2022

Редакциялық ұжымнан

Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих факультетімен және «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығымен бірлесіп, «Ақынжанов оқулары – 2022» атты жас ғалымдар мен студенттердің дәстүрлі халықаралық ғылыми конференциясын өткізуді жалғастыруда. Конференция Қазақстан ғылымы апталығына орайластырылған.

1993 жылдан бастап өткізіліп отырған «Ақынжанов оқулары» конференциясы жас зерттеушілердің ғылыми пікір алмасу және идеяларды талқылауға арналған ерекше алаңға айналды. Бастапқыда конференция тек археологиялық мәселелерге арналғанымен, уақыт өте этнологтар мен музейтанушылардың зерттеулері де қамтылып келеді.

Санаулы жылдарда өткізілген бұл конференция жас зерттеушілердің ғылыми жолын жалғастыру үшін өзіндік бастамасына айналды. Алғашқы «Ақынжанов оқуларына» қатысқан көптеген студенттер мен жас ғалымдар өз өмірін археология ғылымымен байланыстырды. Оқта-текте өткізілетін өткізілетін конференцияларға қарамастан ұлттық археологиялық мектептің қатары дарынды ғалымдармен толықты. Ағымдағы жылдан бастап қатысушылардың географиясын кеңейтіп, Қазақстанның және көршілес елдердегі академиялық мекемелердің, ғылыми орталықтардың зерттеушілері арасындағы байланыстарды жақындата отырып, «Ақынжанов оқулары» жыл сайын өткізу жоспарлануда.

Ұсынылып отырған жинаққа зерттеу ерекшеліктеріне сәйкес бірнеше бөлімдерге топтастырылған 62 мақала еніп отыр.

Алғашқы негізгі бөлімге Қазақстанның әртүрлі өңірлері мен тарихи кезеңдерінің және шектес аймақтардың археологиясы бойынша зерттеулердің нәтижелері көрсетілген 33 мақала енген. Жас ғалымдар зерттелу тарихы мен тарихнаманы, материалдық мәдениеттің жекелеген аспектілерін талдайды; далалық зерттеулердің нәтижелерін келтіріледі, ғылыми айналымға жаңа материалдар ұсынады.

Екінші бөлімдегі мақалаларда Қазақстан халықтарының мәдениеті мен дәстүрлері, рухани және материалдық мәдениетінің жекелеген тұстарын зерттеу нәтижелері көрсетілген.

Үшінші бөлімге тарихи, археологиялық, музыкалық мұраны сақтау, насихаттау, музейтану және мәдени мұраны қорғау мәселелеріне арналған мақалалар еніп отыр.

Зерттеу жұмыстары түрлі-түсті суреттер, диаграммалар және кестелермен толықтырылған.

Жинақта келтірілген ғылыми қорытындылар мен пікірлер, ұсынылып отырған материалдар авторлардың жеке жауапкершілігінде қалады.

Жинақта жарияланатын жұмыстар археология, этнология, мұражайтану және Қазақстан мен шектес аймақтардың мәдени мұрасын қорғаудың түрлі аспектілерін қамти отырып, аталған бағыттардың дамуына елеулі үлес қосары сөзсіз.

Авторларға ұсынылған материалдары үшін шын жүректен алғыс білдіреміз!

От редколлегии

Институт археологии им. А.Х. Маргулана, совместно с историческим факультетом Казахского Национального Университета им. Аль-Фараби и Государственным музеем-заповедником «Иссык», в 2022 году продолжает проведение ставшей традиционной, международную научную конференцию студентов и молодых ученых «Ахинжановские чтения – 2022», приуроченную к неделе казахстанской науки.

С момента первых «Ахинжановских чтений» в 1993 году, конференция стала своего рода знаковой площадкой для научных дискуссий молодых исследователей, обмена мнениями, обсуждения идей. Конференция, изначально ориентированная только на археологов, постепенно вовлекла в свои направления этнологов и музееведов.

Проводимые в разные годы, данная конференция стала своеобразным стартом для продолжения своей научной карьеры. Многие студенты и молодые ученые, принимавшие участие в первых «Ахинжановских чтениях», связали свою жизнь с археологической наукой. Несмотря на эпизодичность проводимых конференций, благодаря им, ряды отечественной археологической школы пополнились талантливыми учеными. С этого года планируется проводить «Ахинжановские чтения» ежегодно, расширяя географию участников и способствуя налаживанию контактов между исследователями из учебных заведений, научных центров Казахстана и близлежащих стран.

В настоящем сборнике насчитывается 62 статьи, которые распределены в разделы согласно специфике исследований.

В первый и основной раздел вошли 33 статьи, в которых отражены результаты исследований по археологии различных регионов и исторических периодов Казахстана и сопредельных территорий. Молодыми учеными анализируются история изучения, историография, отдельные аспекты материальной культуры; приводятся результаты полевых исследований, в научный оборот вводятся новые материалы.

Во втором разделе представлены статьи, которые являются результатом изучения отдельных элементов материальной и духовной культуры, традиций и обычаев, народов Казахстана.

В третий раздел включены статьи по музееведению и охране культурного наследия, в которых отражены вопросы сохранения и популяризации исторического, археологического, музыкального наследия.

Статьи сопровождаются цветными иллюстрациями, диаграммами и таблицами.

Выводы и мнения, изложенные в настоящем сборнике, а также предоставленный материал остаются на персональной ответственности авторов.

Таким образом, публикуемые в настоящем сборнике работы охватывают различные аспекты современной археологии, этнологии, музееведения и охраны культурного наследия Казахстана и сопредельных территорий, и, несомненно, вносят существенный вклад в развитие данных направлений.

Выражаем искреннюю благодарность авторам за предоставленный материал и участие в издании!

I БӨЛІМ

Археология

АҚҚАЛИЕВА А. Ш.

Аққалиева Айбөбек Шыныбекқызы

Ө.Х. Марғұлан атындағы Археология институты,
Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Алматы қ., Қазақстан;

aybobe.akkaliyeva@gmail.com

ШІРІКРАБАТ МӘДЕНИЕТІ ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ СЫРҒАЛАР

Аннотация. Мақалада б.д.д. I мыңжылдықтың екінші жартысымен мерзімделетін шірікрабат мәдениетінен анықталған алтын сырғалар сипатталады. Қазіргі таңға дейін аталған мәдениеттен алты сырға табылып отыр. Алғашқы үш сырға Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы 1958-1960 жылдары жүргізген Бәбіш мола 2 және Шірік 2 ескерткіштерінен тіркелді. Оның екеуі маржанмен әшекейленген салпыншақты сырға болса, үшіншісінде төңкерілген қызғалдақ сомдалған. Кейінірек, 2004-2005 жылдары Ө.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Шірік Рабат археологиялық экспедициясы Ж. Құрманқұловтың жетекшілігімен Шірік рабат кешеніндегі № 3 нысаннан маржанның сабағы бар сырғаны анықтаған болса, кейін, 2020 жылы Егістік кесенесінен амфора тәрізді, салпыншақтары бар сырға табылды. Мақалада жоғарыда көрсетілген сырғалардың жалпы сипаттамасы мен олардың аналогтары келтірілген.

Түйін сөздер: археология, Сырдария, Жаңадария, шірікрабат мәдениеті, Бәбіш мола, Шірік рабат, Егістік, сырға, алтын, маржан, моншақ, қызғалдақ.

Кез келген халықтың мәдениетінде әшекей бұйымдар маңызды орын алады. Олар ежелгі қоғамдарда тек сәндік рөл атқарып қана қоймай, сонымен бірге терең мағыналық жүкті де көтерді, оны бұйым пішінінің ерекшелігінен, тағу тәсілдерінен және т.б. көре аламыз. Ерекше түрдегі әшекейлердің болуы арқылы адамның әлеуметтік жағдайын, халықтардың этникалық құрамын және оның ішіндегі белгілі бір ру-тайпалық топқа жататындығын анықтауға болады. Ерте көшпелілер дәуірінде осындай «индикаторлардың» бірі ретінде сырғалар саналды. Соның ішінде, шірікрабат мәдениетіне тән ескерткіштерге жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде алтыннан жасалған бірнеше сырғалар тіркелген болатын. Жалпы, шірікрабат ескерткіштері Қызылорда қаласынан оңтүстік батысқа қарай 300 шақырым, Сырдария өзенінен бөлініп шыққан Жаңадария арнасы бойында орналасқан.

Тақырыбымызға арқау болып отырған алғашқы үш сырғаны Бәбіш мола елді мекенінен және Шірік 2 ескерткішінен 1958-1960 жылдары Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы анықтады [Толстов 1962]. Кейін, Шірік Рабат археологиялық экспедициясы 2004 жылдан бастап жүзеге асырылған «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Шірік Рабат кешеніне зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында 2004-2005

жылдар аралығында екі сырға және 2020 жылы Егістік кесенесінен тағы бір сырға табылды [Құрманқұлов и др. 2006; Каталог 2021: 41].

Бәбіш мола 2 жерлеу ескерткіші Жаңадария арнасының оң жағалауында, Бәбіш мола 1 қалашығы солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан. Ғимарат жоспар бойынша шаршы тәріздес, аумағы 21x21 м, биіктігі қазіргі таңда 7 м-ге дейін барады. Құрылыстың негізі алты қатар пахсалық блоктардан тұрғызылған болса, жоғарғы жағы шикі кірпіштерден өрілген. Дәліз арқылы төрт бөлмеге бөлінген ғимараттың ішкі қабырғалары алебастрмен сыланған. Оңтүстік батыс бөлмеден ағаш зембілдерге немесе торланған ағаш жәшікке қойылған үш кісінің сүйектері анықталған. Жерлеу орнынан көптеген жәдігерлер: соның ішінде, жарты шар пішіндес алтын жапсырмалар, алтын үзбелер, дән тәріздес алтын моншақтар және тақырыбымызға сәйкес келетін алтын сырғалар табылған [Вайнберг, Левина 1993: 87-88, рис. 83].

Алғашқы сырғаның жоғарғы жағы моншақтар бекітілген спираль тәріздес алтын сыммен ширатылған, ал, төменгі бөлігіне салпыншақ кейпінде маржан тас ілінген. Келесі сырға қызғалдақ гүліне ұқсатылып сомдалған. Оның жоғарғы бөлігі алтын сыммен ілмек тәрізді жасалған болса, төменгі жағы орама сымға бекітілген моншақтары бар екі


салпыншақпен безендірілген (1:1,2-сур.). Осы сырғаға ұқсас аналогты Тәжікстан Республикасы, Бешкент алқабында шоғырланған Тулхар қорымының ерте жерлеу орындарының бірінен табылған. Аталған қорымда 348 қорған бар және олар көлемдеріне байланысты ерекшеленіп, бірнеше топтарға бөлінген. Ең үлкен тобы 63, ал, ең кішісі 3 қорғаннан тұрады. Соның ішінде, XVI, 1 қорғаннан басы ССШ қаратылып, шалқасынан жерленген әйел адамның сүйегі жанынан төрт салпыншағы бар құс бейнесі сомдалған алтын сырғаны айтамыз [Мандельштам 1966: 68, табл. LIX]. Бірақ біз қарастырып отырған екі сырғадан да төңкерілген қызғалдақ гүлін байқауға болады.

Келесі сырға Шірік 2 кесенесінен табылды [Левина и др. 2000: 188, рис. 8]. Өкінішке орай, бұл сырғаның сипаттамасы туралы нақты мәліметтер көрсетілмеген. Бірақ өзімізше сипаттама берсек, сырға үш бөліктен тұрады: жоғарғы бөлігіне сымнан оралған сақина жатса, ортаңғы бөлігі моншақтастар бекітілген ширатылған алтын сымнан тұрады ал, төменгі бөлігінде маржан сабағы бар (1:3-сур.).

2004-2005 жылдары Шірік рабат қалашығынан шығысқа қарай 7 шақырым жердегі төбенің үстіне орналасқан Шірік рабат ескерткіштер кешеніне жататын №3 нысанға (кесене) қазба жұмыстары жүргізілді. Қазба жұмыстары кезінде кесененің пішіні дұрыс емес дөңгелек екендігі және оның биіктігі 1,5-2 м болатындығы анықталды. Ескерткіштің төменгі бөлігі пахса блоктарынан тұрғызылған болса, жоғарғы жағы шікі кірпіштерден өрілген. Ішкі қабырғалар арқылы төртке бөлінген. Ішкі қабырғаның ені шамамен 1,5 м. Қазба барысында белгілі болғандай ескерткіш тоналған. Адам сүйектері орынсыз шашылып жатыр. Адам сүйектерімен қатар мал сүйектері және керамикалар, моншақтар, алтыннан істелген сырғалар, қайрақ тастар және т.б. бұйымдары тіркелді [Курманкулов и др. 2005: 155; Курманкулов и др. 2006: 249].

Табылған сырғаның бірі қалыңдығы 0,1 см болатын алтын сымнан дөңгелене иіліп, тұйықталмай жасалған. Ұзындығы 2,98 см құрайды (1:4-сур.). Осыған ұқсас сырға Орталық Қазақстан аймағындағы Қаратал қорымынан табылған. Алтын пластинадан дайындалған сырғаның қысқа ілмегі тұйықталған және ұқыпсыз соғылған [Бейсенов 2014: 123, рис 3.3]. Келесі аналог Нұра өзенінің бойындағы Жыланды қорымының №1 қорғанынан анықталды. Сырғаның ұшына жұқа алтын сым дәнекерленген және оған көгілдір моншақ бекітілген [Қадырбаев 1974: 41, рис. 10].

Келесі сырғаның ұзындығы 8,1 см, сым қалыңдығы 1 мм, маржанның ұзындығы 2,6 см, ені 2,5 см құрайды (1:5-сур.). Ілмек тәрізді сырғаның ұшында сымнан



1 - сур. Шірікрабат мәдениеті ескерткіштерінен анықталған алтын сырға түрлері: 1 – маржан сабағы бар сырға (Толстов бойынша); 2 – қызғалдақ бейнесіндегі сырға (Толстов бойынша); 3 – маржан сабағы бар сырға (Толстов бойынша); 4 – сырға (Құрманқұлов бойынша); 5 – маржан сабағы бар сырға (Құрманқұлов бойынша); 6 – амфора тәрізді сырға (Утубаев бойынша).

дайындалған салпыншағы бар. Сымның жоғарғы ұшы ілмектің айналасын екі қайыра орап шиыршықтала төмен қарай түскен және ортаңғы бөлігіне үш моншақ (шеткі екеуі інжу, ортаңғысы көк түсті шыны) ілінген. Ал сырғаның төменгі бөлігінде жануар бейнесіне ұқсас маржан сабағы бар [Археологиялық коллекция 2009: 357].

Жоғарыда көрсетілген Бәбіш мола 2 кесенесінен, Шірік 2 және Шірік рабат кешеніндегі №3 нысаннан табылған, маржан салпыншағы мен інжу моншағы бекітілген сымнан бұратылып жасалған алтын сырға К.А. Ақышевтың Сары Бұлақ және Көктұма қорымдарынан анықтаған сырғалармен сәйкес келеді. Олар да шамамен, б.д.д. IV-II ғғ. мерзімделеді [Акишев 1983: 140].

Жалпы Оңтүстік Орал маңы, Хорезм, Солтүстік Қаратеңіз, Солтүстік Кавказ жерлерінен анықталған маржан бұйымдардың көпшілігі жерорта теңіздік импорт немесе Индия және Парсы шығанағынан әкелінген тауарлар болып есептеледі [Треистер 2021: 366]. Қарастырып отырған аймағымыз кіретін – Хорезмдік ескерткіштерде маржаннан әзірленген әшекей бұйымдар б.д.д. IV-III ғасырларда кездесе бастайды. Кейінірек, б.д.д. II-I ғасырларда Тувадағы, Таулы Алтайдағы сюнну обаларынан және Хакассия жеріндегі ескерткіштерде маржан сабағынан жасалған бұйымдар тіркеледі. Бұл аймақтарға маржанның қандай жолмен келгенін айту қиынық туғызады, бірақ, б.д.д. II ғасырда Орталық Азия және Арал маңынан құрлық жолы арқылы келген болуы мүмкін [Треистер 2021: 370].

2020 жылы Егістік кесенесінен табылған алтын сырғаның жалпы ұзындығы 4,9 см. Кесене Бәбіш мола қалашығынан оңтүстікке қарай 23 шақырым жерде, Жаңадарияның оң жағалауында орналасқан. Ескерткіштің пішіні дөңгелек, диаметрі 12,5 м, сақталған биіктігі 1,4 м. Іші төрт қабырғамен бөлінген. Қабырғалары шикі кірпіштермен тұрғызылған. Қазба барысында төрт бөлмеден орынсыз шашылған кісі сүйектері көп анықталды. Адам сүйектерімен қатар ағаш сынықтары кездесті. Соған қарағанда кісі сүйектері ағаш зембілдер мен жәшіктерге қойылған болса керек. Бөлмелерден кісімен бірге қойылған ғұрыптық бұйымдары табылды. Олар: қыш және ағаш ыдыстары, әр-түрлі моншақтар, айна, сырға және т.б. бұйымдар [Каталог 2021: 44, Сүйіндікова 2021: 31]. Соның ішінде, тақырыбымызға арқау болып отырған алтыннан жасалған салпыншақты сырға. Сырға үш бөліктен тұрады: жоғарғы бөлігіне сымнан оралған сақина жатса, төменгі бөлігі амфораға ұқсас цилиндр пішіндес үлкенді-кішілі бөлшектерді дәнекерлеу

арқылы жасалған бөліктен тұрады. Төрт жағында ұшына ұсақ моншақтар бекітілген жіңішке алтын сымдармен ширатылған салпыншағы бар (1:6-сур.).

Б.д.д. III-II ғасырларда амфора тәрізді, салпыншақтары бар сырғалар этрускілік қорғандарда кездеседі, Месопотамия мен Иран аймағынан анықталған сырғалар б.д.д. I ғасырдың соңы – б.д. II ғасырлармен мерзімделеді. Жалпы, Иран жерінде салпыншағы бар, амфора пішінді сырғалардан басқа, алқалар да жасалған [Литвинский 1973: 42]. Сонымен қатар, Мунчак-Тепе (Өзбекстан) ескерткішінен сырға дайындайтын қалыптардың табылуы, аталған әшекейдің Орта Азия жерінде де таралғандығын көрсетеді. Қалыптар, негізінен, сақина тәрізді бөлшегі мен амфора салпыншағы бар сырғаларды құю үшін пайдаланылған. Сондай-ақ, амфора тәрізді сырғалар ұлы қоныс аудару дәуірімен мерзімделетін Ираги (Дағыстан) және Унтерзибенбрунн (Австрия) қорымдарынан да тіркелді [Рябцева 1999: 349, рис. 11].

Егістіктен табылған сырғаға аналог ретінде прохоров мәдениетінің әшекейлерін де жатқызуға болады. Б.д.д. III-II ғасырлармен кезеңделетін сырғалар алтынмен қапталып, қоладан жасалған, оған ілмектің көмегімен жарты ай тәрізді қалқаншалар және оның жоғарғы бұрышына алтын кішкене шарлар бекітілген. Қалқаншалардың арасына біріктіріп тұратын іші қуыс алтын түтікшелер орналастырылған. Ал төменгі жиегіне ілмектер дәнекерленіп, олардан алтын шарлар ілінген сылдырлап тұратын шынжырлар түсірілген. Жалпы, прохоровтық әшекей бұйымдардың ішінде аталмыш сырғалар бірегей жәдігер болып саналады [Мошкова 1963: 44, табл. 29,30].

Қорытындылай келгенде, жоғарыда келтірілген зергерлік бұйымдардың толық тізімі емес, аз уақыт ішіндегі зерттеулер барысында табылған әшекейлер ішіндегі сырғаларға қысқаша сипаттама берілді және ұқсастықтары келтірілді. Зерттеу шеңберінен тыс жасалу технологиясы, жергілікті тайпалардың Алдыңғы Азия және ежелгі Шығыс мемлекеттерімен мәдени-экономикалық байланыстары, импорт сырғалардың осы аймаққа ену жолдары сияқты маңызды тақырыптар Қазақстанның ежелгі тарихының маңызды мәселелеріне толық жауап беруге мүмкіндік береді деп үміттенеміз.

Әдебиет

Акишев К.А. Древнее золото Казахстана. – Алма-Ата: Өнер, 1983. – 264 с.

Бәбіш мола қазыналары = Сокровища Бабиш-мо-лы. Каталог / ред. Курманкулов Ж. – Алматы: Онон, 2021. – 108 с., илл. – Қазақша, орысша.

Бейсенов А.З. Серьги сакской эпохи // Вестник Томского государственного университета. История. – 2014. – № 6 (32). – С. 121-128.

Вайнберг Б.И., Левина Л.М. Чирикратская культура / Низовья Сырдарьи в древности. – Вып. I. – М., 1993. – 130 с. + илл. Вклейки

Кадырбаев М.К. Могильник Жиланды на реке Нура // Вглубь веков: археол. сб./ Отв. ред Акишев К.А. – Алма-Ата: Наука, 1974. – С. 25–45.

Курманкулов Ж., Бирмуханова А., Калиева Ж., Утубаев Ж. Археологические исследования на городище Чирик-Рабат и в его окрестностях // Отчет об археологических исследованиях по Государственной программе «Культурное наследие-2004». – Алматы: ИД Credo, 2005. – С. 152-156.

Курманкулов Ж., Жетибаев Ж., Утубаев Ж., Байтілеу Д., Искаков А. Археологические исследования памятника Чирик-Рабат и прилегающих районов // Отчет об археологических исследованиях по Государственной программе «Культурное наследие» в 2005 году. – Алматы: Иль-Тех-Кітап, 2006. – С. 249-251.

Қазақстанның ежелгі көшпелілер мәдениеті: археологиялық коллекция. Ғылыми каталог / ред. Әлімбай Н. – Алматы: Ди-Пи-Эс. – 420 с.

Левина Л.М., Рапопорт Ю.А., Неразик Е.Е. В низовьях Окса и Яксарта: Образы древнего Приаралья. – М.: Индрик, 2000. – 207 с.

Литвинский Б.А. Украшения из могильников Западной Ферганы // Могильники Западной Ферганы. – Вып. III. – М.: Наука, 1973. – 211 с. + 19 табл.

Мандельштам А.М. Кочевники на пути в Индию. – М–Л.: Наука, 1966. – 232 с.

Мошкова М.Г. Памятники прохоровской культуры. – М.: Изд-во АН СССР, 1963. – 56 с. + 32 табл.

Рябцева С.С. Близнецы или двойники. О сходстве и отличии «волынских» и «прикамских» серег // Stratum Plus. – №5. 1999. – СПб. – Кишинев – Одесса, 1999. – С. 338-356.

Сүйіндікова М.Қ. Бәбіш мола оазисі Егістік кесенесінен табылған ағаш ыдыстар // Марғұлан оқулары – 2021: Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының 30 жылдығына арналған «Этно-мәдени зерттеулер контекстіндегі Ұлы Дала» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары (Алматы қ., 26-27 қазан 2021 ж.). 3 томдық./ Жауапты редактор Байтанаев Б.А. – Алматы: Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институты, 2021. – 3-том. – 30-34 бб.

Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. – М.: Изд-во вост. лит-ры, 1962. – 324 с.

Трейстер М.Ю. Коралловые украшения и элементы декора в ювелирных изделиях и предметах торевтики из погребений кочевников Азиатской Сарматии в контексте торговли экзотическими материалами в Евразии // Вестник древней истории / ред. Иванчик А.И. – № 4 (81). Москва, 2021. – С. 340-393.



БУРАНБАЕВ Р.Н.

Буранбаев Руслан Нурланович
Институт археологии им. А.Х. Маргулана,
г. Алматы, Казахстан;
b_ruslan@inbox.ru

ЗОРОАСТРИЙСКИЙ АЛТАРЬ с ЦИТАДЕЛИ ГОРОДИЩА ТАРАЗ

Аннотация. В статье представлены данные о зороастрийском алтаре, обнаруженном на цитадели городища Тараз в 2012 г. Даются краткие результаты археологических работ и описание постройки VIII–IX вв., в котором найден алтарь. В этот период в Таразе проживали представители различных конфессий, о чем известно из средневековых источников. Прослеживается значение и роль зороастризма на территории средневекового Казахстана.

Ключевые слова: археологические раскопки, средневековье, Тараз, зороастризм, алтарь, ислам.

Тараз – самый крупный город Таласской долины, являлся важным пунктом на трассе Великого Шелкового пути. Данные письменных источников и археологические материалы дают все основания говорить о начале городской жизни в регионе и о возникновении урбанизационного поселения на месте современного Тараза в конце I тыс. до н. э. – нач. I тыс. н. э. Следовательно, возраст Тараза определяется двумя тысячелетиями.

В 2011–2012 гг. на центральном рынке, занимающем территорию средневековой цитадели, был заложен раскоп размером 33 × 18 м. Археологические раскопки производились научно-исследовательской организацией «Археологическая экспертиза» на средства, выделенные акиматом Жамбылской области. В результате работ выявлено два строительных горизонта: нижний VIII–X и верхний XI–XII вв. К верхнему периоду относятся остатки бани типа хаммам, к нижнему – постройка в южной части раскопа [Байпаков и др. 2013: 188–189].

Постройка VIII–X вв. состоит из трех помещений, расположенных по линии восток – запад. Южная часть строения осталась за краем раскопа. Постройка возведена комбинированным способом – на выложенный в один ряд галечник укладывались сырцовые кирпичи, затем снова следовал ряд галечника. Пол в помещениях выложен галечником и щебнем, глиняная обмазка сохранилась фрагментарно.

В помещении №1 (2,5×1,8 м) обнаружен глиняный очаг, выполнявший функции алтаря (размеры 0,7×0,69 м) (рис. 1). В пользу того, что очаг являлся алтарем, свидетельствуют его необычная форма и явно

неприспособленная для кухонных нужд ямка, со следами прокала внутри и по краям, наиболее заметные в южной части. Северный край алтаря идет прямой линией. Верхние края под углом 90° плавно сужаются к низу, образуя полукруг. На верхней стороне имеется выступающий ободок. В центре ямка для ритуального огня, диаметром 0,2 м и глубиной 0,08 м. Левая сторона алтаря повреждена. Форма алтаря характерна для зороастрийского культа.

В помещении №2 (3×2,8 м) обнаружен очаг овальной вытянутой формы (размеры 0,6×0,4 м). В метре от него находятся остатки второго очага. Очаги были весьма распространенной в данных местах формы. Обычно это углубление в полу, реже просто костер в центре помещения [Сенигова 1972: 69].

Керамические крышки сосудов с прорезным орнаментом растительного характера и находка тюргешской монеты позволяют датировать данную конструкцию VIII–IX вв. В начале VIII в. Тараз наряду с Суябом являлся одним из центров монетного производства Жетысу. В Таразе тюргешские монеты отливались в 711–766 гг. в период наибольшего могущества тюргешей с именами Инал-Тегина и Вахшутава [Камышев 2008: 84].

Постройка соответствует IV строительному периоду цитадели Тараза на раскопе Т.Н. Сениговой, слои которого также сопровождалась монетами тюргешского круга, датированного VIII–IX вв. [Сенигова 1972: 53–54]. Т.Н. Сенигова относила данный период к наиболее интенсивному времени обживания цитадели Тараза [Сенигова 1972: 63]. Также в пользу этой датировки, говорит тот факт, что комбинированная кладка была



Рис. 1. Городище Тараз. Зороастрийский алтарь

характерна для территории юго-западного Жетысу VII–VIII вв. [Байпаков 1998: 115].

Еще в 30-х гг. прошлого века археологические раскопки свидетельствовали о том, что в VI–IX вв. население Тараза (некрополь Тектурмас) и городов округи (Нижний Барсхан) исповедовало зороастризм [Пацевич 1948: 98–104].

Зороастризм явился древнейшей религией Востока, в которой были противопоставлены доброе и злое, светлое и темное начала, что говорит об исходной дуалистичности этой религии. Зороастрийская вера была занесена в казахстанские города в VI–VII вв. согдийцами, хотя формирование ее элементов началось задолго до этого в среде сако-массагетских племен, населявших Южный Казахстан. Ведущий исследователь зороастризма М. Бойс считала, что «Зороастр в действительности жил в азиатских степях к востоку от Волги» [Бойс 1987: 3]. Для обрядовой практики его характерно почитание четырех элементов Вселенной – воды, огня, земли, воздуха.

В Казахстане и Средней Азии получил распространение особый вид зороастризма, отличный от кано-

нического: Он переплетался с местными языческими культами, в частности с культом огня, рода предков, животных – барана, лошади, верблюда [Байпаков, 1998: 33–35]. Погребальный обряд зороастрийцев был специфичным: трупы размещались на возвышенных местах, где их поедали птицы, затем очищенные от мяса кости помещались в керамические оссуарии и хумы. Тем самым достигалось, что ни с одной из «чистых» стихий «нечистый» труп не приходит в соприкосновение.

Как следует из сообщения Наршахи, зороастризм исповедовали уважаемые и влиятельные люди, занимавшиеся торговлей [Наршахи 1897:42]. Помимо зороастризма в Таразе были распространены христианство, буддизм, тенгрианство, особый вакхический культ и др. [Сенигова 1972: 115].

Несмотря на завоевательные походы арабов в VIII в. в Средней Азии зороастризм, как и другие религии продолжал функционировать в Таразе и Таласской долине на протяжении VIII–X вв. После того, как в 751 г. арабы разбили китайское войско в Таласской битве, они впоследствии не только отказались от активных

наступательных походов, но и покинули долину Таласа и область Исфиджаба [Бартольд 1964: 327].

После того, как эмир в Исмаил в 280/893–894 г. взял Тараз, он обратил местную церковь в соборную мечеть; таразский эмир со многими дихканами принял ислам [Бартольд 1966: 33]. Следовательно, в конце рассматриваемого периода в Таразе утвердился новая религия – ислам. В начале X в. ислам принял родоначальник караханидов Сатук. В 960 г. ислам был принят в качестве государственной религии. По словам Ибн Хаукаля, в 977 г. переработавшего труд Истахри, Тараз являлся местом торговли мусульман с тюрками, дальше которого не идет ни один мусульманин, потому что за его пределами попадал в кочевья карлуков [Волин 1960:79]. Согласно сочинению Аль-Макдиси,

составленному в 985 г., в Таразе находилась соборная мечеть среди рынков [Волин, 1960: 81].

Связанные с зороастризмом культы продолжали бытовать в городах Казахстана и после того, как здесь появился ислам. Так, в домах Отрара XII в. археологи обнаружили очаги-алтари, вмазанные в пол. Богато украшенные резьбой, они служили для разжигания огня [Акишев и др. 1987:37-38.].

Постепенно элементы зороастризма, такие как, почтительное отношение к огню и золе, празднование Наурыза и др., органично сплелись с мусульманскими. Эти традиции унаследовало местное население, впоследствии участвовавшее в формировании казахской народности.

Литература

Акишев К. К., Байпаков, К.М., Ерзакович Л В. Отрар в XIII-XV веках. Алма-Ата: Наука, 1987. – 255 с.

Байпаков К.М. Средневековые города Казахстана на Великом Шелковом пути. Алматы: Гылым, 1998. – 215 с.

Байпаков К.М., Воякин Д.А., Сейткалиев М.К., Бурганбаев Р.Н. Некоторые итоги исследования бани-хаммам на городище Тараз в 2012 г. // Известия НАН РК, серия историческая. – 2013. – №3. – С. 187-199.

Бартольд В.В. Сочинения – Том IV. – М.: Наука, 1966. – 495 с.

Бартольд В.В. Сочинения. – Том II. – Часть 2. – М.: Наука, 1964. – 657 с.

Бойс М. Зороастрийцы. Верования и обычаи. – М.: Наука, 1987. – 301 с.

Волин С. Сведения арабских источников IX–XVI вв. о долине реки Талас и смежных районах. Труды института истории, археологии и этнографии АН КазССР. – Том 8. – Алма-Ата:Наука, 1960. – 245 с.

Камышев А.М. Введение в нумизматику Кыргызстана. – Бишкек: Раритет инфо, 2008. – С. 84.

Наршахи Мухаммад. История Бухары. – Ташкент: типо-лит. т. д. «Ф. и Г. бр. Каменские», 1897. – 124 с.

Пацевич Г.И. Зороастрийское кладбище на горе Тик-Турмас // Известия НАН КазССР, серия археологическая. – 1948. – Выпуск 1. – Алма-Ата. –С. 98-104.

Сенигова Т.Н. Средневековый Тараз. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 219 с.



СҮЙІНДІКОВА М. Қ.

Сүйіндікова Мақпал Қожахметқызы,

Ө.Х. Марғұлан атындағы Археология институты,

Өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті,

Алматы қ., Қазақстан;

makpal1226@mail.ru

БӘБІШ МОЛА 7 КӨЗЕШІЛЕР ЕЛДІ МЕКЕНІНІҢ КЕРАМИКАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРЫ (2021 жылғы қазба бойынша)

Аннотация. Мақалада 2021 жылы археологиялық қазба жұмыстары жүргізілген Бәбіш мола оазисі, Бәбіш мола 7 көзешілер елді мекеніндегі №7,8 қазбалардан табылған керамикалық материалдар қаралады. Мақалаға арқау болған қыш ыдыстар түрлеріне сипаттама беріліп, олардың жалпы ұқсастықтары жан-жақты қарастырылады. Жалпы қазба барысында табылған керамикалық ыдыстар пайдалану мақсаттарына қарай шаруашылық, асханалық және ас үйлік деп бөлінді.

Түйін сөздер: көзешілер елді мекені, қазба жұмыстары, археологиялық олжалар, керамикалық материалдар, шаруашылық ыдыстар, асханалық ыдыстар, ас үйлік ыдыстар.

Шірік рабат археологиялық экспедициясының 2021 жылғы кезекті далалық қазба жұмыстары Бәбіш мола 7 көзешілер елді мекеніндегі (Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы) №7,8 қазбаларында жүргізілді. Ескерткіш мемлекет қорғауына алынған, республикалық маңызы бар Бәбіш мола қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 5 шақырым жерде орналасқан.

№7 қазба 2016 жылы зерттеу жұмыстары жүргізілген 5- қазбадан шығысқа қарай 250 метр қашықтықта орналасқан. Қазбаның ұзындығы батыстан шығысқа қарай 12 м, ал ені солтүстіктен оңтүстікке қарай 10 м. Жалпы қазылған алаң 120 шаршы метрді құрайды. Қазба барысында шаруашылық бөлменің орны анықталды.

№8 қазба жоғарыда тоқталған 7-қазбаның шығысында орналасқан. Қазбаның ұзындығы батыстан шығысқа қарай 16 м, ал ені солтүстіктен оңтүстікке қарай 9,4 м. Жалпы қазылған аумағы 150,4 шаршы метр. Қазба-зерттеу барысында үй-жай орны мен шеберханаға пайдаланылған бөлмелер орындары ашылды.

Екі нысанға жүргізілген қазба-зерттеу нәтижесінде түрлі археологиялық материалдар табылды. Олардың ішінде басым көпшілігі керамика, сонымен қатар, сүйек, тас және т. б. бұйымдар бар. Табылған керамикалық материалдардың барлығы дерлік фрагмент, тек үш ыдыс бүтін. Олар: құмыра, тостаған, шырағдан және шаруашылық мақсатта қолданылатын құралдар (1-сурет). Қазба барысында анықталған керамикалық материалдарды талдау барысында төмендегідей міндеттер қойылды:

- материалдарды сипаттау;
- белгілі бір мәлімет беретін фрагменттердің суретін салу;
- фотоматериал жасау;
- керамикалық ыдыстардың пайдалану мақсаттарына қарай топтастыру;
- топтастырылған ыдыс түрлерінің статистикалық мәліметін жасау.

Жоғарыдағы орындалатын міндеттер Бәбіш мола 7 көзешілер елді-мекеніндегі қыш өндірісін зерттеудің алғы шарттары болып табылады. Қазба барысында жиналған археологиялық олжалардың басым бөлігі керамика. Керамикалық материалдарды талдау барысында жалпы оларды сипаттау, қалыпталуы, сыртқы бетінің өңделуі, белгі түрлері, күйдіру сапасы, морфологиясы және пішіні бойынша жіктеу секілді жұмыстар жүргізілді.

Барлық керамикалар шарық және жапсырма әдісімен дайындалған. Солардың ішінде пайыздық мөлшері бойынша шарық көмегімен жасалған материалдар басым.

Керамикалардың бөліктерінен олардың түстері қанық қоңыр, қызғылт, қанық қызыл және қара екендігін көреміз. Керамикалардың басым бөлігінің беткі қабатына ангоб жағылған. Күйдірілу деңгейі де әр түрлі. Шарық көмегімен жасалған ыдыстар сапалы күйдірілсе, жапсырма әдісімен жасалған ыдыстар керісінше сапасыз күйдірілген.

2021 жылғы қазба барысында алынған керамикалық материалдарды пайдалану мақсаттарына қарай төмендегідей топтарға бөліп қарастырдық:

- шаруашылық ыдыстар (құм, құмша);
- асханалық ыдыстар (құмыра, тостаған, тегене, кесе);
- ас үйлік (көзе, таба).

Шаруашылық ыдыстар. Құмдар. Шарықта жасалған, пеште сапалы күйдірілген. Ернеу диаметрлері 29-40 см. Ыдыс қабырғаларының қалыңдығы 1,2 және 2 см аралығында. Сазға аз мөлшерде гипс және майдаланған шамот араластырылған. Түсі ашық қоңыр және сарғыш қызыл. Ыдыстың сыртқы беті қоңыр және қанық қызыл ангобпен сырланған. Екі түрі бар:

1) Иығы түсіңкі, ернеуі сыртқа қалың етіп қайырылған. Қимасында дөңгелек.

2) бүйірінің жоғарғы бөлігі шығыңқы, мойны жоқ, ернеуі қимасында «Т» тәрізді. ернеу жиегі жалпақ әрі тегіс келген.

Бұл топтағы ыдыстар Оңтүстік Түркіменстанның Елкен-депе ескерткішінің б.з.д V ғасырдағы мәдени қабаттарынан кездеседі [Марущенко 1959: 100].

Құмшалар. Ернеу диаметрі 18–28 см. Ернеулері сыртқа қайырылған, қимасында дөңгелек келген. Түсі қызыл және сұр. Сазға аз мөлшерде гипс және шамот қосылып жақсы араластырылған. Ыдыстардың барлығы пеште сапалы күйдірілген. Олардың сыртқы бетіне қанық қоңыр және қанық қызыл ангоб жағылған.

Асханалық ыдыстар. Құмыра. Бір дана бүтін құмыра табылды. Шарықта ұқыпты жасалып, қыш күйдіретін пеште сапалы күйдірілген. Биіктігі 35 см, ернеу диаметрі 12 см болса, түбінің диаметрі 17 см. Бүйір бөлігі шар тәрізді дөңгелек келген. Мойны қысқа, түбі тегіс. Ернеуі сыртқа қайырылған, қимасында дөңгелек (1:1-сур.). Сонымен қатар құмыралардың басқада бірнеше түрлері кездесті. Олар: мойын бөлігі цилиндр тәрізді, иығы түсіңкі, ернеуі сыртқа қайырылған, қимасында дөңгелек. Бүйір бөліктері сопақ, түптері тегіс. Ернеу диаметрлері 12-16 см аралығында ауытқиды. Барлық ыдыстардың түстері қызыл және қоңыр. Ұқыпты жасалып, сапалы күйдірілген. Құмыралардың сыртқы бетіне қанық қоңыр, қанық қызыл және ашық қоңыр ангоб жағылған. Жақын аналогтарды б.з.д IV-II ғасырлармен мерзімделетін Парфян, Бактрия, Соғды және Хорезм ескерткіштерінен аламыз. Сондай-ақ 1958-60 жылдары Бәбіш мола 1 қалашығына жүргізілген қазба барысында пішіндері ұқсас құмыралар табылған [Толстов, Вайнберг 1967: 315].

Тостаған. Қазба барысында бір дана бүтін тостаған табылған болатын (1:2-сур.). Пішіні жарты шар тәрізді. Биіктігі 6 см, ернеу диаметрі 16 см, түбінің диаметрі 5,5 см. Ернеу бөлігі сәл ішке бүрілген, ернеу жиегі қалың әрі тегіс. Түбі тегіс. Түсі сарғыш-қызылт. Сазға майдаланған гипс және органика қосылған.

Тостағанның екі бетінде ашық қызыл ангоб іздері бар. Шарықта жасалып, сапалы күйдірілген.

Шұңғыл тостаған. Бұл топтағы ыдыстардың екі түрі кездеседі:

1) бүйірі сфера конус тәрізді. Түбінен бүйірінің орта тұсына дейін кеңейе түсіп, орта тұсынан қабырғасы тік келген. Ернеу бөлігі кішкене дөңгелек келген.

2) бүйірі шар тәрізді. Түбінен аузына дейін кеңейе түскен. Ернеу бөлігінің жоғары бөлігі сүйірлене келген.

Тостағандардың барлығы шарық көмегімен ұқыпты жасалған. Сапалы күйдірілген. Ернеу диаметрлері 12-16 см. Қабырғалары жұқа. Ыдыстардың сыртқы беті жақсы тегістелген. Екі жақты қанық қызыл немесе қоңыр ангобпен көмкерілген. Пішіндері ұқсас және сыртқы беті ұқыпты әрі сапалы тегістеліп жылтыратылған тостағандар Хорезмнің қаңлы кезеңдерімен мерзімделетін ескерткіштерінен анықталған [Воробьева 1959: 190].

Тегене. 1) ернеуі сәл ішке бүрілген. Қимасында «Г» тәрізді. Ернеу жиегі қалың әрі тегіс келсе,

2) ернеуі тік, қимасында дөңгелек келген тегенелер табылды. Олардың ернеу диаметрлері 28-42 см. Шарықта жасалған. Саз түсі қызылт және қоңыр. Ыдыстарға қанық қоңыр түсті ангоб жағылған.

7-қазбадағы керамикалық материалдардың статистикалық мәліметі




Жасалу технологиясының көрсеткіші



Ыдыстардың пайдалану мақсаттарына қарай бөліну көрсеткіші



Асханалық ыдыстар көрсеткіші



Шаруашылық ыдыстар көрсеткіші

Тегенелердің барлық түрлері Шірікрабат мәдениеті ескерткіштерінің мәдени қабаттарында кездеседі [Вайнберг, Левина 1993: 71-75].

Кесе. Шарықта жасалған. Пішіні жарты шар тәрізді. Ернеуі тік, қимасында дөңгелек келген оның диаметрі 8 см. Кесенің екі бетіде қанық қызыл ангобпен көмкерілген.

Ас үйлік ыдыстар. Көзе. Ернеу диаметрлері 15-26 см, қабырға қалыңдықтары 1-1,8 см. Екі түрі бар: 1) ернеуі сәл сыртқа иілген, қимасында дөңгелек. Бүйірі шар тәрізді дөңгелене түскен. 2) иығы түсіңкі келген, ернеуі сыртқа қайырылған, ернеу жиегі тегіс, қимасында төртбұрыш тәрізді болса, бүйірі сопақша. Бұл ыдыстарға жақын аналогтарды Жаңадария және Іңкәрдарияның орта ағысындағы б.з.д VII-Vff мерзімделетін сақ ескерткіштерімен төменгі Еділ және оңтүстік Орал маңындағы сармат мәдениетінің ескерткіштерінен көреміз [Толстов 1962: 104 сур; Мошкова 1963: табл. 7, 14].

Таба. Қазба барысында бұл ыдыстардың түбі және қабырға бөліктері табылды. Табалардың диаметрлері 23-37 см болса, қабырға қалыңдықтары 1-1,5 см аралығында. Ыдыстардың барлығы ашық отта сапасыз күйдірілген. Оны керамика бөліктеріндегі екі немесе үш түстіліктен аңғаруға болады. Барлығы жапсырма әдісімен жасалған. Сазға көп мөлшерде шамот және майдаланған тас, органика араластырылған. Ыдыстардың сыртқы бетінде күйе, күл іздері сақталған. Бұл топтағы ыдыстардың саздағы қоспаларының көп болуына байланысты олар ыстыққа және жоғарғы температураға төзімді болып келеді.

Шырағдан. Жапсырма әдісімен дайындалған. Шағын банка пішінде. Ернеу жиегі сәл сыртқа иілген. Түбімен ернеу диаметрі шамалас. Шырағданның сыртқы беті қатты күйген. Күйе іздері жақсы сақталған. Өлшемі: биіктігі 9 см, ернеу диаметрі 5,5 см, түбінің диаметрі 56 см (1:3-сур.).

Сонымен қатар қазба барысында «Х және V» тәрізді белгісі бар екі керамикалық ыдыстың түбінің бөліктері табылды. Белгілер ыдыстар күйдірілуге дейін қатты заттың көмегімен түсірілген. Осындай белгілері бар керамикалық ыдыстар шірікрабат мәдениетінің ескерткіштерінен және Бәбіш мола оазисінен табылған болатын [Утубаев, Суюндинова 2021: 10-20].

Шаруашылық мақсатта пайдаланылатын керамикалық бұйымдар.

Құйғыш. Биіктігі 13 см, ернеу диаметрі 16 см, түтікшесінің ұзындығы 6,5 см, түтікше диаметрі 4,5 см. Сазға гипс және шамот араластырылған. Түсі сарғыш-қызыл. Ұқыпты жасалып, сапалы күйдірілген (1:4-сур.).

Тегістеуіш. Қыш ыдыстардың сыртқы бетін тегістеу мақсатында пайдаланылған бұйым (1:5-сур.). Пішіні


8-қазбадағы керамикалық материалдардың статистикалық мәліметі



Жасалу технологиясының көрсеткіші




Ыдыстардың пайдалану мақсаттарына қарай бөлінуі



Асханалық ыдыстар көрсеткіші



Шаруашылық ыдыстар көрсеткіші



Ас үйлік ыдыстар көрсеткіші

тік төртбұрыш тәрізді. Түсі сарғыш-қызыл. Қанық-қызыл ангоб іздері сақталған. Биіктігі 11 см, ұзындығы 17 см, ені 9 см.

Бастырма тас. Күйдірілмеген саздан дайындалған бастырма тастардың жиырма шақты данасы табылды. Пішіндері пирамида, конус, үшбұрыш тәрізді (1:6-сур.). Жоғарғы бөлігінде екі жақты жіп өткізуге арналған саңылауы бар. Биіктігі 7-8 см болса, ені 2,5-4 см аралығында ауытқиды. Бұйымдар тоқыма өндірісінде пайдаланылған болуы мүмкін.

Ұршық басы. Ұршық бастары күйдірілген қыштан жасалған. Түстері сарғыш-қызыл және қоңыр. Қанық



1 – сур. Бәбіш мола 7 көзешілер елді мекеніндегі №7, 8 қазбалардан табылған керамикалық материалдар: 1 – құмыра; 2 – тостаған; 3 – шырағдан; 4 – құйғыш; 5 – тегістеуіш; 6 – бастырма тас.

қызыл, қоңыр түсті ангобпен сырланған. Диаметрлері 3,8-4,5 см, қалыңдығы 0,7- 1,5 см аралығында болса, саңылау диаметрлері 0,5 см [Каталог Бәбіш мола 2021].

Технико-технологиялық талдау. Зертханалық талдау жұмыстарын Ө.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының зертхана бөлімінің ғылыми қызметкері Ж.Қалиева жүргізді. Талдау жұмыстары А.А.Бобринский әзірлеген әдіс бойынша және бинокулярлық микроскопия, трассология және физикалық модельдеуге негізделген ежелгі керамикалық материалдарды зерттейтін тарихи-мәдени көзқарастар шеңберінде жүзеге асырылды [Бобринский 1978]. Талдау нәтижесі жапсырма әдісімен жасалған керамикалық ыдыстардың қоспасында шамот, тас және көп мөлшерде органикалық қоспалар қосылғандығын көрсетеді.

Органикалық қоспаларға төрт түліктің көңі ылғал күйінде араластырылған. Сондай ақ саз қоспасына әр түрлі өсімдік қалдықтары қосылған. Ал, шарықта жасалған ыдыстар қоспасында әктас, кварцид, құм, шамот және органикалық заттар қосылған. Ыдыстарды пішіндеу, саусақпен басып жасау, сыртқы бетін ұру тәсілдері арқылы сомдалып жасалған. Ыдыс беттері тас тегістеуіш, жұмсақ мата, былғары және ағаштар көмегімен тегістелген. Сонымен қатар ыдыстардың беткі қабатында минералды бояу іздері жақсы сақталған.

Қорыта келгенде 2021 жылы қазба жұмыстары жүргізілген Бәбіш мола 7 көзешілер елді мекеніндегі 7 және 8-қазбалардан табылған керамикалық материалдарды талдау, шарық көмегімен жасалған ыдыстардың мөлшері басым, ал жапсырма әдісімен жасалған ыдыстардың үлесі аз екендігін көрсетті. Пайдалану мақсаттарына қарай сандық мөлшерлемесі бойынша асханалық ыдыстардың басымдылығын көреміз. Соның ішінде құмыра ыдысының пайызы көп.

Әдебиет

Бобринский А.А. Гончарство Восточной Европы. Источники и методы изучения. – М.: Наука, 1978. – 272 с.

Вайнберг Б.И., Левина Л.М. Чирикратская культура. – Низовья Сырдарьи в древности. – М.: ИЭИА, 1993. – Вып. I. – С. 71-75

Воробьева М.Г. Керамика Хорезма античного периода. // Тр.ХАЭЭ. IV. – М.:АН СССР, 1959. С. 190

Марущенко А.А. Елькен-Депе (Отчет о раскопках 1953, 1955 и 1956 гг.) // Тр.Ин-та истории, археологии и этнографии АН ТуркмССР. – Ашхабад: Ылым, 1959. – Т. V. – 100 с.

Мошкова М.Г. Памятники прохоровской культуры. – М.: Изд-во АН СССР, 1963. – 56 с., 32 отд. л. табл. Д1-12.

Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. – М.: Изд-во восточной лит-ры, 1962. – 324 с.

Толстов С.П., Вайнберг Б.И. Кой-Қрылған-кала : памятник культуры древнегоХорезма IV в. до н.э.-IV в.н.э. – Москва : Изд-во «Наука», 1967. – С.315.

Бәбіш мола қазыналары = Сокровища Бабиш-мола. Каталог / ред. Курманкулов Ж. Алматы: Онон, 2021. 108 с., илл. Қазақша, орысша.

Утубаев Ж., Суюндикова М. Бәбіш мола көзешілер елді мекенінің керамикадағы таңба тәрізді белгілері // Мәдени мұра ғылыми журналы . – 2021. – № 1(92). – 10-20 бб

ЖАМБУЛАТОВ К.А.

Жамбулатов Кайрат Абаевич

Институт археологии им. А.Х. Маргулана,

г. Алматы, Казахстан;

kairo_88@inbox.ru

ОРУЖИЕ БЛИЖНЕГО БОЯ ПОЗДНЕСАРМАТСКИХ ПЛЕМЕН ЗАПАДНОГО КАЗАХСТАНА И УСТЮРТА

Аннотация. В статье, на основе статистических данных полученных в результате анализа свыше 300 погребений, делается вывод о том, что в обществе поздних сармат была выделена прослойка профессиональных воинов. Используя мечи, кинжалы и боевые ножи в качестве основных средств для успешного исхода в ближнем бою.

Ключевые слова: поздние сарматы, вооружение, профессиональные воины.

Начиная со второй половины II в. н.э. на территории Западного Казахстана и сопредельных территорий распространились кочевые племена, получившие свое название по одноименной археологической культуре – позднесарматской (прим. авт. – отдельные аспекты формирования этой культуры, в частности этнокультурной принадлежности, ареала распространения, погребального обряда и инвентаря являются дискуссионными) [Граков 1947: 100-121; Смирнов 1950: 97-114; Скрипкин 1984; Мошкова 1989: 191-202; Малашев 2013; Боталов, Гуцалов, 2000; Мошкова 2007: 103-111; Малашев, 2007: 111-121; Мошкова, Малашев, Болелов 2007: 121-132].

Формирование новой культуры, вероятно, происходило в короткий промежуток времени, при постоянном увеличении численности населения, на что косвенно указывают единые стереотипы традиций погребального обряда (северная ориентировка, узкие прямоугольные могильные ямы или с подбойной нишей под западной стенкой, деформация черепной коробки и т.д.), набор погребального инвентаря (мечи и кинжалы без навершия и перекрестия, фибулы, зеркала-подвески, ожерелья и т.д.) [Мошкова, 2004: 22-44; Кривошеев, 2020: 113-128], а также формирования значительных по количеству могильных полей в одном локальном месте [Боталов, Бисембаев 2002: 108-116; Дуйсенгали и др. 2018: 235-244].

Естественные процессы, связанные с расширением ареала существования, привело к необратимым последствиям вылившихся в столкновения как с местным населением, так и с их соседями. На этот факт указывают исследования антропологов. Е. В. Перерва фиксирует увеличение доли травматизма посткраниального скелета в позднесарматское время в отличие

от предыдущего времени почти в два раза, с 12% до 24,2% [Перерва 2005: 21]. При этом травмы, которые можно охарактеризовать как полученные при боевых столкновениях относятся к мужскому взрослому населению. У детей и юношей такие травмы отсутствуют [Кривошеев, Перерва 2017: 14-36]. Эти выводы согласуются с мнением М. А. Балабановой, считающей, что при формировании позднесарматской культуры активное участие принимало мужское население (мигранты, носители идентифицирующих признаков позднесарматского населения) у которых обнаружен высокий показатель травматизма, характеризующихся как профессиональных воинов [Балабанова, 2004а: 221-227]. При боевых столкновениях ими были получены боевые травмы: это резанные, колотые, рубленые, стрелянные раны нанесенные в область лица, черепа и посткраниальных костей различными видами оружия [Балабанова 2004б: 21-32].

Статистические данные показывают (а также данные антропологии), что для решающего исхода боя стало играть оружие ближнего боя: мечи, кинжалы, боевые ножи.

Всего в нашей выборке было использовано 315 объектов поздних сармат. Предметы вооружения были обнаружены в 38 погребениях, что в процентном выражении составило 12% [Жамбулатов и др. 2019: 265-285].

Мечи (рис. 1:1-3). Наиболее встречаемую категорию оружия на территории Западного Казахстана и Устюрта составляют мечи, выявлено 24 целых и определяемых как меч. В одном погребении обнаружено лишь обозначение присутствия меча в виде халцедонового навершия, которое лежало слева от ключицы покойного. Все мечи двулезвийные без металлическо-

го навершия и перекрестия. Ручка в виде штыря обкладывалась деревом, лезвие линзовидное в конце заострено или скруглено. Мечи лежали в деревянных ножнах, окрашенных в красный цвет. Также были зафиксированы крепления ножен к поясу и ногам.

Данные образцы мечей (мечи и кинжалы) А.М. Хазанов отнес к 2 и 3 типу своей классификации и определил период их существования II-IV веками н.э. Различие между двумя типами определялось формой перехода от клинка к ручке-штырю. Ко 2-му типу относились мечи с треугольным основанием клинка и плавным переходом в ручку-штырь. К 3-му типу относились мечи с клинком, переходящим в рукоять под прямым углом.

Кроме того, различным было и время их существования. Так, А.М. Хазанов определяет, что позднесарматские мечи и кинжалы 2-го типа к III в. н.э. трансформируются и переходят в 3-ий тип [Хазанов 1971:15-17]. То есть в начале позднесарматского времени бытовали мечи 2-го типа, а к концу своего существования позднесарматские племена использовали уже мечи и кинжалы 3-го типа.

Иначе на периодизацию этих мечей смотрит М.В. Кривошеев. Он не видит принципиальной хронологической разницы между типами 2 и 3 и считает, что эти мечи существовали параллельно на всех этапах позднесарматской культуры [Кривошеев 2007: 67].

Усредненная длина всех мечей 90 см. Средняя длина начинается от 80 до 98 см. Два самых коротких мечи имеют длину 60-61 см. Самый длинный меч длиной 127 см. Ширина клинка у основания рукояти варьируется в пределах 3,5 - 5,5 см, ширина клинков большей половины мечей равняется 4 см.

В центре второй ограды находилась могильная яма прямоугольной формы, длинными сторонами ориентированная с ЮЗ на СВ. Размеры ямы по верху составляли: длина 2,34 м, ширина в юго-западной части 1,51 м, в центре 1,8 м и в северо-восточной части 1,15 м. Заполнение ямы состояло из мягкого лессового грунта с большим количеством окатанных камней средних и больших размеров. На глубине 1 м от уровня материкового грунта вдоль южной стенки ямы находилась ступенька шириной 0,72 м. Ко дну размеры ямы составляли: длина 2,1 м, ширина 1,32 м. При расчистке заполнения могильной ямы в большом количестве найдены разбитые кости человеческого скелета (рис. 3). Артефакты не обнаружены.

Курган №4 находится в 12 м северо-восточнее кургана 2. Визуально на поверхности не фиксировался, был обнаружен в разрезе траншеи где четко была видна каменная кладка. Размер кургана: диаметр 5,4 м, высота 0,1 м.

На глубине 0,45 м от уровня современной дневной поверхности расчищена кладка в виде ограды подквадратной формы ориентированная сторонами с СЗ на ЮВ. Восточная стенка ограды частично разрушена траншеей.

Ограда сложена из мелких и средних размеров речной гальки на высоту двух рядов. Крупные камни уложены по внешнему и внутреннему краю, а центральная часть ограды сложена из мелких камней. Размеры камней составляли от 0,03х0,06 м до 0,38х0,51 м. Размеры ограды составляли 5,5х5,5 м, высота 0,2 м. Ширина стен ограды доходили до 1,5 м. Западная часть ограды не вошла в раскоп.

В центре ограды располагалась могильная яма прямоугольной формы со скругленными углами, длинными сторонами ориентированная по оси ЮЗ-СВ. Южная стенка ямы была разрушена грабительским лазом увеличивая ее размер. Заполнение ямы состояло из мягкого лессового грунта с большим количеством окатанных камней средних и больших размеров.

Размеры ямы по верху составляли: длина 2,51 м, ширина в юго-западной части 1,85 м, в северо-восточной части 1,3 м. Ко дну размеры ямы составляли: длина 2,51 м, ширина 0,95 м. У дна в северной стенке ямы располагался подбой, высотой 0,32 м, шириной 0,26 м.

На дне подбоя лежал скелет взрослого человека, уложенный на спине, головой ориентированный на запад. Руки вытянуты вдоль тела, часть костей рук и ног

не сохранилась, кости ребер и позвонков потревожены (рис. 3).

При расчистке заполнения могильной ямы в большом количестве найдены фрагменты керамических сосудов и один фрагмент глиняного алтаря. Исходя из зафиксированной ситуации можно утверждать, что данное захоронение подверглось разграблению или ритуальному осквернению еще в древности.

Исследованные курганы 1, 3, 4 характеризуются единообразными надмогильными конструкциями. Курганы по факту представляют собой ограды подквадратной формы в центре которых располагалось по одной могильной яме прямоугольной формы длинной стороной ориентированные с ЮЗ на СВ. В курганах №1, 3 могилы были в виде обычных ям, а в кургане №4 с подбоем.

Курган №2 из-за отсутствия каменных конструкций нами условно интерпретирован как земляной. Две могилы с захоронением скелетов КРС ранее в сакский и уйсунские периоды на территории Семиречья нам

не известны. Только близость к остальным курганам и нахождение на костях КРС нескольких фрагментов керамики идентичные найденным в кургане №3 позволяет нам отнести захоронение в кургане №2 тому же времени.

Планиграфия курганов и погребальный обряд находят аналогии в могильниках долины р. Или таких как Утеген I, II, Тайгак I, Кылау I, Калкан I, Алтын-Эмель I, III, IV относятся к уйсунской культуре и датируются рубежом I в до н.э. - I в.н.э. [Акишев 1963: 182-208].

Однако в последнее время некоторые исследователи погребения с подбоем в северной стенке входной ямы предлагают относить к сакской культуре и датировать VI-II вв. до н.э. [Иванов 2016, с. 67-87; Иванов 2018, с. 11-23].

Исходя из имеющегося материала, мы предлагаем могильник Шугыла I отнести к переходному периоду от сакской культуры к уйсунской культуре и датировать рубежом III-II вв. до н.э.

Литература

Акишев К.А., Кушаев Г.А. Древняя культура саков и усуней долины реки Или. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1963. – 298 с.

Иванов С.С. К проблеме культурного разрыва на рубеже сакского и усуньского периодов в Притяньшань // *Stratum plus: Archaeology and Cultural Anthropology*. – 2016. – № 3. – С 67–87.

Иванов С.С. Культура саков Притяньшанья: современное состояние и важнейшие проблемы исследования // *Scripta antiqua. Вопросы древней истории, филологии, искусства и материальной культуры. Альманах*. – М.: Собрание, 2018. – Т. 7. – С. 11–23.



ТӨЛЕГЕНОВ А.К.

Төлегенов Абылай Көпбергенұлы

Ө.Х. Марғұлан ат.Археология институты,

Алматы қ., Қазақстан;

Л.Н. Гумилёв атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан;

abylai_24_12_94@mail.ru

ЖЕТІСУ АЙМАҒЫНДАҒЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛАЛАРДЫҢ ТАРИХИ-АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Аннотация. Мақалада Жетісу аймағындағы ортағасырлық қалалардың тарихи-археологиялық тұрғыдан зерттелу тарихы баяндалады. Іле аңғарындағы археологиялық зерттеулер нәтижесінде ортағасырлық Қазақстанның қалалық және отырықшылық мәдениеттің тағы бір маңызды аймағы ашылып, сипатталып отыр. Жетісу – қала мәдениеті мен ежелгі керуен жолдарына қатысы бар жер-су атауларын сақтап қалған Қазақстанның ірі мәдени-тарихи өлкесі. Зерттеулер нәтижесінде тарихи және археологиялық жағрапияның бірқатар өзекті мәселелерінің басы ашылып, бұл аймақта ерекше өркениеттің дамығандығы айқындалды. Мақалада осы мәселе төңірегіндегі зерттеуші-археологтардың еңбектеріне тарихнамалық тұрғыдан талдау жасалады.

Түйін сөздер: Жетісу, өркениет, қала мәдениеті, Талғар, ортағасыр, Қастек, Қаялық, керуен жолдар.

Кешенді тарихи-археологиялық зерттеу жұмыстарының қорытындысына сәйкес Қазақстан территориясы Еуразияның ежелгі және ортағасырлық тарихында айтарлықтай маңызды орын алған аумақтың бірі болғаны белгілі. Орта Азияны зерттеген ғалымдар ортағасырлық Жетісу аймағын көшпелі және отырықшы шаруашылықпен айналысатын тайпалардың мәдениеттері бір арнаға тоғысқан, әрі өзара жақын қарым-қатынастармен көзге түскен аумақ ретінде таныған. Жетісу – қала мәдениеті мен ежелгі керуен жолдарына қатысы бар жер-су атауларын сақтап қалған Қазақстанның ірі мәдени-тарихи өлкесі.

Зерттеулер нәтижесінде тарихи және археологиялық жағрапияның бірқатар өзекті мәселелерінің басы ашылып, бұл аймақта ерекше өркениеттің дамығандығы айқындалды. Өлкеде қала мендала, ауыл шаруашылығы саяси, шаруашылық-экономикалық және мәдени тұрғыда сабақтасып өркендеді.

Қазақстанның ортағасырлық қалалары бір жарым ғасырдан астам уақыт бойы зерттеліп келеді. Алғашқы деректер қытай елшіліктері мен саяхатшыларының жазбаларында, кейіннен орыс зерттеушілері мен әскери қызметкерлерінің күнделіктерінде кездеседі. Кәсіби түрде жүргізілген зерттеулер 1895 жылы Ташкентте құрылған Түркістандағы археология әуесқойларының үйірмесінің қызметімен байланысты болды. Аталған үйірме Орта Азия мен Қазақстан аумағындағы ежелгі және орта ғасырлар кезеңіндегі ескерткіштерді зерттеумен, суретке түсіру, тізімге алу және мүмкіндігінше қорғау мәселелерімен айналысты.

Кеңестік және тәуелсіздік жылдарында жүргізілген зерттеулер өзінің ауқымдылығымен, зерттеу әдістерінің дамығандығымен ерекшеленді. Олардың қатарында Ө.Х. Марғұлан, К.М. Байпақов, М.Е. Елеуов, А.Ө. Нұржанов, Д. Талеев, Е.Ш. Ақымбек, Т.В. Савельева т.б. ғалымдар бар. Түркі дәуірінен бастап қалыптасқан ортағасырлық қалалар бүгінде археолог, тарихшы, этнограф, және географтардың зерттеу нысанына айналып, ел үшін құнды мәліметтер табуда. Әрбір қала өзінің орналасқан жеріне, аймағына қарай саяси-экономикалық, рухани-мәдени орталықтың негізі болғаны аян.

Қалалардың қалыптасу тарихына тоқталатын болсақ, солтүстік-шығыс Жетісуда VII ғ. аяғы – IX ғасырда басталып, бұл үдеріс X ғ. – XIII ғ. басында қарқынды жүрді. Осы уақытта қалалар ірі экономикалық, саяси және мәдени орталыққа айналды.

Жер жәннаты деп есептелетін өлкені тереңірек зерттеген Р. Аболиннің ғылыми зерттеулері бойынша Жетісу Шу-Балқаш бассейндерін қамтиды, оның теңіз деңгейінен орташа биіктігі 300-400 м, біршама төмен жері – Шу сағасы. Іле өзенінің оңтүстігінен Іле Алатауы басталады. Шу өзенінің оң жағасы мен Іле өзенінің төменгі ағысын жиектеген құм аралығының батыс жағы, жекелеген бөліктері Құлжабасы, Хантау, Қозыбасы деген атауларға ие Шу-Іле тауы деп аталады. Оларда көлікке ыңғайлы көптеген асулар бар. Қордай асуы арқылы Іле мен Шу өңірлерін жалғастырып жатқан жол өтеді. Тағы бір жол Қастек асуы арқылы Іле өңірін Ыстық

көл қазаншұңқыры және Шу өңірімен жалғастырады [Нуржанов 2013: 20].

Ортағасырлық отырықшы және қалалық мәдениеттің ескерткіштерінің зерттелу тарихы екі кезең бойынша қарастырылады: 1917 жылға дейін және 1920 жылдан қазіргі уақытқа дейін. Бұлардың әрқайсысын өз кезегінде, археологиялық қызметті ұйымдастыру, зерттеудің, қазбалардың әдісі мен түрлері, негізгі мәселелерді шешу сияқты ерекшеліктеріне байланысты бірнеше кезеңдерге бөлінеді [Савельева 1976: 48].

Шоқан Уалиханов 1856 және 1857 жылдары Іле өлкесіне жасаған саяхатының ғылыми нәтижелерін «Ыстықкөлге сапар» және «Қырғыздар туралы жазбалар» деген еңбектерінде жариялады [Маргулан 1958: 280]. Шоқан Уалиханов ертедегі мәдениеттің ескерткіштері – қорғандарға, қалалардың қирандыларына, ирригациялық құрылымның іздеріне баса назар аударды. Оның ескерткіштерге берген бағасы, өлкенің тарихи дамуына қатысы туралы деректері ғылым үшін баға жетпес қазына. Ғалымның назар аударып, белгілеп кеткен кездері қазіргі археологиялық зерттеудің арнайы бағыты болды. Ал ежелгі және ортағасырлық қалалар мен қоныстардың орнын анықтау туралы сұрақтары қазіргі күннің басты мәселесі болып отыр. Зерттеушінің ерекше атап көрсеткен ескерткіштерінің бірі Шелек өзенінің жағасында орналасқан ортағасырлық қала болып табылады. Шоқан Уәлиханов оған «қорған» деген атау берген («қамал» мағынасында). Ол қаладан табылған қыш ыдыстардың қалдығы, маржан мен меруерттен жасалған моншақтардың табылғандығы туралы жазып қалдырды.

1980 жылдары ортағасырлық Шелек қаласында археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Шелек қаласы – Іле алқабындағы ең ірі қалалардың қатарына жатады. Төртбұрышты пішінді қоныс биіктігі 3-3,5 м қамалмен қоршалған, қамалдың солтүстік-шығыс жағы 480 м, солтүстік-батыс жағы 720 м, оңтүстік-шығыс жағы 630 м, оңтүстік-батыс жағы 680 м. құрайды. Қаланың бұрыштарында дөңгелек жауынгерлік мұнаралар орналасқан. Мұнаралар қабырғалардың периметрі бойынша, бір-бірінен 25-30 м қашықтықта орналасқан. Елді-мекеннің бір кіреберіс қақпасы бар [Зиняков, Савельева 2020: 26].

Шоқан Уалиханов Талғар өзенінің бойында орналасқан жергілікті тұрғындар «Рүстем қорғаны» деп атап кеткен, тағы бір ескерткіш туралы мәлімет қалдырды. Бұл Іле Алатауының баурайында орналасқан Талғар қаласының бір атауы. Талғар қаласында 1955 жылдан бастап Қазақ Педагогикалық Институтының (қазіргі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті) тарихшылары археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді.

Шеңгелді де алғаш рет Шоқан Уалихановтың зерттеулерінде аталады. Қала аумағында суландыру жүйесінің болғандығын дәлелдейтін қыш су құбырлары кездескен. Кейінгі зерттеулер нәтижесінде қаланың баламалануы мәселесі бойынша ортағасырлық жылнамаларда кездесетін Екі Оғыз (Эквиус) қаласымен байланыстырып жүр [Маргулан 1950: 60].

Білімі жағынан шығыстанушы болған Н.Н. Пантусов Жетісу өлкесін зерттеуде нәтижелі еңбек етті. Н.Н. Пантусов өзінің қызметтік міндетін ғылыммен байланыстырды. Оны тарих, археология, нумизматика, этнография мен лингвистика мәселелері қызықтырды. Н.Н. Пантусов (1849-1909 жж.) Императорлық археологиялық комиссиясының өкілі, әрі Түркістан әуесқой археологтары үйірмесінің белсенді мүшесі болды. Жетісуда болған жылдары Ресей әкімшілігінің ірі шенеунігі ретінде Н.Н. Пантусов өлкеге көптеген сапарлар жасады, жергілікті тұрғындармен және қоныс аударушылармен араласты, өңірдің көрікті жерлерімен танысты, Түркістан генерал-губернаторының Кеңсесінде бар мұрағат материалдарын зерттеді, өзінің ашқан жаңалықтары мен байқаулары туралы есептер дайындады, ТКЛА отырыстарында сөз сөйледі, бірқатар құнды зерттеулер жариялады [Пантусов 1900: 19].

Н.Н. Пантусов Жетісу жеріне бірнеше рет сапар шегіп, өзі көрген ескерткіштерін үнемі күнделігіне түсіріп отырған. Алтын-Емел болысына жасаған сапары кезінде ол сол аймақта орналасқан қорғандар мен тасқа қашалған жазбаларды, суреттер түрінде сақталған көптеген ескерткіштерді тапты. Ол Алтын-Емел аумағында орналасқан Асан тауындағы Байқозы шатқалындағы көптеген археологиялық ескерткіштерді тізімге алған [Пантусов 1900: 20]. Н.Н. Пантусов Верный бекінісінің орнындағы қаланың қирандысын Бабыр сұлтанның «Жазбаларында» айтылатын ортағасырлық Алматы қаласымен байланыстырды [Пантусов 1884: 20]. Зерттеуші Іле өзенінің жоғарғы ағысында Құлжаға жақын орналасқан Мазар елді-мекеніндегі ортағасырлық қала құландысын Алмалық қаласымен байланыстырды [Пантусов 1910: 161]. Н.Н. Пантусовтың бұл пікірін көрнекті ғалым В.В. Бартольд қолдаған.

1884 жылы Г.В. Фишер Іле өзенінің төменгі ағысын зерттеу кезінде Балқаш аумағындағы отырықшы мәдениеттің іздері туралы деректер келтіріп, онда ертедегі ирригациялық жүйе мен қоныстардың қирандыларын тапқандығы туралы жазды [Фишер 1884: 3]. Жетісудың ортағасырлық тарихы мен археологиясын зерттеуде маңызды рөл атқарған В.В. Бартольдтың сапары болды. Ол өлкенің ерте кездегі ескерткіштерін зерттеп, олардың әрқайсысына анықтама берді. Оның

ғылыми жұмысы ортағасырлық Қазақстанның қалалық мәдениетін зерттеуде жаңа сапалы бағыттың негізі болды. В.В. Бартольдтың «1893-1894 жж. Орта Азияға ғылыми мақсатпен барған саяхаттың есебі» жазбаларынан алынған тарихи деректер, қазіргі күнде көшпелі және отырықшы халықтың қарым-қатынасы, ортағасырлық қалалардың орналасуы сияқты археологиялық зерттеудің бағыттарын анықтайды [Бартольд 1966: 21]. Бұл еңбек Жетісудың ерте кезеңінен ортағасырларға дейінгі саяси тарихына толық шолу жасау арқылы өзінің ғылыми маңызын сақтайтын, «Жетісу тарихының очеркі» еңбегінде жалғасын табады [Бартольд 1963: 3].

Қазақстан археологиясының ірі ғылыми жетістігінің бірі ретінде «Қазақстанның археологиялық картасын» жарыққа шығару болады. Бұл еңбекте ескерткіштердің тізімі келтіріліп, олар картаға түсірілді. 1960 жылға дейін ғылымға белгілі болған мерзімі және атауы бар ескерткіштер тізімдері толық жазылды. Картада Алматы қаласының төңірегінде орналасқан ескерткіштерге үлкен тарау арналды. Карта Қазақстан археологиясының дамуы туралы революциядан кейінгі кезеңдегі зерттеу жұмыстарын толық қамтыған [АКК 1960]. Жинақталған материалдар негізінде К.М. Байпақов Жетісу жеріндегі қалалар мен қоныстарға, Іле атырабындағы аймаққа арналған кандидаттық диссертациясын қорғады. Онда қалашықтардың келбеті, баламалануы қарастырылып, солтүстік-шығыс және оңтүстік-батыс Жетісу ортағасырлық қалаларының өзара салыстырмалы байланысы және даму үдерістері қарастырылды [Байпақов 1966].

Еліміз тәуелсіздік алған кезеңде археология саласының дамуының жаңа белесі 1991 жылы Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының құрылуы болды. Институт құрылған кезеңнен бастап 30 жыл ішінде республикадағы археология ғылымын басты үйлестіруші ретінде көптеген ғылыми жетістіктерге жетті.

Қазақстандық археологтар одақтас республикалар мен алыс және шетел ғалымдарымен байланысты жандандырып, көптеген бірлескен экспедициялар ұйымдастырып, археология саласының дамуына көп күштерін жұмсады. Археолог К.М. Байпақов жетекшілік еткен қазақ-американ экспедициясы қоныстан урбанизацияға дейінгі эволюция үдерісін анықтауды негізгі мақсатта ұстап, Талғар аймағында сақтардан орта ғасырға шейін аралықты қамтыған кезеңде зерттеу жұмыстарын жүргізіп, маңызды нәтижелерге қол жеткізді. Экспедиция жұмыстарының нәтижелі болуы Қазақстан жағынан қатысушы ғалымдардың К.М. Байпақов, Т.В. Савельева, Ф.П. Григорьев,

Ю. Пешков, Ә. Манапова, О.В. Кузнецова, Т.В. Трифонова т.б. еңбегінің нәтижесі [Байтанаев 2022].

Отырықшы-егіншілік және қалалық мәдениеттің қалыптасуының ірі ауданы Іле алқабы болды. VIII ғасырдың аяғы аймақтағы қала құрылысы процестерінің басталуы болып табылады. Ал қалалардың ең қарқынды өсуі XIII ғасырдың басында болды. Іле және Жоңғар Алатауының бөктерінде, Талғар, Қаскелең, Көксу, Шелек, Қаратал, Лепсі өзендерінің аңғарларында ондаған қалалар мен ауылдар пайда болды. Археологтар қазір қалалар деп аталатын бірнеше ондаған үлкен және кіші қалалардың қирандыларын анықтады. Олардың ішінде 9 ірі сауда және қолөнер орталықтары ерекшеленеді. Қазіргі уақытта бұл Талғар, Алматы, Сүмбе, Шелек, Ақтам, Дүнген, Сағабиен, Антоновское, Көктума қалалары [Байпаков 2009: 62].

Олардың ішіндегі ең ірісі Ащыбұлақ өзенінің жағасында орналасқан Антоновское қалашығы. Оның ауданы 90 га құрайды. Қалашық сырлы қабырғалармен және кең ормен нығайтылған. Мәдени қабаттарды стратиграфиялық зерттеу қаланың VIII-XIV ғасырларда болғанын анықтауға мүмкіндік берді [Байпаков 2009: 175.]. Қаланың құрылымы үш бөліктен тұрады: цитадель, шахристан, рабад. Археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде XIII-XIV ғасырларға жататын бай мекен-жай, монша, будда храмы, мешіт, манихей храмы, зороастрий кварталы табылды.

Іле аңғарындағы ортағасырлық Талғар қаласын археологиялық тұрғыдан зерттеу жұмыстары 60 жылға жуық уақытты қамтиды. Зерттеушілер Е.И. Агеева, И.И. Копылов, Т.В. Савельева қалаға әртүрлі жылдар ішінде қазба жұмыстарын жүргізіп, нәтижесінде материалдық мәдениеттің көптеген жетістіктері табылды.

Қаланы қазу барысында ірі қолөнер орталығы болғандығын куәландыратын бай материал алынды. Олар: шыны, металл (темірден, болаттан және шойыннан жасалған дайын бұйымдар), керамикадан жасалған бұйымдар, шойын құймалары, суландыру жүйесі мен тұрғын-жайлар табылды.

Қазіргі зерттеулерге сәйкес Талғар қалашығы X ғ. «Худут ал-Алам» парсы географиялық шығармасында аталған Талғар қаласымен сәйкестендіріледі [Байпақов 2009, 64-6.].

Археологиялық зерттеулерге сәйкес, Талғар қаласы VIII-IX ғасырларда қалыптасып, X-XI ғасырларда гүлдену кезеңіне және XIII ғасырдың екінші жартысында құлдырауға ұшырады [Байпаков 2009, 143].

Қазба жұмыстары барысында көптеген монеталар табылды. Бұл өз кезегінде қала аумағында XI-XII ғғ. тиесілі теңге сарайының болғандығын

дәлелдейді. Ең маңызды табылымдардың ішінде тасқа, қыш бұйымдарға және металлға жазылған ежелгі түркі, орхон алфавиті, қытай және араб жазулары табылды.

2014 жылы елімізде маңызды оқиға – Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан 8 ортағасырлық қала, оның ішінде Талғар қаласы (Талхир қаласы) ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұралар тізіміне «Ұлы Жібек жолы: Қытай – Орталық Азия, Тянь-Шань дәлізі» номинациясы бойынша енгізілді [Савельева 2015: 225].

Арнабай Әбішұлының жетекшілігімен Жетісу археологиялық экспедициясы 2011–2020 жылдары ортағасырлық Қастек қаласына кешенді түрде археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді. Қазба барысында қалалық материалдық мәдениеттің үлкен бір бөлігі анықталып, суландыру жүйесі, қолөнер кәсіпшілігі, оның ішінде құмыра жасау, шыны өндірісі, метал өңдеудің осы қалада болғандығын дәлелдеді.

Әдебиет

Археологическая карта Казахстана. – Сост.: Е.И. Агеева, К.А. Акишев, Г.А. Куев и др. – Алма-Ата: изд-во АН КазССР, 1960. – 449 с.

Байпаков К.М. Средневековые города и поселения Семиречья (VI-XII вв.): автореферат. дист. канд. – Алма-Ата, 1966. – 21 с.

Байпаков К.М. Средневековые столицы Жетысу. Алматы. Тальхир. Каялык: научное издание / Ред. К.М. Байпаков. 2-е изд. – Алматы: Credo, 2009. – 319 с.

Байпаков К.М. История Алматы с древнейших времен до современности: в 2-х т. Т. 2. / Ред. К.М. Байпаков. – Алматы: Credo, 2009. – 420 с.

Байтанаев Б.А. Тәуелсіздік кезеңіндегі Қазақстан археологиясы: негізгі қорытындылары мен келешегі // Электронды ғылыми журнал «edu.e-history.kz». – № 1 (29). – 2022. EDU. E-HISTORY. Электрондық журнал. URL: <https://edu.e-history.kz/kz/contents/view/868>. – (Қаралды: 18.02.2022 ж.).

Бартольд В.В. Очерк истории Семиречья // Сочинения. – М.: Наука ГРВЛ, 1963. – Т. II. – 341 с.

Бартольд В.В. Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью 1893-1894 гг. // Сочинения. – М.: Наука ГРВЛ, 1966. – Т. IV. – 365 с.

Валиханов Чокан. Избранные произведения // Под редакцией А.Х. Маргулана. – Алма-Ата: Казгослитиздат, 1958. – 548 с.

Маргулан А.Х. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. – Алма-Ата: изд-во АН КазССР, 1950. – 579 с.

Қазба жұмыстары кезінде қыш құмыралар, тіс щеткасы, шыны бұйымдары және темірден жасалған еңбек және қару-жарақ заттары, ат әбзелдері, әшекейлер жинақталды [Нуржанов 2015: 99]. Археологиялық қазба жұмыстары мен жазбаша деректер негізінде жасалған талдаулар нәтижесінде ортағасырлық қалалардың ұсақ тауар өндірісінің орталығы болғанын анықтады.

Қорыта келе, Жетісу жеріндегі археологиялық зерттеулер аймақтың отырықшы және қалалық өркениеттің ошағы болғандығын дәлелдейді. Қазіргі кезде Жетісу жерінде Талғар, Қаялық, Қастек, Қарамерген, Шеңгелді, Алма-Арасан ортағасырлық қалаларында археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізіліп келе жатыр. Жүргізілген зерттеулер барысында бұл аймақта ерекше өркениеттің дамығандығы, дала мен қала арасында, мәдениеттер арасында үлкен диалог орнағандығы анықталды.

Нуржанов А.А. Жетысу-золотая колыбель казахской нации // Мысль: Республиканский общественно-политический журнал. – №10. 2013. – С. 19-23.

Нуржанов А.А. Исследования средневекового городища Кастека // Известия НАН РК. Серия. общественных и гуманитарных наук. – 2015. – № 6 (298). – С. 99-109.

Пантусов Н.Н. Фергана по Запискам султана Бабура [Пер. и прим.] Н.Н. Пантусова. – С-Пб.: тип. В. Бездарова и К, 1884. – 49 с.

Пантусов Н.Н. Алтын-Эмельская волость // Протоколы Туркестанского кружка любителей археологии. – Ташкент: ПТКЛА, 1900. – С. 19-20.

Пантусов Н.Н. Город Алмалык и Мазар Туглук-Тимур-хана // Кауфманский сборник. – М.: типо-литография т-ва И.Н. Кушнерев и Ко, 1910. – С. 161-188.

Савельева Т.В. К истории археологического изучения Казахстана (1917-1975) // Известия АН КазССР: серия общественных наук. – № 1. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1976. – С. 48-53.

Савельева Т.В. Результаты исследований южного рабада средневекового города Тальхира в 2015 г. // Изв. НАН РК: сер. общ. наук. – № 6, 2015. – С. 223-235.

Зиняков Н.М., Савельева Т.В. Палеоэкономика средневековых городов Илийской долины VIII-XIV вв. (по археологическим источникам). – Алматы, 2020. – 520 с.

Фишер Г.В. Озеро Балхаш и течение р. Или от выселка Илийского до ее устьев // Записки Западно-Сибирского отделения русского географического общества. – 1884. – Т. VI. – С. 3-21.

КАМАЛДИНОВ И. Р.

Камалдинов Ильяр Рамильевич
Институт археологии им. А.Х. Маргулана,
г. Алматы, Казахстан;
kamaldinov-ilyar@mail.ru

БАНЯ СРЕДНЕВЕКОВОГО ГОРОДИЩА ИЛАНБАЛЫК

Аннотация. В 2018 году проводились археологические исследования средневекового городища Иланбалык (с. Ушарал, Панфиловский район, Алматинская область). Раскопки велись на территории цитадели городища, где была выявлена баня. Баня состояла из трёх помещений: предбанник, мойка и парильная. Парильная имеет подпольную систему подпольного отопления. Дым и жар выводился через систему колодцев, устроенных в тумбах из жженого кирпича. Иланбалыкская баня-хамам по выявленным в ней материалам и аналогичным баням (Каялык, Тараз и Отрар) датируется XIII-XIV вв.

Ключевые слова: средневековые, городище, благоустройство, ислам, илийская долина, баня.

Впервые городище Иланбалык было упомянуто в историческом источнике, составленном королем Киликии Гетумом I, в 1254 г [Гандзакеци 1976: 222-224].

Месторасположение Иланбалыка ученые долго не могли определить, предлагалось несколько вариантов его локализации. К примеру В. В. Бартольд полагал что Иланбалык соответствует городищу Икиогуз (каравансарай Шенгельды) [Бартольд 1966: 85], а А. Н. Бернштам согласился с тождеством Иланбалыка и Икиогуза – Эквиуса, но поместил город на месте городища Дунгене в долине р. Коксу, в 15 км. западнее г. Талдыкорган [Бернштам 1948: 83].

В 2014 году на городище Ушарал удалось зафиксировать три монетных клада, которые датируются XIII-XIV вв. В том же году был обнаружен крупный «кайрак», надгробный камень с несторианским крестом и надписями на древнесирийском языке. И лишь после изучения городища Учарал, находящегося в 8 километрах западнее Жаркента, в 2014 году стало ясно, что оно соответствует городу Иланбалыку [Байпаков и др. 2015: 94-97]. Необходимо отметить, что большая часть памятника находится под современной застройкой села Ушарал.

Раскопки на городище Учарал – городе Иланбалыке начались в 2016 году, в ходе которых изучена его топография, определена площадь, выявлены цитадель (центральная часть городища), шахристан (внутренний город) и рабад, где располагался пригород и кладбища.

С 2016 по 2018 гг. под руководством к.и.н. Д.А. Волякина проводились археологические исследования по поиску несторианского кладбища в результате которых было выявлено несколько десятков «кайраков» – надгробных камней с несторианскими крестами, а также

несколько десятков захоронений, преимущественно детских.

В 2018 г. исследование городища Иланбалык было проведено по проекту «Великий Шелковый путь: города как центры сближения духовной культуры, конфессий и хранители сакральных традиций» под руководством К.М. Байпакова. В изучении памятника принимали участие И.Р. Камалдинов и А.А. Сералиев. Было заложено два раскопа один на крепостной стене, а второй был прирезан к раскопу 2016 г. в юго-восточной части цитадели города (рис.1), где была впоследствии выявлена баня.

Во время исследования крепостной стены цитадели был найден клад, состоящий из ювелирных изделий, помещенных в шкатулку, обтянутую коричневой кожей и покрытую орнаментом, выполненным красной краской. От самой шкатулки сохранилось два кусочка кожи, остатки деревянных деталей и железные гвоздики. В составе клада обнаружены три серебряных браслета, две медные серьги, три ожерелья из полых серебряных бусин, ожерелье из розовых кораллов, два ожерелья из многогранных сердоликовых бусин и прямоугольных пластин, ожерелье из бирюзовых бусин, агатовые четки, речной мелкий жемчуг, отдельные бусины из лазурита и горного хрусталя, несколько нефритовых кулонов [Байпаков и др. 2018: 94-97].

Баня. В 2016 году были продолжены работы на площади раскопа №2, в частности раскоп, имевший размеры 10x10 м, был расширен в западную сторону на 13 м, и в восточную на 6 м и его площадь составила 416 кв. м (рис. 2).

Перед началом работ место раскопа представлял собой ровный участок, покрытый растительностью, на



*Рис. 1. Аэрофото цитадели городища Ипанбалык
(вид на юго-запад)*

поверхности которого были зафиксированы обломки от жженных кирпичей и несколько фрагментов боковин от хумов. Общая глубина раскопа составила 1,5 м.

Слой грунта снимался по 20 см (один штык лопаты), после чего проводилась тщательная горизонтальная зачистка поверхности с целью выявления строительных конструкций. В ходе работ зафиксировано незначительное количество фрагментов жженных кирпичей, керамики и костей животных. Материк оказался глино-красного цвета, тогда как культурный слой состоял из черной земли, перемешанной с золой, зольными пятнами и прослойками с вкраплениями угляков.

На глубине 20 см в северной части раскопа было зафиксировано зольное пятно овальной в плане формы размером 80х50 см, толщиной 6-8 см, в котором были выявлены фрагменты неполивной керамики, в основном от крупных толстостенных сосудов.

На глубине 40 см, помимо фрагментов керамики начали встречаться фрагменты обмазок из белого ганча, с нанесенной поверх неё краской бордового цвета.

На глубине 60 см в северо-западной части раскопа был зафиксирован материк. В средней части, ближе к северному борту, был зафиксирован слой золы мощностью 20 см, шириной 1,2 м, который тянулся по линии северо-запад – юго-восток и уходил за борта раскопа.

После удаления слоя золы на глубине 100 см от дневной поверхности был обнаружен пол, который был обмазан ганчем белого цвета (ганчевая обмазка на полу фиксируется участками), под которым зафиксирован слой глиняно-песочного раствора с включением соломы толщиной 3-4 см. Ниже располагался слой из галечника. В ходе расчистки пола на его поверхности были обнаружены фрагменты неполивной керамики от кувшинов, горшков, хумов и хумчей, а также был обнаружен керамический светильник (чираг), покрытый зеленой поливой (ручка утрачена).

По периметру выявленного пола расчищены остатки стен, сложенные из жженого кирпича. Стены были разобраны и фиксируются только в следах. Лишь у северной стены сохранилось шесть обломков кирпи-



Рис. 2. Баня (вид сверху)

чей, уложенных в один ряд кладки. Размер кирпичей 26х15х5 см. Толщина северной стены помещения равна 0,75 м, остальных стен 0,65 см (северная стена внешняя).

В связи с тем, что стены выявленного помещения разобраны и фиксируются лишь в следах, точно выявить дверные проемы не представляется возможным, поэтому они показаны на основе их вероятного нахождения (рис. 3).

Можно отметить, что в плане баня имеет подпрямоугольную форму размером 10,5 х 7,7 м. Необходимо отметить, что баня расположена ниже уровня материка, то есть она была построена в котловане, что вполне типично для восточных бань типа хамам. Как правило, средневековые бани углублялись в землю, их ставили в специально выкопанных котлованах, на поверхность выступали купола – так в бане сохранялось тепло [Хмельницкий 1997: 188-200]

Помещение №1. В плане оно имеет подпрямоугольную форму размерами 2,4х2,2 м. Функциональное назначение помещения, судя по размерам, определяется как «предбанник». Пол помещения был, обмазан ганчем, а также вымощен галечником мелкой фракции, на поверхности камней частично сохранилась глиняная обмазка коричневого. Стены помещения не сохранились (прослеживаются лишь в следах).

Помещение №2. В плане помещение имеет подпрямоугольную форму размером 4,2х3,7 м. Функциональное назначение – теплое помещение «мойка» с полом изготовленным из вымощенного жженого кирпича. В западной части помещения был обнаружен слив кубурного типа (водоотвод), резервуар чистой воды с подачей через кубуры малого размера. Также выявлена крупная конструкция из жженого кирпича, предположительно подставка под крупногабаритный котел. В отличие от остальных помещений у которых совсем не сохранились стены, у данного помещения сохранилась северо-западная угловая часть и восточной части на высоту до 0,7 м (в северной два ряда кладки, а в западной до 5 рядов кладки). В северо-западной части помещения у стены имелась суфа шириной 0,4 м и высотой до 0,4 м. На самой суфе и стене, к которой она была пристроена, сохранились остатки ганчевой обмазки, за данной стеной снаружи расположена тумба, сильно деформированная, сложенная из прямоугольных кирпичей.

В западной части раскопа, к западной стенке помещения №2 примыкает тумбообразная конструкция, полностью сложенная из жженого кирпича в перевязку. Размер 2,4 на 2,8 м. высота 1,1 м. Функциональное назначение данной конструкции не выявлено, можно только предположить, что она могла служить в виде подставки под крупный котел.

В юго-восточном углу помещения выявлен слив воды, представляющий собой керамический сосуд в виде горшка с округлым дном, полностью вкопанный в пол помещения (сосуд абсолютно целый). Размер сосуда: диаметр 25 см, высота 35 см. С южной стороны к сосуду примыкает трубопровод (водосток) состоящий из керамических кубуров. Водослив тянется от помещения наружу в южном направлении, длина водостока в пределах раскопа 4,1 м (водосток уходит в бровку за пределы раскопа). Количество кубуров девять, длина каждого 50 см, диаметр от 25 до 18 см.

С юго-западной стороны к помещению примыкает конструкция подпрямоугольной в плане формы, сложенная из жженого кирпича, предположительно ре-

зервуар для воды, с очертаниями круга – верха резервуара. Размер «резервуара» по внутренним стенкам 0,4х0,5 м, а по наружному краю стенки 1х0,8 м. В ходе расчистки заполнения «резервуара» были выявлены фрагменты неполивной керамики от сосудов. Интересной находкой, выявленной в заполнении, является фрагменты от мелких керамических кубуров диаметром 10-8 см, длину которых определить невозможно в виду его плохой сохранности. Вероятнее всего к выявленному резервуару по водопроводу, состоящему из мелких кубуров была подведена чистая вода.

Помещение №3. Размер помещения (парильная) 5,6х4,9 м. Ниже уровня выявленного пола с восточной части прирезки был выявлен крупный слой зольника, в ходе расчистки данного слоя были выявлены конструкции из жженого кирпича.

В самом начале были расчищены три колодца (дымоход) размером 0,55х0,37 м, высота 0,84 м. Расстояние между колодцами 0,55 м. Всего сохранились 9 рядов кладки, толщина межкладочного глиняного раствора 2-3 см. Внутреннее пространство колодцев было заполнено сажей черного цвета и золой серого цвета. В колодцах были обнаружены фрагменты неполивной керамики от чаш, тарелок и горшков.

Южнее колодцев была выявлена стена дымохода, ориентированная по линии восток-запад. Стенка канн сложена из жженных кирпичей, длина отрезка канна 1,9 м, толщина 0,16 м. Посередине стенок канна имеется проем шириной 0,5 м (дымоход). Восточная сторона стенки канна сохранилась на высоту 6 рядов кладки, а западная на 4 ряда кладки.

Вторая стенка канна, параллельна первой и расположена на расстоянии 0,23 м. Длина стенки 3,1 м. Толщина стенки канна имеет толщину в два ряда кладки, расстояние между двумя смежными рядами кладки 0,08 м, оно заполнено строительным мусором и раствором.

Далее в южном направлении параллельно друг другу зафиксировано 5 стенок от каннов, то всего 7 рядов каннов. Ширина продухов между стенками канна 0,25-0,35 м. По середине расположен широкий центральный продух – канн шириной от 0,31-0,55 м. Каны находились под полом помещения.

Стены помещения сохранились лишь в следах. Дверной проем так же найти не удалось.

Основная масса находок, выявленных в ходе изучения бани, представлена толстостенными красноглиняными сосудами типа хум и хумча, которые чаще всего были украшены ангобными подтеками, на некоторых хумах имелись штампы, расположенные в верхней части тулова. Также были найдены фрагменты от крупных водоносных кувшинов с коленчатыми ручками, незначительное количество фрагментов неполивных чаш и горшков, некоторые из которых были украшены штампом. Из поливной керамики были обнаружены два керамических светильника – чирага, покрытых зеленой поливой. Интересной находкой является горловина и ручка от кувшина зооморфной формы (в виде головы быка?). За пределами бани был найден археологически целый сосуд типа кувшина с округлым туловом и узкой горловиной (ручка утрачена).

На территории Казахстана средневековые бани также были выявлены в Отраре [Акишев и др. 1987: 123], Таразе [Бернштам 1940: 177-183], Каялыке [Байпаков и др. 2006: 73], Жайыке [Байпаков и др. 2005: 87], Екпенды [Байпаков и др. 2012: 39].

О популярности бани в быту населения свидетельствуют многочисленные ее характеристики, описания банных эпизодов, перечень своеобразных правил посещения бань, сохранившиеся в средневековой литературе [Вамбери 1887: 120-130]. Популярность таких




Рис. 3. План бани

заведений среди населения была высокой. Их использовали для «поднятия упавшего настроения, для отдыха, для встречи и дружеской беседы с приятелями, для встречи и разговоров о купле и продаже, о торговой сделке и показа мастерства в шахматах и нардах» [Орбели 1938: 159.]. Джелал Эссад писал: «Бани так же необходимы мусульманину, как и мечети <...>» [Эссад 1919: 267]

В целом же керамический комплекс по составу, по типам посуды находит очень близкие аналогии среди

керамики Талгара, Кастека и Каялыка. Отсюда можно сделать вывод, что баня из Иланбалыка была возведена во второй половине XIII и в начале XIV века.

Баня из Иланбалыка несет все специфические черты структуры бань-хамам и является ее классическим образцом. В целом, это отражает культурно-экономические связи Илийской долины с мусульманским миром.

Литература

Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Отрар в XIII-XIV веках. – Алма-Ата: «Наука», 1987. 256 с.

Байпаков К.М. Исламская археологическая архитектура в археологии Казахстана. – Алматы-Самарканд: «Археологическая экспертиза», 2012. – 283 с.

Байпаков К.М., Воякин Д.А. Средневековый Каялык. – Алматы: «Print-S», 2006. –224 с.

Байпаков К.М, Савельева Т.В., Есполова Э. Ювелирный клад из средневекового города Иланбалык в Жетысу // Промышленность. – Алматы, 2018. – №2 – С. 94-97.

Байпаков К.М, Савельева Т.В., Петров П.Н. Локализация города Иланбалык (Иланбали) в Илийской долине // Промышленность. – Алматы. 2015. – №4 – С. 94-97.

Байпаков К.М. Смагулов Е.А., Ахатов Г.А. Средневековое городище Жайык. – Алматы: «Credo», 2005. –221 с.

Бартольд В.В. Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью в 1893-1894 гг. Академик В.В. Бартольд сочинения. – М.: «Наука»1963. – Т.II, ч.1. –1024 с.

Бернштам А.Н. Баня древнего Тараза и ее датировка // ТОВГЭ. – М: Наука, 1940. – Т.2. – С. 177-183

Бернштам А.Н. Памятники старины Алма-Атинской области (по материалам экспедиции 1939 года) // Известия Академии наук Казахской ССР. Серия археологическая – Алма-Ата, 1948. – Вып. 1 (№46). – С. 83.

Вамбери Г. Очерки жизни и нравов Востока. – СПб.: «В. Ковалевский», 1887. –348 с.

Гандзакеци К. История Армении перевод с древне-армянского, предисловие и комментарии Л.А. Ханларян. – М.: «Наука», 1976 г. –357 с.

Орбели И. Баня и скоморох XII в. // Памятники эпохи Руставели. – Л.: АН СССР, 1938. – С. 159.

Хмельницкий С.Г. Между саманидами и монголами. – Берлин-Рига: «Gatajun», 1996. – Ч.2. –334 с.

Эссад Д. Константинополь: от Византий до Стамбула. – М.: «М. и С.», 1919. – 338 с.



ШАҒЫРБАЕВ М.С.

Шағырбаев Мамбет Сапарбекұлы

Ө.Х. Марғұлан ат. Археология институты,

Алматы, Қазақстан;

mambet__87@mail.ru

АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЗЕРТХАНАСЫНДА 2018-2021 ЖЫЛДАРЫ ЖҮРГІЗІЛГЕН ПАЛЕОЗООЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

Аннотация. Мақалада Ө.Х. Марғұлан ат. Археология институты, археологиялық технологиялар зертханасында 2018-2021 жылдары жүргізілген археозоологиялық зерттеу жұмыстарына хронологиялық негізде шолу жүргізіледі. Қола дәуірінен бастап кейінгі ортағасырларға дейінгі мерзімді қамтитын 16 ескерткіштен табылған 18000-ға жуық жануар сүйегіне талдау жасалып, жануар сүйектерінің ескерткіштер бойынша саны мен жануар түрі бойынша айырмашылықтары анықталады. Зерттеу барысында, шаруашылықтағы үй жануарларының саны барлық аймақта бірдей емес екендігі байқалып отыр. Таулы өңірлерде ірі қара саны көбірек болса, далалы ландшафта орналасқан ескерткіштерде уақ мал мен жылқы саны артады. Шаруашылықта түйе мен есекті де пайдаланғанын остеоматериалдар көрсетіп отыр. Жабайы жануарлардың кейбір түрлері ортағасырларда қазір мүлдем кездеспейтін аймақтарда мекендеген. Оның негізгі мысалы құлан мен қарақұйрық сүйектерінің Жетісу өңіріндегі ескерткіштерден табылуынан көруге болады. Шу өңірінде ортағасырларда балық аулау кәсібі болған.


Түйін сөздер: Археозоология, остеология, қола дәуірі, ерте темір дәуірі, ортағасыр, палеофауна, мал шаруашылығы, аңшылық.

Ө.Х. Марғұлан ат. Археология институтының «Археологиялық технологиялар» зертханасы өзінің тарихын 1970 жылдардан бастайды. Институт зертханасында алғаш палеозоологиялық зерттеулермен Л.А. Макарова және Т.Н. Нурумов айналысты [Шағирбаев 2021: 153-154; Нурумов л/д 111: 24]. Бірқатар жылдары Қ. Қашқынбаев институт зертханасында жануар сүйектерін зерттеп, нәтижелерін [Кашкинбаев 2005; Кашкинбаев 2013] жариялады. Аталған ғалымдар өмірден өткеннен кейін бұл бағыттағы зерттеулер тоқырап, соңғы жылдары археозоологиялық материалдар институт қорында қордалана бастады. Дегенмен, бірқатар үзілістерге қарамастан, Л.Л. Гайдученко, Б.У. Байшашов секілді отандық және П.А. Косинцев, А. Оутрам, Д.О. Гимранов, О.П. Бачура және т.б. шетелдік палеонтолог, палеозоологтар еліміздегі археологиялық қазба барысында табылып жатқан жануар сүйектерін зерттеумен айланысты. Алайда, шет елдік мамандардың көмегімен зерттеу жүргізуге барлық ғалымдарда мүмкіндік болды деп айту қиын. Арнайы мамандардың жоқтығына байланысты қазба барысында табылған жануар сүйектері зерттеусіз қалып, археологтар көп жағдайларда қазба жүргізілген нысанға қайта көміп кетуге мәжбүр болып келеді. Осы мәселені шешу үшін, Институттың Ғылыми кеңесінің қолдауымен 2018 жылдан бастап зертхана құру жұмыстары қолға алынды. Нәтижесінде, бірқатар техникалық-базалық

және жөндеу жұмыстарынан кейін, «Археологиялық технологиялар» атауымен зертхана қайта қалпына келтірілді. Археологиялық материалдармен жұмыс жүргізетін зертхана: керамиканы зерттеу, тас пен сүйек трасологиясы және археозоология бөлімдерінен тұрады [Ақымбек, Шағирбаев 2020: 116].

Археозоология бөліміне 2018 жылы б.ғ.к. Б.У. Байшашов және б.ғ.к. П.А. Косинцев шақырылып, Институт қорындағы остеологиялық материалдармен жұмыс жүргізілді. Сонымен қатар, аталған мамандарға зертханада бұдан әрі археозоологиялық зерттеулермен тұрақты айланысу үшін М.С. Шағирбаевты жануар сүйектерін зерттеудің әдіс-тәсілдерін меңгерту мәселесі де ұсынылып, нәтижесінде бірқатар бірлескен жұмыстар атқарылды.

2018 жылы Б.У. Байшашов және М.С. Шағирбаев «Ұлы Даланың ежелгі және ортағасырлық тарихы: этногенез және мәденигенез – пәнаралық зерттеулер тәжірибесі» жобасы аясында Шірік рабад мәдениетіне тиесілі ескерткіштерден табылған остеологиялық материалдармен жұмыс жасап, ғылыми есебін жазды. Аталған археологиялық кешенде 2006 жылдан 2017 жылға дейінгі аралықта жүргізілген қазба жұмыстары барысында жалпы 534 дана жануар сүйегі жинастырылған. Остеологиялық материалдардың басым бөлігі бөлшектенген. Жануар сүйектерін талдау барысында, 142 сүйек жылқыға (*Equus caballus*), 4 сүйек



1 – сур. 2018–2021 жж. жануар сүйектері зерттелген ортағасырлық ескерткіштердің орналасқан жерлері:
 1 – ортағасырлық Шеңгелді төрткүлі; 2 – ортағасырлық Талғар; 3 – ортағасырлық Қастек; 4 – ортағасырлық Ақтөбе (Степнинское); 5 – ортағасырлық Аспара; 6 – ортағасырлық Маханды төрткүлі; 7 – ортағасырлық Қосқұдық;
 8-ортағасырлық Ақыртас төрткүлі; 9 – ортағасырлық Бурнооктябрь; 10 – ортағасырлық Шымкент;
 11 – ортағасырлық Күлтөбе; 12 – ортағасырлық Қаратөбе

құланға (*Equus hemionus*) тиесілі екендігі анықталды. Ірі қараға (*Bos taurus*) – 134 сүйек, уақ малға (*Ovis et Capra*) – 175 сүйек (оның ішінде 43 данасы нақты қойға (*Ovis aries*), 10 данасы ешкіге (*Capra hircus*), 2 сүйек – түйеге (*Camelus bactrianus*), 6 сүйек – итке (*Canis familiaris*), 3 сүйек – түлкіге (*Vulpes vulpes*), 3 сүйек адам қаңқасының элементтері және 65 сүйек нақты жануар түріне ажыратылмады [Отчет 2018: 34-36].

П.А. Косинцев қола және ерте темір дәуірі, этнографиялық кезеңге тән 27 ескерткіштен (беғазы-дәндібай мәдениеті (6), сарғары-алексеев мәдениеті (13), далалы аймақтағы ерте темір дәуірі қоныстары (5), таулы аймақтағы қоныстар және XVIII–XIX ғасырлармен мерзімделетін қазақ қыстаулары мен қоныстарынан табылған жануар сүйектеріне жүргізілген зерттеулерге салыстырмалы талдау жасап, нәтижелерін ғылыми есепте көрсетті. Зерттеу нәтижесінде аталған кезеңдердің барлығында уақ мал саны (41-65% аралығында ауытқиды) сиыр, жылқы және түйеге қарағанда көп екендігі белгілі болды [Отчет 2018: 33-35]. Тек этнографиялық кезеңде ғана уақ мал саны жылқыдан кейінгі екінші орынды алса, далалы аймақта орналасқан ерте темір дәуірі қоныстарының

материалдарында уақ мал мен жылқы саны теңеседі.

2019 жылы «Ұлы Даланың тарихы мен мәдениеті» жобасының негізінде Б.У. Байшашов пен М.С. Шагирбаев қола дәуірімен мерзімделетін Серіктас қонысының остеологиялық материалдарына зерттеулер жүргізіп, жануар түрлерін анықтайды. Аталған қоныстан жалпы саны 289 дана жануар сүйегі зерттеліп, оның ішінде 69 сүйек – жылқыға (*Equus caballus*), 21 сүйек сиырға (*Bos taurus*), 156 сүйек қойға (*Ovis aries*), 1 сүйек ешкіге (*Capra hircus*), 1 сүйек – түйеге (*Camelus bactrianus*), 1 сүйек итке (*Canis familiaris*), 8 сүйек тасбақаға (*Testudines*) тиесілі екендігі анықталған. Мұнымен қатар, 32 сүйек сүтқоректілер класына жатады [Отчет..., 2019: 53].

Қола дәуірінің қонысынан табылған жануар сүйектерінің «ас қалдықтары» екені анық. Алайда, көне сүйектердің арасынан тасбақаға (*Testudines*) тиесілі қаңқа элементтерінің анықталуы қызықты болып отыр. Бұл ежелгі тұрғындардың тағам рационында бауырымен жорғалаушылар класының (*Reptilia*) өкілдері де болғанын көрсетеді. Жалпы, Серіктас қонысынан табылған жануар сүйектерін толыққанды археозоологиялық талдаудан өткізіп, жарияланымға

ұсыну, өз кезегінде Жетісу өңірінің қола дәуіріндегі палеофаунасы мен шаруашылықтағы жануар түрлері және тағам рационы мен палеодиетасы туралы құнды ақпарат көзіне айналары анық.

2019 жылы зертханаға П.А. Косинцевпен бірге б.ғ.к. Д.О. Гимранов та шақырылып, жоғарыда аталған жобаның негізінде ортағасырлық Қастек және ерте темір дәуіріне тән Абылай және Қатартөбе ескерткіштерінің остеологиялық материалдарына зерттеу жүргізілді. Аталған ғалымдар жалпы саны 9000-нан астам сүйекті анықтап, ескерткіштер бойынша жануар түрлері, қаңқа элементтері, сүйектердің бөлшектену үдерістері туралы маңызды ақпараттарға қол жеткізді [Отчет 2019: 54–70].

Б.У. Байшашов пен М.С. Шагирбаев Бәбіш мола қаласынан 2018 жылы анықталған жануар сүйектеріне археозоологиялық талдаулар жүргізіп, нәтижелері ғылыми жарияланымға ұсынылды [Байшашов, Шагирбаев 2019: 100–107; Шагирбаев, Утубаев 2019а: 382–391].

Бәбіш мола қаласындағы «Үлкен үйде» жүргізілген қазбадан топталып анықталған жануар асықтары жеке зерттелініп, оның басым бөлігі ақбөкенге (*Saiga tatarica*) тиесілі екендігі анықталды. Зерттеушілер «Бәбіш Мола қаласынан табылған ақбөкен асықтары сол жануармен байланысты ғұрыптық жосындарға байланысты жиналып, сақталған» – деп тұжырым жасайды [Шагирбаев, Утубаев 2019б: 110]. Сонымен қатар, зертхана қорындағы материалдар мен басқа да археологиялық зерттеулерге негізделген мәліметтер бойынша асықты пайдалану тарихына шолумен байланысты зерттеулер де жүргізілді [Шагирбаев 2019].

2020 жылы жануар сүйектерінің зертханалық талдануы біршама күрделі және бірнеше тарихи кезеңдерді қамти отырып жүзеге асырылды. Сырдария өңіріндегі ерте темір дәуірімен мерзімделетін Бәбіш мола қаласынан 2019 ж. анықталған жануар сүйектерін археозоологиялық тұрғыдан зерттелуі жалғасын тапты. Зерттеу нәтижесінде бұрын белгілі болған ақпараттарға жаңа түзетулер енді десе де болады. 2018 жылы анықталған жануар сүйектерінің ішінде ешкі (*Capra hircus*) сүйектері көп анықталса [Шагирбаев, Утубаев 2019а: 384], 2019 жылғы материалдарда ешкіге тиесілі элементтер санаулы ғана табылды. Алайда, үй жануарларының ішінде түйе (*Camelus bactrianus*) және есек (*Equus asinus*) сүйектері, жабайы жануарлардан құлан (*Equus hemionus*) мен ақбөкен (*Saiga tatarica*) сүйектері анықталды [Утубаев, Шагирбаев 2020а: 358]. Жаңа деректер Бәбіш мола қаласы орналасқан аймақтың палеофаунасында құлан мен ақбөкеннің тұрақты мекендеген ареалы болғанын

дәлелдей түсумен қатар, ежелгі тұрғындардың шаруашылығында үй жануарларының барлық түрлері кездесетінін көрсетіп берді. Бәбіш моладан табылған тақ тұяқты жануарға (*Perissodactyla*) тиесілі грифельді сүйекті (рудимент) трасологиялық талдау барысында, сүйектің құланның артқы сирағына (*Mt III*) тиесілі екендігі және ежелгі уақытта «біз» ретінде қолданылғаны анықталды [Утубаев, Шагирбаев 2020б: 121].


Зертханадағы археозоологиялық зерттеулердің келесі тобы ортағасырлық ескерткіштердің материалдарын зерттеумен байланысты (1-сур.). 2020 жылы Іле өңіріндегі ортағасырлық Шеңгелді керуен сарайы, ортағасырлық Талғар қаласы, Талас өңіріндегі ерте ортағасырлық Бурнооктябрь қаласы, Сырдария өңіріндегі ежелгі Сауран (Қаратөбе) қаласынан табылған жануар сүйектері зерттелді [Савельева, Шагирбаев 2020: 390-400; Шагирбаев 2020а: 115-128; Талеев, Шагирбаев 2020: 230–242; Талеев, Ержігітова, Шагирбаев 2020: 201–209]. Аталған ескерткіштердің ішінде ортағасырлық Талғар қаласынан басқаларында жануар сүйектері алғаш рет зерттелініп отыр.

Шеңгелді төрткүлінен табылған остеологиялық материалдар саны аз болғанымен, 10-ға жуық жануар түрлері ажыратылды [Савельева, Шагирбаев 2020: 392]. Нәтижесінде, ортағасырларда Іле өңірі құлан (*Equus hemionus*) және ақбөкеннің (*Saiga tatarica*) жайылым ареалына кіргені белгілі болып отыр. Сонымен қатар, керуен сарай тұрғындары шаруашылықта төрт түліктің барлығын да пайдаланған. Алайда олардың «отардағы» («отар» барлық жануарға қатысты шартты түрде алынып отыр. Жалпы: жылқы–үйір, ірі қара–табын, түйе–келе) мөлшерін айту қиын. Шеңгелді остеоматериалдарының ішінде саны жағынан бірінші орында – жылқы сүйектері.

Шеңгелді төрткүліне (керуен сарай) жақын орналасқан ортағасырлық Талғар қаласынан табылған жануар сүйектерінің (зерттеу жұмысы 1989 жылы №3 қазбадан табылған жануар сүйектеріне жүргізілді – ішінде ірі қара (*Bos taurus*) сүйектері барлық материалдың ішінде 35%-ға жуығын құрады. Екінші орында уақ мал (*Ovis et Capra*) сүйектері негізгі орын алады.

Шеңгелді төрткүліне қарағанда, Талғар қаласының остеоматериалдары күрделі және табиғи ландшафт тұрғысынан алғанда таулы аймаққа тән фаунаың кездесуімен ерекшеленеді. Мәселен, далалы өңірде орналасқан Шеңгелді төрткүлінде құлан және ақбөкен сүйектері кездессе, таулы ландшафта орналасқан ортағасырлық Талғар қаласынан елік (*Capreolus pygargus*), аю (*Ursus arctos*) және жабайы құс (*Aves*) сүйектері табылып отыр [Шагирбаев, 2020а: 117].

Ортағасырлық Шеңгелді және Талғар ескерткі-



2 – сур. Ортағасырлық ескерткіштерден табылған жануар сүйектерінің мөлшері:

1 – уақ мал; 2 – қой; 3 – ешкі, әрі қарай 1-ші кестедегі жануарлар тізіміне сәйкес

штері бір-бірінен бар жоғы 80 шақырым қашықта орналасқанымен табиғи-климаттық жағдайға сай, аңшылықтағы фаунаың да қатты өзгергенін көреміз.

Ерте ортағасырлық Бурнооктябрьск қаласынан табылған жануар сүйектерінің ішінде үй жануарларымен қатар, шөлейтті аймақта мекендейтін жабайы жануарлар, оның ішінде қуысмүйізділер тұқымдасына (Bovidae) жататын архар (*Ovis ammon*), қарақұйрық (*Gazelia subgutturosa*) және ақбөкеннің (*Saiga tatarica*) қаңқа элементтері табылды [Талеев, Ержігітова, Шагирбаев, 2020: 234]. Ескерткіштің орналасқан жері таулы және далалы өңірдің түйісетін тұсы болғандықтан, аталған жануарлардың бұл аймақта мекендеуі әбден мүмкін. Қазіргі таңда архар (*Ovis ammon*) Шу-Іле Алатауында кездескенімен, қарақұйрық (*Gazelia subgutturosa*) пен ақбөкен (*Saiga tatarica*) бұл өңірде кездеспейді.

Ежелгі тұрғындардың ет өнімінде жабайы жануарлардың көп кездесуі, аңшылықтың жақсы дамығандығын дәлелдейді. Сонымен қатар, қазба барысында табылған жабайы құс сүйектері ескерткіштің ежелгі тұрғындары аңшылықтың бірнеше түрімен айналысқанын көрсетіп отыр.

Сырдарияның оң жағалауында орналасқан ежелгі Сауран (Қаратөбе) қаласының (ортағасырлық Сауран қаласынан оңтүстік-шығыста 2,5 шақырым жерде орналасқан) остеологиялық материалдарында үй жануарларымен қатар, бұғы (*Cervus elaphus*), мысық (*Felis catus*?) және құс (*Aves*) сүйектері анықталды [Талеев, Ержігітова, Шагирбаев 2020: 202]. Зерттеушілер

ежелгі Саураннан табылған мүйіз фрагменттерінен бөлек, бірнеше асықтарды (*talus*) да сыртқы анатомиялық пішіндері мен анықтаушы белгілеріне қарап бұғыға (*Cervus elaphus*) тиесілі деп тұжырым жасайды [Талеев, Ержігітова, Шагирбаев 2020: 204].

Бұғы сүйектерінің табылуы, ежелгі Сауран қаласының тұрғындары аталған жануарды аулағанын көрсеткенімен, бұғының нақты қандай түрін аулағаны белгісіз. Қазіргі таңда Сырдария өңірінде бұғы тұқымдасына жататын Бұхар

бұғылары (*Cervus elaphus bactrianus*) өмір сүреді. Бірақ, нақты салыстырмалы эталондардың жоқтығы, жануар түрін анықтауға кедергі болып отыр. Бір қызығы, Бурнооктябрьск және Қаратөбе қалаларынан үй жануарларының ішінде есекке (*Equus asinus*) тиесілі қаңқа элементтері анықталды. Бұл есектің Талас өңірінде ертеортағасырлардың өзінде шаруашылықта қолданылса, Сырдария өңірінде қазіргі деректер бойынша ерте темір дәуірінде шаруашылықта есекті пайдаланған. Сондай-ақ, ежелгі Сауран қаласынан мысық сүйектерінің анықталуы да қызықты жағдай. Ортағасырларда мысықты қолға үйретіп, үй жануары ретінде ұстағанын ортағасырлық Жанкент қаласынан табылған мысық сүйегіне жүргізілген зертханалық талдаулар дәлелдеп берді [Аржанцева 2020]. Мысық сүйектеріне жүргізілген талдаулар ежелгі ДНҚ (дезоксирибонуклеин қышқылы) бойынша жанкенттік мысықтың жабайы мысықтардан (шұбар мысық (*Felis libysa*), қамысты мысық (*Felis claus*), шағыл мысық (*Felis margarita*)) емес, жыртқыш сүтқоректілердің ішінде «үй мысығы» болып табылатын *Felis catus* L., түріне жататыны анықталды [Аржанцева 2020]. Яғни, Қазақстан территориясында үй жануарларының ішінде 1200 жыл бұрын мысықтардың да болған. Ежелгі Сауран қаласы да ортағасырлық Жанкент қаласы орналасқан ендікте, Сырдария өзенінің жағасында, ежелгі керуен жолының бойында орналасқандықтан, табылған сүйектер «үй мысығына» тиесілі болуы мүмкін.

Зертханада Іле өңірі (Шеңгелді төрткүлі, Талғар қаласы), Шу-Талас өңірі (Қосқұдық қаласы, Ақыртас төрткүлі, Бурнооктябрьск қаласы), Сырдария өңіріндегі (Қаратөбе) ортағасырлық ескерткіштерден жинақталған остеологиялық материалдардың ішінде ірі қараның қаңқа элементтері жеке зерттеліп, бірқатар қызықты ақпараттарға қол жеткізілді [Шагирбаев,

2020б: 205-215]. Мысалы, ортағасырлық қалалардан табылған остеологиялық материалдың ішінде ірі қара сүйектерінің мөлшері басқа жануарларға қарағанда басымдық танытпайды. Зерттелген 6 ескерткіштің тек екеуінде (Талғар, Бурнооктябрьск) ғана сиыр сүйектері жалпы сүйектің 30% құрайды. Басқа ескерткіштерде (Шеңгелді, Ақыртас, Қаратөбе және Қосқұдық) 8–19% аралығында ауытқиды [Талеев, Ержігітова, Шагирбаев 2020: 212].

2021 жылы қола дәуіріне тән Таранғұл (Ақтөбе обл.) және Балқан (Қарағанды обл.) қоныстарынан анықталған остеологиялық материалдар жануар түрлеріне қарай топтаудан өткізіліп, нәтижелері ғылыми түрде жарияланды. Екі ескерткіштен жалпы 4000-нан аса остеологиялық материал зерттеліп, 15-тен астам жануар түрі мен құс сүйектері анықталды [Байтілеу, Шагирбаев 2021а: 145; Байтілеу, Шагирбаев 2021б: 25].


Таранғұл қонысынан үй жануарларының барлық түрі кездесумен қатар, жабайы жануарлардан – жұптұяқтылар (*Sus scrofa*, *Cervus elaphus*, *Capreolus pygargus*, *Ovis ammon*, *Saiga tatarica*), тақтұяқтылар (*Equus hemionus*, *Equus sp.*), қоян тәрізділер (*Lepus tolai*) және ит тұқымдастарына (*Vulpes vulpes*, *Canis sp.*) тиесілі 10 жануар түрі табылды. Оның ішінде құлан (*Equus hemionus*) және қабан (*Sus scrofa*) сүйектері көбірек кездесіп отыр.

Балқан қонысынан анықталған жабайы жануарлардың ішінде арқар (*Ovis ammon*) мен қасқыр (*Canis lupus*) сүйектері басқа жануарларға қарағанда басым. Үй жануарларының ішінде Таранғұл қонысында уақ мал сүйектері басқа жануарларға қарағанда екі есе көп болса, ірі қара сүйектері саны бойынша екінші орында. Балқан қонысынан да шаруашылықта уақ малды көбірек пайдаланғанын байқаймыз. Алайда, екінші орында ірі қара мен жылқы сүйектерінің саны бойынша өзара жақын. Зерттеушілердің (Байтілеу Д.А., Шагирбаев М.С.) пікірінше, Балқан қонысының остеоматериалдары ежелгі тұрғындардың мал шаруашылығымен айналысқанын дәлелдейді. Авторлар негізгі дәлел ретінде Балқан қонысынан табылған остеоматериалдардың ішінде әртүрлі жастағы жануарлардың болуын көрсетеді. Мысалы, Балқан қонысынан 10 шақырым жерде орналасқан Талдысай қонысынан табылған жануар сүйектеріне

зерттеу жүргізген Л.Л. Гайдученко, аталған нысанда мал шаруашылығы болмағанын жазады [Артюхова, Курманкулов, Ермолаева, Ержанова 2013: 353]. Негізгі дәлел ретінде сүйектердің ішінде бірыңғай ересек жануарларға тиесілі элементтердің болуы және қоныс тұрғындарының металл өндірумен айнасуын көрсетеді.

2021 жылы зертханада жүргізілген археозоологиялық зерттеулердің келесі тобын Сырдария өңіріндегі ерте темір дәуірі ескерткіштерінен табылған остеологиялық материалдар құрады. 2020 жылы Бәбіш мола қаласына және осы аймақтағы ерте темір дәуіріне тән кесенелерге жүргізілген қазба жұмыстары нәтижесінде табылған жануар сүйектері жануар түріне қарай топталып, ғылыми қорытындылары жарияланымға ұсынылды [Утубаев, Шагирбаев 2021а: 83-93; Утубаев, Шагирбаев 2021б: 195-205].

Бәбіш мола қаласының цитаделінен анықталған жануар сүйектерінің (465 дана) фауналық құрамы, бұрын анықталған жануар түрін қайталаумен қатар, олардың санындағы айырмашылықтарға бірқатар түзетулер енгізілді. Мысалы, алдыңғы зерттеулерде уақ малдың ішінде ешкі саны бірқатар ауытқышылықтарға ие болғанымен, соңғы зерттеулерде қойдан кейінгі орында екендігі нақты нақтылана бастады. Ірі қара мен жылқы сүйектерінің арасында нақты сиырдың аздаған басымдыққа ие болатынын алдыңғы [Шагирбаев, Утубаев 2019а: 384; Утубаев, Шагирбаев 2020а: 358] және соңғы [Утубаев, Шагирбаев 2021а: 84] зерттеулер айғақтап отыр.



3 – сур. Анықтауға келмейтін сүйектер. Ортағасырлық ескерткіштер бойынша ірі және ұсақ жануарлардың мөлшері: 1 – Шеңгелді; 2 – Бурнооктябрьск;

3 – Қаратөбе; 4 – Ақыртас; 5 – Талғар; 6 – Қосқұдық; 7 – Ақтөбе, 8 – Қастек; 9 – Аспара; 10 – Шымкент, 11 – Маханды; 12 – Күлтөбе. Көк түс – ірі жануар (ірі қара, жылқы, түйек, есек, бұғы, құлан); қызыл түс – ұсақ жануар (қой, ешкі, ақбөкен, елік және т.б.).

Бәбіш мола оазисіндегі ерте темір дәуіріне тән кесенелерден табылған жануарлар фаунасында үй жануарларымен қатар, жыртқыштар отрядының (*Carnivora*) ішінде ит тұқымдастарына (*Canidae*) жататын қарсақ (*Vulpes corsac*) және түлкі (*Vulpes vulpes*) сүйектері анықталды. Жерлеу орнынан жыртқыш жануарлардың табылуы жалпы сирек кездесетін құбылыс. Зерттеушілер бұл мәселеге қатысты «жерлеу ғұрыптарының ерекше түрі болуы мүмкін» – деп тұжырым жасайды [Утубаев, Шагирбаев 2021б: 203].

Археозоологиялық зерттеулердің келесі топтамасы ортағасырлық қалалардан табылған остеологиялық материалдарды зерттеумен байланысты жүзеге асты. Оның ішінде, Шу өңірі бойынша ортағасырлық Қосқұдық қаласы, ортағасырлық Маханды төрткүлі, ортағасырлық Ақтөбе (Степнинское) қаласы, ортағасырлық Аспара қаласы, Талас өңірі бойынша ортағасырлық Ақыртас төрткүлі, Іле өңірі бойынша ортағасырлық Қастек қаласы, Оңтүстік Қазақстан өңірінен ортағасырлық Шымкент қаласы, ортағасырлық Күлтөбе қаласының остеологиялық материалдары зерттеліп, ортағасырдағы фауна мен шаруашылықтағы үй жануарларының көлеміне қатысты ақпараттар алынды.

Ортағасырлық Қосқұдық қаласынан табылған жануар сүйектері әдеттегі «тағам қалдықтары» ғана емес, жылқы және итті жерлеу ғұрыптарымен де тығыз байланысты болып отыр [Ақымбек, Шагирбаев 2021а: 226–246; Шагирбаев, Ақымбек 2020б: 347–359]. Қосқұдық қаласы тұрғындарының шаруашылығында нақты қандай жануар басым болғанын айту қиын, бірақ үй жануарларының барлық түрі (түйеден басқа) анықталды. ортағасырлық Маханды төрткүлінен төрт түлікпен қатар есек сүйектері де табылды және шаруашылықта ірі қара негізгі орын алғаны белгілі болды [Ақымбек, Шагирбаев 2021б: 196–204]. Бұл Шу өңірінде ортағасырларда үй жануарларының санында ескерткіштердің орналасқан аймағына қарай айырмашылықтар болатынын көрсетіп отыр. Мұндай ерекшеліктер Іле өңірінің ортағасырлық қалаларынан да байқалған болатын [Нуржанов, Шагирбаев 2021: 183-195]. Жалпы таулы өңірге жақын орналасқан ортағасырлық ескерткіштерде ірі қараны көбірек өсіргені/пайдаланғаны анық байқалады. Бұл ескерткіштер орналасқан ландшафтың табиғи-климаттық жағдайы мен флорасына тікелей байланысты. Сондай-ақ, кейбір ескерткіштердегі белгілі бір жануар түрлерінің басымдығы саяси-экономикалық жағдайларға байланысты болатынын да ескеру керек. Мысалы ортағасырлық Аспара қаласында жылқы сүйектері

көп табылумен қатар, остеометриялық өлшемдері бойынша ерекше ірі тұқымнан тарауы мүмкін екендігін көрсетеді [Ақымбек, Шагирбаев 2021с]. Ортағасырлық Ақтөбе қаласындағы мұнара маңынан табылған жануар сүйектері фауналық құрамы бойынша ерекше болып шықты. Остеологиялық материалдардың ішінде әдетте жиі кездесетін үй жануарларымен қатар, мысық (*Felis sp.*) және балық (*Silurus glanis*) сүйектері анықталып отыр [Ақымбек, Шагирбаев 2021д: 124–139].

Талас өңірінде орнаалсқан Ақыртас төрткүлінің палеофаунасы басқа ескерткіштерден аса көп ерекшеленбей қоймағанымен, шаруашылықта есекті (*Equus asinus*) пайдаланғанын растайтын сүйектердің табылғанына назар аудару қажет [Ақымбек, Шагирбаев 2021е: 72–100].

Оңтүстік Қазақстанда орналасқан ортағасырлық Шымкент қаласы мен Күлтөбе қаласынан табылған сүйектердің саны көп болумен қатар, палеофаунасы да күрделі. Екі ескерткіштен жалпы 8000-нан астам жануар сүйегі зерттеліп, 20-ға жуық жануар түрі мен құс сүйектері анықталды.

Ортағасырлық Шымкент қаласының остеологиялық материалдарында жануар түрі біркелкі емес [Шагирбаев и др. 2021: 23–47]. Мұнда да үй жануарларының ішінде мысық (*Felis sp.*) сүйектері анықталды. Өрі барлық сүйектер бір жануарға тиесілі. Егер ортағасырлық Жанкент қаласынан табылған мысық сүйегін «үй мысығы» (*Felis catus*) деп тұжырымдаса, ортағасырлық Ақтөбе, ортағасырлық Қаратөбе және ортағасырлық Шымкент қалаларынан табылған мысық сүйектері бұл тұжырымды одан әрі бекіте түседі.

Ортағасырлық Күлтөбе қаласының остеологиялық материалдары ескерткіштің XIX ғасырмен мерзімделетін мәдени қабатынан жинастырылған. Жалпы отандық археозоологияда ірі ескерткіштердің этнографиялық кезеңмен мерзімделетін қабатына тиесілі остеоматериалдардың зерттелуі алғаш рет жүргізіліп отырғанын атап өту керек. Зерттеу барысында, мұндағы жануар сүйектерінің жартысына жуығы әдеттегі «ас қалдығы» емес, ғұрыптық жосыннан қалған материалдар екендігі белгілі болды. Жапы саны 1000-ға жуық қой жауырындарының бетінде түрлі «белгілер», «тесіктер», «кертуден қалған іздер» бар. Зерттеушілер мұны «жауырынмен бал ашу ғұрпының қалдықтары» - деп тұжырым жасайды [Шагирбаев и др. 2021:108–138]. Күлтөбеден табылған жануар сүйектерінің 99%-ы үй жануарларынан тарайтыны белгілі болды. Бұл XIX ғасырдағы қала тұрғындарының тіршілігінде ортағасырда жиі кездесетін аңшылық дәстүрдің азайғанын көрсетеді.

Қорыта айтқанда, жалпы 16 археологиялық ескерткіштен (қола дәуірі-2 ескерткіш, ерте темір дәуірі-2 ескерткіш, ортағасыр-12 ескерткіш) – 17 977 дана жануар сүйегі анықталып, 12883 (71,6%) данасы нақты жануар түріне қарай ажыратылды.

2020-2021 жылдары зерттелген 12 ортағасырлық ескерткіштен жалпы саны – 12951 дана жануар сүйегіне археозоологиялық зерттеу жүргізілді (кесте 1).

Жалпы ортағасырлық қалаларда үй жануарларының ішінде уақ малдың саны басым екендігі бірден

Кесте 1 – Ортағасырлық ескерткіштерден табылған жануар сүйектерінің таксономиялық құрамы мен сүйек саны

ТАКСОН	ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕР												
	Шеңгелді	Бурно октябрь	Қаратөбе	Ақыртас	Талғар	Қосқұдық	Ақтөбе	Қастек	Аспара	Шымкент	Маханды	Күлтөбе	БАРЛЫҒЫ
Уақ мал	31	90	0	794	4	38	420	5	63	693	109	1898	4145
Қой	7	36	15	0	29	0	143	13	46	1279	32	336	1936
Ешкі	1	7	0	0	1	1	26	2	17	45	8	87	195
Жылқы	53	41	2	377	25	29	29	31	77	988	88	365	2105
Ірі қара	20	100	8	163	42	28	73	50	118	592	190	401	1785
Түйе	1	14	1	2	0	0	7	13	12	64	9	55	178
Есек	0	12	1	1	0	0	0	0	1	3	1	2	21
Ит	0	0	0	2	2	54	1	2	2	7	7	18	95
Аю	0	0	0	0	1	0	0	2	0	0	0	0	3
Қасқыр	0	0	0	0	0	0	0	0	0	3	0	2	5
Түлкі	0	0	0	0	0	0	0	0	0	1	0	0	1
Қарсақ	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Мысық	0	0	1	0	0	0	6	0	0	5	0	0	12
Құлан	3	0	0	0	0	0	0	4	4	3	0	5	19
Бұғы	0	0	1	0	0	0	0	0	0	0	0	0	1
Ақбөкен	1	1	0	0	0	0	0	0	1	2	0	18	23
Қарақұйрық	0	3	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	3
Елік	0	0	0	0	1	0	0	0	0	0	0	0	1
Архар	0	1	0	6	0	0	0	0	0	3	0	1	11
Қабан	0	0	0	0	0	0	0	0	0	1	0	0	1
Қоян	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Тасбақа	4	0	0	0	0	0	0	0	0	1	0	3	8
Кеміргіштер	0	0	0	0	0	0	1	0	0	11	0	0	12
Mammalia, ірі жануар	29	1	0	63	9	56	236	0	54	220	198	399	1265
Mammalia, ұсақ жануар	19	0	0	17	6	43	62	3	58	564	67	219	1058
Құс	0	11	14	2	2	1	0	0	0	34	0	3	67
Тауық	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Балық	0	0	0	0	0	0	1	0	0	0	0	0	1
БАРЛЫҒЫ	169	317	43	1427	122	250	1005	125	453	4519	709	3812	12951

байқалады. Аталған 12 ескерткіш бойынша уақ мал сүйектерінің мөлшері 6279 дананы (48,5%) құрайды. Жылқы мен ірі қара сүйектерінің арасында бірқатар айырмашылықтар бар. Сүйек саны бойынша екінші орында жылқы – 2105 дана (16,2%), үшінші орында ірі қара – 1785 дана (13,7%). Түйе сүйектерінің жалпы саны – 178 дана (1,3%). Ит сүйектері 12 ескерткіштің 9-да кездеседі. Мысық сүйектері үш ескерткіштен (Қаратөбе, Ақтөбе, Шымкент) кездесіп отыр (2–3-сур.).

Аңшылықта негізгі орын алған жануарлар – құлан, ақбөкен және арқар. Дегенмен, бұл жануарлардың сүйектері барлық ескерткіштерден анықталмады. Сирек жағдайда қабан (Шымкент), қаракұйрық (Бурнооктябрьск), бұғы (Қаратөбе) аулаған.

Әдебиет

Ақымбек Е.Ш., Шагирбаев М.С. Ортағасырлық Қосқұдық қаласының қақпасы // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы. – № 1(68). – 2021а. – Б. 226-246.

Ақымбек Е.Ш., Шагирбаев М.С. 2019–2020 жж. Ортағасырлық Маханды төрткүлдіне жүргізілген зерттеулер // Марғұлан оқулары–2021: Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының 30 жылдығына арналған «Этномәдени зерттеулер контекстіндегі Ұлы Дала» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары (Алматы қ., 26–27 қазан 2021 ж.). / Жауап. ред. Байтанаев Б.А. – 3 томдық. 2-том. – Алматы: Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институты. – 2021б. – Б. 182-205.

Ақымбек Е.Ш., Шагирбаев М.С. Ортағасырлық Аспара қаласының остеологиялық материалдары (2014 ж. қазба материалдары бойынша) // Электронды ғылыми журнал «edu.e-history.kz» – № 2(26). – 2021в. EDU. E-HISTORY. Электрондық журнал. URL: <https://edu.e-history.kz/ru/publications/view/1643>. – (Қаралды: 18.02.2022 ж.).

Ақымбек Е.Ш., Шагирбаев М.С. Ортағасырлық Ақтөбе қаласындағы мұнара маңынан анықталған жануар сүйектеріне археозоологиялық талдау (2014 жылғы қазба жұмыстарының материалдары негізінде) // Омаров Ғани Қалиханұлының 60 жылдық мерейтойына арналған «Орталық Азияның ежелгі және ортағасырлық археологиясы: мәдениеттер сабақтастығы және трансформациясы» атты Халықаралық ғылыми конференция материалдары (5 маусым 2021 ж.) / Жауапты ред. Р.С. Жұматаев. – Алматы: Қазақ университеті. – 2021 г. – Б. 124-139.

Ақымбек Е.Ш., Шагирбаев М.С. Ортағасырлық Ақыртас төрткүлінің остеологиялық материалдары // Қазақстан археологиясы – № 1 (11). – 2021д. – Б.72-100.

Ақымбек Е.Ш., Шагирбаев М.С. 2018–2019 жылдары «Археологиялық технологиялар зертханасының» атқарған жұмыстарына шолу // Қазақстан археологиясы. – № 2 (8). – 2020а. – Б. 114-122.

Құс сүйектері ортағасырлық ескерткіштердің барлығына жуығынан табылып отыр. Алайда, олардың үй құсына, не жабайы құсқа тиесілі екендігі белгісіз.

Қорыта айтқанда, жануар сүйектеріне арнайы зерттеулердің көлемін кеңейтіп, ежелгі фауна бойынша деректерді жинақтау, алдағы уақытта Қазақстан территориясындағы ежелгі дәуірден бастап кейінгі ортағасырларға дейінгі мал шаруашылығы мен аңшылықтың даму қарқындарын және ерекшеліктерін анықтауға қажетті құнды материалдық базаны құрауға мүмкіндік беретінін археозоологиялық зерттеулер көрсетіп отыр.

Аржанцева И. Изучение останков самого раннего до-машнего kota на Северном отрезке Шелкового Пути // IEA RAS. Институт этнологии и антропологии РАН. URL: <https://iea-ras.ru/index.php?go=News&in=view&id=2148> – (қаралды: 23.02.2022 ж.).

Байтілеу Д. Анализ археозоологического материала поселения Тарангул (предварительные данные) // Археология Казахстана – № 2 (12). – 2021а. – С. 141-151.

Байтілеу Д., Шагирбаев М.С. Результаты палеозоологического анализа остеологического материала из поселения эпохи бронзы Балкан в Центральном Казахстане // Народы и религии Евразии. – Том 26. – № 4. – 2021б. – С. 21–31.

Байшашов Б.У., Шагирбаев М.С. Көне дәуірдегі мал шаруашылығы мен аңшылықтың маңызы (остеологиялық материалдар негізінде) // «Ақынжанов оқулары – 2019» атты көрнекті археолог – Сержан Мұсатайұлы Ақынжановтың 80 жылдығына арналған жас ғалымдардың халықаралық археологиялық конференциясының жинағы. (16-17 қазан 2019). / Ред. Б.Ә. Байтанаев. – Алматы, Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институты. – 2019. – Б. 100-107.

Гайдученко Л.Л. Остеологические материалы поселения Талдысай // Комплекс памятников в урочище Талдысай. / Отв. ред. А.З. Бейсенов. – Алматы, Институт археологии им. А.Х. Марғұлана, 2013. – 399 с.

Кашкинбаев К. Берелские лошади. Палеопатологический аспект исследования. – Астана: Изд. гр. ФИА, 2013. – 378 с.

Кашкинбаев К., Самашев З. Лошади древних кочевников Казахского Алтая. – Алматы: ТОО РПИК «Дәуір», 2005. – 129 с.

Нуржанов А.А., Шагирбаев М.С. Археозоологические исследования костных остатков из средневекового городища Кастек (по материалам раскопок 2020 г.) // «Орталық Азияның ежелгі және дәстүрлі қоғамдарының тарихи-мәдени мұрасы: жаңа ашылымдар мен пәнаралық зерттеулер» атты «XIII Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары / Жауапты ред. Р.С. Жұматаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – Б. 185-193.

Нурумов Т.Н. Личное дело // Архив Института археологии им.А.Х. Маргулана. Ф. 11, оп. 119, д. 111, 26 л.

Отчет о НИР за 2018 год по теме: «Древняя и средневековая история Великой Степи: этногенез и культурогенез – опыт междисциплинарных исследований» // Архив Института археологии им.А.Х. Маргулана. Ф. 11, оп. 60, д. 3355, 159 л.

Отчет о НИР за 2019 год по теме: История и культура Великой Степи // Архив Института археологии им.А.Х. Маргулана. Ф. 11, оп. 61, д. 3386, 503 л.

Савельева Т.В., Шагирбаев М.С. Остеологические материалы из караван-сарая Шенгельды // Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Исторические и социально-политические науки». – № 1(64). – 2020. – С. 390-400.

Талеев Д.Ә., Ержигитова А., Шагирбаев М.С. Ежелгі Сауран (Қаратөбе) қаласының остеологиялық материалдары // «Орталық Азияның ежелгі және дәстүрлі қоғамдарының тарихи-мәдени мұрасы: зерттеу, түсіндіру және сақтау мәселелері» атты «XII Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары (17–18 сәуір, 2020 жыл). / Жауапты ред. Р.С. Жуматаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – Б. 201-209.

Талеев Д.Ә., Шагирбаев М.С. Бурнооктябрьск 1 (Жылқышытөбе) қаласының остеологиялық материалдары // Марғұлан оқулары – 2020: «Ұлы Дала археологиялық және пәнаралық зерттеулер аясында» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Алматы қ., (17–18 қыркүйек 2020 ж.). / Бас ред. Б.А. Байтанаев. – 1 том. – Б. 230-242.

Утубаев Ж.Р., Шагирбаев М.С. Бәбіш мола қалашығынан табылған жануар сүйектерінің археозоологиялық талдаулары (2020 жылғы материалдар бойынша) // «Орталық Азияның ежелгі және дәстүрлі қоғамдарының тарихи-мәдени мұрасы: жаңа ашылымдар мен пәнаралық зерттеулер» атты «XIII Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары / Жауапты ред. Р.С. Жуматаев. – Алматы: Қазақ университеті. – 2021а. – Б. 83-93.

Утубаев Ж.Р., Шагирбаев М.С. Құланның рудимент сүйегінен істелген ілмек туралы (Бәбіш Мола-7 остеологиялық материалдары негізінде) // «Орталық Азияның ежелгі және дәстүрлі қоғамдарының тарихи-мәдени мұрасы: зерттеу, түсіндіру және сақтау мәселелері» атты «XII Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары (17–18 сәуір, 2020 жыл). / Жауапты ред. Р.С. Жуматаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2020б. – Б. 118-123.

Утубаев Ж.Р., Шагирбаев М.С. Остеологические материалы античного памятника Бабиш-мола 7 в низовьях Сырдарьи* (по материалам 2019 года) // Вестник КазНПУ имени

Абая, серия «Исторические и социально-политические науки». – № 4(67). – 2020а. – С. 354-363.

Утубаев Ж.Р., Шагирбаев М.С. Остеологические материалы из мавзолеев Бабишмолинского оазиса // Вестник КазНУ им. Аль-Фараби. Серия историческая. – № 3 (102). – Алматы. Қазақ университеті, 2021б. – С. 195-205.

Шагирбаев М., Сорокин Д., Казизов Е.С., Морыксин Д.В., Бычков В.С. Исследования остеологических материалов с городища Шымкент (2019-2020 гг.) // Культурное наследие научный журнал. №2 (93). – Нұр-Сұлтан. – 2021. – С. 23-47.

Шагирбаев М.С. Асықты пайдалану тарихына шолу // Adyma ұлттық порталы. URL: <https://adyma.kz/post/25568>. – (қаралды: 23.02.2022 ж.)

Шагирбаев М.С. Ержигитова А., Казизов Е., Сорокин Д. К изучению особенностей ведения хозяйства населением городища Культөбе: по данным археозоологического анализа (2020–2021 гг.) // Археология Казахстана – № 3 (13). – 2021. – С. 108-134.

Шагирбаев М.С. О становлении археозоологии в Казахстане (к 95-летию со дня рождения Л.А. Макаровой) // Археология Казахстана. – № 14(4). – 2021. – С. 148–169.

Шагирбаев М.С. Остеологические материалы средневекового городища Талғар // Культурное наследие научный журнал. – 2020а. – №4. – Нұр-Сұлтан. – С. 115-128.

Шагирбаев М.С., Ақымбек Е.Ш. Итті жерлеу ғұрпы // Ғалым-этнограф Б.К. Қалшабаеваның 60 жасқа толуына арналған «Ұлы дала кеңістігіндегі этноархеологиялық зерттеулер мен этносаралық қатынастар мәселесі» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары / Жауапты ред. Р.С. Жуматаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2020б. – Б. 347-359.

Шагирбаев М.С., Утубаев Ж.Р. Бәбіш мола қаласынан табылған остеологиялық материалдардың сандық және морфологиялық құрамы (2018 жылы табылған материалдар негізінде) // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Хабаршы «Тарих және саяси-өлеуметтік ғылымдар» сериясы. – № 3(62). – 2019а. – Б. 382-391.

Шагирбаев М.С., Утубаев Ж.Р. Жануар асықтарының археозоологиялық зерттелуі (Бәбіш мола қаласының материалдары бойынша) // Қазақстан Археологиясы. – Алматы, Хикари. – № 4 (6). – 2019б. – Б. 79-116.

Шагирбаев М.С. Орта ғасырлардағы ірі қараның шаруашылықтағы рөлі (археозоологиялық материалдар бойынша) // Ұлы дала тарихы мен мәдениеті. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары / Бас. ред. М.Қ. Әбусейітова. Құрастырушылар: Н. Ж. Шаймарданова, З. С. Табынбаева. – Алматы: «Шығыс пен Батыс». – 2020б. – Б. 205-215.

АБИШЕВА А. А.

Абишева Айгуль Абдрахмановна

Университет Анкара Хаджи-Байрам Вели

(Анкара, Турция),

Национальный музей Республики Казахстан,

(Нур-Султан, Казахстан);

aabisheva691@gmail.com

О РОЛИ ЖЕНЩИНЫ В ТЮРКСКОМ ОБЩЕСТВЕ

Аннотация. До сих пор высказывались различные мнения о статусе женщины в тюркских племенах; обсуждались место и значение женщины в семье и в общественной жизни. Языковые факторы, археологические знания, находки и документы предоставляют очень важные данные для определения места и важности женщины в обществе для тех, кто интересуется этой областью. В этой статье, озаглавленной “Размышления о роли женщины в тюркском обществе”, предпринята попытка определить место женщины в тюркских племенах с помощью конкретных предметов, взятых из женских скульптур древнетюркского периода, раскопанных в разных регионах тюркского мира.

Ключевые слова: Женские скульптуры, балбалы, место женщины в древних тюркских племенах.

В прошлом историческом процессе в древнетюркском обществе женщина (катун, кызгак, эбчи) является лучшим другом своего мужа, его самой большой опорой в борьбе за жизнь, его товарищем, которая скачет на лошади, мастерски владеет мечом и стреляет из лука, когда это необходимо. Кроме того, она всё в вашем доме: мать, первая учительница и воспитательница своего ребенка, мастер искусных и тканых изделий, таких как, гончарные изделия, войлок и ковры. В семье, в обществе и в государственном управлении она выступает как привилегированный партнер власти [Орхон 1982: 219].

Женщины занимают место во многих старых тюркских эпосах и мифах как источник жизни, идеальная жена, мать, символ сердца, ума и мудрости. В тюркской эпической традиции женщины принимали активное участие в борьбе и демонстрировали навыки, подобные героям-мужчинам. Эпический жанр женщин-воительниц, пассивные и субъект любви, женщины предстали как главные действующие лица народных сказок. При рассмотрении истории тюркской культуры, видно, что существует бесчисленное множество героинь, которые формируют общество от системы верований до образа жизни и становятся символами национальных ценностей с их различными характеристиками [Bars 2014: 98].

По старому тюркскому поверью, основание государства, причина его существования зависит как от «кагана», так и от «катуни». В этом отношении Бог привилегировал как «каган», так и «катун»:

𐰽𐰺𐰍𐰏𐰤 : 𐰽𐰺𐰎𐰏 : 𐰽𐰺𐰎𐰏 : 𐰽𐰺𐰎𐰏 : 𐰽𐰺𐰎𐰏 : 𐰽𐰺𐰎𐰏 : 𐰽𐰺𐰎𐰏 : 𐰽𐰺𐰎𐰏 (25)
𐰽𐰺𐰎𐰏 : 𐰽𐰺𐰎𐰏 : 𐰽𐰺𐰎𐰏 : 𐰽𐰺𐰎𐰏 : 𐰽𐰺𐰎𐰏 : 𐰽𐰺𐰎𐰏 : 𐰽𐰺𐰎𐰏 : 𐰽𐰺𐰎𐰏
𐰽𐰺𐰎𐰏 : 𐰽𐰺𐰎𐰏 : 𐰽𐰺𐰎𐰏 : 𐰽𐰺𐰎𐰏 : 𐰽𐰺𐰎𐰏 : 𐰽𐰺𐰎𐰏 : 𐰽𐰺𐰎𐰏 : 𐰽𐰺𐰎𐰏

(В честь моего дяди-кагана) я поставил во главе (вереницы могильных камней) «балбалом» киргизского кагана. (Тогда) Небо, чтобы не пропало имя и слава тюркского народа, возвысило моего отца – кагана и мою мать – катун. Небо, дарующее (ханам) государства, посадило меня самого, надо думать, каганом, чтобы не пропало имя и слава тюркского народа [Малов 1951: 23, 39].

В надписях и других письменных произведениях, относящихся к древнетюркскому периоду, имеется множество понятийных знаков, которые используются для женщин с разными характеристиками и разным статусом. Тот факт, что среди старых тюркских топонимов (река, гора и т. д.) носит имя женщины (катун) – река Катунь, гора Катунь (Алтайский край), является еще одним показателем ценности, придаваемой женщине [Худенко 2018: 104].

Слово кут, употребляющееся в группах тюркских языков с древнейших времен и имеющее особое значение, является одним из «привилегированных» понятийных знаков, относящихся к женщинам. На самом деле, по старинному тюркскому поверью, настоящим хозяином «кута» является Бог. Бог не каждому дает «кут». Ханы, господа, катун, тигины, кунчуйцы получают привилегии благодаря этим субстанциям, и без проблем управляют своими государствами и народами [Divitsioglul 1987: 124].



Рис. 1. Тюркская монета. Каган под Полумесяцем и
Звездой и Катунь с короной.
(Ташкент. Первая половина VII века)

В древних тюркских общинах считалось, что милость Божья к избранным и уважаемым исходит от женщин и матерей. Действительно, катун / ана сравнивается с “Умай – ана”, которая считается как символ «кут», «фортуны», «богатства», «государства», «изобилия», «счастья» и «мира», помимо этого, женщины были показаны как источник “доблести”, “героизма”, “воинственности” вождей и командиров.

ሕፃናት፡ ስርዐተካሚዎች፡ ቅዱሳን፡ ገባጭን፡ ጋራ፡ ቅርብ፡ ርክብዎት፡
 ስብከተኑ፡ ስብከተኑ፡ ጋራ፡ ገባጭን፡ ገባጭን፡ ገባጭን፡ ገባጭን፡ ገባጭን፡
 ስብከተኑ፡ ስብከተኑ፡ ገባጭን፡ ገባጭን፡ ገባጭን፡ ገባጭን፡ ገባጭን፡
 ከባጭን፡ ስብከተኑ፡ ገባጭን፡ ገባጭን፡ ገባጭን፡ ገባጭን፡ ገባጭን፡

для (т. е. на радость) её величества моей матери-
катуи.

подобной Умай, мой младший брат получил
геройское имя Кюль-Тегин.

(стал зваться мужем, т. е. богатырём) [Малов 1951: 24, 40].

Кроме того, этнографические источники уточняют, что у тюрко-монгольских племен Умай ана, Байана, Май ана, ассоциируются с женским божеством. По мнению Ж. Артыкбаева, в лиро-эпической поэме «Козы-Корпеш и Баян сулу», а именно главный характер поэмы – Баян сулу, отражает идеал кочевых народов о женской красоте, верности, хранительницы семейного очага. Но за этим образом скрыты представления древних о создателе о богине земли и воды, олицетворяющая плодородие. Основная мысль слова «бай» применяется на данный момент в значении – богатства, изобилия и достатка. «Бай ана» – производное от «бай» – сакральный образ богини Земли и Воды, она покровительница человека, животных, птиц и растений. Сохранившееся среди язычников сибирских тюрков «Байана», в казахском обществе сохранилось

уже в измененном виде как «Баян сулу. Таким образом, тут обнаруживается мощная сакральная основа мироздания [Шаханова 1990: 43; Артыкбаев 2011: 64].

В некоторых памятниках, относящихся к тюркскому периоду, встречаются изваяния с рассеченной (чаще трехсрезной) короной (рис. 1, 2). Некоторые исследователи заявили, что эти статуи принадлежат женщинам и представляют собой «Умай Ана» / «Богиню – мать Умай». Однако некоторые из них утверждают, что подобные срезанные короны существуют также и у мужских памятников. Рассматриваемые статуи, возможно, были воздвигнуты в память о «Маме Умай»/ «Матери – богине Умай», или они могли быть сделаны во имя могущественных правителей, либо во имя шаманов своего времени. Действительно, корона представляет символ власти и могущества. Корона, являющаяся одной из непрменных и незаменимых аксессуаров глав государств / руководителей, также входила в число атрибутов для шаманов, борющихся снечистой силой; некоторые шаманы также носили головные уборы, напоминающие корону [Досымбаева 2013: 170; Табалдиев, Шаменова 2003:13-14].



Рис.2. Каменное изваяние женщины с короной
(по: [Досымбаева 2012: 25])

Территория, расположенная ныне на границе Казахстана и Кыргызстана, на которой встречаются статуарные памятники с изображениями в виде срезанной короны, была центром Западно-Тюркского каганата. Известно, что женщины так же, как и мужчины, принимали активное участие в государственном управлении на этих землях. Более того, некоторые письменные источники ясно раскрывают роль женщин в государственном управлении тюрков [Досымбаева, Жолдасбеков 2013: 11 – 12; Kargy-Olmez 1996: 227-228].

С историей существования тюркских каганатов неразрывно связана и традиция установления каменных изваяний. Необходимо отметить, что аналогичные памятники существовали и в предыдущий и в последующий периоды, но в VI– XIII вв. на территориях Дешт– и Кипчака, Сибири и Алтая их распространение связывают с тюркскими племенными образованиями.

Существуют различные мнения относительно причин исчезновения статуарных памятников древних тюрков. Так, данное явление связывают с монгольским нашествием или результатом усиления влияния ислама в регионе [Досымбаева 2011: 275; Красильников, Тельнова 2000: 231; Пилипчук 2013:



Рис. 4. Общий вид статуй Бильге Кагана (слева) и его жены (справа)
(Национальный исторический музей Улан-Батора, Монголия)

62]. Исследователи также отмечают, что многие каменные изваяния в последующие периоды истории стали использоваться в качестве материалов при строительстве дорог и мостов [Плетнева 1974: 58; Арсланова, Чариков 1974: 222].

Мужские и женские изваяния устанавливались над могилами или в ритуальных местах захоронения, главным образом для того, чтобы сохранить память об умерших. Некоторые из этих изваяний отображают основные черты людей, в память о которых они были воздвигнуты. Известно, что в монументальных надгробных комплексах, относящихся к древнетюркскому периоду, встречаются множество статуарных памятников, изображающих родственников кагана, его соратников и подчиненных. Среди рассматриваемых памятников женские статуи изображены по-разному. Примечательно, что некоторые изваяния изображены держащими кубок/чашу одной или обеими руками (рис. 3) [Досымбаева, 2002: 87].

В 2001 году турецко-монгольским научным комитетом были проведены раскопки в комплексе мавзолея Бильге кагана. К северу от алтарного камня при раскопках была обнаружена безымянная могила. В этом гробничном комплексе, который скорее всего принадлежал жене Бильге кагана, были обнаружены украшения и предметы быта, состоящие из золота, серебра, меди, железа и драгоценных камней. Тот факт, что захоронения мужчины и женщины, кагана и катуня находятся в одном гробничном комплексе, также является показателем ценности, придаваемой женщине. Наличие изваяния его жены, выполненной в тех же размерах, что и кагана, важно с точки зрения того, что катуня, находившаяся рядом с каганом, была также при кагане в государственном управлении (рис. 4), [Баяр 2004: 76].



Рис. 3. Каменное изваяние женщины.
Центральный Казахстан. IX–X вв.
(Из фонда Национального музея РК,
Инв. № ҚРҰМ нқ 28139)

Известно, что уважение и ценность, придаваемые к женщинам в древнетюркских государствах и общинах в дальнейшем нашли свое продолжение в уйгурском, караханидском и кипчакских периодах. Каменные изваяния тюркского периода продолжились в уйгурский период со стилистическими особенностями их каменных прародителей. В караханидский период идея монументализации могилы сохранялась в разных формах, хотя и противоречила исламскому пониманию. В период Караханидов, первого тюркского государства, принявшего ислам, традиция возведения каменных изваяний приняла стилизованную форму. Впервые с этого периода изваяния были заменены надгробиями, куполами и гробницами. Среди упомянутых великолепных памятников немало и женских. На сегодняшний день существует сотни прекрасных архитектурных сооружений, построенных в честь женщин в разных регионах тюркского мира. В кипчакский период женские изваяния были также изображены держащими в руке чашу. Следует отметить, что в кипчакских женских скульптурах линии тела женщин изображены более подробно [Кубарев, Кубарев 2013: 14].

Литература

- Арсланова Ф.Х., Чариков А.А. Каменные изваяния Верхнего Прииртышья // СА. – 1974. – № 3. – С.220-235.
- Артыкбаев Ж.О. Поиск Бога в «Козы корпеш - Баян сулу» // Мысль. – 2011. – №11. – С. 63-72.
- Баяр Д. Новые археологические раскопки на памятнике Бильгэ кагана // Археология, этнография и антропология Евразии. – 2004. – №4 (20). – С. 73– 84.
- Досымбаева А.М. Образ женщины в монументальном искусстве тюрков средневекового Казахстана // Известия МОН РК НАН РК. Сер. обществ. наук. – 2002. – № 1. – С. 75-91.
- Досымбаева А.М. Тюркское наследие Казахстана как источник по истории тюркских народов Евразии// Археология Казахстана в эпоху независимости: итоги, перспективы. М-лы междунар. науч. конф., посвящ. 20-летию независимости Республики Казахстан и 20-летию Института археологии им. А. Х. Маргулана (г. Алматы, 12-15 декабря 2011 г.) / гл. ред. Байтанаев Б.А., отв. ред. Бейсенов А.З. – Алматы: Институт археологии им. А. Х. Маргулана, 2011. – С. 274-282.
- Досымбаева А.М. Тюркское наследие Евразии VI-VIII вв. (научно-популярный альбом). – Алматы: Service Press, 2012. 228 с.
- Досымбаева А.М. История тюркских народов. Традиционное мировоззрение тюрков. – Алматы: Service Press, 2013. – 250 с.
- Досымбаева А., Жолдасбеков М. Западный Тюркский каганат. Атлас. – Астана: ServicePress, 2013. – 848 с.
- Красильников К.И., Тельнова Л.И. Половецкие изваяния среднего Подонцовья: Типология, эволюция, хронология (по материалам коллекций Луганской области) // Степи Европы в эпоху средневековья./ Гл.ред. Евглевский А.В. – Донецк: Донецкий национальный университет, 2000. – Т. 1. – 400 с.
- Кубарев В.Д., Кубарев Г.В. Каменные изваяния древних тюрков Южной Сибири. Каталог коллекции Музея истории и культуры народов Сибири и Дальнего Востока и Историко-архитектурного музея под открытым небом ИАЭТ СО РАН. – Новосибирск: ИАЭТ СО РАН. – 2013. – 79 с.
- Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. Тексты и исследования. – М.: АН СССР, 1951. – 451 с.
- Орхон - Енисей тексттери / Гл.ред. Кудайберген С., Отв. ред. Сыдыков С. – Фрунзе: Илим, 1982. – 243 с.
- Плетнева С.А. Половецкие каменные изваяния. – М.: Наука, 1974. – 200 с.
- Пилипчук Я.В. «Половецкие бабы» как источник по социальной истории кипчаков // Казахская цивилизация. – 2013. – № 3 (52). – С.57-68.
- Табалдиев К.Ш., Шаменова А.А. Каменные изваяния Бураны: путеводитель. – Бишкек: Изд-во КТУ «Манас»; Респ. археол. архит. музей-комплекс «Башня Бурана», 2003. – 16 с.
- Худенко Е.А. Реки Алтая в отечественной литературе XX-XXI веков: мифопоэтика и символика // Филология и человек. – 2018. – № 3. – С. 103-116.
- Шаханова Н.Ж. Понятие «Күт» в традиционном мировоззрении казахов// Культура кочевников на рубеже веков (XIX-XX, XX-XXI): проблемы генезиса и трансформации: материалы международной конференции (г. Алматы, 5-6 июня 1995 г.) / Отв. Ред. Шаханова Н.Ж. – Алматы: Assotsiat-siia «Rafakh», 1995. – С. 160-169.
- Bars, M. E. Woman type in the epic of ak kagan // International Journal of Turkish Literature Culture Education. – 2014. – № 3 (3). – P. 94-111.
- Divitsioglul, S. Indigenous Turks: kut, strength and majesty. – Sтамбул: Yapi kredi, 1987. – 334 s.
- Kargy-Olmez, Z. Abul-Gazi. Shajara-i Tarakima. – Ankara: Simurg, 1996. – 272 s.

НҰРҒАЛИ Н.

Нұрғали Несіпбай

Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институты,
Алматы, Қазақстан;
nesipbay.nurgali01@mail.ru

ТАЛАС ӨңІРІНІҢ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ АСҮЙЛІК КЕРАМИКАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Аннотация. Мақалада Талас өңірінің ортағасырлық ас үйлік керамикасының зерттелу тарихына хронологиялық негізде талдау жасалады. Отандық археологияда ортағасырлық керамикамен байланысты зерттеулер көп болғанымен, оның ішінде жеке түрлеріне, мысалы ас үйлік қыш ыдыстарға қатысты зерттеулер сирек кездеседі. Бірқатар ғалымдардың еңбектерінде Талас өңірінің қыш бұйымдары жалпы қарастырылып, ас үйлік ыдыстарға сипаттама берілгенімен, ол ақпараттарды жалпы Талас өңірі үшін салыстырмалы мәлімет ретінде қарастыруда жеткіліксіз болып отыр. Осыған байланысты, мақалада Талас өңірінің керамикасына қатысты бүгінге дейін жарияланған зерттеулердің ішіндегі ас үйлік ыдыстардың археологиялық сипаттамалары, ыдыстардың типологиясы мен мерзімделуіне қатысты мәліметтер сұрыпталып, өзара салыстырмалы талдау жүргізу міндеті қойылды. Зерттеу нәтижесінде, Талас өңірінде орналасқан Төменгі Барысхан қаласынан табылған ас үйлік қазандардың Шу, Жетісу және Оңтүстік Қазақстан өңірлеріндегі қазандардан аса бір ерекшеленбейтіндігі анықталумен қатар, Талас өңірінде басқа өңірлердің қазандарында байқалмайтын, үшбұрышты қазан тұтқалары кездесетіні белгілі болды.

Түйін сөздер: Талас өңірі, ортағасыр, археология, типология, ас үйлік керамика, қазан.

Талас өңірі – ежелден халық тығыз қоныстанып, гүлденген аймақтың бірі. Ұлы Жібек жолының бойындағы – Талас өңірінде көптеген қалалар мен қоныстар бой көтерді. Тарихи аймақтың негізгі орталығы ретінде – Тараз қаласы айтылады [Байпақов, Нұржанов 1992: 111]. Талас және Шу өңірлеріндегі көзе өндірісінің даму үдерсі VI ғасырдан бастап қала санының артуымен байланысты. Аймақтағы қыш өндірісі қарлұқ қағанатының уақытында ерекше дамып, қарахан кезеңінде шарықтап гүлдеген [Ақымбек 2015: 162]. Өңірдің археологиялық тұрғыдан зерттелу тарихы XIX ғасырдың аяғынан бастау алады. XX ғасырдың ортасына дейінгі алғашқы зерттеушілер қатарына П. Лерх, Д. Иванов, Е.Ф. Каль, В.В. Бартольд, В.А. Каллаур, В.П. Лаврентьев, Е.А. Диваев және т.б. [Ақымбек, Шағырбаев 2020] ғалымдарды жатқызуға болады. Дегенмен, бұл кезеңдегі зерттеулер көбінде барлау жұмыстары ретінде болып, ескерткіштерді сипаттап жазып қалдырды. Соғыстан кейінгі жылдардан бастап, қазіргі күнге дейінгі жүйелі археологиялық зерттеу жұмыстары А.Н. Бернштам, Е.И. Агеева, Г.И. Пацевич, М.С. Мерциев, К.М. Байпақов, П.Н. Кожемяко, Т.В. Савельева, М. Елеуов, А.А. Нұржанов, М.С. Қасенов, Д.Ә. Талеев, Е.Ш. Ақымбек және т.б. ғалымдардың есімімен байланысты.

Талас өңірі археологиялық тұрғыдан жақсы зерттелгенімен, керамикасына қатысты арнайы зерттеулер аса көп емес. Оның ішінде, асүйлік қыш бұйымдарына қатысты ғылыми еңбектер жоқтың қасы. Керамикалық материалдар – тұрмыстың барлық салаларына кеңінен пайдаланылғандықтан, ежелгі тұрғындардың тыныс-тіршілігіне қатысты көп мәлімет береді. Қазба барысында табылған қыш ыдыстардың ішінде – асүйлік бұйымдардың үлес салмағы әрқашан басым келеді. Себебі, ас дайындау ісі – ас ішу процесінен бұрын орындалады. Сондықтан, тағам дайындалатын ыдыстардың жасалу әдісі, құрамы, пішінделуі, өзге мақсаттағы қыш ыдыстардан ерекшелеп тұрады.

Алдымен, асүйлік қыш бұйымдардың түрлеріне тоқталып өтейік. М. Қасенов Талас өңірінен табылған асүйлік қыш ыдыстарға: қазан, шөңке, таба және т.б. ыдыстарды жатқызған [Қасенов 2015: 60]. Ал, Е.Ш. Ақымбек жалпы асүйлік қыш бұйымдарға: көзе, көзелек, қазан, таба, қақпақ, саптыаяқ, үйкекті жатқызған [Ақымбек 2016: 224].

А.Н. Бернштам 1930-40 жылдары Талас өңіріндегі ортағасырлық қалалар мен қоныстарда жүйелі түрде археологиялық қазба жұмыстарын жүргізеді. Тараз қаласынан көптеген құрылыс орындары мен археологиялық жәдігерлер табылады.

А.Н. Бернштамның 1941 жылы шыққан «Памятники старины Таласской долины» атты еңбегінде, ескерткіштермен қатар, ішінара керамикалық бұйымдары да сипатталған. Еңбекте VI-VIII ғғ. ескерткіштердің материалдық мәдениеті аз зерттелгенін атап өтеді. Бұл кезеңге жататын құрылыс қабаттарының ерекшеліктері – сырсыз керамикалық материалдардың көп болуы. Талас өңіріндегі ортағасырлық Қостөбе қаласынан дөңгелек түпті, көлденең тұтқалы ыдыстар, тұтас сақталған ыдыстар да табылған. Күйе жағылған асүйлік қазандар да кездескен. Автор, қазан қабырғаларындағы күйе іздерінің болуын ошақ жүйесіне байланысты екендігін атап көрсетеді [Бернштам 1941: 31]. А.Н. Бернштам, бұл еңбекте қыш ыдыстарды қызметтік-технологиялық белгілері бойынша жіктеп, олардың мерзімделу мәселелерін қарастырған.

1960-1963 жылдары Т.И. Сенигова ортағасырлық Тараз қаласының цитаделі мен шахристанына қазба жұмыстарын жүргізіп, нәтижесінде асханалық, шаруашылық-тұрмыстық мақсаттағы ыдыстармен қатар, асүйлік бұйымдар да табады. Аталған қазба жұмыстарының негізінде 1972 жылы «Средневековый Тараз» атты монографиясы жарық көреді. Еңбекте, керамикалық материалдар қолданылу аясы бойынша жіктелген. Сонымен қатар, қыш ыдыстар мерзімдері бойынша бөлініп қарастырылған. Асүйлік ыдыстардың ішінде қазандар мен қақпақтар, көзелер қарастырылып, олардың суреттері кестеде берілген. Т.И. Сенигованың Тараз қаласының цитаделіне жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесінде, үшінші құрылыс кезеңінің материалдары төртінші және бесінші құрылыс кезеңінің материалдарынан аз болғандығын атап көрсеткен. Асүйлік ыдыстардың ішінде қазандар жиі кездескен. Қазан барлық құрылыс кезеңдерінің қабатынан табылған. Дегенмен, бір қызығы цитадельдің төртінші құрылыс кезеңінен (VIII-IX ғғ.) үшбұрыш тұтқалы қазанның табылғанын айтады [Сенигова 1972: 53].

К.М. Байпақовтың 1985 жылы Талас өңіріндегі қалаларға байланысты «Исследования в Таласской долине и на городище Куйруктобе» атты мақаласы жарық көреді [Байпаков 1985: 564–565]. Қазақ КСР ҒА-ның Тарих, археология және этнография институтының Тараз отряды Тараз қаласы және оның айналасындағы қалалар мен қоныстарға археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Зерттеу жұмыстары нәтижесінде – Шөлтөбе, Қаратөрткүлтөбе, Қоңырбайтөбе, Жантөбе секілді ортағасырлық «ұзын қорғанды» қалалар анықталған. Аталған қалалардың басым бөлігі VI–XII ғғ., мерзімделген, ал Қоңырбайтөбе қаласы XIV ғасырға дейін өмір сүрген. Шөлтөбе қаласының цитаделіне жүргізілген зерттелуер барысында XI-XII ғасырларға жататын екі тұрғын-үй ке-

шені табылған. Автор табылған жәдігерлердің ішінде қызықты керамикалық материалдарды айтып өтеді. Олардың қатарында асүйлік қазандар, антропоморфты құмыралар, түрлі түсті шыны ыдыстар табылған [Байпаков 1985: 564].

Сонымен қатар, К.М. Байпақов Тараз қаласының солтүстік-шығысынан 15 км жерде орналасқан Қостөбе қаласының қорымында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген. Зерттеу барысында саз кірпіштен салынған 2,5×1,5 м көлеміндегі наус табылған. Жерлеу орнынан қаңқа сүйегімен бірге керамикалық бұйымдар да кездескен. Олардың қатарында асүйлік қазандар мен құмыраларды атап көрсетеді. Автор, аталған керамикалық материалдарды VI-VIII ғғ. мерзімдейді [Байпаков 1985: 564].

1985 жылы М. Қасеновтың «Раскопки городище Торткуль» мақаласы жарияланады [Касенов 1985: 572–573]. Еңбекте, Қазақ КСР ҒА-ның Тарих, археология және этнография институтының Тараз отрядының, Тараз қаласындағы Сулейманова көшесінің бойында орналасқан – Төрткүл ескерткішіне жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесі баяндалады. Ескерткіштің көлемі – 80×80 м, биіктігі – 1,5-2 м болып келген тік бұрышты алаң. I қазба қабырғаның солтүстік-батыс бөлігіне салынған. Шығыс қабырғасына жақын жерден ошақ орны ашылған. Ошақтың қасынан көп мөлшерде қыш ыдыс сынықтары табылған. Олардың қатарында асүйлік қазандар бар. Сондай-ақ, қаланың шығыс бөлігіне екінші қазба салынады. Қазба орнынан – 3,5×3,5 м екі бөлменің орны анықталады. Қабырғаның оңтүстік бөлігіндегі суфа қасынан ошақ табылған. Оның диаметрі – 25 см, тереңдігі – 36 см. Бөлме ішінен қоқыс шұңқыры және керамикалық материалдар анықталған. Автор төрткүлді XI-XIII ғ. басында өмір сүргендігін атап көрсетеді [Касенов 1985: 573].

М. Елеуов өзінің «Шу-Талас өңірінің ортағасырлық қалалары мен мекендері (VI-XIII ғ. басы)» атты докторлық диссертациясында қыш ыдыстарға арнайы тоқталған [Елеуов 1999: 196-223]. Еңбектің алтыншы тарауының бір тараушасында, Талас өңіріндегі: Өрнек, Қостөбе, Садырқорған, Түймекент, Бағара 1, Оққұм, т.б. ескерткіштердің қыш ыдыстарын қарастырған.

Көп таралған ыдыстардың ішінде – қазандар екендігін айтып өтіп, оларды 3 топқа [Елеуов 1999: 201] жіктейді:

1) Бүйірі шар тәрізді, түбі домалақ, мойыны жоқ, ауызы кең қазандар.

2) Бүйірі шар тәрізді, түбі домалақ, үш не төрт аяқты қазандар.

3) Бүйірі шар тәрізді, түбі жалпақ, мойыны жоқ қазандар.

М. Елеуов, қыш ыдыстарды: VI-VIII ғғ., IX-X ғғ., XI–XIII ғ. басымен мерзімдеген. Табылған қазандармен қатар, тұтқаларына да тоқталып өтіп, суреттерін береді. Әр кезеңге тән қазандарды пішінделу ерекшеліктері бойынша, топтарға бөлген.

2005 жылы А. Нұржанов Тараз қаласының маңындағы ортағасырлық Төменгі Барысхан қаласына қазба жұмыстарын жүргізеді. 2006 жылы «Керамика средневекового городища Тортколь в Таласском долине» атты мақаласы жарық көрді. Зерттеу нәтижесінде, табылған материалдардың ішінде – қыш ыдыстардың басым екендігін жазады. Автор, қыш ыдыстардың технологиялық ерекшеліктеріне қарай: қолмен жасалған ыдыстар және көзеші шарығында жасалған ыдыстар деп екіге жіктейді. Қолмен жасалған ыдыстарға: хұм, қазан, үстел, мойыны цилиндр пішіндес құмыралар, шырағандар, ыдыс қақпақтарын жатқызған. Ал, көзеші шарығында: сұқұйғыш құмыралар, тостағандар, табақтар мен саптыаяқтардың жасалғанын анықтаған [Нұржанов 2006: 79]. Сонымен қатар, VII-VIII ғғ. тән қыш ыдыстардың басым бөлігі – қолмен жасалғанын, бірақ шарықта дайындалған ыдыстардың да болғандығын айтады.

Қыш бұйымдардың арасында – қазандар кең таралған, жетекші түрі болғандығын атап көрсетеді. Барлық қазандардың сырты күйемен жабылған. Бұл күйе ошақта тұрғандықтан қалған дейді. Кейбір қазандардың ішкі қабарғасына жабысып қалған бидай қабығы түріндегі – тамақ қалдықтары табылған [Нұржанов 2006: 79].

Төменгі Барысхан қаласының қазандары – Шу-Талас өңірі мен Оңтүстік Қазақстан қоныстарынан табылған қазандармен бірдей екендігін айтады. Сонымен қатар, қазандармен бірге қазан тұғырларын да қарастырып өтеді. Тұғырлардың тұмсығы шығыңқы келген және сырты ою-өрнектермен безендірілген. Өрнектердің көбі – шырша сипатында келген. Сондай-ақ, асүйлік бұйымдардың келесі бір түрі – қақапақтар да табылған. Олардың пішіні диск түрінде келген. Диаметрі – 12-18 см аралығында. Қақапақтардың бетіндегі оюлар – ойық, шұңқырлы және қалыпталған күйінде кездеседі [Нұржанов 2006: 80].

А. Нұржанов IX-X ғғ. керамикалық материалдардың күйдірілу процесіне кезінде қызыл түске ие болғандығын айтып өтеді. Бұл ерекшелік негізінен асүйлік ыдыстарға тиесілі болған. Ыдыстар жақсы тазартылған саздан жасалған. Сонымен қатар, сазының құрамы қоспасыз дейді. Дегенмен, берік қабырғаны қажет ететін ыдыстарға, соның ішінде асүйлік көзелер арнайы ганыш пен ұсақ тас қоспасы бар саздан дайындалған

деп көрсетеді. [Нұржанов 2006, 82]. А.А. Нұржановтың бұл зерттеулерінде керамикалық ыдыстарды мерзімдеп, қолданылу аясы бойынша жіктеп қарастырумен қатар, олардың өрнектелуі мен құрамы және жасалу технологиясына да мән берген.

2009 жылы Е.Ш. Ақымбектің «Ортағасырлық төменгі Барысхан (Төрткүл) қаласының қыш ыдыстары» атты мақаласы жарық көрді [Ақымбек, 2009: 93-99]. Мақалада, қаладан табылған қыш ыдыстардың типологиясы бойынша жеке тоқталып, сипаттап өткен. Қыш ыдыстарды табылған орнына қарай, 4 құрылыс кезеңіне жіктеп қарастырған.

Оңтүстік Қазақстандағы Қаңлы мемлекеті б.д.д. I мыңжылдықтың соңында қалыптасқан. Оның орталығы Сырдың орта тұсында, Отырар алқабында орналасқан. Қаңлы тұңғыш рет б.д.д. II ғ. қытай жазба деректерінде аталады. Отырар алқабы – Отырар Қаратау мәдениеті ескерткіштерінің ең көп шоғырланған жері. Сырдария мен Арыс өзендері қосылған ауданда

б.д. I мыңжылдығының орта кезіне жататын алпысқа жуық қоныстар мен қалалар орналасқан. Оларды жердегі катакомба (дәлізі бар шұңқырлы қабір) сағана, үлкен ыдыс-күбіжіктер жерленген мүрделері бар зираттар қоршап жатыр. Тұрғын және қабір құрылыстарының бір ерекшелігі, олар Арыс пен Сырдария өзендері жыл сайын тасығанда шайып кетпеуі үшін, қолдан жасалған саз балшықты биіктік жасап, соның үстіне орналастырған.

Қоныстар мен қалалар бірнеше кішігірім алқаптарды құрайды. Ең ірі алқаптардың бірі Отырар қалажұрты маңында болды. Оның бой көтеруі б.д.д. I ғасыр мен б.д. бас кезіне сай келеді. Отырар қалажұртындағыдай Құйрықтөбе, Алтынтөбе, Жалпақтөбе мен Марданкүйіктің де төменгі қабаттары осы уақытқа жатады, ал III–V ғғ. олар ірі қала орталықтары болып қалыптасып үлгерді. Арыс өзенінің сол жағалауында Көкмардан қалажұрты, Сырдарияның жағалауында Оқсыз қалажұрты, Бөгеннің төменгі сағасында Бұзық қалажұрты орталықтары болған шағын аймақтар қалыптасты [Байпаков, Алдабергенов 2005: 10-11].

Археологиялық қазба жұмыстарына сүйенсек, ерте ортағасырлық мазараттарындағы жерлеу рәсімінде жерленген адамның қасына әртүрлі заттар қойылатын болған. Бұлар – ішінде тамақ салынған және су құйылған қыш ыдыстар, қару-жарақтар, әшекейлер. Мұның өзі белгілі бір салт-жоралар туралы тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Қару-жараққа жататындар үш қырлы жебелер, сүйектен салынған өрнектері бар ауыр садақ, ұзын темір қылыштары мен бір жүзді қанжарлар болып табылады. Темір қорыта білген

Көкмардан қалажұрты тұрғындары одан орақ, пышақ, жебенің ұштары тәрізді қажетті заттарды жасаған. Оны ұстаның темір қорытуға және бұйымдар жасауға қолданылған жұмыр қорытпасы дәлелдей түседі.

Қаңлылар заманындағы қорымдар мен қоныстардан алуан түрлі металл бұйымдардың табылуы жергілікті жерде металлургия қолөнерінің дамығандығын көрсетеді. Қаңлылардың темір өндірудегі жетекші орталықтары Шаш-Илақ аймағындағы қоныстар мен қалалар болды. Сол уақытта тауларда, жергілікті кен негізінде темір өндіру, алтын және күміс өңдеу дамиды. Алдыңғы қалалық ірі металлургия орталықтарының бірі қираған Құлақта қаласының орнындағы қала болған. Оның көлемі 50 гектарға жеткен, металлургия өндірісінің іздері айқын сақталған. Әдетте, құрамы бай кеніштерден кен алынды. Олар опырылып, ашық өңірлеумен аралас топырақты өңдеу жолымен өндірілді, бұл кенді аз бергенімен, оған шығын да аз жұмсалатын еді. Кенді балқыту, байыту, кезінде кеніштерге жақын жерде жүргізілсе керек. Дөңгелек пештер, сонымен қатар, төртбұрышты пештер де пайдаланылған. Металл бұйымдардың құрамы мен шеберханалардың қалдықтарды металлургияның түрлі салалары – темір ұсталығы, қола құю, зергерлік істің дамығандығын дәлелдейді. Шеберханалардың өніміне қорғаныс және шабуыл жасау қарулары, ат әбзелдерінің бөлшектері, ауыл шаруашылық құралдары, темірден соғылған бұйымдар кірген.

Қаңлылардың қабірлерінен әдетте, қанжарлар, семсерлер, пышақтар, жебелердің ұштары, сауыт табақшары табылды. Темір тағалар, шегелер, ілмектер, қапсырмалар, түсті металдан жасалған сырғалар, алқалар, білезіктер, айылбастар, инелер біздер ұшырасады. Сонымен бірге, қоныстарының қабаттарынан сүйектен ою оятын қолөнер іздері табылады. Қолөнершінің үйі жанындағы қоқыс төгілетін шұңқырлардан айыр тұяқтылардың өңделген (арамен кескен, тескен) іздері бар мүйіздері қалдықтар түрінде екінің бірінде кездеседі. Сүйектен пышақтың, қанжар мен семсердің саптары жасалды. Қанжарлардың қындарына әртүрлі қобдишалардың, құтылардың сыртына сүйек табақшары салынған.

Осы пайдаланылған заттардың ішіндегі қару-жарақтарға келетін болсақ, жебе садақ оғының ұшы, жебені алғашында тастан, сүйектен, кейін қола мен темірден жасады. Осы жебелердің ішінде Отырар алқабындағы Көкмардан мазаратынан табылған жебе ұшын айтуымызға болады. Жебе ұшы б.д. III–V ғасырларға жатады. Жебе жалпақ үш қанатты

сапты болып темірден жасалған.

Бұл сол уақытта осы өңірді мекендеген тайпалардың қару-жарақ ретінде қолданғанын айтуымызға болады. Айта кететіндігі мұндай жалпақ үш қанатты және үш қырлы сапты жебе ұштары б.д. III–V ғасырларында Оңтүстік Қазақстанның барлық өңірлеріндегі жерлеу орындарынан да табылып отырды [Алланиязов 1997: 24]. Сонымен қатар, Жетісудің (Қызыл-Қайнар мазараты VI ғ.) зираттарынан да табылған. Бірақ, олардың бәрінің формаларының ұқсас болып келетінін айтып өткеніміз жөн. Көршілес Түркістан ауданына қарасты Сидак ата зиратынан да осындай Отырар алқабынан табылған жебе ұштарына ұқсас жебе ұштары да кездеседі. Бұл үш қанатты сапты жебе мен үш қырлы сапты жебе ұштары.

Археолог-ғалым Ю.С. Худяковтың «Вооружение средневековых кочевников Южной Сибири и Центральной Азии» атты еңбегінде ғұн тайпаларының ұрыс кезіндегі қару-жарақтары жиынтығының қалыптасуы жайындағы бөлімде қашықтықта қару-жарақтардың қалыптасуы түрлері, шығуы жайында айтып өтеді [Худяков 1986: 24–48]. Бұл еңбекте ғалым Ю.С. Худяков осы аталған жебе ұштарын жасалуына қарап 3-ке бөліп қарастырып, қола, темір, сүйектен жасалған жебе ұштарын атап өтеді. Мұның ішінде темірден жасалған жебе ұштарын үш қанатты сапты жебе ұшы, үш қырлы сапты жебе ұшы, төрт қанатты сапты жебе ұшы, төрт қырлы жебе ұшы, жалпақ пішінді жебе ұштары түрлеріне жіктейді. Салыстыра келе, Отырар алқабынан табылған үш қанатты сапты жебе ұшын ғұндардың жебелеріне ұқсас екенін айтып өткеніміз жөн. Өйткені, бұл кезеңде ғұндар (б.д. II ғ. – б.д. V ғ.) Оңтүстік Сібірден бастап Орталық Азия аумағын мекендеді. Сондықтан, бұл кезеңдегі қару-жарақ ісінің барлық тайпаларда ұқсас болып жасалғандығын көре аламыз.

Сонымен қатар, табылған заттарға келсек, жебе ұштарымен бірге қанжарлар мен пышақтар да көптеп кездеседі. Қанжарлар мен пышақтар бірқырлы, ағаш қынаптың ішіне салынып, сабы ағаштан жасалып отырды. Пышақ бөліктеріне келсек, металдан (темір) балқытылып жасалды. Қару-жарақтарды жасауға темір бұйымдар жерде өндірілді. Оны өңірден табылған темір қорытпа қалдықтарынан аңғаруымызға болады.

Мұндай қару-жарақ үлгілерін Отырар алқабының көршілес аудандарынан, қазіргі Ордабасы ауданындағы Бөржар зиратынан, көршілес Шардара ауданындағы Жаушықұм зираттарынан да кездестіруімізге болады. Сонымен қатар, I–V ғғ. аралығына жататын Қауыншы

мәдениетінің мазараттары, Кеңкөл мазараты I–V ғғ. (қару-жарақтарымен), Жамантоғай мазараты III–V ғғ., Ақтөбе I–III ғғ. және Ағалықсай мазараты I–III ғғ. (қару-жарақтарымен) табылған бұйымдар да ұқсас болып келеді [Байпаков, Подушкин 1989: 103-104].

Қазіргі таңда осы археологиялық қазба барысында табылған қару-жарақ үлгілері «Отырар» мемлекеттік археологиялық музей-қорығы қорында сақтаулы.

Қорыта айтқанда, негізі қару-жарақтардың ерте заманнан Қазақстан аумағында барлық тайпаларда кең тарағанын көреміз. Сондықтан да бұл қару-жарақтардың өз заманында тұрмыста кең қолданыста болып, ертеден қалыптасқан қару-жарақ кәсібінің жалғасы екенін айтуымызға болады. Мұның ішінде біз айтып отырған Отырар алқабындағы қару-жарақ кәсібі ерте замандардан қалыптасып, қазіргі кезеңге дейін үлкен белестерді бастан кешірген.

Әдебиет

Алланиязов Т.К. Очерки военного дела кочевников Казахстана. – Алматы: Фонд XXI век, 1997. – 94 б.

Байпаков К.М., Подушкин А.И. Памятники земледельческо-скотоводческой культуры Южного Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1989. – 160 с..

Байпақов К.М., Алдабергенов Н.О. Отырар алқабы. Археология, өнер және көркем қолөнер ескерткіштері. – Алматы: Баур, 2005. – 10-12 бб.

Байпақов К.М., Воякин Д.А., Ақылбек С.Ш. Отырар алқабы. Көкмардан қалажұрты. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2006. – 80 б.

Қожа М.Б. Ортағасырлық Отырар тарихы. Тарихи-археологиялық деректер негізінде / - Алматы, 2017, 126-140 бб.

Худяков Ю.С. Вооружение средневековых кочевников Южного Сибири и Центральной Азии. – Новосибирск: Наука, Сибирское отделение, 1986. – 268 с.



ТҰРМАХАН Н.Ж.

Тұрмахан Нұрдәулет Жарқынұлы

Ө.Х. Марғұлан ат. Археология институты,

Алматы қ., Қазақстан;

Nurdau_99_99@mail.ru

ОРЫНБОР ҒЫЛЫМИ АРХИВТІК КОМИССИЯСЫ МҮШЕЛЕРІНІҢ САРМАТ КЕЗЕҢІ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ ЗЕРТТЕУЛЕРІ (ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ)

Аннотация. Мақалада Ақтөбе облысындағы ерте темір дәуірі кезеңі бойынша Орынбор ғылыми архивтік комиссиясы (ОФАК) қызметкерлерінің зерттеу жұмыстарына қысқаша тарихнамалық шолу көрсетіледі. ОФАК қызметкерлері XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басындағы жалпы Қазақстанның батыс өңіріндегі археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген алғашқы ұйымдардың бірі болып табылады. Мақаланы жазу жұмысы кезінде салыстырмалы-тарихи, жүйелілік әдістері қолданылды. Тарихнамалық шолулардың нәтижесінде алғашқы сармат мәдениетіне байланысты бірқатар мәселелердің алғы шарттары көтерілді. Қазіргі сарматологияда ОФАК қызметкерлерінің ғылыми зерттеу еңбектері қайта сараланып, өзіндік бағасына ие болған.

Түйін сөздер: археология, сармат мәдениеті, тарихнама, Орынбор ғылыми архивтік комиссиясы (ОФАК).

XIX–XX ғғ. аралықтарында Қазақстанның батыс өңірі әртүрлі сала ғалымдарының негізгі ғылыми зерттеу объектісіне айналды. Бұл орайда әлеуметтік-экономикалық жағдайлар аясындағы зерттеулер мен жаңа құрылыс нысандарының бой көтеруі археологиялық ескерткіштердің қорғалуы мен қазба жұмыстарының жүргізілуіне арқау болды. Мақалада негізгі зерттеу нысаны Орынбор ғылыми архивтік комиссиясы (әрі қарай ОФАК) мүшелерінің Торғай облысы, Ақтөбе уезіндегі (қазіргі Ақтөбе облысы) жүргізілген сармат кезеңіне жатқызылатын археологиялық ескерткіштердің зерттелуі болып табылады.

XIX ғ. II жартысынан кейін көптеген зерттеуші ғалымдардың Қазақстан территориясында археологиялық қазба жұмыстарының жүргізілу кезеңдемесі алғы шарттарының қалыптасқан уақыты болып саналады. ОФАК 1887 ж. негізі қаланып, Азамат соғысы жылдарына дейінгі аралықта өзінің тарихи-географиялық, жаратылыстану және т. б. ғылымдар саласы бойынша қызметтерін жүргізді. Зерттеу нысандарының географиялық ауқымы Оңтүстік Орал маңы, Қазақстанның солтүстік жағы және т. б. құрады. Жалпы археологиялық зерттеулеріндегі ең алғашқы ерте темір дәуіріне қатысты мәліметтер Ф.Д. Нефедов (1838–1902) пен К.А. Фишер (1859–1923) есімдерімен тығыз байланысты. Зерттеушілер 1884, 1887–1888 ж. Ақтөбе облысының

батыс шекаралық аумақтарында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде б.д.д. V–IV ғғ. жатқызылатын бірнеше қорғандар анықталды [Смирнов 1975: 6]. Анығырақ айтсақ Ф.Д. Нефедов Елек өзеніне құятын Тер-Бұтақ өзені бойында төрт қорғанда археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп, қола айна, тастан жасалынған заттар және т. б. анықталды. Келесі жақсы мәліметтер берген Елек өзенінің сол жағалауында жалпы есеппен төрт қорғанда қазба жұмыстары жүргізілді. Анықталған «Алтын» деп аталатын № 1 қорған қабірінде алты адамның сүйектері, алтын заттар, қола жебе ұштары, жануарлар сүйектері табылды. Келесі археологиялық қазба жұмыстары Қаратоғай болысында Қара-Бұтақ өзені жанында жүргізілді. Бұл жерден 500-ден астам қорғандар анықталып, нәтижесінде алты қорғанда қазба жұмыстары жүргізілді. Кейбір қорғандар толыққанды жойылғандығы анықталды [Нефедов 1899].

XX ғ. басында А.Л. Аниховский (1876–1939) Жаңғыз-ағаш шатқалында 1903 ж. археологиялық қазба жұмыстарын екі қорғанда жүргізді. Нәтижесінде № 1 қорған: төрт бұрышты орташа көлемдегі крест пішінді қабір шұңқыры, ал қабірден ер мен әйел адам жерленген, ал № 2 қорған қабір шұңқырынан басы шығысқа қаратылған адам сүйегі анықталды [Аниховский 1905]. Ал С.П. Баннов 1904 ж. Ақтөбе қаласынан солтүстік жағындағы Бис-Оба, Қара-Оба

және Жаман-Қарғалы өзендері бойындағы қоғандар жайында анықтама келтіреді [Кастанье 2007: 104–105].

Келесі зерттеуші А.В. Попов Ақтөбе қаласының солтүстік жағындағы Бисоба, Қара-оба, Жаман-Қарғалы өзені маңындағы бірнеше қорғандар тобын анықтаған болатын. Сонымен қатар Хобда болысында орналасқан «Шихан» қорғанында қазба жұмыстарын ұйымдастырды. Осы уақыттарда С.П. Баннов өзінің зерттеулерінде Ақтөбе облысында анықталған жер төмпешіктер жайында мәліметтер берген болатын. Бұл жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары алдағы уақыттарда ерте темір дәуірі бойынша ғалымдарының күрделі зерттеулеріне негіз болады [Попов 1906].

Геологиялық комитеттің ұсынысы бойынша, 1896 ж. комиссия мүшелігіне қабылданған Д.Д. Соколов (1867–1919), зерттеу барысында бірнеше қорғандар тобын анықтаған. Анығырақ айтсақ, Хобда мен Елек өзендерінің бойындағы қорғандар тобы жайында мәліметтер береді. Зерттеулердің нәтижесі ретінде Орал тауы маңындағы өзендерге қарағанда Хобда мен Елек өзендері бойындағы қорғандар тобының жоғары мөлшерде орналасқандығы жайында салыстырмалы әдіс негізінде көрсетеді [Соколов 1908: 211–212].

Елек өзенінің сол жағалауында 1904 ж. археологиялық қазба жұмыстарын ұйымдастырған, одан кейін кешенді түрдегі археологиялық зерттеулерді жүргізген ғалым И.А. Кастанье (1875–1958) есімімен байланысты.

Археологиялық қазба жұмыстары Шилі өңірінде Ащысай қорғаны, Жаман-Қарғалы өзені жанындағы қабірде жүргізілді. Ерте темір дәуірі кезеңіне жатқызылатын Шилі өңірінен екі қорған анықталды. Қорғандардың бұл кезеңге жатқызылу себебі, бірінші кезекте жоғарғы ойпаттарда орналасуы, екіншіден қорғандар майда тастармен үйілуі [Кастанье 1905: 194–197].

Жаңа далалық кезеңдегі археологиялық қазба жұмыстары Жақсы-Қарғалы және Жаман-Қарғалы өзендері бойында жалпы есеппен алты қорғанда жүргізілді. № 2, 3 қорған биік тауда орналасқан, қабір шұңқырынан 11 қоладан жасалынған жебе ұштары, ұршықтың басы, қола пластина және қыш-құмыра анықталған болатын. Тағы бір жақсы мәлімет берген Жақсы-Қарғалы өзенінің оң жағалауында орналасқан Жылан-тау маңындағы орналасқан № 6 қорған болып табылады. Бұл қорғаннан үш қабір шұңқыры мен жерленген үш адам анықталды. Жаман-Қарғалы қорымында В.В. Родионов пен С.Ю. Гуцалов же-

текшілігімен археологиялық зерттеулер қайта жанданады [Гуцалов, Родионов 1985]. Жалпы Жаман-Қарғалы қорымындағы қорғандар б.д.д. VIII–IV ғғ. аралықтарына жатқызылады [Смирнов, Петренко 1963: 16–17].

Ембі-Темір аудандарында ерте темір дәуіріне жатқызылатын тас мүсіндері табылған болатын. Бұл жайлы А.В. Попов ОҒАК кезекті отырысында баяндама барысында тоқталып өтті. Ғалымның айтуы бойынша тас мүсіндерін анықтау барысында беткі жақтары сынған, адамның бейнесі мен мойнында әшекей бұйымның болуы мүмкін деген болжамдар жасаған [Протокол № 10 1907: 55–57].

И.А. Кастанье 1912 ж. Орталық Азия археологиялық ескерткіштерінде зерттеу жұмыстарын «Түркістан археология әуесқойларының үйірмесі» арқасында жүргізді.

Жоғарыда аталып өткен зерттеу жұмыстарының қорытындысы «1906 жылдарға дейінгі Торғай облысындағы археологиялық зерттеулерге қысқаша шолу» [Попов, Кастанье 1906] және «Қырғыз даласы мен Орынбор өлкесінің көне ескерткіштері» [Кастанье 2007] атты зерттеу еңбектері болып табылады.

И.А. Кастаньенің ғылыми жұмыстарына тоқталып өтсек, алғашқылардың бірі болып «Қорған» сөзінің мағынасына анықтама беру аясында, қазақ халқының сәулет ескерткішінің пішініне қарай бөлінетінін айтқан. Және де қарастырып өткен зерттеушілердің жалпы жұмыстарына салыстырмалы түрде талдау жасау арқасында объективті түрде көзқарастарын көрсетуге тырысқан.

А.В. Попов ерте темір дәуіріне қатысты мәліметтерді жүйелеуге бірден бір атсалысты. Ғалым скифтік және сармат тайпалары мәдениетінен анықталған материалдық мәдениеттің мәліметтері негізінде бұл тайпаларды бір халық ретінде қарастыруды қолдамады. Бұл мәселелердің шешімі ретінде алдағы уақытта археологиялық зерттеу жұмыстарының керектігін алдыға тартты [Попов 1911: 148].

Қорытындылай келе ОҒАК жұмыстары ерте темір дәуірі кезеңіндегі археологиялық ескерткіштердің зерттелуімен қатар сармат мәдениеті кезеңінің бірнеше мәселелеріне байланысты көзқарастардың қалыптасуының алғашқы кезеңі болып табылады. Азамат соғысы уақытында археологиялық зерттеу жұмыстары уақытша тоқтатылды. XX ғ. 20–30 жылдардағы зерттеулердің қайта жандану уақытында, ОҒАК зерттеушілерінің еңбектері сармат мәдениеті кезеңінің зерттелуінде бірден-бір мәлімет көзіне айналған болатын.

Әдебиет

Аниховский А.Л. Раскопка древних курганов-могильников в Тургайской области, в Актюбинском уезде // Труды ОУАК. – 1905. – Вып. 14. – С. 66-79.

Гуцалов С.Ю. Родионов В.В. Отчет об археологических разведках и раскопках в Актюбинской области в 1985 г. // Архив ИА КН МОН РК. Д. 2084, 198 л.

Кастанье И.А. Отчет об экспедиции в Актюбинском уезде летом 1904 года // ОУАК. – 1905. – Вып. XIV. – С. 188-199.

Кастанье И.А. Отчет о раскопках шести курганов в Актюбинском уезде летом 1906 г. // ТОУАК. – 1907. – Вып. XIX. – С. 102-116.

Кастанье И.А. Несколько слов о свастике // ТОУАК. – 1911. – Вып. 23. – С. 77-78.

Кастанье И.А. Древности Киргизской степи и Оренбургского края. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 2-е изд. – 516 с.

Нефедов Ф.Д. Археологические исследования в Южном Приуралье (1887–1888 год) и в Прикамье

(1893–1894 год) // Материалы по археологии восточных губерний. – М.: Наука, 1899. – Т. III. – С. 1-41.

Попов А.В. Несколько слов по археологии Тургайской и Уральской области // ТОУАК. – 1906. – Вып. XVI. – С. 16-28.

Попов А.В. По поводу доклада А.И. Деревенского // ТОУАК. – 1911. – Вып. 23. – С. 63-71.

Попов А.В., Кастанье И.А. Обзор археологических раскопок в Оренбургской губернии и в Киргизской степи // ТОУАК. – 1906. – Вып. XVI. – С. 206-224.

Протокол № 10. Очередное заседание 7 го сентября // ТОУАК. – 1907. – Вып. XIX. – С. 47-58.

Смирнов К.Ф. Сарматы на Илеке. – М.: Наука, 1975. – 176 с.

Смирнов К.Ф., Петренко В.Г. Памятники савроматской культуры Поволжья и Южного Приуралья / САИ. – М.: Наука, 1963. – Вып. Д1-9. – 40 с.

Соколов Д.Д. Из поездок по степи [Наблюдения и заметки] // ТОУАК. – 1908. – Вып. XIX. – С. 210-216.



ҚОСЫЛБАЕВ Б.Т.

Қосылбаев Бекзат Телманұлы

Өл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университеті,

Алматы қ., Қазақстан;

kossylbayev@gmail.com

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕРТЕ САҚ КЕЗЕҢІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ (жерлеу-ғұрыптық ескерткіштер негізінде)

Аннотация: Мақалада Шығыс Қазақстан өңірінің ерте сақ кезеңінің зерттелу тарихы қарастырылған. Зерттеу нысаны ретінде алып отырған өңірде ерте темір дәуірінің қалыптасу кезеңі бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі екені анық. Тарихилық принципке сүйене отырып, ерте сақ кезеңінің зерттелу тарихын қазан төңкерісіне дейінгі, кеңестік кезең және тәуелсіздік жылдар кезеңі деп ірі үш кезеңге бөліп баяндайтын боламыз. Шығыс Қазақстан ерте сақ кезеңінің зерттелуін жүйелеу, сараптау осы мақаланың өзегі ретінде алынып отыр.

Түйін сөздер: Шығыс Қазақстан, ерте сақ кезеңі, сақ қорғандары, жерлеу ғұрыпы, зерттелу тарихы

Еуразия даласының көне тарихи сахнасында Шығыс Қазақстан өңірі ерекше маңызға ие. Себебі бұл мәдени-тарихи өңір ерте замандардан бері адамзат дамуындағы күрделі үдерістермен тығыз байланысты. Бұл өңірде алғашқы қауымдық құрылыстан бастап, орта ғасырларға дейінгі кездің өзінде көптеген археологиялық мәдениеттер қалыптасып, дамығандығын археологиялық мәліметтер арқылы толыққанды расталған. Тәуелсіздік кезеңінен бастап шығыс Қазақстан аумағы археологиялық тұрғыдан жүйелі түрде зерттеліп келе жатыр. Бүгінгі күнде өңірде б.з.б. IX–VI ғғ., яғни ерте темір дәуірінің ерте кезеңіне тиесілі зерттелген жерлеу ескерткіштерінің жалпы саны 25–ке жуық. Жұмысымызда тарихилық принциптер мен тарихнамалық жүйелілікке сүйене отырып, ерте сақ кезеңі ескерткіштерінің зерттелу тарихын үш ірі кезеңге бөліп қарастырамыз: 1) революцияға дейінгі кезең (XVIII–XX ғғ. басы); 2) кеңестік кезең (XX ғғ. 20-90 жж.); 3) тәуелсіздік кезеңі (1991 ж. басынан бүгінгі күнге дейін). Бұл ретте екінші – кеңестік кезеңнің зерттелу тарихын археологиялық ойдың, зерттеу әдістерінің дамуына қарай XX ғ. 60 жж. екінші жартысы – 80 жж. бірінші жартысы уақыт аралығын жеке кезең ретінде бөліп аламыз.

Революцияға дейінгі кезеңінде алғашқы академиялық экспедицияға қатысушылар қазіргі Шығыс Қазақстан өлкесіне 1733–1743 жж. келген болатын. Академик Г.Ф. Миллер Ертіс өзенін бойлай Семей мен Өскемен бекіністерін басып өткен. Өскеменнен алыс емес жерде, Ертіс өзенінің жағасында Г.Ф. Миллер 1734 ж. бірнеше қорған мен Үлбі өзенінің оң жағалауында екі қорғанға қазба жұмыстарын жүргізген. Жүргізген зерттеулерінен көне дәуірден сыр шер-

тетіндей мардымды деректер табылмағандығына қарамастан еңбегінде: «Болашақта бұл жерлерден әлі де құнды заттар табылар», – деп сенімді түрде жазып кеткен болатын. Ал 1768–1774 жж. арасында екінші экспедиция жасалған болатын. Патшалық шенеуніктер ұйымдастырған экспедицияға қатысушылар ішінде П.С. Паллас, И.П. Фальк, И.Г. Гмелин, Х. Барданес Ертістің жоғарғы ағысындағы ежелгі қорғандар туралы мәліметтерді жинақтап, зерттеген болатын. Солардың ішінде зерттеуші Г.И. Спасскийдің жүргізген жұмыстары елеулі дүниелер қатарына жатқызылады. Оның ішінде «Записки о Сибирских древностях» еңбегін атап өту керек. Академик Радлов археологиялық ескерткіштерді зерттеуде шынайы ғылыми әдістерді пайдалана отырып, ол тек ежелгі Шығыс Қазақстанды ғана емес, сонымен бірге бүкіл Қазақстанды зерттеуге зор үлес қосты. [Радлов, 1989: 14–69]. XX ғасыр бас кезіндегі белгілі ғалым А.В. Адрианов 1906, 1910 және 1911 жылдары Семей облысы жерінде археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізді. Солдатово ауылы маңындағы Маймер қорымындағы қазба, ерте скиф және пазырық уақытындағы мініс жылқысының ат әбзелдерін жаңғырту жұмыстарын жасады, аталған өңірге тән ат әбзелдерінің ерекшеліктерін атап өткен болатын [Адриановъ 1916: 1–98].

Кеңестік кезеңінде 1935 жылдан 1971 жылға дейін Шығыс Қазақстан аумағында, осы аумақтағы «скиф әлемінің» жалпы көрінісін қалыптастырған С.С. Черниковтың басшылығымен кешенді археологиялық зерттеулер жүргізілді [Бесетаев 2014: 18]. 1959 жылғы С.С. Черниковтың басшылығындағы археологиялық экспедицияның алдына қойған мақсаты 1949 жылы басталған Шілікті қорымын нақтылай

зерттеу болып табылды. Өскемен және Бұқтырма СЭС құрылысының басталуына байланысты мақсатты қазба жұмыстары қолға алынып, оған Ш. Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнология институты да қатысады. С.С. Черников қазған Шілікті обасы Шығыс Қазақстанның далалық бөлігінің тамаша ескерткіші болып табылады, ол 51 қорғаннан тұратын сақ дәуіріне жататын ең үлкен обалар тобы ашылды. Басқа жерлердегі сияқты, мұнда да ұсақ обалар жоқ. Обаның солтүстік батысынан оңтүстік шығысқа дейінгі алып жатқан көлемі 8 км. Соның ішіндегі 13 қорғанның диаметрі 100 м, ал биіктігі 8-10 м. Қалған қорғандардың диаметрі 20-дан 80 м дейін жетеді. Осы жердегі орталық қорғанынан б.з.б. V ғасырдың екінші жартысына жататын хайуанат стилінде жасалынған алтын қапсырма және тағы да басқа материалдар тапқан. Бұл арнайы экспедициялық топ өз жұмысын 1952, 1961-1962, 1971 жылдары аралығында жүргізеді. Бұл – жүздеген жылдар бойы кісі жерленген, тайпалар мен ру көсемдерінің үлкен зираты [Омаров 2015: 15-20; Байпақов, Таймағамбетов 2009: 168–175].

1959 жылы С.С. Сорокин Шығыс Қазақстанның ерте көшпелілер тарихына ерекше қызығушылық танытты. Ол Катон, Курту II ескерткіштерін зерттеді. Деректер кешенін зерттеуші, соның ішінде Курту II қорымынан жиналған жылқысы бар адамды жерлеу материалдары бойынша алғашқы рет б.д.д. IX ғасырға дейінгі ертедегі ескерткіштердің хронологиясын кеңейтті. Курту II ескерткіші Қазақ Алтайындағы темір дәуіріне жататын ең ерте ескерткіш болып табылады. Ол туралы Ресей археологтары Таулы Алтайдағы зерттелген материалдар негізінде бийке мәдениетіне жататындығын жан-жақты талдаулар негізінде дәлелдеген. Бұл кезеңдеулердің мерзімделуі радиоқөміртектік сараптамамен нақтыланған [Тишкин 2007: 79–122].

XX ғ. 60 жж. екінші жартысы – 80 жж. бірінші жартысы уақыт аралығын қарастыратын болсам, 1955 жылы Шүлбі СЭС-і аумағындағы археологиялық барлаулар барысында Уба-Форпост, Пьяный Яр, Қарашат, Пролетарка қорғандарының археологиялық карталары жасалды. Біздің дәуірімізге дейінгі VIII–VII ғғ. жататын Зевакино жерлеу кешенінің Ф.Х. Арсланованың ашылуымен жағдай өзгере бастады. Ертістің оң жағалауында, оңтүстік Сібір мен Алтайдың карасук тайпаларымен жерлеу рәсімінде кейбір ортақтығы бар. Бірақ карасук тайпаларынан айырмашылығы Зевакино кешеніндегі тайпаларда қыш ыдыстар мүлдем жоқ, ал заттардың көп бөлігі карасук-татар формаларының қола пышақтарынан тұрады. Ертіс өзенінің сол жағалауында орналасқан Измайлов қорымында және қарама-қарсы жағалаудағы Қоғалым қорымында өтпелі кезеңнің екі

кешені зерттелді [Арсланова 1972: 253–258]. Измайловка ескерткіші ғылыми әдебиеттерде кеңінен танымал болды, негізінен беғазы жерлеу кешені және беғазы қорымдарының бірінде екі ат жерлеу орны табылды. Измайловка қорымындағы ерте орта ғасырлық кешеннің қазба материалдары мен үш салттық есептеулер әртүрлі себептермен ұзақ уақыт өткеннен кейін ғылыми айналымға түсті. Материалдарды алдын-ала жариялау нәтижесінде 21-қорғанның ең жарқын олжа – дискіде бейнеленген айна ғана танымал болды [Ермолаева 2012: 66].

1988 жылы жасақталған Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясы (З.С. Самашев, А.С. Васютин, А.С. Ермолаева) ерте қола дәуірінен бастап ерте орта ғасырға дейінгі ескерткіштерді зерттеді. Диаметрі 8–22 м, биіктіктері 0,4–1,6 м қазылған Құрық I, Құрық II обаларына негізінен ішкі (қабір шеті) және ішкі, сыртқы қоршау салу, батыстан шығысқа қарай аздап ауытқымалы түрде болып келетін ұзын сопақша қабірге адамды арқасымен, басын батысқа қаратып жерлеу тән. Бірақ қазылған әр оба жеке көзқараспен қарауды талап етеді. Мысалы, Құрық I, № 1 обадан адам мәйітінің жоғарғы жағында бастары оңтүстікке қаратылған төрт бүркіттің қаңқасы мен қыш ыдыс табылса, Құрық II, № 1 обада жерлеу ағаш табытты тас жәшікте жасалынған. Ал Құрық II, № 6 обада тас жәшік пен қабір шұңқырының ортасында бастары жұлынған астында қой сүйегі қойылған жылқы сүйегі ашылуы кешенде күрделі ғұрыптық салттардың орын тепкендігін көрсетеді. Оба құрылысын жете зерттеуге аса мән берген бұл зерттеушілер соңында құрылымның тұрғызылуы ретін қайта жаңғыртады [Оңғарұлы, 2004: 36].

Тәуелсіздік кезеңінде 1993 жылы Ю.П. Алехин ашқан Кондратьевка XXI қорғаны Семей облысының Новошұльба ауданында (Алтай өлкесінің Локтев ауданымен шекарада) б.д.д. VII–VI ғғ. басында Рудный Алтай, бәлкім ерте сақ этностарының бірінде болған жерлеу құрылыстары мен ғұрыптарын қайта құруға мүмкіндік берді. Жерлеу алдында тік бұрышты пішіндегі терең, ұзын шұңқырда бірнеше тәжден тұратын бөрене үйі салынды, оның ішінде ағаш кесілген табыт орнатылды. Табыттың ішінде қару-жарақпен (ерлер) немесе әшекейлермен (әйелдер) және тұрмыстық заттармен жабдықталған қайтыс болған адам артқы жағына созылған күйде қойылды. Қабір шұңқыры мен жерленген (басы) солтүстікке бағытталған. Қорғанның батыс шетінде жеке шұңқыр жасалды [Алехин 1999].

1992–1994 жж. аралығында А.А. Ткачев басқарған Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің археологиялық экспедициясы Ф.Х. Арсланова зертте-

ген ерте темір дәуірінің Қызылтас қорымы мен Өскемен қаласы маңындағы Меновное V қорымында қазба жұмыстарын жүргізді. Диаметрі 7-12 м, биіктігі 0,25-0,6 м бұл обаларда жер асты сопақша қабір шұңқырының шеті тастармен қоршалған, тас жабынды астында жылқымен қоса, не жалғыз адам жерлеулері мен тас үйінді астында қоршауы бар, төрт жағынан кертпештеле қазылған шұңқырда тас жәшікке қару-жарағымен, тұрмыстық заттарымен (бәріне дерлік қыш ыдыс қойылған) бірге қойған отбасылық жерлеу (3 адам) және жеке жерлеулер (Қызылтас) зерттелінді [Оңғарұлы 2017: 54]. 1998 жылы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Жоғарғы Ертіс археологиялық экспедициясы Өскемен қаласынан солтүстік-батысқа қарай 13 км жерде, Ертістің сол жағалауының бірінші Жайылма террасасында орналасқан Герасимовка қорған қорымында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді. Зерттелген нысандар қарақшылардан зардап шеккен. Алайда, қазба жұмыстары кезінде жазылған мәліметтерге сәйкес іске асырылған жерлеу салтының негізгі элементтерін қайта жаңартуға болады [Ткачев, Тишкин 1999: 194–198].

Алтай тау тізбегінің оңтүстік-батыс бөлігінде жатқан жан-жағын тау жоталары қоршаған ерте темір және түрік дәуірінің Майемер қорғандарында З.С. Самашев басқарған 1997 жылғы қазақ-француз экспедициясы зерттеу жұмыстарын бастады [Омаров 2015: 39].

1998–2000 жж. аралығында Шығыс Қазақстан облысы қазіргі Күршім ауданында З.С. Самашев бастаған Қазақстан-Ресей біріккен археологиялық экспедициясы зерттеулері нәтижесінде Айнабұлақ 2 қорымында орналасқан №4 қорғанынан ерте сақ кезеңіне жататын жерлеу ашылды [Дашковский, Самашев, Тишкин 2007].

2003 жылы Шілікті қорымынан конструкциясы осыған ұқсас, ағаш қимасы мен оба үйіндісінен тұратын тағы бір «патша обасы» Ә.Т. Төлеубаев жетекшілігімен қазылды. Осы археологиялық нысанды қазған экспедиция құрамында археолог Ғ.Қ. Омаровта қажырлы еңбек етті. Шілікті-1-3 тобындағы бұл обадан (Шілікті-3, №2 оба; Бәйгетөбе) алтын киімді адамның қалдықтары табылған. Обаның биіктігі 7,9 м, диаметрі 97,4 м. Ә.Т. Төлеубаев жетекшілік еткен археологиялық экспедиция 2004-2006 жылдары 22 қорғаннан тұратын Шілікті 2 қорымындағы осы қорғандар тізбегінің оңтүстігінен санағандағы біріншісі және көлемі жағынан ең үлкені № 1 қорғанына қазба жүргізді. 2006 жылғы маусымда қазба жұмысы негізінен Шілікті 2 қорымындағы № 1 қорғанында үшінші жыл жалғастырылды, нәтижесінде оның архитектуралық құрылымы толықтай ашылды [Байпақов, Таймағамбетов 2009: 170].

З.С. Самашев 2009 жылы басталған экспедициясында Майемер 2 қорымындағы жұмыстар қайта жаңғыртылды, оның барысында солтүстік-оңтүстік сызығы бойымен созылған бес жерлеу нысандарынан тұратын бір тізбекте орналасқан ерте сақ уақытының екі қорғаны зерттелді. 1 қорған жер бетіне жерленген әйел (?) адамның мүрдесі және оған тиесілі жерлеу заттарының ішінде моншақтар, сырға табылған болатын, ал 2 қорғанында ат әбзелдерінің элементтері тіркелді. Аттың басы мен мойнында қола бұйымдарының қалдықтары табылды, бұл оның безендірілуі болды [Бесетаев 2014: 17–28].

З. Самашев пен А. Наглердің бастамалары негізінде 2009 жылы Ақсуат қорымында қазақ-неміс экспедициясы зерттеу жұмыстарын жүргізді. Тарғабатай тауының теріскей беті, яғни Шығыс Қазақстан облысы, Тарғабатай ауданының орталығы Ақсуат ауылының шығыс, оңтүстік-батыс және батыс төңірегінде ерте темір дәуірінің ақсүйектік, элиталық қорымы орналасқан. Бұл Қабдеке, Қараоба, Төртоба, Қырықоба, Шыбынды сынды қорымдағы негізгі көлемі жағынан үлкен қорғандар белгілі бір реттікпен, тізбек бойында тұр. Картадағы қорғандар осы үлкен обалардың маңына шашынқы орналасқан. Бүгінгі таңда, жалпы бұл бес қорынан алдын-ала есептеу бойынша екі жүзден астам қорған анықталды. Бұл орындардың зерттелмеуі алтайдың далалық өңіріндегі Құлақожа осы мәдениетімен осы дәуірге қатысты тарихи құндылықтардың ақтандық тұстарының ашылмауына себепкер болып тұрғаны туралы зерттеушілер еңбектерінде айтып жүр. Ал бұл қорғандар осы уақытқа дейін Қазақстан археологиялық картасында [Қазақстанның археологиялық картасы 1960] да, тіпті Шығыс Қазақстан облыстық археологиялық ерекшеліктерін тізбесінде де тіркелмеген [Самашев, және т.б. 2010: 94–105].

2013 жылы Бесобада Ғ.Қ. Омаров зерттеу жұмыстарын жүргізген болатын. Бесоба I қорымы Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Ақбұлақ (бұрынғы Горный ауылы) ауылынан солтүстік батысқа қарай 2 шақырым жерде, Күршім–Теректі күре жолының сол жағында, Ақбұлақтан Майтерек ауылына баратын дала жолының бойында оңтүстік шығыстан солтүстік батысқа қарай бағыттала орналасқан. Қорғанда табылған әртүрлі заттардың (қару-жарақ, әшекей және тағы басқа) жиынтығына қарап, көшпелілікке өту кен өндіру мен қола балқыту ісін одан әрі дамытқандығын байқауға болады. Халық санының өсуі мен әскери қақтығыстардың жиілеуі салдарынан, оларға қажетті заттардың шикізатын қола өндірісі қанағаттандыра

алмады. Міне осы тұста ерте көшпелілердің темірмен таныстығы басталған секілді. С.С. Черниковтың пайымдауынша: Шығыс Қазақстан жеріндегі тайпалар темірмен б.з.б. VII ғасырлардың соңына таман таныса бастаған. Бірақта бұл аталған уақыттың өзінде темірден жасалған заттар тек өте бай (патшалық) обаларда ғана кездесті. Ал жалпы заттар мен қарудың көпшілігі әлі де болса қоладан жасалды. Мұның өзі Қазақстанның шығыс өңірі қарастырылып отырған кезеңде қола өндірудің ең ірі ошағы болғандығын көрсетеді. Кейбір зерттеушілердің пікірі бойынша, Тарбағатай өңіріндегі ерте көшпелілердің біраз бөлігі б.з.б. VIII соңы мен б.з.б. VII ғасырларда Таулы Алтайға қоныс аударып, жергілікті тайпалармен ассимиляцияға түскен. Бірақ олар Алтайдағы ежелгі тайпалардың әдет-ғұрыптарына өзгерістер енгізе қоймаған тәрізді. Шығыс Қазақстан мен Алтайдағы ерте көшпелілердің ескерткіштерін зерттеген М.П. Грязнов мұндағы екі үрдісті баса атап өтеді. Біріншіден, олар қару жасаудың жаңа материалы – темірді игеруі. Екінші, ерте көшпелілерде алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырауы нәтижесінде, жеке меншіктің үстемдік алып, әлеуметтік жіктелістің белгілері анық көріне бастайды [Омаров 2015а].

Елеке сазы Тарбағатай жотасының солтүстік беткейінде орналасқан, аласа таулармен (Сары шоқы, Аршалы, Ақшағыл, Ақберен) қоршалған және Қарғыба өзенінің көпсалалы шағын өзен – өзендерімен тілімделген, сондай-ақ Батпақты учаскелері мен жазықтық биіктіктері бар, оларда меридионалды бағытта жүздеген адам орналасқан. Қорғандар мен мемориалдық құрылыстар б.д.д. I мыңжылдықтың бірінші жартысы – дербес топтар мен тізбектерге құрылған. 2017 жылы З.С. Самашев. экспедиция зерттеулері бойынша негізгі жұмыстар Елеке сазы ескерткіштерінің екінші тобында болған № 4 қорғанға шоғырланды. Қорғанның беті шашылып қалған. Бұл сыртқы екі қатарлы сақинамен (диаметрі – 50м, ені – 0,60 – 1,25 м) үлкен көп түсті. Оның ішкі кеңістігі қиыршық таспен толтырылған. Кең (4,6 -

5,9 м), бірақ таяз (0,35 м дейін) және жабық шұңқыр, көрсетілген екі қатарлы сақинаға тікелей жақын орналасқан, бүкіл құрылымды қоршап алады және, мүмкін, оның жер құрылымының элементі ретінде пайда болуы, жеке тұлғаның құрметіне қорған тұрғызумен байланысты жерлеу–еске алу рәсімінің соңғы актісін белгілейді [Самашев, және т.б. 2018: 8–14]. 2019–2020 жж. Елеке сазында зерттеу жұмыстарын З. Самашев пен Ө.Т. Төлеубаев жетекшілік етті. Далалық зерттеулер тарихи зерттелетін аймақтың ежелгі халқы туралы, әсіресе ерте темір дәуіріндегі адамдардың мәдениеті туралы ақпарат. Қорымды зерттеу барысында алынған ерте сақ заманындағы материалдардың стилистикалық безендіруде көршілес аймақтардың мәдени материалдарымен ұқсастықтары бар екенін атап өткім келеді. Бәлкім, бұл б.д.д. I мыңжылдықтың басында болған кең мәдени алмасудың нәтижесі. Уақыт бойынша жерлеу ескерткіштерін оңтайлы орналастыру және талдаудың жаңа кешенді тәсілдері, сондай-ақ уақыт бойынша басқа синхронды этникалық топтармен мәдениетаралық байланыстарды іздестіру скиф-сақ археологиясының негізгі атрибуттарын зерттеуде жаңа көкжиектерді ашады. Егжей-тегжейлі зерттеуден және осы талдауларды алғаннан кейін жоғарыда сипатталған ескерткіштер бойынша егжей-тегжейлі мәлімдемелер жарияланады [Төлеубаев және т.б. 2020: 172–197].

Қортындылай айтар болсам сақтар археологиясы көпжылдар бойы жиналған зерттеу материалдары бойынша кең таралған. Ерекше керемет жерлеу орындары тайпалық ақсүйектер, орасан зор құрылыстар, жазулардың болуы сақтар қоғамы рулық-тайпалық құрылымын елеулі сақтай отырып, ерте мемлекеттік құрылым деңгейінде болғандығын айғақтайды. Сақтар уақытындағы ескерткіштерді зерттеу осы тарихи кезеңдегі әлеуметтік-саяси жағдайды бағамдауға болатынымен өзекті.

Ғылыми жетекші:

Б.Б. Бесетаев

Әдебиет

Адриановъ А.В. Къ Археологіи западнаго Алтая (изъ поѣздки въ Семипалатинскую областьъ въ 1911 г.). Петроградъ, 1916. – 98 с.

Алехин Ю.П. Рудный Алтай в древности и в средневековье // Серебряный венец России (Очерки истории Змеиногорска). – Барнаул: Издание управления архивного дела администрации Алтайского края, 1999. – С. 17–65.

Арсланова Ф.Х. Новые Материалы VII-VI вв. до н.э. из Восточного Казахстана // СА. – 1972. – № 1. – С. 253–258.

Байпақов К.М., Таймағамбетов Ж.Қ. Қазақстан археологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 570 б.

Бесетаев Б.Б. История изучения конского снаряжения кочевников Восточного Казахстана скифо-сакского времени // Вестн. Новосиб. гос. ун-та. Серия: История, филология. – 2014. – Т. 13. – Вып. 7: Археология и этнография. – С. 17–28.

Дашковский П.К., Самашев З.С., Тишкин А.А. Комплекс археологических памятников Айна-Булак в Верхнем Прииртышье (Восточный Казахстан). – Барнаул: Азбука, 2007. – 96 с.

Ермолаева А.С. Памятники предгорной зоны Казахского Алтая (эпоха бронзы – раннее железо). – Алматы: Институт археологии им. А.Х. Марғұлана, 2012. – 238 с.

Омаров Ғ.Қ. Бесоба қорғандары. – Алматы: Қазақ университеті, 2015а. – 28 б.

Омаров Ғ.Қ. Шығыс Қазақстанның ерте темір дәуірі. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 256 б.

Оңғарұлы А. Қазақстанның ежелгі тұрғындарының жерлеу ғұрпы. – Алматы: Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институты, 2017. – 252 б.

Радлов В.В. Из Сибири. Страницы дневника. – М.: Наука, 1989. – 740 с.

Самашев З., Наглер А., Оралбай Е., Виланд Р., Төлегенов Е., Кариев Е., Бесетаев Б. Ақсуат қорғандары (қазақ-неміс зерттеулерінің алғашқы қорытындылары) // Қадырбаев оқулары – 2010: II халықаралық ғылыми конференциясы (Ақтөбе қ., 15–16 қазан, 2010 ж.) / Науч.ред.: А.А. Бисембаев. Алматы, 2010. – 94–105 бб.

Самашев З., Онгар А., Чотбаев А., Нускабай А., Каирмагамбетов А., Киясбек Г., Кызырханов М. Культура ранних саков Тарбагатая (Начало комплексных исследований погребально-поминальных памятников на Елеке сазы в верховьях р. Каргыба) // Материалы международной конференции «Алтай – золотая ко-

лыбель тюркского мира». (г. Усть-Каменогорск, 16–17 сентября, 2018 г.) / Гл.ред, Отв.ред.: Д. Ахметов. Усть-Каменогорск: Акимат ВКО, 2018. – С. 8–14.

Тишкин А.А. Создание периодизационных и культурно-хронологических схем: исторический опыт и современная концепция изучения древних и средневековых народов Алтая. – Барнаул Изд-во Алт. ун-та, 2007. – 356 с.

Ткачев А.А., Тишкин А.А. Курганы раннескифского времени на могильнике Герасимовка в Восточном Казахстане // Итоги изучения скифской эпохи Алтая и сопредельных территории (сборник научн. статей) / Под. ред.: Ю.Ф. Кирюшина и А.А. Тишкина. – Барнаул: Изд-во Алт. гос. ун-та, 1999. – С. 194–198.

Толеубаев А.Т., Жуматаев Р.С., Омаров Ғ.К., Шакинов С.Т., Бесетаев Б.Б., Ергабылов А.Е. Результаты археологических исследований 2019 г. на могильнике Елеке сазы 2 // Марғұлан оқулары – 2020: «Ұлы Дала археологиялық және пәнаралық зерттеулер аясында» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 2 том. (Алматы қ., 17–18 қыркүйек 2020 ж.) / Жауапты ред. Б.А. Байтанаев. – Алматы: Ә.Х. Марғұлан ат. археология институты, 2020. – С. 172–197.



ТАУАСАРОВА Д. Р.

Тауасарова Дилорам Рахимовна

Түркістан облыстық «Ұлы Дала Елі» орталығы,

Түркістан қ., Қазақстан;

Dila777mktu@mail.ru

АЛТЫН ОРДА НУМИЗМАТИКАСЫ

Аннотация. Мақалада Жошы Ұлысындағы ақша айналымы туралы мәселелер қарастырылады. Зерттеу жұмысында археологиялық материалдарды зерттеудің пәнаралық маңыздылығына салыстырмалы талдау жүргізіліп, оның ішінде көне тиындарды камералдық өңдеу және жүйелеудің ғылыми негіздері сарапталады. Мақаланың негізгі мақсаты Ұлық Ұлыстың тарихи-дамуындағы барлық факторлар этникалық, экономикалық және мәдени үдерістерге тигізген ықпалын көрсету болып табылады. Сонымен қатар, Алтын Орда ақша айналымының Өзбек хан және Жәнібек хан тұсындағы тарихи ерекшеліктері қамтылып отыр. Зерттеу барысында, Алтын Орданың аумағындағы ақша айналымының Еуразияның көптеген халықтарына тигізген ықпалы мен оның тарихи сабақтастығы, нәтижелері анықталады. Автор мақаланың қорытынды бөлімінде, нумизматика ғылымының маңыздылығына тоқтала отырып, оның ежелгі сауда және экономика, тарихи-география, саясат пен әдет-ғұрыптарды анықтаумен байланысты екендігіне назар аударған.

Түйін сөздер: Ортағасыр, Алтын Орда, Жошы Ұлысы, ақша айналымы, нумизматика, археология, тарихи деректер.

Адамды және оның басты байлығы – рухани өмірі мен мәдениетін зерттеу оның ежелгі тарихи өткенін түсінбейінше мүмкін емес. Антропогенездің және мәдени генезистің бастаулары мен процестері әрқашан параллель және өзара байланысты болды. Адамзат тарихы – әртүрлі мәдениеттердің, халықтардың, діндердің, өркениеттер мен мемлекеттердің тарихы. Дегенмен, «жазбаша» және «мемлекеттік» тарих – бұл жаһандық адамзат тарихының қысқа ғана сәті, олардың көпшілігі бізге өткеннің тілсіз материалдық қалдықтарынан – әртүрлі артефактілерден белгілі: көне еңбек құралдары, қорымдар, қоныстар, өнер заттары, монеталар және т.б. Бұл нысандарды зерттеу, оларды өңдеу, жүйелеу және түсіндірумен археология және салалас ғылымдарының негізі бағыты айналысады. Дегенмен, археологияның ең негізі міндеті – адамзаттың өткенін оның барлық көріністерінде: тұрмысында, шаруашылығында, өнерінде, дінінде, соғысында, саудасында тарихи қайта құру. Археологияның тарихи-гуманитарлық білім жүйесі ретінде білім берудегі орны үнемі тынымсыз өсіп келеді. Бұл жерде археологиялық ашылулар санының тұрақты түрде жыл сайын көбеюі және соңғы дереккөздердің ғылыми айналымға енгізілуі маңызды рөл атқарады. Археологиялық материалды тек тарихи әдістермен зерттеу мүмкін емес. Мұнда жаратылыстану ғылымдарының пәнаралық байланыстары мен әдістері маңызды: физика, химия, биология, геология және т.б. Археология жалпы

тарихи мақсаттар мен міндеттерді шешуге арналған, негізгі қайнар көздерінің сипатымен ерекшеленеді. Оның негізін материалдық көздер құрайды: қолдан жасалған еңбек құралдары, құрылыстар, қорымдар, тиындар. Археологиялық деректану көздерінің ерекше сипатымен және олардың ғылыми зерттеу үдерісінің далалық, камералық-зертханалық және кабинеттік деп үш кезеңге бөлінуіне байланысты өзіндік ерекшеліктері бар. Бірінші кезеңде дерек көздерін іздеу және жинақтау басым болады. Екінші кезеңде келіп түскен материалдар өңделеді: олардың классификациясы, материалы, өндіріс технологиясын, мақсатын анықтау. Үшінші кезеңде адамзаттың көне тарихын зерттеуге арналған дереккөздерді зерделеу және сыни, археологиялық есептерді дайындауда, басылымдар, мақалалар мен монографиялар жазуда көрінеді. Бұл кезеңдер бір-бірімен тығыз байланысты және кез келген тәжірибелі археологтың жұмысында көрініс табады [Хромов 2007: 56–57].

Археология ғылым ретінде қалыптасу барысында міндетті түрде салалас ғылымдарда дами түскені белгілі. Ежелгі замандағы сауда жолдарын анықтау, табылған көмбелер мен монеталардың топографиясын жасау, типтерін анықтау, монеталардың белгілі бір мемлекет шеңберінде таралу дәрежесін, техникалық ерекшеліктерін, штампельдердің анықтауда археологияда нумизматиканың септігі теңдессіз. Қазыналар мен табылған жеке монеталарды тіркеу кез келген

археологиялық нысанның материалдық мәдениетін зерттеудің маңызды және қажетті элементі болып табылады. Тіркелген нумизматикалық ескерткіштер белгілі бір тарихи аймақтың шаруашылық өмірінің деңгейін бағалауға мүмкіндік береді. Нумизматикалық ескерткіштер әрбір мемлекеттің ішіндегі тауар–ақша қатынастарының жай-күйі мәселелерін қарастыруға көмектеседі. Жасыратыны жоқ, монеталардың сыртқы түрі мемлекеттің бет-бейнесі болып табылады. Геометриялық пішіннің дәлдігі, анықтығы, соғу сапасы, кейбір стандарттардың болуы – мұның бәрі маңызды. Осы көрсеткіштердің барлығы неғұрлым жоғары болса, біз соғұрлым дамыған мемлекет тарихын зерттеумен айналысамыз.

Өрине, тарихта өз ақша айналымы мен теңге сарайлары болған мұндай мемлекеттер аз емес. Осындай империялардың бірі – Алтын Орда. XIII ғасырдың орта шенінде қалыптасқаннан бері тарихи әдебиетте «Алтын Орда» атауын алған Жошы Ұлысы. Ұлық Ұлыста 4 теңге сарайы құрылды (монетный двор): Бұлғар, Қырым (Солхат), Сарай және Хорезм. Бұлғар теңге сарайы Шығыс Еуропадағы моңғолдар құрған Алтын Орда Ұлыс-Жошы мемлекетінде теңге соғуды бірінші болып бастады. Теңге сарайлары әрқайсысы өздерінің Ұлыстарының ақша айналымын қамтамасыз етуге тиіс болды. Алтын Орданың монеталарын шартты түрде екі үлкен топқа бөлуге болады: моңғол ықпалы әлі де анық байқалатын ерте (XIII–XIV ғ. басы) және соңғы (XIV–XV ғ. басы) орта ғасырлардағы ислам әлеміне тиесілі. Монеталардың негізгі металы күміс болды, сонымен қатар кейбір теңге сарайлары мыс монеталарды да шығарды. Моңғолдардың өздері пұтқа табынушы болғанымен, моңғол тілінде сөйлегенімен, жазу үшін ұйғыр әліпбиін пайдаланғанымен, жаулап алынған жергілікті халықтың көпшілігі көне түркі тілінде сөйлегенімен, олар жасаған барлық теңге сарайларының бұйымдарындағы теңге жазбалары әуел бастан-ақ араб графикасын пайдаланған. Бүкіл XIII ғасырдың екінші жартысында осы теңге сарайларының әрқайсысының монетасы сол ұлыс аймағынан сыртқа өте сирек шықты. Бұған себеп монеталар әртүрлі салмақ нормалары бойынша соғылған, дизайны мен атаулары әртүрлі болған. Алтын Орда пайда болғанға дейін болған дәстүрлерді түсінбегенше, көршілес мемлекеттердегі осыған ұқсас мәселелерді зерттемейінше Алтын Орданың монета және ақша айналымын түсіну мүмкін емес. Осы кезеңде кейбір Ұлыстарда аталған тұрақты жұмыс істейтін теңге сарайларымен қатар уақытша теңге сарайлары пайда болып, тез жойылып кетті [Беговатов, Пачкалов 2013: 83–96]. Ең алдымен, бұл бұрынғы Еділ Болгариясының аумағын алып жатқан

сол кездегі ең дамыған Бұлғар Ұлысына қатысты. Бүгінгі күнге дейін Биляр мен Шұңғатта соғылған күміс, мыс теңгелер, Төменгі Еділ Ұлысында Құтлұқентте соғылған дирхамдар табылған. Дәл осы археологиялық артефакттар Алтын Орданың әскери жағынан керемет үйлестірілген механизм болғаны сияқты, экономикада да үлкен серпіліс болғанын айғақтайды. Жошы Ұлысы ең өркениетті мемлекеттердің бірі болған. Алтын Орданың ғасырлар бойынан жеткен ақшалар: монеталардың сан алуан түрлерін – олар ұлыстың әр аймағында өзінше шығарылғанын көрсетеді. Алтын Орда тарихындағы көптеген күрделі мәселелердің ішінде нумизматикалық дереккөз кейде белгілі бір оқиғалар туралы жалғыз баяндауыш қызметін атқарады. Өзге мемлекеттер мен Алтын Орда арасындағы экономикалық және саяси қатынастарды зерттеу сол кездегі оқиғаларды түсіну үшін өте маңызды. Орта ғасырларда Алтын Орда хандары басқарған аумақтағы табылған теңгелер қазынасы XIV ғасырдың соңы–XV ғасырдың басындағы саяси оқиғаларды баяндайтын жалғыз және дербес ақпарат көзі болып табылады. Сондай-ақ табылған монеталар осы кезеңдегі Жошы Ұлысының ақша айналым саясаты туралы ақпарат көзі болып табылады. Алтын Орда территориялары Еуразияның отырықшы егіншілік аймақтары мен далалық аймақтарын қамтыды. Көшпелілер мемлекетінің мәдени және экономикалық өмірінде отырықшы аймақтар басым рөл атқарды. Дала көшпелілерінің жерлеу ғұрпын жан-жақты зерттей келе, теңге табылған ескерткіштер көп еместігін көрсетеді. Мокринский I ірі қорғанынан көптеген монеталар табылды [Марыксин 2009: 246–275]. Бұл ескерткіштегі монеталардың микроқазыналары Өзбек (1313–1341) және Жәнібек (1342–1357) хандардың тұсына жатады. Батыс Қазақстан аумағындағы Алтын Орда дәуірінің басқа ескерткіштерінде де монета мен заттай артефактілер құрамында Өзбек хан мен Төменгі Еділ монетасының күміс дирхамдары басым [Пачкалов 2009: 276–281]. Қорғандарды зерттеу барысында жерленген адамның тізе арасында, сол қолдың астында тиындар табылған. Қолдың асқазанға бүгілгенін ескерсек, жерлеу кезінде сол қолға салынған деп болжауға болады. Аталмыш қорымдарда табылған бірінші монетаның бет жағында: «Әділ Сұлтан Өзбек хан», сырт жағында: «Алладан басқа тәңір жоқ және Мұхаммед оның пайғамбары» таңбасы түскен. Екінші жағында (реверсінде) «Әділ Сұлтан Жәнібек хан», сырт жағында: «Гүлістанда соғылған, хижраның 752 жылы» деген жазбалар түскен. (1349/1350). Сондай-ақ Орск қорған қаласының іргесіндегі II Новоорск қорымында жүргізілген қазба жұмыстары кезінде қорымнан хан Өзбек атынан Сарайда соғылған күміс дирхам, сондай-

ақ белгісіз монеталардың сынықтары табылды. Сонымен қатар қорымының қазбалары кезінде Хорезмдегі Өзбек хан пен Жәнібек ханның тұсында соғылған үш күміс дирхам табылды [Матюшко, 2015: 25-74]. Дирхамдар Чебенки ауылынан солтүстікке қарай 2,5 шақырым жерде Сакмара өзенінің сол жағалауынан кездейсоқ табылған екен. Осылайша, Орал даласы аумағындағы қорымдардағы теңгелерді зерттеу нәтижесінде Алтын Орда дәуіріндегі мемлекеттердің Орталық Азиямен тығыз байланысы дәлелденді. Алтын Орданың Еуразия халықтарының тарихында үлкен маңызы болды, көптеген аймақтарда мемлекеттіліктің қалыптасуына, моңғол-түркі-славян мәдениеттерінің байланысын нығайтуға әсер етті. Алтын Орда дәуірінің дамуы және Еуразия континентінде жаңа тарихтың басталуына сеп бола алды. Ұзақ уақытқа созылған азаматтық қақтығыстардың тоқтатылуы және бірігу процесінің аяқталуы, Моңғолия билігінің сауданың дамуын ынталандыруы, халықаралық қарым-қатынастар, барлық жерде пошта жүйесін енгізу, бұрын алыс болған халықтар арасында сауда және мәдени байланыстар орнады. Ұлыстардың жерінде сауда керуендері мен дипломатиялық өкілдіктердің бірігуі, саяхатшылар алыс жерлерге барып, Еуропаға бұрын беймәлім Азия елдері мен халықтары туралы мәліметтер таралды, моңғолдар дала мәдениетіне орталық билік идеясын әкелді. Ұйымдаспаған тайпалардың бірігуі, хандықтардағы қоғамдық ұйымның нормалары мен

мемлекеттілік нысандарын қолдану кейінгі моңғол дәуірінде пайда болды [Фёдоров–Давыдов 2003: 28-52].

Қорыта айтқанда нумизматикалық ғылымның маңызы өте зор өйткені бұл Алтын Ордамен басқа елдердің арасындағы айырбастар мен экономиканы, сондай-ақ олардың тарихы, географиясы, саясаты, діні, әдет-ғұрыптары туралы білуге мүмкіндік береді. Нумизматикаға қатысты палеография, символизм, өнер тарихы, басқа ғылымдар қатарында халықтың немесе ұлттың тарихы туралы білім беруге қызмет етеді. Алтын Орда бұл әрине әлем тарихының сахнасында ойып тұрып орын алған алыптардың бірі. Жеті ғасырдан астам уақыт өтіп, 750 жыл тарих қойнауында қалды.

Тарихи дамудағы барлық факторлар этникалық, экономикалық, мәдени үдерістерге өз ықпалын тигізіп отырады. Кей жағдайларда оның дамуына қолайлы жағдайлар жасаса, кейде оны уақытша болса да тежейді. Бірақ үдерісті тоқтата алмайды. XIII ғасыр басындағы моңғол жаулап алуы қазақ тарихында жаңа бір дәуірді – Алтын Орда дәуірін қалыптастырды. Осы дәуірдің алғашқы кезеңіндегі Жошы ұлысында, одан кейінгі Алтын Ордада болған барлық тарихи жағдайлар этникалық үдерістерге де өз әсерін тигізді. Демек, Алтын Орда – Ұлық ұлыстың ұрпақтары қазіргі қазақ мемлекеттілігінің тарихында өзіндік орны бар белесті кезеңнің бірі.

Әдебиет

Беговатов Е.А., Пачкалов А.В. Новые находки джучидских монет в Республике Татарстан // Город и степь в контактной евро-азиатской зоне: материалы III международной научной конференции, посвященной 75-летию со дня рождения профессора Г.А. Федорова-Давыдова (1931—2000) (1.03.2022) / Отв. ред. Рудаков В.Г. – Вып. 184. – Москва: ГИМ, 2013. – С. 83-96.

Матюшко М.В. Погребальный обряд кочевников Степного Приуралья IX-XIV вв. // Автореферат дисс. канд. ист. наук. – Оренбург: Университет, 2015. – С. 25-36.

Марыксин Д.В. Могильник эпохи Золотой Орды Мокринский I (по материалам работ 2008 года) // Вопросы истории и археологии Западного Казахстана / Гл.ред.

Сдыков М.Н. – №1. – Уральск: ЗКЦИИА, 2009. – С. 246-272.

Пачкалов А.В. Нумизматические находки в могильнике Мокринский I // Вопросы истории и археологии Западного Казахстана / Гл.ред. Сдыков М.Н. – №1. – Уральск: ЗКЦИИА, 2009. – С. 276-281.

Фёдоров-Давыдов Г.А. Денежное дело Золотой Орды. – М.: Палеограф, 2003. – 344 с.

Хромов К.К. К вопросу о денежном обращении в западной части Улуса Джучи: Новая серия медных монет Токты, выпущенная на монетном дворе Крым в 1298–1307 гг. // Восточная нумизматика в Украине. Монеты Джучидов и сопредельных государств в XIII–XV вв. / Общ. ред. Хромова К.К. – Ч. II. Сборник публикаций. – Киев, 2007. – С. 56–57.

ТҮГЕЛБАЙ Н.Ә.

Түгелбай Нұрбек Әбдіғалиұлы

Әбіш Кекілбайұлы ат. Маңғыстау облыстық

тарихи-өлкетану музейі,

Ақтау қ., Маңғыстау облысы;

nurbek.10.28@mail.ru

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ СОЛТҮСТІК ТАРМАҒЫ – ҚАРАҚАБАҚ

Аннотация. Қазақстан қазіргі Маңғыстау облысы аумағы арқылы теңіз жолдарымен Ресей арқылы Батыс елдеріне сауда-саттық жасайды. Экспорттық, импорттық тауар алмасудың Каспий теңіз сауда жолы арқылы жүруі жаңа заманда немесе соңғы уақыттағы аймақтағы порт салынуынан пайда болған жоқ. Оның тарихи тамыры тереңде жатыр. Атап айтқанда, Маңғыстау облысының территориясы маңызды мемлекетаралық, еларалық сауда жолдарының тармақтарының бірі болғанына археологиялық дәлелдер көп. Солардың бірі Қарақабак шатқалында орналасқан ежелгі қалашық орны. Теңіздің солтүстік жағасында орналасқан бұл қала типтес бекініс б.д.д 1 ғасырда хорезмдіктер салған қуатты сауда-қолөнер факториясы болған. Бүгінгі таңда Қарақабак қалашығын қазақстандық археолог А.Астафьев пен ресейлік археолог Е.Богданов жүйелі зерттеуде. Мақалада ежелгі қаланың Ұлы Жібек жолында орналасқаны, Маңғыстау тарихының Ұлы жібек жолымен байланысы туралы баяндалады.

Түйін сөздер: археология, Маңғышлақ, II–VI ғасыр, мәдениет, өркениет, сауда–саттық, Қарақабак шатқалы, бекініс.

Қазақстан археологтарының тынымсыз еңбегінің нәтижесінде соңғы бесжылдық ішінде Маңғыстау территориясында әлемдік деңгейдегі құндылықтар қатарына кіреді деп танылған екі үлкен археологиялық жаңалық ашылды. Оның біріншісі - біздің дәуірімізге дейінгі XI ғасырдағы Алтынқазған жерінен табылған діни қабір (жерлеу) кешені болса, екіншісі - IV ғасыр ескерткішіне жататын Қарақабак қалашығы. Алдын ала зерттеулер бойынша қалашықтың тарихы атақты сауда жолы Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағына тығыз байланысты болуы мүмкін деген жорамал айтылуда.

Бұл екі жаңалық қазіргі Маңғыстау территориясының әлі де археологиялық тың деректердің көп болу әлеуетінің жоғарылығына, сондай-ақ көптеген ғылыми жаңалықтардың тек бастамасы екенін нұсқайды. Сол себепті ауызекі тілде, жергілікті тұрғындар мен туристер арасында «жұмбақ жайлап, аңыз өрген», «ашық аспан астындағы музей» деп аталатын Маңғыстау өңірі кешенді, бірізді әрі жүйелі археологиялық зерттеуді қажет етеді.

2017 жылдан бастап, осы аймақта ғұндар мәдениетіне тиесілі үш «моланы» (жерлеу орындары) А.Е. Астафьев бастаған бір топ зерттеушілер зерттей бастаған болатын [Астафьев, Богданов 2021:67]. Аталмыш жерлеу орындары Қарақабакқа жақын орналасқан, материалдар олардың кейінгі сарматтардың жерлеу мәдениетіне ұқсайтынын, ғұн дәуіріне де келетінін көрсетеді. Яғни, осы мекенде табылған археологиялық деректер Қарақабак қалашығына жақын аймақты

Орал, Еділ және Солтүстік Қара теңіз тұрғындарымен тығыз байланыста болған көшпенділер мекендегенін дәлелдеп отыр. Қарақабакқа қатысты молалар мен бекіністің өзін терең әрі жүйелі зерттеп жүрген ғалымдар қатарында қазақстандық А.Е. Астафьев пен ресейлік ғалым Е.С. Богдановты ерекше атап өту керек. Бұл екі археолог ғалым жүйелі әрі бірізді зерттеулер жасап, табылған деректер негізінде бірқатар тұжырымдар жасап шықты [Астафьев, Богданов 2019; 2021].

Ал Қарақабак қалашығының ашылу уақытына тоқталсақ. А.Е. Астафьев басқарған археологиялық барлау жұмыстарының нәтижесінде 2005 жылы Маңғыстау облысы, Түпқарағай ауданы Каспий теңізінің солтүстік-шығыс бөлігінде Қарақабак шатқалында елдімекен орны табылған болатын. Бұл жердің атауы әртүрлі карталармен және т.б. дереккөздерінде «Каракавак», «Каракуак» деп кездеседі [Астафьев, Богданов 2019:18]. Қалашық аумағында жер бетінде шашылып жатқан керамикалық және т.б. олжаларды мерзімдеу бойынша жүргізілген жұмыстар «Древние сокровища Устюрта и Мангыстау» еңбегінде көрініс табады [Самашев және т.б. 2007:333]

Бекіністің орналасуына, топонимикалық атауына назар аударсақ. Ол – Қарақабак шатқалындағы Каспийдің солтүстік-шығысындағы Қошақ шығанағының оңтүстік жағалауында, теңізге төніп тұрған жартасты қалдықта орналасқан үлкен бекініс, 3 га жерден астам аумақты алып жатыр [Гавритухин және т.б. 2019:172]. Жергілікті тұрғындар осы тектес табиғи биік жартастарды,

сондай-ақ аласа тауларды «таушық» деп атаған. Бұл сөз Маңғыстауда күні бүгінге дейін қолданыста. Қарақабақ қалашығы орналасқан жер кейбір деректерде А.Е. Астафьевтің айтуынша, «Емді» деп те аталған екен. Елді мекен орналасқан жартас оны айнала қоршап тұрған ландшафттан 100 м биікте тұр. Қалашыққа кертілген баспалдақтардан жасалған жартасты соқпақ арқылы көтеріліп жетуге болады. Бекіністің ішкі жағы өңделмеген ірі-ірі кесек тастармен нығайтылғандығы байқалады. Бұл жергілікті тұрғындар тарапынан кезінде сырт шабуылдардан елді мекенді қорғауға қатысты қауіпсіздік шараларының жан-жақты ойластырылғанын көрсетеді.

«Қалашық аумағы 12 шаршы метр болатын Үстірттің кең аумағына жалғасады, негізгі сілемнен ұзындығы 560 метр Байлама деп аталатын бекініс қабырғасымен бөлінген».

Әдебиеттерде теңіз бетінен қарағандағы жартас көзді жауып тұрған қалың қара қас немесе қабақ секілді екендігі туралы жазылған. Шатқал атауының ғылыми негізі конгломератпен байланысты. (Конгломерат (conglomeratus) – «тығыздалған» деген мағынаны білдіретін латын сөзі). Конгломерат – бір-біріне ұқсамайтын, ретсіз, механикалық байланыс – тығыздалу нәтижесінде түзілген ассорти, яғни қоспа. Қоспа түрлі мөлшердегі саз, әк, кремний, қиыршық тастардан құралып, цементтелген және түрлі пішіндегі (дөңгелек, сопақша, т.б.) шөгінді тау жынысы». Қарақабақ шатқалы қарауытып көрінетін осы конгломерат тау жынысынан түзілген.

Қарақабақты кешенді зерттеудің алғашқы кезеңін 2017 жылы археолог А.Е. Астафьев жүзеге асырды. Жүйелі бірізді жүргізілген 2017-2018 жылдардағы экспедицияның нәтижесінде А.Е. Астафьев бастаған археологтар тобы екі қазба алаңында археологиялық жұмыстар жүргізді. Олар: №1 – солтүстік шетіне жақын дуалдың біріне, №2 – оңтүстік-шығыс секторында орналасқан қорғанға ұқсас биіктікте. Жұмыс барысында көптеген құрылыс конструкциялары (көпбөлмелі құрылыстардың қабырғалары, көшелер және т.б.) ашылды [Астафьев, Богданов 2019: 19]. Сонымен қатар, бірге түсті металдан жасалған көптеген пластиналар және мыс пен мыс қиындылары жиі кездеседі. Бұл деректерге сараптама жасау барысында ежелгі Маңғышлақта мыс құмдары мен оларды қорытқан арнайы өндіріс орындарының қалдық іздерінің ірі қоры бар екенін еске алған дұрыс, әсіресе б.д.д. 1 мыңжылдықтың белгілері көп кездеседі. Яғни олардың қай уақытқа жататындығын анықтау қиынға соқпайды. Сонымен қатар табылған қайрақтар мен тастарға қарасақ, жергілікті тұрғындар мен келушілерге қызмет

еткен шаруашылық орындары болған деп болжауға мүмкіндік береді. Ал сауда ісіне келер болсақ, жергілікті жерден табылған ыдыс-аяқтар, қорғасын пломбалары және 70-тен астам мыс тиын дәлел бола алады «Табылған тиындардың ішінде 39 хорезмдік Артрамуш, Вазамардың, сондай-ақ сасанидтік Шапур I, Варахран IV, Йаздегер I, Пероз I сияқты басқарушылардың және Бұхар соғдыларының басшылары – Мавактың, Асбардың тиын ақшалары бар. Тиындардың соғылу уақыты II ғ. соңы – III ғ. бас кезіне және V ғ. ортасы – VI ғ. ортасына жатады. Бұлардың арасында қатты сырылған қытайлық және төрт кейінгі орта ғасырлық тиындар бар» [Гавритухин және т.б. 2019:172]. Ал Аркадий мыс тиыны (395-408 жж.) XII–X ғасырларда белсенді жұмыс жасаған Қараған кемежайының территориясында жасалып, қолданыста болған деп болжануда [Астафьев, Петров 2017:108]. Аталмыш кеме тоқтайтын Қараған мекені Қарақабақ шатқалымен шекаралас орналасқан.

Қарақабақ нумизматикасына назар аударсақ, әсіресе византиялық Флавий Аркадийдің тиынымен байланыстыратын болсақ, онда Қарақабақтың порт сипатында болғанын бағамдауға болады. Археологиялық зерттеулер негізіндегі мәліметтер бізге қаланың Ұлы Жібек жолының сауда-саттық жүйесіндегі орны ерекше болғандығын дәлелдейді. Бекіністің географиялық орны және табылған артефактілер аталған елді мекендерде түрлі шаруашылықтар, өндірістер, тұрғындар арасында тауарлы-ақшалы экономикалық қарым-қатынастар болған деп пайымдауға жол ашады. Сонымен қатар соңғы антикалық дәуірде, ерте орта ғасырда Орта Азия және Каспий жағалауындағы елдермен, көшпелі қоғаммен сауда қарым-қатынасын дамытудағы соншалықты маңызын да түсіне аламыз. Зерттеу объектісіне тиындарды алуымыздың себебі мынада. Олар бізге сол заманның тиын басып шығаратын арнайы сарайлардың локальды аймағы, жұмыс жасаған уақыттары туралы ақпарат беріп қана қоймайды. Бұл тиындарды символ, белгі деп атауға да әбден болады. Оларды зерттеу әдетте сол кезеңдегі миграциялық үдерістердің қай жерлермен өткендігін анықтауға мүмкіндік беретінімен құнды. Сондай-ақ соғылған тиындардың бетінде жаңа белгілердің пайда болуы мемлекетаралық байланыстарды дәлелдейтін құжат болуы да мүмкін.

Маңғыстаудың Қарақабақ шатқалында жүргізілген экспедициялық зерттеулер барысында Қарақабақ шатқалынан бекініс мекенінің және тарихи-археологиялық деректердің табылуы сауда-саттық байланыстары болған және жоғары деңгейде қарқынды дамыған деген пайымдауды бекіте түсіп

отыр. Облыс аумағын терең зерттеп жүрген еліміздің тәжірибелі зерттеуші-археологы Андрей Астафьев бекініс аумағынан табылған жәдігерлерге сүйене отырып былай дейді: «Алдын ала зерттеулер оның біздің дәуірімізге дейінгі I ғасырда хорезмдіктер салған қуатты сауда-қолөнер факториясы екенін көрсеткен. Кейін, IV–V ғғ. аяғындағы ғұн дәуірінде қаланы жартылай отырықшы көшпенділер жайлаған. Қаланың сауда және қолөнер орталығы ретінде дамуы да осы кезең. Көптеп табылған монеталар Қытай, Бұхар, Соғды, Ежелгі Хорезм, Парфия және Сасандық Иран мен сауда байланысында болғанын көрсетеді. Византия монетасының табылуы – Еділ мен Жайық өзендері арқылы Каспий мен Қара теңіз арасын байланыстырған су жолы болғанының дәлелі. Қарақабак қалашығы – Ұлы Жібек жолының Солтүстік құрлықтық–теңіз тармағының болғанын және оның осыдан 2000 жыл бұрын Маңғыстау арқылы өткенін дәлелдейтін алғашқы материалдық куә!» [Маңғыстаудан табылған <...>].

Халықаралық дәрежедегі археологиялық жаңалықты Ресей Ғылым Академиясының археология және этнография институты Сібір бөлімшесінің аға ғылыми қызметкері Евгений Богданов та құптап отыр. Ғалымның пікірінше, «Қарақабак қалашығы I және II-V ғасыр аралығында өмір сүріп, болжалды дерек бойынша, V ғасырда жер сілкінісінің әсерінен күйреген. Ежелгі қалашықта бір кездері қолөнер мен сауда-саттық өркендеп, мыңдаған тұрғын өмір сүрген деп болжануда. Ол кезде Каспийдің деңгейі жоғары болғандықтан, бұл жерде тұщы су көздерінің мол қоры, алуан түрлі фаунасы болғаны анықталған» деп қостайды» [Маңғыстаудан табылған <...>].

Әдебиет

Астафьев А. Е., Богданов Е. С. Древний город на восточном берегу Каспийского моря // STRATUM plus. – 2019. – № 4. – С. 17–38.

Астафьев А.Е., Петров П.Н. Полуостров Мангышлак в морском торговом сообщении эпохи Золотой Орды // Археология евразийских степей. 2017. № 6. С. 101–115.

Астафьев А.Е., Богданов Е.С. Элитное погребение гуннского времени на могильнике Каракабак (Мангыстау, Казахстан) // Археология, этнография и антропология Евразии. – Т. 49, № 4, 2021. – с. 57-68

Гавритухин И.О., Астафьев А.Е., Богданов Е.С. Фибулы с поселения Каракабак (Полуостров Мангышлак)

Маңғыстау облысы аумағында табылған Алтынқазған мен Қарақабак қалашығының беткі қабаттарына археологиялық қазба жұмыстарын жүйелі жүргізу нәтижелі, табысты болғанын ескере отырып, Ұлы Жібек жолында өмір сүрген ата-бабамыздың айналадағы көрші елдермен сауда-саттық байланыстары туралы, қоршаған ортамен және басқа да әлеуметтік-саяси тұрғыдағы әрекеттерін болжап, білуге зор мүмкіндік беріп отыр. Ғалымдардың аталған мекендердің тек беткі қабатын ғана ашу арқылы тапқан дәлелдері мен деректерін ықпалдастыру, кіріктіру (интерпретациялау) арқылы тұтас халықтың күнделікті тыныс-тіршілігін жүйелеп, қалпына келтіріп, түсіндіруге болатындай. Бұлай деуге монеталардан да басқа көптеп табылған қыш ыдыстар дәлел. Бұл археологиялық зерттеу, қазба жұмыстарының әлемдік археология саласына қосылған зор үлесі деп танылуда. Тарихи артефактілерді, жәдігерлерді қалыпқа келтіру заманауи археология мәселелері мен тарихқа қызығушылықты арттыруға үлкен мүмкіндік беріп отыр. Яғни, табылған көптеген артефактілерге зер салсақ, Қарақабак қалашығының Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағы болғанын дәлелдеуге болатындай. Қарақабакты негізгі зерттеуші археолог ғалым А.Е. Астафьев Арал–Каспий аймағындағы қалашық типтес мекеннің болғанын дәлелдейтін бірден-бір ескерткіш деп атап өтеді. Бұл мақалада да автор қаладан табылған ескерткіштер оның III–V ғғ. Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағының ірі сауда-қолөнер болғанын айғақтайды. Қала типтес болғанына қабырғалардың, үйлерді салудың тастан басқа қыш кірпіштерден салынуы нұсқайды деп тұжырымдайды.

Жетекшілері

Құдайбергелі С., Абишева З., Рысбаев Б.

// Поволжская археология / глав. ред. Ситдинов А.Г. – Казан: Изд. «Фэн», 2019. – Вып. 3 (29). С. 170-189

Маңғыстаудан табылған «Алтынқазған» кешені мен Қарақабак қалашығы өңірге турист тарта алады // «Kazinform» халықаралық ақпараттық агенттігі – URL: https://lenta.inform.kz/kz/mangystaudan-tabytgan-altynkazgan-kesheni-men-karakabak-kalashygy-onirge-turist-tarta-alady_a3774120 (өтініш берілген күн 14.03.2022)

Самашев З., Кушербаев К., Аманшаев Е., Астафьев А. «Сокровища Устюрта и Мангыстау» / науч. ред. М. Елеуов. – Алматы: Археология, 2007. – 400 с.

РЫСБЕРГЕНОВ М. А.

Рысбергенов Мұса Ахатұлы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан;
rysbergenov.mussa@mail.ru

ШЫҢҒЫСТАУ ӨңІРІНДЕГІ ЕРТЕ АЛАКӨЛДІК ЖАҢА ЕСКЕРТКІШ

Аннотация. Бұл ғылыми жұмыс соңғы қола дәуірінің Шыңғыстау өңіріндегі ерте кезеңіне арналған. Алакөл мәдениетінің ерте алакөлдік кезеңіне жататын ескерткіштердің Шыңғыстау өңірінен табылуы – соңғы қола дәуіріндегі осы территорияда неғұрлым ертеде орын алған үрдістерге жарық түсіреді. Осы бір ғылыми маңызы үлкен зерттеу бағытының алғашқы сәулесі – Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданындағы Қаракемер қорымы болып отыр.

Түйін сөздер: соңғы қола дәуірі, ерте алакөл кезеңі, нұртайлық ескерткіштер, Сарыарқа, Шыңғыстау, Қаракемер қорымы.

Бүгінде отандық археологияда әлі де толығымен зерттелмеген территорияның бірі Шыңғыстау өлкесі болып отыр. Дегенмен де Шыңғыстаудың Орталық Қазақстандық тау–кен металлургия облысымен көрші жатқандығы, тіршілікке қажет табиғи ресурстардың жеткілікті болуы, дәстүрлі түрде малшылыққа жайлы келуі – өңірдің көне заманнан бері игерілуі тиіс деген ойға нұсқайды. Және де бұл ойлардың растығын осы жұмысқа арқау болып отырған Қаракемер қорымының материалдары көрсетуде. Алда сөз болатын Қаракемер қорымындағы №1 қорған б.д.д. XIX–XVIII ғ. мерзімделіп, Сарыарқадағы ерте алакөл кезеңінің нұртайлық ескерткіштерімен байланыстырылып отыр.

2021 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Қараауыл ауылынан батысқа қарай 34 км қашықтықта орналасқан Қаракемер жайлауында «Шыңғыстау археологиялық экспедициясы» қазба жұмыстарын жүргізді. Қаракемер жайлауын таулы өлкенің қойнауындағы кең жазық алқап деп сипаттауға болады. Қорым орналасқан жер теңіз деңгейінен 900 м биіктікте жатыр.

Экспедицияның жұмысы Қаракемер қорымындағы қола дәуірінің ескерткіштерін қамтыды. Қола дәуірінің саны жетеу болып табылатын шағын ескерткіштер тобы Барлыбай өзенінің оң жақ жағасы, өзен арнасынан 100 м жерде, өзеннің жайылма үсті терассасында жатыр. Олар С–О бағытта 150 м тізбекте, бір-бірлерінен әртүрлі арақашықтықта орналасқан.

Бұл жұмысқа арқау болып отырған ескерткіш №1 қорған болып табылады (1-сур.). Ескерткіш тастан жасалған қоршаудан, ғұрыптық орыннан және қоршаудың ортасында орналасқан тас жәшіктен тұрады. Қоршау бүйірімен нығыздалып қойылған,

тікертбұрышты келген сұр түсті құмтас тақтатастардан тұрғызылған. Пішімі шеңбер болып келген, диаметрі – 7 м.

Қорғанның шым қабатының қалыңдығы 0,08 м жетіп, жусан, көде, бетеге секілді өсімдіктерден тұрды. Шым қабатынан кейін 0,17 м болатын сары сұр түсті сазды топырақ қабаты алынды. Шым қабатынан материкке дейін қазылған аумақтың тереңдігі 0,25 м құрады.

Қоршаудың ішінде, солтүстік-шығыс бөлігінде, қоршау тастарынан 0,18 м арақашықтықта пішімі сопақша келген, тастан жасалған ғұрыптық орын болды. Өлшемдері: ұзындығы – 0,95 м, ені – 0,62 м, тереңдігі – 0,35 м.

Ғұрыптық орынның ішінен қыш ыдыс табылды. Қыш ыдыстың көлемі шағын, горшок тәрізді, ашық формалы қарапайым ыдыс болып табылады. Түбі тегіс, бүйірінің дөңестігі осал, иығы жоқ, мойны өте әлсіз болып келген. Эрнеуі қалың (10 мм), тегіс, сәл сыртқа жантайған. Қыш ыдыстың орнаменті бүйірінің жоғарғы тұсы (топтастырылған үш горизонтальді зиг-заг) мен мойны тұсында (топтастырылған үш горизонтальді сызық) салынған.

Қоршаудың ішінде, тас жәшіктің солтүстік (ұзын) қабырғасынан 0,50 м жерде құрбандыққа шалынған жылқының қабырғалары, жілік сүйектері мен тістері табылды (1-сур.).

Тас жәшік материк деңгейінен (0,25 м) тағы да 0,05 м тереңдікке ұзындығы 2,75 м, ені 1,15 м қазба салынғанда анықталды. Тас жәшік Б–Ш бағыт бойынша қойылған, өлшемдері келесідей: ұзындығы – 2,10 м, ені – 1,15 м, тереңдігі – 1 м. Жәшік бетінен 0,20 м тереңдікте қолданысы белгісіз қола бұйым анықталды. Жәшіктің батыс басында, 0,40 м тереңдікте жылқының



1 – сур. №1 қорған

омыртқа сүйектері мен бөктеріншегі, 0,60 м тереңдікте жылқының аяқ сүйектері табылды (2-сур.).

Тас жәшіктің ішінде екі адам жерленген: ер адам және әйел адам. Адам сүйектері әртүрлі тереңдікте, шашыраңқы түрде табылды. Дегенмен де жерленген адамдардың бастары батысқа бағытталғандығы, әрі ер адам сол жақта, әйел адам оң жақта жатқандығы туралы болжам айтуға жанама нұсқаулау бар. Оларға адамдардың бас сүйектері жәшіктің батыс жағында, ал аяқ сүйектері керісінше, жәшіктің шығыс тұсында анықталғанын, ер адамға тиесілі бұйымдардың жәшіктің сол жағында, ал әйел адамға тиесілі бұйымдар, сәйкесінше, оң жағында табылғанын жатқызуға болады.

Әйел адам жатқан тұста, 0,70-0,80 м тереңдікте биконусты қола майда моншақтар (бас және аяқ жақтан), ақ түсті паста моншақтар (бас жақтан), қола сымды майыстыру арқылы жасалған жүзік (бас жағынан) табылды.

Ер адам жатқан тұстың аяқ жағында, жәшіктің оңтүстік қабырғасы бойында, 0,90 м тереңдікте алты қола жебе – 1 сапты және 5 төлкелі, әрі 1 ретушталған тас жебе шықты (3-сур.). Олар ұштарымен шығысқа қарай қатар-қатар қойылған күйде анықталды.

Қаракемерлік №1 қорғаннан табылған жебе ұштарына талдау жасар болсақ, ондағы сапты жебе ұшының сабы қысқа әрі трапециялы, керткісз болып келген, қанаты созыңқы және үшбұрышқа келтірілген, қос жақты нервюрасы бар (ұшы мен сабында жоқ).

И.В. Мерц мұндай жебе ұштарында ұшы мен сабына жалғаспайтын нервюраның пайда болуы, қанатының созыңқы келуі, керткістердің кішіреюі немесе толық жоғалуы секілді үдерістер XIX–XVIII ғ. тән екенін атап өтіп, «батыстық стереотипті» көрсететінін айтады [Мерц 2017: 180]. Мұндай дөңгелек әрі ромб тәрізді нервюрасы бар сапты жебе ұштары Синташта II [Генинг ж.б. 1992: рис. 185, 1–5, рис. 186, 1–6], дөңгелек нервюрасы бар сапты жебе ұштары сынташтылық Қалыбай 3 қорғанынан [Логвин 2019: рис. 165, 3–5] табылғанын айта кету керек.

Төлкелі жебе ұшына келер болсақ, Қаракемерлік төлкелі жебе ұшы қос қалақшалы, қанаты созыңқы әрі тар, ланцентті формалы, дөңгелек нервюрасы бар, төлкесі жасырын. Неврюра қос жақты, ұшына қарай қатайтқыш қыр кеңірек келеді. Оқтың ағашы төлкелі жебенің ұшына дейін кигізіледі. Жебенің ұшында жүзі жоқ, оның өткір бөлігі үшбұрышқа келтірілген түрінде қатайтқыш қырға қосылады.

Қаракемерлік төлкелі жебе ұшына жобасы бойынша жақын балама Шет I [Кадырбаев, Курманкулов 1992: сур. 59, 1–6], Бозенген [Ткачев 2002: рис. 94, 1–2, 4–5] және Қызылтау [Кукушкин и др. 2019: рис. 3, 1] қорымдарында кездеседі. Аталған қорымдардан табылған жасырын төлкесі, қос жақты дөңгелек нервюрасы бар жебе ұштары Еуразияның дала аймағында табылған ірі жебелердің қатарына жатады, және б.д.д. II мыңжылдықтың бірінші жартысына жатқызылады [Евдокимов и тд. 2002: 93]. Дегенмен де қаракемерлік төлкелі жебелердің ерекшелігі олардың қатайтқыш қырының ұшына қарай кеңейіп келуінде, және жалпы сұлбасының орталық үлгілерге қарағанда созыңқы еместігінде.

Тас жебеге көшер болсақ, ол шақпақ тастан жасалған, тегіс негізді, үшбұрышқа келтірілген қанаты бар, қос жағынан ретушталған. Мұндай тас



2 – сур. Тас жәшіктің ішіндегі жылқы қаңқасының бөлшектері (сол жақта ракурс шығыс қабырғадан; оң жақта ракурс батыс қабырғадан)



3 – сур. Солдан оңға қарай: 1–4 – төлкелі жебе ұштары; 5 – сапты жебе ұшы; 6 – төлкелі жебе ұшы; 7 – тас жебе

жебелер сынташтылық әрі ерте алакөлдік (петровтық) ескерткіштерде кеңінен таралған. Кейбір ескерткіштер бойынша атап өтетін болсақ, олар: Оңтүстік Орал өңіріндегі Синташта, Синташта I қорымдары [Генинг ж.б. 1992: сур. 51, 1–4, сур. 161, 1–3, 6–8]; Устье I қонысы [Алаева ж.б. 2013: сур. 5.2, 1–10]; Кулевчи III қонысы [Виноградов 1982: 98] және т.б.; Торғай үстірті бойынша Бестамақ қорымы [Логвин 2019: сур. 31, 1–3, 5, 7, 12, сур. 53, 1, 4–12, 15, 22, сур. 64, 8–10, 16–22], Қалыбай 3 қорғаны [Логвин 2019: сур. 157, 2, 7, 8, 11, сур. 167, 1–5].

Бұл жайында Г.Б. Зданович келесідей қортынды айтады: «В памятниках петровской культуры часто встречаются каменные наконечники стрел треугольной формы с усеченным основанием и реже черешковые сейменского типа. Это единственные предметы из кремнистых пород, которые, появившись в эпоху неолита, получили широкое распространение в петровских комплексах. Каменные наконечники в урало-казахстанских степях исчезли с исчезновением петровских поселений и могильников» [Зданович 1988: 138].

Осылайша, № 1 қорғандағы тас жебе нұртайлық ескерткіштегі петровтық дәстүрдің бір нақышы ретінде көрініс беріп отырғанын айта аламыз.

Тұтастай жебе ұштары бойынша мерзімдеуге қортынды айтар болсақ, қаракемерлік сапты жебенің мерзімін анықтауда мұндай жебе ұшына тән құрылымдық үдерістер б.д.д. XIX ғ. бастау алатынына сүйену орынды. Ал төлкелі жебенің б.д.д. II мың. бірінші ширегінде пайда болған Еуразия даласындағы архаикалық массивті төлкелі жебе ұшының өкілі екенін ескере келе, б.д.д. XIX ғ. 2 ширегі–XVIII ғ. жататын Қызылтау қорымының мерзімдемесін назарға ала отыра, төлкелі жебелердің мерзімдемесі де б.д.д. XIX–XVIII ғ. сәйкес келеді деп айтуға болады. Негізінен петровтық ескерткіштерде кездесетін тас жебе ұшының Шыңғыстау өлкесінен табылуы мәдени өзгерістер

жайлы қандайда бір нақты ой тізуге әлі жеткілікті негіз бола алмайды. Сондықтан №1 қорғанда табылып отырған барлық жебе ұштары бойынша қаракемерлік ескерткішті б.з.д. XIX–XVIII ғ. мерзімдеуге әбден болады деп санаймын.

Жерлеу дәстүрін талдауға көшетін болсақ, Қазақстанның қола дәуірінде жылқы малын ғұрыптық мақсатта құрбандыққа шалып жерлеу дәстүрі ерте алакөлдік кезеңге тән болып келеді. «Ерте алакөл» деп айтылып отырған кезеңге б.д.д. XVII ғ. бастау алатын алакөл мәдениетінің классикалық нұсқасына дейінгі ескерткіштер жатады. Бұл ескерткіштер тұңғыш рет Петропавлдық Есіл бойында зерттеліп, Г.Б. Здановичпен 1975 ж. «петров мәдениеті» атауымен ғылыми айналымға енгізілген болатын. Ерте алакөлдік ескерткіштердің таралу ареалы А.А. Ткачевтің ізденістері нәтижесінде Орталық Қазақстанға дейін кеңейіп, 1999 ж. «нұртайлық мәдениет» атауы берілді.

Қаракемерлік ескерткіш Бозенген мен Нұртай секілді көрнекі нұртайлық ескерткіштермен байланыстырылып отыр. Себебі бұл қорымдардағы келесідей жерлеу дәстүрі қаракемерлік ескерткіштен байқалып отыр:

- бүйірімен нығыздалып тұрғызылған тақтатасты қоршау;
- құрбандыққа шалынған жылқы сүйектерінің болуы;
- қорғанның ортасында батыс секторға қаратылып тұрғызылған тас жәшік пен сәйкесінше бастары батысқа қаратылып жерленген адамдар;
- нұртайлық ескерткіштердегі төлкелі жебелердің үлгілері табылуы.

Дегенмен де, нұртайлық ескерткіштер бөлек мәдениет дәрежесінде емес, ерте алакөлдік ескерткіштердің Орталық Қазақстан мен Шыңғыстау өлкесіндегі нұсқасы, яғни Сарыарқадағы петровтық ескерткіштердің түрленуінен пайда болған ерте алакөлдік ескерткіштер ретінде қарастырылып отыр.

Менің ойымша, соңғы қола дәуірінің басында үлкен территорияны қамтыған, ұқсас табиғи-географиялық

ортада бір шаруашылық түрін ұстанған Солтүстік, Орталық және Шығыс Қазақстан өңірлеріндегі ерте алакөлдік қауым бір мәдени кеңістікті қалыптастырғанға ұқсайды. Оның үстіне осы өңірлерде өмір сүрген ерте алакөлдік тұрғындардың алакөлдік малшылар мәдени-тарихи қауымының іргесі болуы – ерте алакөлдіктердің өздері ортақ шығу тегі бар туыс тайпалар болуымен қатар бір мәдени импульстің ықпалы негізінде салыстырмалы түрде біртұтас мәдени кеңістікті қалыптастырған қауымдар болуында да деп ойлаймын.

Мұндай көзқарасым заттай деректер негізінде зерттелетін археологиялық ескерткіштерді заттың ізін «қазбалауға» салынып бөлшектей бермеген дұрыс деген ойым негіз болып отыр. Сондықтан мен жергілікті ерекшеліктері бар ерте алакөлдік ескерткіштерді талдаған уақытта оларды қалдырған тұрғындар мен олардың мәдениетін тұтастырудан туындағанды жөн деп санаймын. Себебі археологияның жазба деректер болмаған жағдайдағы осал тұсы – тарихтағы адами фактор мен этникалық картинаны, этникалық қарым-қатынас модельдерін толық әрі сенімді түрде қалпына келтіре алмауында. Сол себепті ауқымды миграциялар орын алған, материалдық мәдениетінде түрөзгерістер мен кейбір өзара айырмашылықтар болып отырған ерте алакөлдік кезеңнің мәдениетін жалпы біртұтастықтың шеңберінде жетіліп отырған деген ойдың тұрғысынан қарастыру – ең байсалды ұстаным болар еді деп санаймын.

Осы тұрғыда қаракемерлік ескерткішті қалдырған тұрғындар Орталық Қазақстандық тау-кен металлургия облысын игере бастаған нұртайлықтармен етене-жақын болған деп ойлаймын. Орталық Қазақстандағы ерте алакөлдік ескерткіштердің пайда болу мәселесіне келер болсақ, И.А. Кукушкин Орталық Қазақстан үшін энеолиттік немесе ерте қоғалық ретінде белгілі ерте алакөлдік мәдениеттің іргесі болған деген мықты мәдени қабаттың анықталмағанын айтып отыр. Сондықтан ерте алакөлдік мәдени стереотиптер қалыптасу ошағынан толық, әрі бір сәтте көшіп келгендігі, осыған орай жергілікті негізде конвергентті даму нұсқасы туралы айтудың мүмкін еместігі жайында ой қорытуда [Кукушкин и др. 2019: 109–110].

И.А. Кукушкин сонымен қатар Орталық Қазақстандағы алакөл мәдениетін келесідей жүйелеуді ұсынуда:

1. Ерте кезең – б.д.д. XIX–XVII ғ. 1 жарт.
 - петровтық саты (б.д.д. XIX–XVIII ғ.);
 - нұртайлық саты (б.д.д. XVIII–XVII ғ. 1 жарт.);
2. Классикалық кезең – б.д.д. XVII ғ. 2 жарт. – XVI ғ.

Бұл концепцияның негізгі мәні келесідей болып табылады: ерте алакөл кезеңінің петровтық сатысында

аталған ескерткіштерді қалыптастырған тұрғындар Орталық Қазақстанға келіп қоныстанды. Бұл үрдіс өңірдегі петровтық дәстүрлердің қысқа мерзімді тарихын көрсетіп, уақыт өте келе нұртайлық сатыда орын алған өзгерістерге жол береді [Кукушкин, Дмитриев 2020: 96].

И.А. Кукушкин нұртайлық сатының ескерткіштеріне Бозенген, Нұртай, Танабай, Табылды, Аяпберген қорымдарын жатқызып, ерте алакөлдік кезеңнің кейінгі сатысында оның ерте сатысына (петровтық) тән белгілердің жоғалуы орын алады деп тұжырымдайды. Бұл үдерістің келесідей көріністерін атап өтеді: шаппақ тастардан жасалған жебе ұштары жоғалады; топырақ қабірлер толығымен жойылып, тас жәшіктер кең таралады; керамикалық кешенде кішірею үдерісі бар қырлы пішінді ыдыстармен қатар, қорымдардың керамикалық коллекцияларында төмен иықты (кертпеш) ыдыстар басым бола бастайды; күймелік жылқылардың жерленуі сирейді, тек қана орталық қорғанда жүргізіледі; тұтастай алғанда бұл кезең күймешілік институтының тозуын және классикалық алакөл кезеңіне біртіндеп көшуді білдіреді [Кукушкин и др. 2019: 130].

Қаракемерлік ескерткіштерде алдағы уақытта анықталуы ықтимал петровтық дәстүрлердің жекелеген нақыштарының болуы – өңірдегі трансформациялық үрдістерді көрсетуі әбден мүмкін.

Осылайша, қаракемерлік ескерткіш ерте алакөлдік тұрғындардың Шыңғыстау өлкесіне дейін қоныстанғаны жайлы хабар беріп отыр. Жерлеу дәстүрі мен табылған жебе ұштары негізінде жасалған салыстырмалы-тарихи әдіс бойынша ескерткіш б.д.д. XIX–XVIII ғ. мерзімделді. Сарыарқадағы ерте алакөлдіктердің ескерткіштерінде қандайда бір жергілікті тұрғындардың елеулі ықпалы әзірше анықталмағандықтан, бұл өңірге ерте алакөлдік дәстүрлер қалыптасқан күйінде келіп, қоғамның әлеуметтік-экономикалық динамикасымен байланысты ары қарай түрленгені жайлы айта аламыз.

Сонымен, болашақтағы зерттеулер бойынша қысқа тұжырым айта кетер болсақ, Шыңғыстау өлкесінің ерте алакөлдік кезеңін неғұрлым толық зерттеу үшін қорымдардан ғана алынған материалдар жеткіліксіз екенін атап өткіміз келіп отыр. Сол себепті алдағы уақыттағы зерттеу жұмыстарының маңызды мақсаттарының бірі қоныстарды анықтап, қоныстар бойынша жүргізілген зерттеу нәтижелерін қорымдардың материалдарымен салыстыру болып табылады.

*Ғылыми кеңесші
т.ғ.к. Үмітқалиев Ұ.Ұ.*

Әдебиет

Алаева И.П., Бачура О.П., Виноградов Н.Б. и др. Древнее Устье: укрепленное поселение бронзового века в Южном Зауралье: коллект.моногр. / Отв. ред. Н.Б. Виноградов; науч. ред. А.В. Епимахов. – Челябинск: Абрис, 2013. – 482 с.: илл.

Виноградов Н.Б. Кулевчи III – памятник петровского типа в Южном Зауралье // КСИА. – Вып. 169. – 1982. – с. 94-99.

Генинг В.Ф., Зданович Г.Б., Генинг В.В. Синташта. Ч. 1. Археологические памятники арийских племен Урало-Казахстанских степей / Челябинск: Юж.-Урал. кн. изд-во, 1992. – 407 с.

Зданович Г.Б. Бронзовый век Урало-Казахстанских степей (основы периодизации) Свердловск: Изд-во Урал ун-та, 1988. – 184 с.

Евдокимов В.В., Ткачев А.А., Ткачева Н.А. Могильник эпохи бронзы Бозенген памятник нуртайского типа // Вестник археологии, антропологии и этнографии. – Тюмень: ИПОС СО РАН, 2002. – 84-95 с.

Кадырбаев М.К., Курманкулов Ж. Культура древних скотоводов и металлургов Сары-Арки. Алматы: Гылым, 1992. – 247 с.

Кукушкин И.А., Дмитриев Е.А. Алакульские захоронения могильника Сенкибай-2 // Маргулановские чтения – 2020. Т. 2. Материалы международной научно-практической конференции «Великая Степь в свете археологических и междисциплинарных исследований» (г. Алматы, 17–18 сентября 2020 г.) / Гл. ред. Байтанаев Б.А. – Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана, 2020. – с. 84–98.

Кукушкин И.А., Дмитриев Е.А., Кукушкин А.И. Материалы могильника Кызылтау как отражение срубного компонента в формировании раннеалакульских древностей Центрального Казахстана // Теория и практика археологических исследований. – Т. 26, № 2. – Барнаул: Алтайский государственный университет, 2019. – 109-130 с.

Кукушкин И.А., Дмитриев Е.А., Макен А.Б. Элитные курганы могильника Табылды (эпоха бронзы) // Маргулановские чтения – 2019. Материалы международной археологической научно-практической конференции, посвященной 95-летию со дня рождения выдающегося казахстанского археолога К.А. Акишева (г. Нур-Султан, 19–20 апреля 2019 г.) / Гл. ред. Байтанаев Б.А., Отв. ред. Хабдулина М.К. – Нур-Султан, 2019. – 120-132 с.

Логвин А.В. Синташтинско-петровские древности Тургайского прогиба: дис. ... кандидата исторических наук: 07.00.06 / Кемер. гос. ун-т. – Кемерово, 2019. – 429 с.

Мерц И.В. Культура населения Восточного Казахстана в эпоху ранней бронзы: диссертация... кандидата Исторических наук: 07.00.06 / ФГБОУ ВО Алтайский государственный университет, 2017. – 345 с.

Ткачев А.А. Центральный Казахстан в эпоху бронзы. – Тюмень: ТюмГНГУ, 2002. – Ч. 1. – 289 с.



КЕМБАЕВА А.К.

Кембаева Асем Кадырхановна
Институт археологии им А.Х. Маргулана,
Алматы, Казахстан;
asem.kembaeva@mail.ru

ИСТОРИЯ ИЗУЧЕНИЯ СРЕДНЕВЕКОВЫХ СТЕКЛЯННЫХ ИЗДЕЛИЙ ЮГА КАЗАХСТАНА

Аннотация. Стекло – неорганическое вещество, материал, известный и используемый с древнейших времён. За годы изучения городской и степной культуры на территории Казахстана было найдено огромное количество стеклянных изделий, большинство из которых выявлено при раскопках городов и поселений Южного Казахстана.

Ключевые слова: Стекло, стеклянные изделия, история, Южный Казахстан, средневековье.

Стекло – пластичный, изящный и невероятно красивый материал, который использовался человеком еще с древних времен. Получение стекла искусственно – трудоемкий и непростой процесс, зарождение которого, по мнению большинства исследователей, произошло в Месопотамии и Древнем Египте [Абдуразаков, Безбородов 1966: 11–15].

Средневековые стеклянные изделия Казахстана и их изучение до нашего времени не являлось предметом всестороннего исследования, однако имеются отдельные научные труды, посвященные коллекциям стекла, найденных при раскопках средневековых городов и поселений Южного, Юго-Восточного и Юго-Западного регионов.

На разных этапах, вопросами изучения стеклянных изделий и предметов, поиском аналогий и центров стекольного производства, занимались различные ученые, археологи и историки, такие как Е.И. Агеева [Агеева 1970: 7–21], Т.Н. Сенигова [Сенигова 1972: 166–169], Г.И. Пацевич [Пацевич 1956: 76], А.Н. Бернштам [Бернштам 1950: 159], К.М. Байпаков [Байпаков 2013: 352–365], Т.С. Доцанова [Доцанова 2008: 141–146], перекрестными исследованиями, связанными с вопросами производства стекла на территории Средней Азии, занимались и другие исследователи, такие как А.А. Абдуразаков, М.А. Безбородов [Абдуразаков, Безбородов 1966: 11], М.Т. Аминджанова [Аминджанова 1965: 153].

На территории Казахстана первые изделия из стекла – бусы – относятся к эпохе бронзы и выявлены при раскопках могильников Тау–Тары, Боровском 2, Былкылдаке I и II, Бегазы и Атасу, в могильнике на берегу р. Шерубай Нура, а также на поселении Камай [Агеева: 7]. Отметим, что вышеуказанные находки были изготов-

лены из «стекловидной массы», то есть непрозрачного природного стекла. Данное обстоятельство связано с тем, что в это период человеку еще не была знакома технология и методика изготовления стекла.

Массовые находки стеклянных изделий на территории Южного, Юго-Восточного и Юго-Западного Казахстана, изготовленные методами свободного выдувания или путем отливки в форме относятся к X веку. Примечательно, что формы и виды изделий из стекла, практически до начала XIII века не меняются и имеют некоторое сходство с аналогичными стеклянными изделиями из городов и поселений Средней Азии [Байпаков 1986: 163].

Наиболее интересная коллекция средневековых стеклянных изделий была найдена в 1940 г. Джамбульским археологическим пунктом и в 1938–1939 гг. Семиреченской археологической экспедицией на городище Тараз.

Коллекцию стеклянных изделий из городища Тараз можно разделить по формам сосудов на следующие группы: графины (30 экз., из них 2 с ручками), флаконы (2 экз.), рюмки (9 экз.), миски трапецевидные (20 экз.), тарелки (31 экз.), массивные миски (10 экз.), бокалы (2 экз.), пробирка (1 экз.), донца вогнутые (32 экз.), донца с орнаментом (4 экз.), прочие формы (14 экз.). Среди выделенных артефактов преобладали миски и близкие к ним тарелки, пиалы (61 экз.) и графины (30 экз.). Многие формы стеклянной посуды обнаруживают аналогии в материалах из городищ Средней Азии IX–XIV вв., а именно: замок Калаи-боло 16, Афрасиаб 17, Кулдортобе 18, Хульбук 19, замок Шахсенем 20, Узген 21 и др. [Агеева 1970: 18–19].

Коллекция стеклянной посуды из городища Тараз уникальна, поскольку она является первой компактной

находкой на территории Казахстана, однако в связи с неразработанностью вопросов хронологии данных изделий, датировать аналогичные находки возможно лишь по сопутствующим артефактам, таким как керамика или монеты. Необходимо отметить, что помимо стеклянных изделий были зафиксированы косвенные доказательства существования местного стекольного производства – бракованные фрагменты и стекольный шлак.

Не менее значимой и интересной является коллекция стеклянных изделий из городища Отрар и Куйрык-тобе. С 1971 года, с момента создания Южно-Казахстанской археологической экспедиции и по сей день, в результате многолетних исследований была собрана впечатляющая коллекция стеклянных предметов.

Стеклянные изделия из городищ Отрар и Куйрык-тобе представлены в виде фрагментов графинов, кувшинов, кружки-бокалов, горшков с ручкой, стаканов, банкообразных и рюмковидных сосудов, флаконов, чаш, тарелок, алабиков, сфероконусов и ламп. На основе систематизации археологического материала были выделены типы, характеризующие особенности конструктивных элементов и декоративного оформления посуды. По функциональному назначению стеклянные сосуды распределяются по шести группам изделий: хозяйственно-бытовая, санитарно-гигиеническая, парфюмерно-аптекарская, химическая, а также лампы и оконное стекло. Изделия датируются X–XII вв., в том числе и по сопровождающему комплексу монет и керамических находок. Стеклянные изделия из Отрара и Куйрык-тобе в большинстве своем имеют зеленый, зелено-голубой (сине-зеленый), желто-зеленый цвет разных оттенков [Байпаков 2013: 352–365].

Изделия из стекла так же были найдены в Талгаре и Каялыке (Антоновка) – центрах ремесла и торговли Северо-Восточного Семиречья. Вся коллекция стеклянных предметов из вышеуказанных городов представлена лишь фрагментами, которые в свою очередь представляются достаточно информативными. Отличием стеклянных изделий из Талгара и Каялыка от предметов из Тараза и Отрара является четко прослеживающийся известковый слой и относительно плотный слой иризации [Досжанова 2008: 141].

Хозяйственно-бытовая стеклянная посуда из вышеперечисленных городищ представлена следующими видами: кувшины, рюмки, чашки, кружки. Талгарские кувшины имеют цилиндрическое горлышко и овальное тулово. Горлышко декорировано стеклянным наварным жгутом, в отличие от южно-казахстанских, они более массивны, толстостенны, непрозрачны и имеют вогнутое тулово.

Большую часть коллекции стеклянных изделий из городища Антоновка составляют многочисленные фрагменты оконных дисков. Цвет стекла оконных дисков – белый, голубой, зеленый. Стекло относительно прозрачное, со множеством мелких пузырьков. Локальными особенностями оконных дисков являются: высокое конусообразное возвышение, выраженные концентрические линии на плоских частях, полупрозрачное стекло с видимыми непроваренными частицами песка, что говорит о невысоком качестве местного производства [Байпаков 2011: 30–31].

Таким образом, можно сделать несколько приоритетных выводов. Во-первых, в каждом регионе юга республики, в крупных центрах городской и оседлой культуры, были найдены фрагменты стеклянных изделий, выполненных методом свободного вдувания, либо методом отливки в формах, относящихся к периоду X–XIII вв. Во-вторых, несмотря на многолетние исследования и раскопки, на территории Южного Казахстана не было найдено ни одной стеклоплавильной печи, однако это не дает право отрицать возможность существования местного стекольного производства. В-третьих, исследования и археологические раскопки продолжают повсеместно в каждом регионе, что в перспективе, дает возможность сделать еще более уникальные и неповторимы открытия в мире стекла и стекольного производства.

Литература

- Абдуразаков А.А., Безбородов М.А. Средневековые стекла Средней Азии (опыт химической характеристики). – Издательство «Фан» Узбекской ССР. Ташкент. – 1966. – С. 166
- Агеева Е.И. Средневековое стекло из Тараза. «По следам древних культур Казахстана». – Алма-Ата: Наука, 1970 г. – С. 7–21
- Байпаков К.М. Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья (VI–начало XIII в.). – Алма-Ата: Наука, 1986. – 256 с.
- Байпаков К.М. Древняя и средневековая урбанизация Казахстана (по материалам исследования Южно-Казахстанской комплексной археологической экспедиции). Книга II. Урбанизация Казахстана в IX – начале XIII в. – Алматы: «Гылыми Қазына», 2013. – 514 с., илл.
- Досжанова Т.С. Оконное стекло на городище Талгар //Известия НАН РК. Серия общественных наук. – №1. – Алматы, НИЦ «Гылым», 2008. – С. 141–146
- Пачевич Г.И. Раскопки на территории древнего города Тараза. – Труды ИИАЭ АН КазССР. – т. 1. – Археология. – Алма-Ата, 1956. – С. 33–60.
- Труды Семиреченской археологической экспедиции. «Чуйская долина»/сост. под рук. А.Н. Бернштама // МИА – № 14. – М. –Л.: 1950. – 160 с. + XV табл.
- Художественная культура Центральной Азии и Азербайджана IX–XV вв. Том II. Стекло. – Самарканд – Ташкент: МИЦАИ, 2011. – 182

ЖАЛЕЛОВ А.А.

Жалелов Алмас Арманович

Костанайский региональный Университет им. А.Байтурсынова,
г. Костанай, Казахстан;
nacion98@mail.ru

РАЗВЕДОЧНЫЕ РАБОТЫ ТУРГАЙСКОЙ АРХЕОЛОГИЧЕСКОЙ ЭКСПЕДИЦИИ ПО РЕКАМ КАРА-ТУРГАЙ И КАРА-КЕНГИР ЛЕТОМ 2021 ГОДА

Аннотация: В статье, на основе полученных каменного материала и керамики с археологической разведки по Центральному Казахстану анализируются возможные маршруты миграций племен маханджарской культуры. В процессе камеральной обработки были выявлены разновременные памятники, давший смешанный материал. Среди них имеются стоянки, имеющих значительную типологическую схожесть с материалами маханджарской культуры.

Ключевые слова: маханджарская культура, неолит, Центральный Казахстан, Кара-Тургай, Кара-Кенгир.

Введение. В рамках гранта МОН РК Тургайской археологической экспедицией проводится широко-масштабное исследование неолита Тургая. Одной из важнейших задач исследования является поиск маршрута миграций неолитического населения Тургая. Для выполнения этой задачи в полевом сезоне 2021 года была проведена археологическая разведка по берегам рек Кара-Тургай и Кара-Кенгир (Костанайская и Карагандинская области) (рис. 1). В результате разведочных работ было обнаружено 19 новых археологических памятников. В эпоху неолита Тургайский прогиб населяли племена маханджарской культуры, которая была выделена В.Н. Логвиным в 70-е годы прошлого столетия. Одной из особенностей маханджарской культуры является ее выразительная керамика. Присущие маханджарским сосудам характеристики, среди посуды других культур неолита Урало-Казахстанского региона не встречаются. Среди них необычная форма и добавление в формовочную массу шерсти и волоса животных [Шевнина 2014: 144].

Характеристика материалов. В ходе разведки почти на каждом памятнике удалось получить фрагментированную керамику. Несмотря на это, определить хронологическую датировку и культурную принадлежность памятников ввиду малых размеров фрагментов невозможно. Однако на некоторых памятниках имеются экземпляры, которые можно соотнести с маханджарской керамикой. Это неорнаментированный фрагмент со стоянки Коргасын 1, обнаруженный в разведочном шурфе. По профилировке он близок к шейкам маханджарских сосудов. Помимо этого, имеется небольшое количество фрагментов с шерстью и волосом живот-

ных, которые обнаружены на стоянках: Кызылтурме 2, Терисайрык 1, Коргасын 1, родник Котырбулак. Поэтому каменные коллекции данных памятников будут рассмотрены более подробно, за исключением стоянок Кызылтурме 2 и Терисайрык 1, подъемный материал которых явно недостаточен для проведения основательных аналогий.

Полученный каменный инвентарь со всех памятников составляет – 2490 единиц. В качестве сырья использовались в основном кварцитопесчанники – 2275 единиц или 91,4%. (Кара-Тургай – 92,6% и Кара-Кенгир – 88,2%). Преобладают серая, розовая, коричневая расцветки и их оттенки. Так, одним из различий между мезолитом и неолитом Притоболья является сырье для изготовления орудий. Следует отметить, что такое же сырье начало широко использоваться для изготовления орудий в Тургае в период неолита, в отличие от мезолитического времени, когда в подавляющем количестве случаев использовались халцедонолиты, кремнистые алевролиты и яшмокарциты [Логвин 1991:16].

Выраженный пластинчатый комплекс зафиксирован на нескольких стоянках: Кызылтурме 1, Малшыбай 1, Маятас 13, родник Котырбулак (табл. 2). На них обнаружено относительно большое количество пластин без ретуши и орудий на пластинах, последние составляют значимый процент среди общего числа орудий. Данное отношение варьируется в пределах от 32,5% до 54,5%. Каменный инвентарь на данных стоянках является смешанным, но пластинчатый комплекс, явно не микролитического облика, по всей видимости, отложился в неолитическое время. На других памятниках каменный инвентарь предоставлен небольшим коли-




Рис. 1. Схема расположения памятников по рекам Кара-Тургай и Кара-Кенгир

чеством материала, недостаточного для каких-либо суждений. Среди них Алимбай 2, родник Карабулак, Терисайрык 1, Сарт 1 и др. Возможно, это связано с их кратковременностью, что обычно для стоянок древних охотников [Чалай, 1969:194].

Стоянка родник Котырбулак находится в 80 км к юго-востоку от села Улытау, на роднике Котырбулак (левый берег реки Сары-Кенгир). Доля пластин к общему числу каменных находок составляет 20%. В составе орудий (43 экз.) этот показатель выше – 32,5%. Большой процент орудий из отщепов на роднике Котырбулак по аналогии со стоянкой Екидин 24, которая относится к «чистым» маханджарским коллекциям, объясняется их близостью к выходам сырья. Для таких неолитических стоянок доля орудий из отщепов несколько выше в сравнении с аналогичными памятниками в других регионах [Логвин 2002: 97]. Имеется типологическая схожесть с каменным инвентарем маханджарской культурой. Это касается призматической техники расщепления. Так, найден один целый нуклеус для снятия пластин. Цилиндрической формы, с одной рабочей прямой слегка скошенной площадкой. Негативы от снятия пластин регулярные, по одной стороне окружности. Ширина негативов от снятия пластин – 8–9 мм. Также найдено два скола с нуклеусов и один истощенный нуклеус для снятия отщепов, что говорит о возможной первичной обработке камня непосредственно на стоянке. Один из признаков характерный для неолитических памятников маханджарской культуры –

довольно крупная ширина пластин. Так, для мезолита свойственен микролитический комплекс с шириной пластин 4–7 мм. В неолите наблюдается укрупнение каменных орудий, в т.ч. пластин шириной 13–16 мм [Логвин 1991: 18]. На рассматриваемой стоянке ширина всех пластин больше 7 мм (рис. 2). Орудия на пластинах значительно шире заготовок, преимущественно представленными сечениями. Преобладают пластины, ретушированные со спинки по одному краю, экземпляры, обработанные с брюшка встречаются реже. В каменной коллекции стоянки имеется пластина с противоположной ретушью: по всей длине спинки и частично с брюшка.

Если для маханджарской культуры характерно применение в равной степени затупливающей и приостряющей ретуши, то на исследуемой стоянке значительно преобладает затупливающая обработка пластины. Данное наблюдение сближает Котырбулак со стоянками оюклинской культуры [Логвин, Шевнина 2020: 63].

ции населения» [Переведенцев 1975: 231], Б.С. Хорев пен В.Н. Чапектың «Проблемы изучения миграции населения» [Хорев 1978: 258] атты еңбектерінде көші-қон үрдісі қарастырылғанымен өзіндік зерттеуді қажет ететін мәселелер бар. Аталған зерттеулерде көші-қонның қалыптасу және даму кезеңдерін, оны зерттеудегі әдіс-тәсілдерді негізгі аспектілерімен таныстырып, нақты міндетті шешудің, негізгі мақсатқа жетудің жолын методологиялық негізде талдаған, нақты деректер негізінде қарастырады. Осы зерттеулерді қарастыра отырып, жалпы көші-қон тарихының негізгі оқиғалары, фактілері мен құбылыстарын зерттеп, теориялық жинақтау мен анықтамаларды қалыптастыруға көмектеседі. Бірақ, қарастырылған осы еңбектерде көші-қон үрдісінің тарихына тоқталмай, тек қана көші-қон үрдісіне жалпылама түрде түсінік бергенің көреміз.

Екінші топқа, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігін алғаннан кейінгі жылдардағы ғылыми зерттеулерді қарастырамыз. Себебі, Тәуелсіздікті алғаннан кейін қазақ халқының тарихын білу, Республика үшін басты мәселелердің бірі болды. Сонымен бірге еліміздегі ұлттардың тарихын баяндайтын көптеген ғылыми еңбектер мен тың материалдар жарық көрді.

Еліміз өз тәуелсіздігін алғаннан кейін жарық көрген еңбектердің бірі, 1991 жылы шыққан М. Х. Асылбеков пен Ә. Б. Ғалиевтің «Социально – демографические процессы в Казахстане (1917–1980 гг)» [Асылбеков, Ғалиев 1991: 192–195] атты еңбектері жарық көрді. Бұл зерттеуде Қазақстандағы халықтардың құрамына жан-жақты талдау жасалып, тарихи демографияны зерттеудің методологиясы мен статистикалық деректерді синтездеп, демографиялық санағының қорытындыларына баға берген, бірақ көші-қон үрдісін жеке зерттеу объектісі ретінде нақты зерттеулер көрсетілмегенің атап өтуге болады.

Кеңес үкіметінің орнауы мен орнығуы тұсындағы Қазақстандағы көші-қон үрдісі XX ғасырдың басындағы тарихи оқиғалармен тығыз байланыста жүрді. Қазақ халқының құрамын, көші-қонның үдерісін, шетелге ауған қазақтардың тарихын алғашқылардың бірі болып Т.О. Омарбеков зерттеді. Ол өзінің «1920–1930 жылдардағы Қазақстан қасіреті» еңбегінде «шетелдерге біржолата көшіп кеткен қазақтар жалпы алғанда 100 мыңға жуық» [Омарбеков 1997: 243–245] деп көрсетеді. Ғалым шетелге көшіп кеткендердің санын асыра көрсетушілердің мәліметі ашаршылықтан өлгендердің санын кемітіп көрсетуге алып келетіндігін де атап өткен. Жоғарыда аталған зерттеушілер шетелдерге көшкен қазақтар санын көрсетуде әр түрлі мәліметтер келтірілсе, бұл көшушілердің негізінен шекаралық аудандарды қамтығаның бірауыздан мойындады. Оның

себептерін Т.О. Омарбеков былай түсіндіреді: «Біріншіден, шекаралық аудандарда күштеп ұжымдастырудың қатал саясатын шекаралық аймаққа тән әскери ахуал, шекара әскерлерінің осы аудандарға ішкі істерге араласуы ауырлата түсті; екіншіден, шекаралық аймақтардағы қазақтардың арғы бетте рулас, қандас туыстары орналасқан еді. Олар онда саяси-әлеуметтік ахуалдың қалыпты екендігін айтып, туыстарын шекарадан аман-сау өткізіп алуға мүдделі болуы; үшіншіден, 1920 жылдары шекаралық аудандардан Синь-Цзяньмен еркін сауда өріс алғандықтан, қытайдағы едәуір тыныш өмірден шекара қазақтары жақсы хабардар еді; төртіншіден, шекарадағы тәртіпті, одан жасырып немесе ашық түрде қалай өтіп кетуге болатындығын тек шекара аймағындағы тұрғындар ғана білді; бесіншіден, шекарадан рұқсатсыз өту мемлекеттік қылмыс болып саналмағандықтан, шекара қазақтары мен ұйғырлары өте құпия даярлаған, бұл іске сенімді деген өздерінің ағайын-туыстарын және ауыл-аймақтарын ғана тартты. Сондықтан да мұндай нар тәуекелге басқа орталық аудандардан босап келген бірлі жарым қазақтың қатыстырылуы да екі талай болды; ең соңында, алтыншыдан шекаралық аудандар төтенше тәртіп болғандықтан, бұл жерлерге басқалардың басып келуі бірден көзге түсті, олар тексеруге ұшырап, кейін қайтарылды немесе қажеті бар болса, қатал бақылауға алынды» [Омарбеков 1997: 243–245]. Еңбекте жүргізілген зерттеулерінің қолданған деректерін көріп отырып, оның ғылыми маңыздылығы зор екендігін байқаймыз.

Кеңес өкметінің әртүрлі кезеңдеріндегі саяси факторлардың әсерінен орын алған көші-қон үрдістерінің ауқымы мен ерекшеліктерін және себептері мен нәтижелерін объективті түрде ашып талдаған, көші-қон үрдістерінің мәселесіне байланысты саясатын тиімді түрде жүзеге асырудағы әдіс-тәсілдерінің бағыттарын айқындап, нәтижесін көрсеткен Е.М. Акшалав пен М.Б. Тәтімовтың «Формирование самостоятельной демографической и миграционной политики Республики Казахстан» атты монографиясы боп табылады [Акшалав, Тәтімов 1987: 78]. Бұл еңбекте Қазақстанның ұлттық құрамын зерттеудегі көші-қон саясатының мәселесін саралауға көп септігін тигізді.

Алғаш республикамызда еліміздің бұрынғы тұрғындарының тарихына, орналасуына, көші-қон мәселесіне ерекше көңіл бөліп, тарихын зерттеген Г.М. Мендіқұлованың «Казахская диаспора: история и современность» атты монографиясын ерекше атауға болады [Мендіқұлова 1997: 262]. Зерттеуде қазақ халқының Қытайда, Үндістанда, Пәкістанда және басқа мемлекеттерде тұрақтануы мен қазақ жері-

нен көрші елдерге не себепті қоныс аударып кеткендігі туралы және шетелдердегі қазақ азаматтардың қазіргі тұрмыс жағдайын жан-жақты талдап, олардың шарушылық-экономикалық, саяси жағдайларын кеңінен қарастырған. Еңбектегі қазақ халқының көші-қон үрдісін жан-жақты талдап, нақты деректермен айқындаудың маңызы зор.

Тарих ғылымының докторлары Г.М. Мендіқұлова мен Б.Ж. Атантаеваның «История миграций между Казахстаном и Китаем в 1860–1960 гг.» [Мендіқұлова, Атантаева 2008] ғылыми зерттеу жұмысының маңызы зор. Осы зерттеудің бірінші бөлімінде, Халықаралық көші-қон үрдісінің себеп-салдарын, оның түрлеріне, кезеңдеріне бөліп, маңыздылығын ашып көрсеткен, кейбір теориялық-методологиялық негіздерін зерттеп, айқындаған. Сонымен бірге, әр кезеңдегі зерттеушілерді бірнеше топқа бөліп, олардың еңбектерін жан-жақты қарастырып, салыстырмалы түрде талдау жасалып, негізгі анықталған. Еңбегінің екінші бөлімінде, зерттеудің хронологиялық шеңбері 1860 – 1917 жылдар аралығын қамтиды. Онда Қазақстан мен Қытай арасындағы көші-қон үрдісінің қалыптасуын, екі ел арасындағы көші-қон үрдісінің себеп-салдарын және де ондағы саясатын, әлеуметтік-экономикалық жағдайын қарастырады. Ал, үшінші бөлімі 1920 – 1960 жылдардағы Қазақстан мен Қытай арасындағы көші-қонды зерттеп қарастырылған. Осы бөлімінде XX ғасырдың басындағы Қазақстан – Қытай мемлекет аралық көші-қон мәселесі зерттеледі. Еңбекте Қазақстан және Қытай арасындағы көші-қон үрдісінің көлемі және сипаттамасына қатысты мемлекеттік көші-қон саясатының өзгергендігі, көшіп-қонушылардың жаңа ортаға бейімделуі туралы сөз болады. Әр түрлі кезеңдерде екі мемлекеттің саяси жүйесіне, көші-қонның әртүрлі жолдарының дамуына әсер еткендігіне көз жеткіземіз.

Тәуелсіздік жылдарында дүниеге келген тарихи туындылар біріктірілді. М.Қ. Қозыбаевтың, Ж.Б. Әбілхожиннің, Қ.С. Алдажұмановтың «Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства» [Қозыбаев, Әбілхожин, Алдажұманов 1992: 35] атты еңбектерінде кеңестік кезеңде шектен тыс саясаттандырылған тарихи демография саласын шынайы зерттей отырып, оның өзекті мәселелерін жаңа тұжырымдамалық көзқараспен қарастырып, талдаған. Сонымен қатар, осы зерттеудің басты мақсаты ХХІ ғ. басындағы көші-қондық мәселелерінің объективтілігіне, тарихи шынайлығына мән бере отырып талдаған болып табылады. Авторлар, Қазақстандағы ұлттардың көші-қон саясатын қарастырып, шетелдегі қазақтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайының негізгі өзектілігін көрсете білген. Қазақстандағы халықтардың

көшіп-қоныстануының себептерін, олардың сандық динамикасын, орналасу жерін, басқа ұлттармен қарым-қатынасын салыстырмалы, тарихи тұрғыда талдау жасаған. Сонымен қатар, Қытай халқының негізгі саяси оқиғалары көрсетіліп, басқа елдермен сауда саттық жолдарының дамуын, нәтижесін анықтап зерттеген. Бұл жұмыста қазақстандық, қытайлық және басқа да шетел зерттеушілерінің деректері көрсетілген, сол себепті бұл еңбектің құндылығы мол деп айтуға болады.

Үшінші топқа, бірнеше шетел ғалымдарының еңбектерін атап өтуге болады. Әртүрлі шетел зерттеушілері Орта Азияның, оның ішінде Қазақстанның тарихын, халқын, тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін, салт-дәстүрін, сонымен қатар көші-қон үрдісін салыстырмалы түрде саралап, жан-жақты зерттеді.

Шетелге ауған қазақтар жайында В. Гельбастың, Р. Конквесттің, Л. Бенсонның, И. Сванбергтің және тағы басқа шетелдік ғалымдар әртүрлі мәліметтер келтірген. Осы зерттеушілердің еңбектеріне жеке тоқталатын болсақ, ресей зерттеушісі В. Гельбастың «Миграция преобразующая Китай» [Гельбаст 2005: 48] халықаралық көші-қон үрдісінің тарихын, себеп-салдарын, нәтижесін айқындап қарастырып, оның Қытайдың басқа көрші елдермен қарым-қатынасын зерттеп талдаған. Қазақстандағы ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру халықты ашаршылық апатына ұшыратумен бірге босқыншылыққа түскендігі американдық тарихшы Р. Конквесттің [Конквест 1986: 317] еңбегінде демографиялық үдерістердің әлеуметтік шарттылық феноменің анықтап, халықтардың дамуындағы тарихи заңдылықтарын зерттеп, әлеуметтік-экономикалық даму деңгейімен тығыз байланыстырады. Автордың зерттеуінде Қазақстанның шекералық аудандарынан Синьцзянға (Батыс Қытай) 200 мың қазақ көшіп кеткендігі жөнінде мәлімет беріп, олардың қай жылы, не себепті кеткендігін анықтап, жан-жақты зерттеулер жүргізген.

Л. Бенсонның, И. Сванбергтің «Казахи Китая» атты еңбегінде [Бенсон, Сванберг 1988: 250] 1916 жылғы Ресей мен Синьцзян арасындағы халықтардың көші-қонға байланысты салыстырмалы түрде өз бағаларын беріп және көшіп-келген босқындарға Синьцзян үкіметі жүргізген саясаты туралы мағлұмат бере отырып, өзіндік көзқарасын салыстырмалы түрде көрсеткен. Кеңес үкіметі кезіндегі саяси-экономикалық реформаларының зардабынан халықтың көрші елдерге көптеп көшуінің ірі демографиялық өзгерістерге әкелгендігі анықталып, көші-қондық үдерістің кеңестік дәуірдегі ерекшеліктері мен Қазақстан халқының әлеуметтік жағдайын талдап, өз тұжырымдамаларын айтты.

Сонымен қатар, «Қазақ тарихы», «Жұлдыз», «Ізденіс», «Шалқар», «Егемен Қазақстан», «Қазақ тілі мен әдебиеті» сияқты басылымдарда Қазақ халқы жайлы, оның ішінде көші-қон үрдісінің тарихына, саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайларына біршама жүргізілген зерттеулердің қатарына тақырыпқа сәйкес ғылыми мақалаларды да жатқызамыз.

Сонымен, қазақ елінің көші-қон тарихын зерттеген ғалымдардың еңбектерін талдай келе, олардың

жетістіктерін көріп, ерекшеліктерін салыстыра келе, тарихымызға әлі де болса нақтылы анықтаулар мен зерттеулерді анықтау қажет етеді. Дегенмен, қазақ халқының тарихын зерттеп, жазған ғалымдардың еңбектері қазақ елі үшін мақтанышқа тұрарлық және де жазылған әрбір еңбектің маңызы зор деп ойлаймын.

Ғылыми жетекші:

Табұлдинова А.М.

Әдебиет

Рысқұлов Т. Қазақстан. – Алматы: КСРО Республикалары мен облыстары сериясы, 1927 – 97 б.

Әуезов. М.О. Қазақстандағы ұлттар. – Алматы: Қазақстан 10 жылдық тойын өткізуші комиссия баспасы, 1930 – 65 б.

Базанова Н.Ф. Формирование и развитие структуры населения Казахской ССР. – Алма-Ата: Наука, 1981 – 112 с.

Заславская Т.И. Методологические проблемы изучения миграции сельского населения. – М.: Наука, 1985. – 131 с.

Переведенцев В.И. Методы изучения миграций населения. – М.: Наука, 1975. – 231 с.

Хорев Б.С., Чапек В.Н. Проблемы изучения миграций населения. – М.: Мысль, 1978. – 258 с.

Асылбеков М.Х., Ғалиев Ә.Б. Социально-демографические процессы Казахстане (1917–1980 гг.). – Алматы, 1991. – 192–195 б.

Омарбеков Т.О. 1920-1930 жылдардағы Қазақстан қасіреті. – Алматы: Санат, 1997. – 243–245 б.

Акшалаев Е.М., Тәтімов М.Б. Формирование самостоятельной демографической и миграционной политики Республики Казахстан – Алматы: Ғылым, 1987. – 78 б.

Мендіқұлова Г.М. Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие. – Алматы: Ғылым, 1997. – 262 с.

Мендіқұлова Г.М., Атантаева Б.Ж. История миграций между Казахстаном и Китаем в 1860-1960 гг. – Алматы: Сага, 2008. – 145-147 с.

Қозыбаев М.Қ., Әбілхожин Ж.Б., Алдажұманов Қ.С. Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства. – Алматы: Тарих және этнология институты, 1992. – 35 с.

Гельбрас В. Миграция преобразующая Китай. // Азия и Африка сегодня. – №9. – 2005 – 48 с.

Robert C. The Harvest of Sorrow: Soviet Collectivization and the Terror-famine. London: Hutchinson, 1986 – 317 p.

Benson L. Svanberg I. The Kazaks of China: Essays on an Ethnic Minority. – New York: Uppsala, 1988 – 250 p.



САТЫБАЛДЫҰЛЫ Ө.

Сатыбалдыұлы Әділ

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан;
adilmuzafarov@mail.ru

МӘШҮР ЖҮСІПТІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ОЛЖАБАЙ БАТЫРДЫҢ ҚАЙРАТКЕРЛІГІ

Аннотация. Мәшүр Жүсіптің шығармашылығындағы Олжабай батырдың қайраткерлігі Қазақ-Жоңғар соғысы кезінде Абылай ханның қолбасшысы болғаны және әскери шеберлігі, айбындығы, беделділігі батырлық институтының фундаментін қалауда, қазақ халқының арасында «батыр», «ержүрек Олжабай» атағына лайықты болды, “Сарыарқаның кімдікі екендігі” тарихи шындық екеніне тағы бір құнды куәлік ретінде және Олжабай батырдың сіңірген ересен ерлігін, Мәшүр Жүсіп еңбектерінен көруіміз, осындай Олжабай тану шығармашылығында ойып орын алатын, бағалы мәліметтерімен де құнды болып саналуға тиіс.

Түйін сөздер: Олжабай батыр, Мәшүр Жүсіп Көпейұлы, Қазақ хандығы, XVIII ғасыр, қазақ-жоңғар соғысы.

Отан тарихының жалпы даму барысына өз үлестерін қосқан тарихи тұлғалар қазақ қауымының саяси-экономикалық, әлеуметтік, мәдениеттік рухани өмірінде хан, сұлтан, би, батыр, рубасы т.б. ретінде танылғаны тарих төрінен ерекше орын алады. Солардың бірі ретінде – Олжабай Толыбайұлын (1709–1783) ерекше танимыз.

Олжабай Төлебайұлы қазақ халқының батыры. Қазақ-жоңғар соғысы кезінде Абылай ханның қолбасшысы болған. Олжабайтануда Мәшүр-Жүсіп еңбектері ерекше орын алады, өйткені Мәшүр-Жүсіп қолжазбасы тұнып тұрған таптырмас мәліметтерге, онын ішінде: Олжабай батырдың ата-тегі, дүниеге келуі, ерлік істері, жеке басының ерекшелігі-найзагерлігі, ұрпақтары, көшіп-қонған жерлері туралы баяндаулары бағасыз толықтыра түседі. Сондықтан, Мәшүр Жүсіп қолжазбасында Олжабай батырдың ерекше тарихи тұлға екенін толықтыратын еңбектері құнды мәліметтермен ерекшеленеді.

Өрине көптеген мәліметтердің ішінде Олжабай батыр туралы сақталынған деректер әр алуанда және жер аттарымен байланысты: (Олжабай асуы, “Олжабай сөресі”, “Шүршітқырған” т.б.), және бұл орайда көптеген қолжазбалар, халық ауыз әдебиеті нұсқалары ресми архив құжаттары, ғалымдар жазбалары (Н.Я. Коншин, Ф.А. Щербина), мұражайлық экспонаттар (Омбы музейінде сақталулы Жаяу Мұса тапсырған Олжабайдың қылышы, белдігі, дулығасы, шарайнасы), зерттеушілердің еңбектері (Ә.Х. Марғұлан, Б. Адамбаев, М. Хақанов), осылардың ішінде Мәшүр Жүсіп қолжазба күйінде бізге жеткен. Сондықтан ерекше бір көзге түсер Мәшүр Жүсіп мәліметіне сүйенсек, Олжабай батыр жеңіске жеткенен кейін шайқас болған жерде айғақ ретінде өз бейнесін тастан қашатқызып, ескерткіш

қоятын әдетін тайға танба салғандай жазып кеткен.

Мәшүр-Жүсіп өз еңбегінде Олжабай батырдың қайраткерлік тарихына ерекше көңіл бөліп, қаһарман өміріне қатысты аңыз-әңгіме, жыр нұсқаларын қағазға түсіріп, жинастырып бұқара халыққа, келешек ұрпаққа бағасыз құнды мәлімет жазып кеткен. Әлеуметтік жағдайына, қоғамдық-саяси қызметіне қарай жіктемей, әрқайсысын жеке адам - тұлға ретінде зерделеуге ұмтылу барысында Мәшүр Жүсіп жазбаларындағы қазақ елінің қаһарманын шежірелік ата-тегі, өмір сүрген уақыты (туған, қайтыс болған жылдары), мекендеген жерлері, әкімшілік-сот жүйесіндегі орны (би, заңгер, хан, сұлтан, рубасы), әлеуметтік жағдайы (бай, орташа ауқатты, кедей), қоғамның ішкі, сыртқы өміріндегі ролі (елші, мәмлелер), белгілі бір тарихи оқиғаларға (шайқасқа, бітімге) араласуы т.т. туралы мол деректер тарих төрінде ерекше орын алады. Мәшүр-Жүсіп Көпейұлы еңбектерінде: “Сүйіндік Олжабай батыр” ертегісін Сақау ақынның айтуынан 1865 жылы жазып алған Мәшүр-Жүсіп Көпейұлы”, – деген мәлімет бар [Ер Олжабай 2005: 169].

Мәшүр-Жүсіптің 1907 ж. Қазан баспасынан басылып шыққан кітабында “Сарыарқаның кімдікі екендігі” қалмақтармен соғысып жүріп қазақ батырлары азат еткен Сарыарқа даласын патшалы Ресейдің саясатына сүйенген орыс келімсек шаруаларының тартып алып жатқанын ашық сынаған, өз сөзінің дәлелі ретінде Баянауылды қалмақтардан азат қылған Олжабайдың есімі Ерейментаудағы мұжықтардың поселкесіне қойылғанын жазады: “Бұл қазақ иесіз жатқан жерге текке келіп ие болған жоқ. Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен, жанын кешіп, кеше Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Қаз дауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек замандарында қалмақпен жаудай алысып, шыбын жа-

нын нысанаға байлап, не маңғаз сарбаздары жау жолында оққа ұшып, өлгені өліп, қалғаны қалып, сөйтіп алған жері еді <...> [Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы 2006:164]. Бұл Сарыарқа біздің қазаққа атасының құны болып, олжа болып тиген еді. Мәшһүр Жүсіп: Дүние деген шіркін көшпелі дегені осы екен; қазақтың тұлпар мініп, ту ұстаған, кейінгі үрімі-бұтағына олжа салған батыр ең ақырында мұжықтың поселкесінің аты болды. Ереймен тауындағы Олжабай қаласы атанған қала сол Олжабайдың өлген жері. Өз зерттеулерінде аңыз, шежіре деректерімен шектелуге мәжбүр болған Мәшһүр Жүсіп шайқас барысында Жасыбай мен Олжабай батырлардың тұрақ қылған мекен атауларын ғана көрсетіп кеткен.

“Қазақ халқының қаһармандары” жинағында берілген шежіреге сүйене отырып Олжабай батырдың арғы ата-тегі туралы қысқа да нұсқа дерек келтіруді жөн көрдік: Сүйіндік–Суғыншы–Мамық (Шуманақ) – Құлболды Айдабол – Малғозы – Толыбай – Олжабай. Ал Мәшһүр-Жүсіп шежіресінде сәл өзгешелік бар: Сүйіндік – Суғыншы – Айдабол – Малғозы – Толыбай – Олжабай. Енді шығу тегі туралы: Олжабай Төлебайұлы (1709–1785 (кей деректерде 1783), Олжабай 1709 ж. Түркістанда туып, 1783 ж. Ереймен тауының сыртындағы жазық пен Сілеті өзенінің басында дүниеден өткен. Орта жүздің арғын тайпасы сүйіндік руының Айдаболдан тарайды. Айдабол он үш жасында би болған. Ол олма әкесі Толыбай Тәуке ханның билерінің бірі, шешесі Есенбике Төле бидің туысқаны Қаратайдың қызы. Осы Айдаболдың үш әйелінің бәйбішесінен – Жанқозы, Малқозы, Кенжеқозы, ортаншы әйелінен – Қарақозы, Бозқозы, Аққозы, тоқалынан – Қожагелді мен Тайкелді тарайды. Оларға тараған дарын туралы айтсақ бәрі де әрі шешен, әрі батыр болып өскені ежелден белгілі. Осы тұста айта кететін бір жайт. Ол келесі тарихи мәлімет; бәйбішесінің Кенжеқозысы жас кезінде өліп, сол кезден салты бойынша айттырып қойған үйсін Қаратай батырдың қызы оң жақта жесір қалып қояды. Содан әкесі осы қызды тоқалдан туған Тайкелтірге алып берем деген ойын жүзеге асырам дегенде, Жанқозы: «Кіндіктесімнің жесірін тоқалдың баласына косуга келіспеймін» деп, зорлықпен қызды інісі Малқозының баласы Толыбайға косады [Нұхұлы, Еңсебаев 2010:437]. Міне осылдан кейін Қаратай батырдың қызынан Олжабай дүниеге келеді. Әкесі Толыбай ел үшін 1723 жылдарда «Ақтабан шұбырынды» кезінде елді жаудан қорғап жүргенде оққа ұшады. Сол кезде он үшке жаңа толған Олжабай нағашысы Қаратай батырдың қолында өмір сабағынан өтеді.

Мәшһүр-Жүсіп қолжазбасында көрсетілген шежірелік деректердің өзі батырдың қалмаққа карсы жорықтарға қатысқанын аңдатады. Ал Орманшы Сақау ақынның “Ер Олжабай” жыр жолдарынан Батырдың кескін-келбеті ке-

ремет суреттеледі:

Қақпақтай жаурынды, орта бойлы,
Шүйделі, қайқы құлақ, қара қасы,
Сабырлы, кішіпейіл, жанға жайлы,
Қатардан асып туған мәртебесі

Он төртке жасы келді сол уақытта. [Ер Олжабай 2005: 97].

М.Ж. Көпейұлы жазбаларында Олжабай батырдың 3 үлкен шайқаста (“Қалмаққырған”, “Шүршітқырған”, “Талқы” соғысы) жеңімпаз болғанын көреміз.

Тарихи мәліметтерге сүйенсек сол 1739–1740 жж. қысында 30 мың қолды басқарған Септен мен Сары Манжа оңтүстік (Сырдариядан) және солтүстік (Ертістен) бағыттардан шабуылдап, Орта жүз жеріне басып кіреді. Ұрыс қимылдары 1741 ж. күзгі бітіміне дейін жалғасады. 1741 ж. қыс айларында қазақ жасақтарының Септен ұлысын талқандағаны, Орта жүзге жасалған жоңғар шапқыншылығының солтүстік бағыттағы шабуылын тойтарған шайқастарда Олжабай батырдың атағы шыққаны тарихтан белгілі [Жүсіпов 2005: 96].

Өте құнды еңбектерінде М.Ж. Көпейұлы “Қалмаққырған” соғысы тарихын толықтыра түседі, және Н.Я. Коншин, Ф.А. Щербин көрсеткен жазбаларындағы мәліметтер жер атауларын айқындайды. Мұнда Баянауылды жаудан қорғамақ болып, екі батыр екі асу бойын күзетуге уағдаласады. Қалмақтар Қызылтаудан асу бойына дейінгі жерді түн ішінде жүріп өтіп, жауырыншылығына сенген Жасыбай батырды қапылыста атып өлтіргені белгілі. Бұл тұста Олжабай әскерімен жетіп, Шойынды көлінің басында қалмақтарды талқандайды. Қашқан жауды қуа отырып Қызылтаудың бауырында Олжабай батыр қалмақты қырған жері “қалмаққырған” атанып кеткен. Кейбір зерттеулерде бұл шайқас 1752 ж. Әмірсананы іздеген Лама Доржының 20000 ойраттарымен болған делінеді. М. Тынышбаев шежіресінде де “Қалмаққырған” ұрысы XVIII ғ. 50–жылдары болған деп қарастырылады. Бірақ бұл пікір тарихи шындыққа сай келе қоймайды. Жоңғарлар шабуылдағанын Баянауыл жерінде Абылайдың 1752 ж. қазанында әскер жинастыруы қолайсыздық тудырар еді. Басымдық қазақ жағында болғанымен, 20 мың ойрат жасағы 1752 ж. қысында Лама Доржы өлтіріліп, жаңа қонтажы Давацидің әскерді қайтару туралы жарлығынан кейін ғана ұрыс қимылдарын тоқтатады. 1739–1742 жж. қалыптасқан саяси жағдай талабы бойынша, жоңғар ықпалын шектеу және Абылайды тұтқыннан босаттыру шараларын дипломатиялық тәсіл арқылы жүзеге асыру мақсатында Олжабай батыр Толыбайұлы 1742 ж. Әбілхайыр бастаған қазақ билеушілерінің бірі есебінде Арғын тайпасы атынан Ресей мемлекетіне қарауға ант береді. Елші ретінде Олжабайдың 1749, 1761 ж., 2 рет Орынбор қаласына жіберілуі де оның қазақ би-

леушілері, үшін сенімді адам болғанын, әрі Ресей мен Жоңғар хандығы үшін елеулі тарихи тұлғаға айналғанын аңғартады [Жүсіпов 2005:96].

Олжабай батырдың тағы бір ерлігін Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы қолжазбасында ерекше баяндайды. Десе де бұл мәселеде ресми Қытай мәліметтері (қолбасшы Хадаха деректері) мен қазақ арасындағы аңыз, жыр мағлұматтары, жер атаулары арасында шайқастың қалай аяқталғаны турасында көзқарас екіге бөлінеді.

Ал енді М.Ж. Көпейұлы аңызына сүйенген Ә.Х. Марғұлан зерттеуінде ескіше Баянауыл, кейіннен қазіргі Қарағанды облысы, Молодежный ауданына қарасты “Шүршітқырған” жерінде Олжабай батыр Әмірсананы іздеп келген бір топ қытай әскерін айлаға салып, тез арада қол жинап, соғыс ашып, қытай әскерін тегісімен қырады. Ал, қытай қолбасшысы Хадаха баяндауында: “Баян тауының батыс жағында, Бэйцзы Дарчжаның айтуынша, оның алдында мыңнан астам қазақ қолы пайда болыпты. Бізден алты жүз адам қорықпай шабуылға шықты, жауды талқан қылды. Жүз адамды өлтірдік, көлік пен аттарын тартып алдық. Бес адамды тұтқынға алып, азаптадық. Бәрінің айтуынша, біздің кездескеніміз Абылайдың қолы екен деген мәлімет калған.

Бірақ, жазба мәліметтердің қандай жағдайда қағазға түсірілгенін ескере отырып, 1756 ж. Олжабайдың жасағы Қытай армиясынан бөлініп шыққан бір топ шүршіт әскерін “шүршітқырған” жерінде қоршап алып талқандағанын тарихи шындық деп қабылдау керек.

Мәшһүр-Жүсіп жазбасындағы Олжабайдың батырлығын танықан тағы бір ұрысы – Талқы соғысы. Бұл соғыстың ерекшелігі “қалмақтың ежелден алынбаған қорғаны” болатын. Тарихта ол туралы мәліметтер көп. Мысалы: Талқы шайқасын көзбе-көз көрген француз суретшісінің суреттеуіне (Мәскеудің тарих музейінде фотокошірмесі сақтаулы), Р.Б. Сүлейменов, Б.А. Моисеев “Из истории Казахстана XVIII века” 1757 ж. жазында Қазақстан жеріне қайта кірген Қытай әскерімен Абылайдың тез арада бітімге келгенін мәлімдейді [Сүлейменов, Моисеев 1988 :122].

Осы орайда, Мәшһүр-Жүсіп шығармашылығында Абылайдың Талқы ұрысында қолданған соғысу тәсілі, хан қосындағы әскери құрамалардың қызметі, жас сарбаздарды батырлыққа баулу дәстүрі хақында мәлімет келтіріледі.

Абылай хан әскерін 3 топқа бөледі. Қалмақ қамалын барлауға шыққан кезеуілші топқа бекіністегі мергендер оқ атып, Малайсары батыр бөлінен жараланып, батырлар шегініп кетеді. Ханның өзі ортаншы топ – тосқауылшыларды бастап шабуыл жасаса да, қорғанды бірнеше күнге созылады. Сол кезде қатардағы салықшы болып жүрген Олжабай “Олжабайлап” шауып, туын түсірместен қорған қақпасына жетіп, қалың қол қорған

ішіне өтіп, жеңіске жетеді. Содан Олжабай батырдың есімі “Он сан Орта жүзге” ұран болады.

Жоңғарлармен, қытайлармен болған шайқастарда ерлік көрсеткен қаһарман бейбіт өмір уақытында өз руының шаруашылығының қамын ойлаған азамат ретінде танылады. Бұған Олжабайдың Едіге бимен бірлесіп, 1761 ж. Екатеринаға жазған өтініш хаты дәлел болады [Жүсіпов 2005: 96].

Зерттеуде қамтылған Мәшһүр Жүсіп қолжазбаларының ғылыми таным арнасына жан-жақты тартылуы Отандық тарих ғылымы дамуына өз үлесін қосады. М.Ж. Көпеев мұрасын игеру тарихта болған тұлғаларымызды жан-жақты тануымызға өз үлесін қосады деп санаймыз. Сол заманда қазақ мемлекетінің сыртқы жаудан қорғау және дәстүрлі қоғам ішінде әлеуметтік тұрақтылықты сақтау қажеттілігі туындағаны Қазақ-Жоңғар соғысымен байланысты болды. Осыған байланысты әскери шеберлік маңызды орын алды. Осы орайда Олжабай батыр ел ішінде беделділігімен көзге түсіп белгілі болды және батырлық институтының фундаментін қалауда орасан зор еңбегімен ерлігімен қазақ халқының арасында «батыр» атағына лайықты болды, ол дегенің айбындығы, жау алдындағы батылдығы ерекше болды. Олжабай батыр қазақ ханы Абылайды жоңғар тұтқынынан құтқарады, оның өмірі әскери жеңістерге толы болады. Осы ерлігі үшін оны «ержүрек Олжабай» деп атаған.

Міне, сонымен қорыта келгенде, Мәшһүр-Жүсіп қолжазбаларында қаһарман батырдың ата-тегі, дүниеге келуі, ерлік істері, жеке басының ерекшелігі – найзагерлігі, ұрпақтары, көшіп-қонған жерлері туралы баяндаулары да Олжабай батырдың қайраткерлігі Олжабайтануға толықтыру енгізе түседі.

Ғылыми жетекші:

т.ғ.к., доцент Раздықов С.З.

Әдебиет

Ер Олжабай // Казахстан. Национальная энциклопедия / Гл.ред. Аяган Б. — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2005. — Т. II. — 560 с.

Жүсіпов Е.Қ. Олжабай есен болса – ел аман // Олжабай батыр Толыбайұлы (1709-1783) туралы конференция материалдары (23-24 мамыр) / Жауапты редактор Алпысбес М.А. — Қарағанды : КарМУ, 2005. — 409 б.

Қазақ тарихи жырларының мәселелері / Жауапты ред. Р. Бердібаев — Алматы: Ғылым, 1979. — 312 б.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары.8 том. — Павлодар: ЖШС “ЭКО”, 2006.-266 б.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары.9 том. — Павлодар: ЖШС “ЭКО”, 2006.-116 б.

Нұхұлы А.,Еңсебаев Т.А. Баянаула перзенттері. — Павлодар: ЖШС ГПФ“ЭКО”, 2010. — 673 б.

Сүлейменов Р. Б., Моисеев В.А. Из истории Казахстана XVIII века (о внешней и внутренней политике Абылая). — Алма-Ата: «Наука», 1988. — 144б.

СЕЙТКЕН Ә.Б.

Сейткен Әйгерім Бейбітқызы

Өл–Фараби ат. Қазақ Ұлттық Университеті,
Алматы қ., Қазақстан;
seytken98@mail.ru

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВТЫҢ ҚАЗАҚ ӘЙЕЛІ МӘСЕЛЕСІНДЕГІ КӨЗҚАРАСЫ: ӘЙЕЛ ҚҰҚЫҒЫ мен ҚОҒАМДАҒЫ ОРНЫ

Аннотация. Мақалада көркем шығармалар мен саяси бағдарламалар аясында Ә.Бөкейхановтың көзқарасындағы әйелдің әлеуметтік маңызды рөлі ашылады. Сонымен қатар, ұлт зиялысы Әлихан Бөкейхановтың «әйел мәселесі» бойынша әйелдерге ерлермен тең саяси құқықтар беру, оларға күйеу таңдауда толық еркіндік беру, қалыңдық үшін қалымды жою, көмелеттік жасқа толған қыздарды некеге беру туралы құқықтарының қорғалуына сіңірген еңбегі көрсетіледі. Одан бөлек, жесірлерге қатысты құқықтар да қарастырылған. Бөкейхановтың әйел құқығы бойынша «Қырғыз жастарының дәрменсіздігі», «Қызды малға сату» және «Батыр Бекет» сыни мақалаларына талдау жүргізіліп, қоғамдағы әдет-ғұрыптарда әйел тағдырына қатысты ауыртпалық әкелер тұстары образды түрде нақты сараланып, сыни талдаулар жүргізілген. Нәтижесінде, бүгінде демократиялық қоғамды қалыптастырып берер біршама өзгерістерді әкелген ұлт зиялысының рөлі айшықталады.

Түйін сөздер: Әлихан Бөкейханов, қазақ әйелі, әйел мәселесі, әйел құқығы, әдет–ғұрыптық құқық.

Саяси аренада қазақ қоғамын ізгілендіру мақсатында күрес жүргізіп, «әйел мәселесін» күн тәртібіне еңгізуге тырысқан, жалпы қазақ әйелдерінің эмансипациясының теориялық негіздерін қалаушылардың бірі Әлихан Бөкейхановтың рөлі ерекше болды. Сақталған тәңіршілдік белгілері мен ислам дінінің көзқарастары таралған қазақ қоғамындағы әйелдерге қатысты қағидалар мен заңдылықтардың кері әсерін модернистік тұрғыда көрсетуге тырысқан Бөкейхановтың тек саяси аренада ғана емес, сонымен қатар шығармалары мен мақалалары арқылы үндеу тастауы да маңызды болды.

XX ғасырдың басында өткір мәселелердің бірі – әйелдер құқығы. Сәйкесінше, қарастырған еңбектерден байқайтынымыз, әйелдер құқығы мәселелері ғылыми еңбектерде, газет-журналдарда белсенді түрде қамтылған. Малға сатылып жатқан қазақ қыздары, қалың мал төлеу арқылы тұрмысқа шыққаннан кейінгі қазақ қызының өмірі, қоғамдағы әйел құқығының шектеулі болуы Бөкейхановтың мақалаларында образды түрде баяндалып, әйел мәселесіне қатысты сыни көзқарастары ұсынылды. Аталмыш мәселеге ерекше көңіл бөлу арқылы саяси–құқықтық негіздерге сүйеніп, нақты әйел тағдырына оңтайлы тұрғыда әсерін тигізетін жаңашылдықтар енгізіле бастады: «Алаш» партиясының бағдарламасында әйелдердің білім алуымен қатар олардың қоғамдық өмірдегі әлеуметтік маңызы бар жұмыстарға қатысу құқығы берілді. Жесір мәселесі де тысқары қалмады, ендігі оларды күйеуінің туысқандарына зорлап қосуға болмайды деген нақты тыйым орнықты.

Ә.Н. Бөкейханов еңбектеріндегі маңызды мәселелердің бірін көшпелі қоғамның дәстүрлі заңдылығын зерттеу мен талдау мәселесі алды. Бұл санатта қазақтардың әдет-ғұрыптық қылмыстық құқығы, отбасы-неке қатынастары міндеттеме құқығы, сондай-ақ сот жүйесі мен сот ісін жүргізуге ерекше көңіл бөлінді. Ә. Н. Бөкейханов қазақ қоғамындағы әйелдердің құқықтық жағдайы сияқты маңызды мәселеге де назарын аударған [Бөкейханов 1902: 112].

Ә.Н. Бөкейхановтың әйел мәселесіне қатысты атқарған жұмыстары туралы тарихнамалық қысқаша шолу жасап өтсек тікелей зерттеу жұмыстары толыққанды қарастырылғанын байқай аламыз, алайда тақырып аясында мәселені қамтып өткен кей зерттеушілердің көзқарастарына тоқталып өтсек болады.

Көптеген зерттеушілер, Бөкейхановтың әйел теңдігі, әйел мәселесіне қатысты пікірлерін талдау барысында, ұлт зиялысының шығармаларына тоқталу арқылы көзқарастарын ұсына бастайды. Мәселен, М. Джанпеисова өзінің [Джанпеисова, 2016: 203-208] мақаласында: «Өз құқығы үшін күресі, жеке бақыт пен қазақ әйелінің жарқын болашағына деген үміт туралы идеяларды ғалым, публицист Әлихан Бөкейханов өзінің әйгілі «Қырғыз» эпосы «Қобыланды әйелдері» атты мақаласында айтқан.

Қаһармандық эпостың образдары арқылы наным-сенім жүйелерінің өзгеруі жағдайында әйелдің еркін, бақытты болуға ұмтылуын ақтайтын қазақ ауыз әдебиетінің көптеген рухани байлығын ашуға тырыса-

ды», - деген пікірін білдіреді [Джанпеисова 2016: 204]. Дәл осы туынды аясында М. Семби мақаласында XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысының көшбасшысы Әлихан Бөкейхановтың қоржынында экономика, саясат, әлеуметтану, өлкетану, әдебиеттану салаларындағы монографиялар, мақалалар ғана емес, фольклор мен мифологияға қатысты мақалалар да болды дей келе, 1899 жылы 9 мамырда Ташкенттегі «Туркестанские ведомости» газетінде «Қырғыздың Қобыланды эпосы бойынша әйел мәселесі» деген мақаласын жариялап [Семби 2012: 119–120], одан кейін 1915 жылы «Қазақ» газетінде Қобыланды батыр эпосының кейіпкерлерінің ішіндегі әйел бейнесін талдаған үлкен очеркін жариялағанын атап өтеді. Әсіресе, М.Семби бұл туындыдағы Қобыландының Қортқаға үйленуі көрсетілген эпизодта ерекше мән береді. Оның ішіндегі Көктен (Көклән) кейіпкері мен есіміне қатысты талдау жүргізеді [Семби 2012: 119 бет].

Ш.А. Забих болса Бөкейхановтың әйел мәселесін қозғау әрекеттерін саяси-құқықтық формада талдап өтеді. Алаш бағдарламасы мен жалпықазақтық съезд жоспарларына еңгізілген әйел құқығы мен теңдігі аясындағы мәселелерге тоқталады [Забих 2020: 10].

Ә.Н. Бөкейхановтың әйелге өте мейірімді болғанын атап өткен жөн. Ол қазақ әйеліне табиғатынан ұшқыр ойлылық, ойдың икемділігі, айналадағы шындықты жылдам бағдарлай білу сияқты қасиеттер тән деп есептеген [Забих 2020: 10].

Бұған түрлі мерзімді басылымдарда жарияланған «Қырғыз жастарының дәрменсіздігі», «Қызды малға сату» және «Батыр Бекет» эпосына арналған «Батыр Бекет» сын мақалалары дәлел бола алады. Сын жазбасында ол жырда суреттелетін Бекет әйелінің батыл әрекетін мақтанышпен атап өтеді: «Бекет батырдың әйелі жер аударылған күйеуінің соңынан еріп, қашып, еліне оралуына көмектесті. Орыстарда әйелдердің жер аударылған күйеулеріне ерген мысалдары көп. Орыс ақыны Некрасовтың желтоқсаншылардың әйелдері – Волконская ханшайым мен Трубецкой ханшайымға арналған «Орыс әйелдері» деп аталатын өлеңдері бар. Олар ауыр жұмысқа жер аударылған күйеуінің соңынан аттанған еді. «Бекет» дастаны да қазақ әйелін мақтан етуге негіз береді».

Ә.Н. Бөкейханов «Туркестанские ведомости» газетінде «Қырғыз жас тарының қауқарсыздығы» атты мақаласын жариялап, бар назарын қазақ қоғамындағы әйелдердің құқықтық жағдайына аударуға тырысты [Букейханов 1902]. Онда ол қазақ әйелінің шаңырақ көтерген алғашқы жылдары туған ауылын тастап, күйеуінің туыстарына барғандығы құқықтық жағдайының қандай болғанын зерттеуге тырысады. Ол күйеуінің от-

басында алғашқы бірнеше жыл өмір сүрген әйелдерді «жастар» санатына жатқызады. Жас келіншектің «тұрмысқа шыққанға дейінгі» және «тұрмысқа шыққаннан кейінгі» өмір жылдарын салыстыра отырып, ол әйелдің бойжеткен кезіндегі жағдайы тұрмысқа шыққан жылдарға қарағанда әлдеқайда жеңіл деген қорытындыға келеді. Бөкейханов жас қыздың ата-ана үйіндегі өмірін «уайымсыз және еркін» деп сипаттайды. Мәселен, Ә.Н. Бөкейханов «Бесправность киргизских молодых» мақаласында [Букейханов, 1902] былай деп жазады: «Қоқан үкіметі тұсында далада бек болған Б-ның қызы, сұлу У-ды жақындары мен туыстары шектен тыс еркелеткенді. Бірде мерекеде достарымен қайтып келе жатқанда, қыз ауылына жаяу жете алмай, шаршағандықтан жолда қалады; сол кезде ол анасына оған арба тіпті, әл жинап, ауқаттанып алу үшін шай жіберуді бұйырады. Анасы ерке қызының бұл күлкілі қыңырлығын бірден орындайды».

Ойшыл қыз күйеуінің шаңырағына барған соң «жақсы жар, ең бастысы сыйлы келін деген атқа ие болу керек» – деп көрсетеді. Оның ойынша, күйеуінің отбасындағы жас келіннің өмірі бұрынғы өмірімен салыстыруға келмейді.

Ә. Н. Бөкейханов қазақ әйелі тұрмысқа шыққаннан кейін шыққан тегіне, мүліктік жағдайына қарамастан мүлде дәрменсіз болады деп көрсетеді [Бөкейханов 1902]. Бөкейхановтың дәулетті отбасы қыздарының өмірінен фактілерді мысалға келтіріп, олардың мүліктік жағдайына үлкен мән беруі, кездейсоқ емес. Бұл туралы ол былай деп жазады: «Қанағат, тоқшылықта өскен, сансыз байлығымен кең далада аты шыққан жаппас Б-ның қызы А-байдың баласы қыпшақ С-ға тұрмысқа беріледі, кәдімгі заттардан бөлек, қалың мал ретінде елу түйе мен елу кілемге ие болады, содан кейін оған екі киіз үй берілді: оның біреуіне ең жақсы ақ киіз, ал екіншісіне қызыл мата жабылған еді.

Қазақтың әдет-ғұрып құқығы бойынша әйел қоғамдық және мемлекеттік істерге қатысудан шеттетілгендігі белгілі. Оның өз құқығын қорғайтын тарап ретінде сотқа қатысуға құқығы да болмады. Әйелдің өз қалауынша тұрмысқа шығуға құқығы жоқ еді, қалыңдық үшін қалың мал алынды, ал жесір әйел күйеуінің ағасына немесе туысқанының қамқорлығына берілді, олар әйел мен оның балаларын асырап отырған. Күйеуінің әйеліне қатысты шексіз құқығы болған, оған төленген қалың мал оның күйеуінің отбасына тиесілі екенін куәлестіретін. Аталмыш қалың мал мәселесінің кері әсері де ұлт зиялылар арасында қарастырылып жатты. Мәселен, қыз баласының өмірінде қалың малдың тағдырына тигізер әсері, сол сияқты өменгерлік іспеттес ескі әдеттердің бұрыс тұстары әйел адамдарға қоғамдық теңдікке

ие болуға өз кедергісін тигізуде, ал бұл өз кезегінде қазақтың халық ретінде даму динамикасының алға жылжуына кедергісін келтіреді, «қалың малды сұрауын қазақ қоймаса, кейін халқымыздың хохолмен араласып кетуіне толық себеп болар, әдетте, хохол қыздарын тұрмысқа бос бермейді, үстіне ақшасын қосып береді һәм қалың мал алмайды» деген сияқты пікірлер айтыла бастаған [Ақ жол 2020: 165].

Левриаттық неке (әменгерлік) – күйеуі қайтыс болған жағдайда жесір әйел үй шаруашылығын бытыраңқылықтан сақтап, балаларын әкесінің ортасында тәрбиелеу үшін оның ағаларының немесе жақын туыстарының біріне тұрмысқа шығуы керек дегенді білдіреді. Жесір әйел таңдау құқығына ие болды, бұл жағдайда әменгерлік некеге тұруға құқығы бар ағайындылар ішінен таңдалған адам басқаларына сыйлықтарын үлестіріп беретін болған. Әдет-ғұрып нормаларына сәйкес жесір әйелдің басқа текті еркекпен некеге тұруы да қарастырылған, бұл жағдайда болашақ серігі жарының бұрынғы күйеуінің қауымына кәмелетке толған ер адамның құнын өтеп, қалым төлеуге де тиіс болған. Левриаттық неке тек жесірге ғана емес, қалың малы төленген қалыңдыққа да тараған.

Сонымен қатар, ер адамның әйелі дүниеден озса, қайтыс болған әйелінің сіңілісімен некеге тұру құқығы да қарастырылған. Қыздың әкесінің келісімі болған жағдайда, балдыз қалың малдың жеңілдетілген мөлшері төленіп, қыз жасауының жарты құны берілген. Көрсетілген неке түрлері негізгі қағида болды және оларда қалың мал төлеу мәселесі қамтамасыз етілді. Сондай-ақ, соғыста тұтқынға түскен қыздармен некелесу рәсімі де болған, бірақ мұндай жағдайда қалың мал мен жасаулары міндеттелмеген. Ешқандай туыс-тамыры жоқ ер азаматтар қалың мал беру үшін еңбекпен некеге жүгінетін (күйеу жігіт барлық құн төлегенше қалыңдықтың әкесінің отбасында жұмыс істеп, үйленгеннен кейін қалатын, сондықтан да мұндай күйеу бала «күш күйеу» деп аталған) [Алаш қозғалысы 2004: 5].

«Ақ жол» газетіндегі «Әйел мәселесі» атты мақалада (Ақ жол 2020: 165): «Қырда болсын, Сырда болсын қазақ-қырғыз біткеннің барлығының жалпы тұрмыс-тіршілігі бір. Қалың мал, әменгерлік, бесік құда, жастай құда болу бөріңде бар», екендігі жазылып, қоғамдағы қиын жағдай өткір сынала бастаған, дегенмен мақалада Арқаға қарағанда, Түркістан елдерінің хәлі нашар екендігі айтылады. Сонымен қоса, Түркістан қазақтары 12–13 жасар қызды келін қылып ерте кезден түсіріп алатындығы қынжылтатын жағдай деп көрсетіледі.

Қазақ қоғамында 5–6 жасар қыздарды сатып алады да, келін етіп қолдарына түсіріп, өскеннен кейін су әкеліп, шай қайнатуға салып қоятындар өте көп екендігі де жа-

зылады. Бұндай жайттар Ташкент уезі қазақтарында көптеп кездескен. Оның үстіне, он жетінші және он сегізінші жылғы ашаршылықтан кейін тіптен күшейіп кеткен [Ақ жол 2020]. Міне, осы сынды кесірін тигізер қоғамдық нормалардан айырылуға бастама жасалған еді.

Ж. Досмұхамедов пен Ә.Н. Бөкейханов өткізілген барлық съезде қазақ қоғамындағы әйелдердің мәртебесі туралы мәселені күн тәртібіне қоюға бастамашы болды. Олардың «Алаш-Орда» көсемдері ретіндегі идеялары «Алаш» партиясының бағдарламасында баяндалып, Орынборда өткен I–Бүкілқазақ (1917 ж. 21–28 шілде) және II-жалпықазақ (1917 ж. 5–13 желтоқсан) съездерінде талқыланды.

«Әйел мәселесі» бойынша әйелдерге ерлермен тең саяси құқықтар беру, оларға күйеу таңдауда толық еркіндік беру, қалыңдық үшін қалымды жою, екі жақтың келісімін ескере отырып, кәмелеттік жасқа толған он алты жасар қыздар мен он сегіз жастағы жігіттердің некеге тұруларына келісім беру сынды қаулы қабылданды. Сонымен қатар, жесірлерге қатысты құқықтар да қарастырылды. Осылайша, әйелдердің мәртебесін көтеру идеясы I-ші жалпықазақ съезінің шешімінде көрініс тапты. Осы мәселе бойынша төмендегідей қаулы қабылданды:

1. Әйелдердің саяси құқықтары ерлермен тең болуы керек;
2. Некеге тұру құқығы әйелдердің өзіне байланысты;
3. Қалымды жою;
4. 16 жасқа толмаған қыздарды некеге беруге тыйым салынады;
5. 16 жасқа толмаған қыз бен 18 жасқа толмаған жігіттерге неке қию рәсімін молдаларға жүргізуге тыйым салынады;
6. Той кезінде молдалар екі жақтың қалыңдықтың да, күйеу жігіттің де келісімін алуы керек;
7. Жесір әйел өз еркімен некеге тұруы тиіс, бірақ ешқандай жағдайда туыстық байланысы болмауы керек;
8. Бірінші әйелінің келісімімен екінші әйел алуға рұқсат етілген. Бұған әйелі келіспесе және кеткісі келсе, күйеуі оны басқа күйеуге шыққанша өз қамқорлығына алуы керек. Жеті атаға жетпеген қазақтарға неке қиюға тыйым салынған.

Алаш партиясы бағдарламасының жобасында ұлт зиялылары Ресей Федеративтік Республикасында дінге, шыққан тегіне, жынысына қарамастан адамдардың тең екендігін атап көрсетті. Сөйтіп, Ә.Н. Бөкейханов пен басқа да ұлт зиялылары әйелдер мәселесін қазақ жерінде әрекет ететін қазақтардың әдет-ғұрып құқығы негізінде шешім шығаратын қазақ әдет-ғұрыптары мен билер сотының ықпалынан алып тастады. Сонымен

қатар, олар қазақ әйелдеріне өз тағдырын өзі басқаруға және қайтыс болған күйеуінің туысқанына тұрмысқа шықпауына мүмкіндік берді, өшпенділік дәстүрі жойылды [Ақ жол 2020:165]. Бұл қоғамның дамуы үшін прогрессивті, маңызды іс болды. Кейінірек, кеңестік кезеңде «Алаш» бағдарламасы жобасы авторларының неке, туу, өлу және ажырасу фактілерін есепке алу туралы ой-пікірлері АХАЖ органдарын қалыптастыру түрінде пайдаланылды.

Нәтижесінде, Алаш бағдарламасы мен Бүкілқазақтық съезд жоспарларында әйел мәселесі қарастырыла бастады. Заң мен сот алдында барлығы тең, ешкімді тегіне,

әлеуметтік, лауазымдық және мүлкітік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге, көзқарасына, намысына, тұрғылықты жеріне және өзге де мән-жайларға байланысты кемсітуге болмайды. Соның ішінде, әйел құқығы мәселесі бірінші орында тұрды, жесірлердің құқықтарын сотта қорғауды еңгізу және әйелдердің ерлермен тең құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері де қамтылды. Осы сынды Бөкейхановтың жеткен жетістіктері бүгінгі таңдағы маңызды өзгерістердің бастамасы болды.

*Ғылыми жетекшісі
т.ғ.д., профессор Нұртазина Н.Д.*

Әдебиет

Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1901 ж. – желтоқсан 1917 ж. / құраст. Қ.С. Алдажұманов, А.С. Зұлқашева, М.Қ. Қойгелдиев, К. Нұрпейіс, С.К. Рүстемов, Е. Сайлаубай, Ш.Б. Тілеубаев, Е.В. Чиликова. – Алматы: Алаш, 2004. – Т.1. – 552 б.

Ақ жол (газеті): көптомдық. / құраст. Х. Есенқарақызы. – Нұр-Сұлтан: Алашорда, 2020. – 384 б.

Букейханов А. Бесправность киргизских молодых / А. Букейханов // ЦГУ РУ. Туркестанские ведомости. – 7(20) марта 1902. – №19.

Джанпеисова М.М. Портреты казахской женщины в контексте исторического времени (XIX-XX вв.) // Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдардың қазіргі мәселелері: Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-прак-

тикалық конференция материалдары / Жалпы редакциясын басқарған А.Қ. Құсайынов. – Астана: Еуразия гуманитарлық институты, 2016. – 418 б.

Забих Ш.А. Защита прав женщин в политико-правовых взглядах казахской интеллигенции начала XX века / Ш. А. Забих // Наука и жизнь Казахстана. – Алматы. – 2020 – №4. – С.10

Семби М.К. Кемпір-Небесное божество / М. К. Семби // «Л. Н. Гумилев мұрасы және қазіргі еуразиялық интеграция»: Лев Николаевич Гумилевтің туғанына 100 жыл толуына арналған IX Еуразиялық ғылыми форумның еңбектері / Жалпы ред. басқарған Е.Б. Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2012. – 119-124 бб.



ЕСІМХАНОВ К.

Есімханов Керім

Әл-Фараби ат. Қазақ Ұлттық Университеті,

Алматы қ., Қазақстан;

agulzhazira@mail.ru

АЛТЫН ОРДА ТАРИХНАМАСЫНДАҒЫ ШЫҢҒЫСТЫҚ ИДЕОЛОГИЯНЫҢ ОРНЫҒУЫ

Аннотация. Аталған мақалада ортағасырлар тарихында маңызды рөл атқаратын Алтын Орда тарихына, оның ішінде шыңғыстық идеология мәселесі қарастырылады. Аталған кезеңдегі тарихи деректер мен ортағасырлық мәселеге қатысты ғалымдар еңбектеріне сүйене отырып, шыңғыстық идеологияның Ақ Орда, Қазақ хандығымен байланысы сөз болады.

Түйін сөздер: Шыңғыстық идеология, ұлыс. Орда, оғыз–қыпшақ, тарихи сана.

Қазақ және басқа да түркі халықтары Алтын Орданың мұрагерлері болып табылатыны тарихымыздан белгілі. Тарихта «Алтын Орда» және «Жошы ұлысы» деген атпен белгілі мемлекеттің құрылуы XIII ғасырдың 40–60 жылдарына жатады.

XII ғасырдың аяғы мен XIII ғасырдың басында «Шыңғысхан» атымен тарихқа енген Тимучин шашыраңқы және бір-бірімен соғысқан моңғол тайпаларының басын біріктіріп, шамамен 20 жыл ішінде үлкен аумақтарды жаулай отырып «Ұлы Моңғол» империясын құрды. Моңғол империясын кейіннен Шыңғысхан өз мұрагерлерінің арасында өзара алауыздық тумау үшін ұлдарына үлестіріп берді. Тарихта Алтын Орда деген атпен белгілі Жошы ұлысының негізі Шыңғыс ханның көзі тірісінде қалана басталды. Ортағасырларда оғыз–қыпшақ кезеңінен бастау қазақ халқының этногенезі Алтын Орданың тұсында түркі–моңғолдық дүниетаныммен ұштасып, XV ғасырдың ортасында қазақ хандығының құрылуымен аяқталды. Соған орай бізде бұрынғы оғыз–қыпшақ кезеңін баяндайтын тарихи санамен бірге, енді моңғолдық кезеңдегі тарихи сана қалыптасты. Біздің тарихи санамызға алдымен Шыңғысханның бейнесі(образы) кірді. Одан кейін барып Жошы ханның Өзбек ханның, Тоқтамыс, Едінің бейнесі біздің тарихымызбен біте байланысып отырғаны белгілі. Бүгінгі таңда Жошы да, Шыңғыс хан да, Едіге де тарихи ата-бабаларымыз бейнесінде, біздің тарихымызбен тығыз байланысты болып отыр. Бұрынғы келе жатқан тарихи санамыз моңғолдар билігімен, Чингизизм идеологиясының орнауымен тарихи санамызды өзгеріске ұшыраған еді. Әсіресе Алтын Орда дәуірінен келе жатқан шыңғыстық идеология мен исламның таралуының әсеріне байланысты тарихи тарихты айту дәстүрінің өзгерістерге ұшырағаны айқын.

Жоғарыда атап өткеніміздей этникалық құрамы жағынан бұл империя Тынық мұхитынан Атлант мұхитына дейін созылды. Тарихта Алтын Орда деген атпен белгілі Жошы ұлысының негізі Шыңғыс ханның көзі тірісінде қаланды. XIII ғасырдың 40-шы жылдары Алтын Орданың құрылу мерзімі айтарлықтай шартты болды. Негізінен Жошы ұлысы ұзақ жылдар бойы Ұлы Моңғол империясының қол астында болды. Мысалы, М.А. Усманов тек 1266-82 жылдары таққа отырған Менгу–Тимур Тәуелсіз егемен ретінде ақша шығара бастағанын және «осы ханнан бастап Орда билеушілері орыс жылнамаларының алғашқы редакцияларында жүйелі түрде цесарлар деп аталатынын айтады». Алтын Орда, сарапшылардың пікірінше, Шығыс типіндегі феодалдық мемлекет болды. «Жошы ұлысының шекарасы Шығыстағы Саяно–Алтай – Тянь–Шань тауларынан басталып, Сырдарияның төменгі ағысымен өтіп, Хорезмді, Солтүстік Каспий жазығын, Кавказдың едәуір бөлігін, соның ішінде Иран, Әзірбайжан, Қырымды және оңтүстігінде Қара теңіз даласын қамтыды. Батыста шекаралар оңтүстік орыс князьдіктерінің, саяси тәуелді елдердің, соның ішінде Ресейдің солтүстік-шығыс князьдіктерінің жерлерін қамтыды. Александр Ярославичтің Бату ханға тәуелділігін мойындауының нәтижесінде Новгород княздігі де Жошы ұлысынан вассалды болды. Әрі қарай, Орал арқылы батыс және Оңтүстік Сібірді қамтыған Болгар патшалығының аумағын қоса алғанда, олар Саян тауларына жетті» [Жүгенбаева 2009] деп атап көрсетеді.

1266 жылы Берке хан қайтыс болғаннан кейін, таққа Бату Менгу-Тимур немересі отырды. Бұл уақытта Алтын Орда тәуелсіз мемлекет болды. Хан Менгу–Тимур Алтын Орданың ресми танылуын растады. Ақша оның атынан шығарыла бастады. 1269 жылы Талас

өзенінде өткен құрылтайда Жошы, Үгедей және Шағатай ұлыстарының шекаралары нақтыланып, олар Құрылтай шешімімен үш тәуелсіз мемлекет ретінде танылды. Бұл тәуелсіздік заңды түрде рәсімделді және жалпы келісіммен бекітілді.

Ал елді басқару диван Кеңесінің қолында болды, жергілікті басқару төрт Ұлыстың әмірінен тұратын хан жанындағы Орталық аппаратқа – диван кеңесіне бағынатын орталық әкімшілікпен тығыз байланысты аймақтық билеушілердің қолында болды. Әскери-полицейлік сипаттағы істерді басқару беклярибек арқылы, ал азаматтық істер бойынша, дәлірек айтқанда қаржы-салық бойынша жүзеге асырылды. Негізінен Өзбек хан мен оның ұлы Жәнібектің билік ету кезеңі – Алтын Орданың гүлдену кезеңіне сай келді. Осы кезеңде ел жоғары өркениет мемлекетіне айналып, елде экономиканың өрлеуін бастан өткерді. Алтын Орда экономикасының негізін бір жағынан егін шаруашылығы мен мал шаруашылығы құраса, екінші жағынан ол жоғары дамыған қалалардың елі, халықаралық сауданың орталығы болып саналды. Сауда жолдарының рөлін атап өте отырып, зерттеуші И. Л. Измайлов былай деп жазады: «бұл материалдық құндылықтардың қозғалу жолдары ғана емес, сонымен қатар ақпарат – мәдени және технологиялық жетістіктер, діни уағыздаушылар болды» [Измайлов 2008: 18].

Жалпы Қазақ хандығы құрылған тұста оның ішкі және сыртқы саясатты жаңғырту қажеттілігі «шыңғысшылдық» идеологияның диктатурасы жағдайында болып, қазақтардың саяси мінез-құлқына әсер етті, олар бастапқыда ханды тек шыңғысидтерден ғана елдің басшысы ретінде таңдау құқығын мойындағаны белгілі. Десек те Қазақ хандығы пайда болғаннан кейін атты-көшпелі өркениетті қалыптастырған дала демократиясына тән ерекшелік бостандыққа көңіл бөлінгендігі белгілі.

Шыңғыс хан есіміне мистикалық табыну мәселесін негізінен дала әдет-ғұрыптары бойынша жоғарғы билікке монополиялық құқығы бар Шыңғыс ұрпақтары қолдады. Сондықтан да Алтын Орда дәуірінде Шыңғыс ханның ұрпақтары мен оның мұрагерлері өз халықтарының арасында ерекше психикалық қойма, мемлекеттілік туралы идеялар мен өздерінің үстем идеологиясы-шыңғысизмді бекітуге ұмтылды [Тизенгаузен 1884: 221].

Бұл чингизидтік идеология немесе ұстаным философиялық тұрғыдан «әлемнің Шайқаушысы» руы табиғаттан тыс шығу тегі бар, демек, билікке Құдайдың тағдырымен келген деген ниеттен туды. Осыған орай, моңғол дәстүрі сақталған аумақтарда Шыңғыс ханның ұрпақтары саяси, құқықтық және басқа да салаларда ерекше құқықтарға ие болған ерекше әлеуметтік топты

құрады. Мысалы, қазақ даласында бұл идеология Бөкей ордасындағы хан билігін патша өкіметі жойғанға дейін 1845 жылға дейін ықпал еткенін көре аламыз.

Моңғол империясының әртүрлі бөліктеріндегі шыңғысизмнің үстемдігінің айқын дәлелі сол дәуірдің көптеген жазба ескерткіштерінен де көруге болады. Мысалы, Рашид-ал Диннің «Джами ат-таварих», «Құпия аңыз», Муин-ад-дин Натанзидің «Искандердің анонимі», Өтеміш Қажының «Шыңғыс намә», Қадырғали бек Жалаиридің «Джами ат-таварих» және тағы да басқалары. Олардың қатарында Шыңғыс идеологиясының жолсерігі XVII ғасырдағы Хиуа тарихшысы Әбілғазы Бохадур ханның «Шаджарайи-турк ва могул» атты белгілі еңбегі де бар. Автордың шығу тегі бойынша Шыңғыс, шайбанид екендігі белгілі. Оның «Шаджарайи-турк ва могул», яғни Түріктер мен моңғолдардың шежіресі атты еңбегі өзінің тақырыптық бағыты бойынша екі бөліктен тұрады. Олардың біріншісінде Шыңғыс хан жаулап алғанға дейінгі түркі және моңғол халықтарының тарихына сипаттама берілсе, екіншісінде жаулап алынған территорияларда моңғолдар құрған мемлекеттердегі саяси оқиғалар мен хан әулеттерінің тарихын негіздеуге тырысқан [Сейдімбек 2008: 167].

Әбілғазы алғаш Оғыз хан туралы түркі аңыздарын суреттей келе, одан әрі ұйғыр, қыпшақ, қаңлы, халаж, Қарлұқ және басқа да түркі тайпаларының ата-бабаларының қамқоршысы болған Ұлы Оғыз ханды моңғол ханның немересі, яғни моңғол ханы деп атайды.

Шыңғыс хан келгенге дейін Оғыз хан туралы аңыздың өзіндік дала идеологиясы, көшпенділердің қоршаған әлемнің пайда болуы туралы иллюзиялық түсінігінің негізі болғанын атап өту қажет. Түркілердің миф – генеалогиялары иерархиялық болды, яғни өзара қарым-қатынастардың күрделі жүйесіндегі әрбір тайпаның орнын анықтады, бұл ретте алғашқы саты оғыздарға тиесілі болды. Оғыздардың арғы ұрпақтары, қазіргі түрікмендер, түріктер мен азербайжандар әлі күнге дейін көптеген түркі халықтарының негізін салушы Оғыз хан туралы аңыздарды халық жадында сақтап келеді.

Содан кейін, түркі, Әбілғазы, ұлыстар тұрғысынан сипатталғаннан кейін, ол моңғол тайпаларының тарихын генеалогиялық дәстүр түрінде баяндайды. Бұл генеалогиялық баяндаудың басты назарында Шыңғыс ханның патшалық руы жатыр және моңғол тайпаларының шығу тегі бойынша осы руға жақындығының иерархиялық құрылымы көрсетілген. Осылайша Әбілғазы еңбегінде екі идеология: түркі және моңғол идеологиясы баяндалған. Көрнекті қазақстандық тарихшы В.П. Юдиннің пікірінше, шыңғысизм жаулап алушылардың идеологиясы ретінде өзінің «оғыз» түркі

философиясын құлатқан. Ол Шыңғыс ұрпақтарының мүдделеріне сәйкес келмеді, өйткені ол басқалардың сайлануын жариялады.

Сол сияқты Шыңғыстан шыққан Әбілғазы, Оғыз ханды моңғол ханның немересі деп атай отырып, моңғол идеологиясын түркілерден жоғарықоюға тырысқанын байқауға болады.

Әбілғазы шығармасында моңғол рулары мен тайпаларының иерархиясын буржигин-кият руымен байоаныстыруға тырысады. Яғни, моңғолдардың ежелден екі тармаққа бөлініп, ақсүйектер бөлігі Қият руы болса, ал жалпы моңғолдарды «дерлигин» деп атайды. Аңызға сүйенгенде қияттардың ұрпағы «Киян», ал дерлигин «Нюгуз», екеуі де моңғол ханның балалары болған. Киян тақтың мұрагері болды, өйткені оның ұрпақтары дерлигиндерге қатысты сайланды деп саналды. Басқаша айтқанда, моңғолдардың бұл бөлімдері: еке-моңғол (ұлы моңғолдар) және су-моңғол (су моңғолдары) деп аталады [Әбілғазы 1992: 67].

Алайда Шыңғыс хан Әбілғазының куәлігі бойынша тек ақсүйектер қияттарынан ғана емес, Құдайдың таңдаған нирундарының арасынан сайланған адамдардан шыққан. Сол тұстағы әйгілі аңыз бойынша, моңғолдардың патшайымы Алангова оған ай сәулесінде тұрған адамнан үш ұл туды. Алангованың осы үш ұлы қияттардың арасында ерекше нирун руын құрды. Әбілғазы Шыңғыс ханның әкесі Есугей-баһадур табиғаттан тыс күштердің араласуынан болған нирундардан шыққанын дәлелдеуге тырысады.

Десек те, Шыңғыс хан әулетінің ерекшелігі туралы аңыз тек Орталық Азияда чингизидтердің билік орнатқаннан кейін пайда болды деп болжауға әбден болады. Мәселен, тарихшы Е. Кычановтың болжамы бойынша, Темучжин, яғни болашақ Шыңғыс хан, шығу тегі бойынша ең асыл емес еді, бірақ ең алдымен өзінің жеке қасиеттері үшін Ұлы хан болып сайланады.

Сонымен қатар, Шыңғыс ханмен соғысқан халықтардың барлық билеушілері: Керейіт Унг-хан, Найман Тайянг-хан, Хорезм шах Сұлтан-Мұхаммед және басқалары «Шаджара-йи-туркте» қақтығыстардың бастаушылары ретінде көрсетілген. Мысалы, Әбілғазы Шыңғыс хан Сұлтан Мұхаммедтің оған қарсы ештеңе жоспарламайтынына және өзі «оған зиян келтіретін ештеңе жасамайтынына»шын жүректен сенімді болғанын жазады. Бірақ Мұхаммедтің бұйрығымен Шыңғыс хан көпестері мен елшісінің өлтірілуі болмағанда әлемді бұзуды ойламағандығын да атап өтеді. Шыңғыс ханның сұлтан-Мұхаммедпен қақтығысының себебін осылай атай отырып, Әбілғазы тарихты өзінің қуатты ата-бабасының пайдасына түсіндіруге тырысады [Утемишхаджи 1992: 92].

Жалпы, шыңғыстық идеологияны Ұлы империяны құрушы Бату ханның өкімінен де көруге болады. Дешті Қыпшақ даласында ұзақ уақыт бойы қасиетті деп саналған. Шыңғыс ханның барлық кейінгі ұрпақтары үшін бұл Шыңғыс ханның ерік-жігерінің қасиетті Заңы болды. Бұл Әбілғазы еңбегінен де көрініс береді.

Осылайша, Әбілғазы өз еңбегінде тарихты субъективті және біржақты сипаттай отырып, Шыңғыс шайбанидтің мүддесін қорғайды. Шыңғыс идеологиясын қуаттай отырып, тарихшы шайбанид оны өзінің сыртқы саяси мақсаттарында да қолданады. Атап айтқанда, тарихи фактілерді қайта атай отырып, алғашқы шыңғысидтердің беделіне сілтеме жасайды.

Әбілғазы еңбегінің біз қарастырған бөлігі XIV ғасырдың басындағы парсы тарихшысы Рашид-ад-Диннің «Джами-ат-таварих»шығармасын құрастыру болып саналады. Бұл автордың өзі «Шаджара-йи-турк»беттерінде де танылған. Әбілғазы өз еңбегін түркі тілінде жазып, оны қалың көпшілікке түсіндіруге тырысады.

Қалай десек те деректер көрсетіп отырғандай, XIII-XV ғасырлар аралығында Еуразияның орталығындағы өмір сүрген Алтын Орда мемлекеті өзінің сауда-экономикалық, саяси, мәдени жағынан тиімді орналасуының арқасында Батыс пен Шығыс әлемін байланыстырып тұрды. Бұл тұрғыда Алтын Орданың өңірлік басымдығымен таныс Еуропалық, әсіресе ортағасырлық Италияның қала-мемлекеттерінің саудагер-көпестері, миссионерлері мен елшілері өз мүдделеріне орай байланыс жасай бастады. Өзара жалғасын тапқан құрлықаралық сауда жолы Қара теңіз, Поволжье, Солтүстік Кавказ өңірлерінде екі мықты мемлекеттің арасында өзара алыс-беріс пен бірге бәсекелестік орнатқандығын, шыңғыстық әулеттің ерекше басымдылығын көруге болады. Соған орай тарихта ерекше орны бар Алтын Орданың құрылғанына 750 жылдық, Жошы ұлысының 800 жылдық мерейтойының аталуы шыңғыстық идеология мен қатал заңның жемісі болуы керек. Ал Қазақстанның ұлттық тарих тұжырымдамасы пайда болып, шыңғыстық «Ақ орда (Ежен ұлысы) – Қазақ хандығының үлгісі» деп саналуы шыңғыстық Алтын Орданың туыс екендігін көре аламыз.

Оның бір дәлелі қазақтардың барлық дерлік эпостары мен фольклоры Алтын Орда дәуіріне немесе Алтын Орданың үзінділерінде пайда болғандығын көреміз. Қазақ фольклорын алсақ (мысалы, Қазақ фольклорының 100 томы Бабалар сөзі [Султанов 2001: 167] немесе Әуезов Қодар аударған өлеңдер [Сейдімбек 2008: 183]), онда Алтын Орданың саяси қайраткерлері мен ақындары (Қазақ хандығы пайда болғанға дейін)

басты кейіпкерлер болып табылады. Мұндай кейіпкерлер Едіге және оның ұрпақтары, Өз-Жәнібек (Алтын Орда ханы Жәнібек), Жошы, Майқы би, Тоқтамыс және Алтын Орда тарихының басқа да көптеген кейіпкерлері. Сонымен бірге қазақ фольклорында «Ақ Орда» деп аталатын хандардың (Орда-эджен ұлысы) және Моғолстанның Тхан есімдерінің атаулары жоқ. Тек Ежен-хан ғана кездеседі (аты Орда-эдженге үндес), бірақ ол әдетте онда қазақтардың батыры ретінде емес, қалмақтарға (қалмақтар мен жоңғарларға) қатысты қазақтардың антагонисті ретінде көрінеді. Мақсатты түрде көптеген қазақ зиялылары қазақтардың Алтын Ордадан шыққанын ұғынды. Оларды билеуші әулеттің ұрпақтары – шыңғыстықтар деп санады.

Қалай десек те ел аузынан жинап алған аңыз әңгімелерді қарасақ көбіне біздің шығу тегіміз туралы, Қыпшақ хан, Оғыз хан туралы аңыздар бар. Кейінгі кезеңде моңғолдардың жаулап алу шанқыпшылықтарынан соң құралған Алтын Орда дәуіріндегі шыңғыстық идеологияда уақыт пен талапқа сай өзгеріске ұшырап отырды. Бұл жерде исламның әсері бар. Кейбір шежірелерде Оғызды мұсылман етіп қойған, бұл да тікелей сол Алтын Орда дәуіріндегі тарихи сана. Бұл тарихи шындық, себебі бұл біздің халқымыздың этногенезіміздің қалыптасуындағы

орны үлкен, ерекше Оғыз-қыпшақтық кезең [Юдин 1983, Султанов 2001]. Сондай сияқты соңғы ерекше шешуші кезең бұл X–XV ғасырдың алғашқы жартысы қазақ хандығының құрылуымен, қазақ халқының қалыптасуымен аяқталған, біздің қазақ халқының қалыптасуындағы соңғы кезеңіндегі осы Алтын Ордалық кезеңде бізде түркі моңғолдық дүниетаным тарихқа бітее араласты. Енді бізде бұрынғы оғыз-қыпшақтық тарихи санамен бірге оғыз-қыпшақ кезеңін баяндайтын тарихи санамен бірге енді моңғолдық кезеңдегі тарихи сана қалыптасты. Бұған біздің тарихи санамызға Шыңғысханның идеялогиясы мен бейне кірді. Одан кейін барып Өзбек ханның бейнесі кірді, Жошы ханның бейнесі кірді, одан кейін барып Тоқтамыс, Едіге деген сияқтылар біздің тарихымызбен біте байланысып кетті. Қазіргі кезеңде біз үшін Жошы да, Шыңғыс хан да, Едіге де мысалы біздің тарихи ата-бабаларымыз, біздің тарихымызбен тығыз байланысты болып кеткен жайы бар. Шыңғыстық идеология мен исламның қазақ халқының тарихи санасындағы сабақтасуының, өзгеруінің белгілерін де көруе аламыз.

Ғылыми жетекшісі:

т.ғ.к., қауымд. проф. Ноғайбаева М.С.

Әдебиет

Жүгенбаева Г. Дәстүрлі ауызша тарих: теориялық-методологиялық және деректемелік аспектілері. – Алматы: ҚазККА, 2009. – 66–68-бб.

Алпысбес М. Қазақ шежірелері – тарихи дерек ретінде: тарих ғыл. докт. автореф.: 07.00.09. – Алматы, 2007. – 57 б.;

Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. В.Г. Тизенгаузена. Извлечения из сочинений арабских. – СПб., 1884. – Т.I. – 563 с.

Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы. Шежірелік деректерді пайымдау. – Астана: Фолиант, 2008. – 728 б.

Әбілғазы. Түрік шежіресі / Көне түрік тілінен аударған Б. Әбілқасымов. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 208 б.

Утемиш-хаджи. Чингиз-наме // Факсимиле, перевод, транскрипция, текстологические примечания, исследование В.П. Юдина, подготовила к изданию Ю.Г. Баранова, комментарии и указатели М.Х. Абусеитовой. – Алма-Ата, 1992. – 107 с.

Юдин В.П. Орды: Белая, Синяя, Серая и Золотая... // Казахстан, Средняя и Центральная Азия в XVI–XVII вв. — Алма-Ата, 1983.- С.114.

Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингизхана. — Алматы: Дайк-пресс, 2001. —243 с.



ЖАНАТАЕВ Д.К.

Жанатаев Диас Кумырбаевич

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,
Нур–Султан, Казахстан;
dias.zhanatayev.02@gmail.com

ТРАДИЦИОННОЕ СЕДЛО КАК ПОКАЗАТЕЛЬ АПОГЕЯ РАЗВИТИЯ КУЛЬТУРЫ КАЗАХСКОГО НАРОДА

Аннотация. Цель данной статьи рассмотреть основные виды и составные части тюркского седла. В данной статье предпринята попытка изучения различных видов казахских седел, составных частей и территории распространения. Автором была предпринята попытка определения их особенностей и происхождения названия. Обобщен материал о технологии изготовления, размерах и конструкции, и сборки. Принципиальные отличия в их строении не выделены, их разнообразие определяется только территорией бытования.

Ключевые слова: седло, ер, упряжь, лука, наверхие, остров

Культура кочевников Казахстана внесла свой неоценимый вклад в сложение мировой истории. Казахстанские степи стали свидетелем многих по истине грандиозных явлений в истории: одомашнивание лошади, всадническая культура, звериный стиль, Великое переселение народов, татаро-монгольские завоевания, появление тяжелой боевой конницы и т. п.

В данной статье автор предпринял попытку рассмотреть особенности казахского традиционного седла, его разновидности и строение. Традиционное седло казах за весь период своего существования впитало огромный пласт культурных особенностей кочевых народов и его роль, значение и подтекст имеет глубокий характер. На вопрос: «Когда появились седла?» ответить довольно сложно. Ряд зарубежных исследователей предполагают, что появление седел с жестким остовом и стремян происходит в скифское и хуннское время [Arendt 1934: 206–208, Bushell 1910: 35, Laufer 1911: 23, Werner 1953: 53].

В своих трудах С.В. Киселев и Л.Р. Кызласов утверждают, что седло и стремя появились в хунно–сарматское время, которые датируются первыми веками I тыс. н. э. и отнесены к таштыкской культуре [Киселев 1949: 242; Кызласов 1960: 140]. Н.Я. Бичурин утверждает, что седла с жестким остовом вместе со стремянами относятся к жужаням [Бичурин 1950: 204]. Этой точки зрения придерживается и С.И. Вайштейн, который считает, что нет доказательств того, что по степям Евразии седла и стремяна разнесли жужани и приходит к выводу о том, что это было сделано древними тюрками и это точка зрения должна сохранять силу [Вайнштейн, 1966: 65]. К.Ш. Табалдиев уточнил, что ряд находок седел древнетюркского периода на Тянь-Шане должна относиться не к древнетюркскому времени, а к эпохе развитого средневековья [Табалдиев 1996: 36].

Само седло имеет сложную структуру. Составные части, а также его подвиды зависели от региона, в котором оно применялось или изготовлялось. В соответствии с этим его значимость и состав могли хоть и не существенно, но отличаться.

Одну из попыток классификации древнетюркских седел предприняла А.А. Гаврилова на примере кудрыгинских седел VI–VII вв. Она разделила седла на два типа: мужское и женское. «Мужские» седла представляли собой высокую, дугообразную переднюю луку, к которой крепились костяные накладки. «Женские» седла имели низкую переднюю луку с аналогичными накладками [Гаврилова 1965: 85]. Таким образом, автор определила разницу седел по размеру луки и наличию накладок.

Не менее важна и технология изготовления седел. На примере запечатленных изображений на фотографиях XIX века из фондов Центрального Государственного Музея Республики Казахстан можно увидеть, что среди казахов имелись профессиональные мастера по изготовлению седел. Изображения позволяют нам увидеть процесс изготовления седла с использованием специальных инструментов, местного сырья и наличие собственного подхода в создании накладок.

Структурно седло состоит из двух луков – передней и задней, двух боковых частей – пластины и центральной рамы. Для средней и боковых частей подбирались плоские правильной формы без сучков.

Мастера по седлам, они же седельщики, собирают составное седло из деревянных деталей, для изготовления которых используется древесина березы, тополя, джиды, тальника, поскольку она мягкая и прочная одновременно. Основа седла состоит из лука. Для лука брали ту часть березового ствола, в котором она разъединяется в две стороны. В Центральном и Северном Казахстане

луку изготавливали и из корня березы [Аргынбаев 1987: 21].

На первом этапе ствол очищают от коры и оставляют в тени сушиться. Корни тоже предварительно необходимо просушить. Из заготовок изготавливается грубая форма будущего седла и снова сушится. Далее все детали кипятятся в казане с соленой водой примерно на время дойки кобылицы и снова оставляются в тени для хорошего просыхания. По словам мастеров, дерево, “сваренное” в соленой воде, никогда не трескается [Аргынбаев 1987: 21].

Деревянные части шлифуются рашпилем, кусочками стекла. После тщательной обработки, шлифовки деталей седло собирается. Соединяют части составного седла желтым клеем, изготовленного из компонентов дерева, и черным – из мяса отощавших животных. Для того, чтобы приготовить клейкое вещество черного цвета, в мясо добавляют порезанную на мелкие кусочки засохшую верблюжью шкуру и долго кипятят в большом количестве воды в казане пока мясо не примет мягкую консистенцию; затем бульон процеживают, а твердую массу выбрасывают. Жидкость после остывания превращается в черный клей [Аргынбаев 1987: 21].

Другим способом соединения частей является прием с использованием гвоздей или кусками кожи в виде ремней и лент.

Так же стоит отметить, что не менее значимую роль играло украшение седел, которое, по сути, являлось одним из отличительных особенностей отдельных видов. Преимущественно, такое наблюдение зафиксировано между мужскими и женскими седлами. Как правило, седла для женщин делают большими и украшают резьбой, узорами, другими деталями, но встречаются они редко. В 70–80-х годах прошлого века женские седла практически перестали делать [Аргынбаев 1987: 21].

Исследование седел свидетельствуют о том, что на территории Казахстана были распространены несколько видов седел. Остановимся на некоторых из них. Первый вид седла – «ер тоқым» или “құранды ер”, составное седло. Оно обычно встречается в Южном Казахстане, на востоке Карагандинской области и в южных регионах Акмолинской, Костанайской, Павлодарской областей. Особенность данного вида состоит в том, что они составные, имеющие такие части, как лука, остов и две боковые накладки. Существует мнение, что вид «ер тоқым» получил свое название благодаря наличию кожаного чепрак-потника (турман, тоқым), отсюда и происходит название «ер тоқым» т. е. седло чепрак-потником [Джанибеков 1982: 47].

Следующие вид седла – «үйрек бас ер» (утиная голова) или уткоголовое седло. Ареал распространения: Южный Казахстан и Приаралье. Однако подобные экземпляры встречаются и у казахов, живших по берегам

рек Тургай и Иргиз, а также на землях Кокшетау. Кроме передней луки, которая наподобие утиной головы выдается вперед, седло этого вида мало чем отличается от вышеупомянутого составного седла. Деревянный остов делается из четырех деталей, которые соединяются при помощи гвоздей, затем весь остов зачехляется грубой кожей или сафьяном [Джанибеков 1982: 48].

«Шошақ бас ер» (остроконечная голова) – седло с острой головкой луки, распространено на территории Восточного Казахстана. Это наиболее архаичный тип седла с передней лукой, оформленной в форме головки водоплавающей птицы (құс ағаш ер, үйрек бас ер) или преимущественно рогов архара (балдақ ер, ақ бас ер, шошақ бас ер). В основе оформления луки заложен тотемический образ животных, хорошо известных по древней мифологии и шаманизму кочевых тюркоязычных народов евразийских степей. Отсюда и происходит вид седла «шошақ бас ер», седла с таким навершием являлись чаще всего мужскими [Джанибеков 1982: 48].

«Қозы құйрық ер» – вид седла был распространен у казахов, живущих на полуострове Мангистау и по берегам реки Эмба, по форме напоминающий курдюк ягненка. Иногда его называют и по-другому – «ақ бас ер» – седло с белой головкой или «шошақ бас қазақы ер» – остроголовое казахское седло. У седла «қозы құйрық ер» имеется много общего с составным седлом. Но все же оно не является его разновидностью. «Қозы құйрық ер» делают из пяти деталей березовых чурбачков. Хотя внешне оно мало чем отличается от составного седла, но в технологии изготовления, в основном в соединительных элементах, а также в украшении, заметны значительные отличия. Одна из особенностей детали седла заключается в том, что скрепляются они не посредством клея, а с помощью гвоздей.

«Бітеу ер» – это особый вид седла, деревянный остов которого, как правило, выдалбливался из цельного куска дерева твердой породы (бітеу ер).

«Қалмақы ер» – являлся седлом найманского типа. Передняя лука его, слегка изогнутая кверху, имеет вогнутые бока. Сверху и снизу она окаймлялась узкими металлическими полосками и украшалось по центру лишь плоскими пластинами, близкими по форме к накладкам калмыцких седел, поэтому в некоторых районах Казахстана этот тип седел получил свое название от аналогии с калмыцкими седлами «калмақы ер».

У казахов, как и других тюркских народов, принято с детства обучать верховой езде. По сведениям Сяма Цяня, хуннский «мальчик, как скоро может сидеть на баране, стреляет из лука пташек и зверьков» [Бичурин 1950: 40]. Для этого изготавливалось «ашамай» или «ашамай ер» – детская седёлка, предназначена для обучения детей 4–5 лет езде верхом на лошади. Это седло неболь-

ших размеров, которое имело две большие сумочки по бокам, куда вставлялись ноги ребенка и фиксировались во избежание вероятности падения.

Можно утверждать, что казахские седла отличались структурой, формой и способом изготовления луки, составных частей, деревянной основой, размерами и весом. Так же стоит отметить о существовании таких седел как, «найманское», «кереиское», «адайское», «уакское», «дулатское» и т. д. Считаем не правильным не обратить внимание на наличие разного рода названий седел, однако склоны предполагать, что данные седла имеют лишь это условное название вышеупомянутых образцов, на которых преимущественно упражнялись верховой ездой тот или иной род. Необходимо отметить и существование их привязки к названиям самих родов, например «северо-восточное седло найманского типа», «западное седло, адайский тип» и т. д. Схожее писал К.К. Арынов в своей работе «О популярности видов прикладного ремесла казахского народа» где выделял, что по конструкции и технике изготовления седла подразделяются на пять основных типов: восточный или найманский, центрально– и северо–казахстанский, западный, семиреченский и сырдарьинский [Арынов]. По мнению автора это свидетельствует о том, что все эти названия являются скорее видами или подвидами седел «үйрек бас» «ер тоқым» «шошақ бас ер» и др., либо определённые типы седел условно привязаны географически регионам Казахстана. Выводы автор делает на основе отсутствия принципиальных отличий в составных частях, приемах и способах изготовления, оформления и внешнего вида седел.

Последнее, о чем стоит рассказать, это вес и размеры седел. Вес седла зависел от веса материала, наличия инкрустации и т. д. Подлинно не зафиксировано каких размеров придерживались казахские седельщики при изготовлении седел, но обращаясь к современным способам можно судить о том, что размер зависел от размеров лошади и всадника. За исходные данные у лошади брались: высота в холке, длина от груди до хвоста, объем туловища. От всадника требовалось же расстояние от коленного сустава до тазобедренного сустава в сидячем положении. Взяв во внимание эти данные, мастер изготавливал седло, которое с большой долей вероятностью было сугубо индивидуальным для лошади и наездника, т.е. оно маловероятно подошло бы для другого всадника [Иванова].

Таким образом, можно констатировать, что седла являются ярким примером материальной культуры казахов, атрибутом всаднической культуры в частности. Разнообразные форма и виды седел свидетельствуют о распространении их на всей территории Казахстана. Изучение данного вопроса показало, что регионы имели

тесные контакты с другими территориями и шел процесс взаимопроникновения технологий изготовления седла. Однако, это не дает нам возможности четкого выделить распространение тех или иных видов на определенной территории. Наличие седел различных по половозрастному признаку свидетельствует о том, что детей рано приучали держаться в седле и готовили из них будущих наездников. Женские седла не имели такого широкого распространения как мужские, но в то же время само их наличие указывает на равноправные отношения женщин и мужчин в вопросе верховой езды. Наличие собственного седла является признаком его активного использования. Внешний вид женского седла имел структурные отличия и различную степень инкрустации. Название седел, встречающихся в Казахстане, имеют различия исходя из структурных компонентов происхождения отдельных форм частей седла.

*Научный руководитель:
Кошман Т.В.*

Литература:

- Аргынбаев Х.А. Ремесло казахского народа. – Алма-Ата: Өнер, 1987. – 128 с
- Арынов К.К. О популярности видов прикладного ремесла казахского народа// Davaiknam.ru. Информационный портал Davaiknam.ru. URL: <https://davaiknam.ru/text/k-k-arinov-o-populyarnosti-vidov-prikladnogo-remesla-kazahskog> . – (Просмотрено 15 марта 2022 г.).
- Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. – М.–Л.: Изд-во АН СССР, 1950. – Ч.1. – 380 с.
- Вайнштейн С.И. Некоторые вопросы истории древнетюркской культуры (в связи с археологическими исследованиями в Туве) // Советская этнография. – №3. – 1966. – С.60-81.
- Гаврилова А.А. Могильник Кудыргэ как источник по истории алтайских племен. – М. –Л.: Наука, 1965. – 144 с.
- Джанибеков У.Д. Культура казахского ремесла. – Алма-Ата: Өнер, 1982. – 144 с.
- Иванова Н. Как правильно определить размеры и подобрать седло? // Sedla.ru. Информационный портал Sedla.ru. URL: <https://sedla.ru/blogs/kak-pravil-no-opredelit-razmery-i-podobrat-ideal-noe-sedlo.html>. – (Просмотрено 15 марта 2022 г.).
- Киселёв С.В. Древняя история Южной Сибири. – М.–Л.: Изд-во АН СССР, 1949. – 364 с.
- Кызласов Л.Р. Таштыкская эпоха в истории Хакасско-Минусинской котловины. – М.: Изд-во МГУ – 1960. – 198 с.
- Табалдиев К.Ш. Курганы средневековых кочевых племен Тянь-Шаня. – Бишкек: «Айбек», 1996. – 256 с.
- Arendt, W.W. Sur l'apparition de l'étréchez les scythes // Eurasia septetridis Antiqua. – Helsinki. – 1934. – Т. IX. – 320 с.
- Bushell, S.W. L'art chinois. – Paris. – 1910. – 351 с.
- Lauffer, B. Chinese Grav-Sculptures of the Han Period. – London. – 1911. – 45 с.
- Werner, J. Beitrage zur Archaeologie des Attila-Reiches. – Munchen. – 1953. – 85 с.

ОРАЗБАЕВА К.Б.

Оразбаева Кумуш Бахадировна

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті,

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан;

kumush110@mail.ru

ТҮРКІМЕН ХАЛҚЫНЫҢ ҮЙЛЕНУ ТОЙЫНДАҒЫ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРЫ

Аннотация. Түркімен халқының салт-дәстүрлері мен рәсімдері үйлену тойларында жиі көрініс табады. Түркімен халқының үйлену тойында осмақшылық, бұқша жасау, баш салма, белдікті бекіту, ғыңач, сәлемдесу тәрізді рәсімдер кезегімен орындалады. Үш күнге жалғасатын шарадағы әрбір рәсімнің түркімен халқының рухани байлығын көрсетіп тұратын ерекшеліктері бар. Салт-дәстүрлердің барлығы тек ұлттық калоритке бай көріністерден тұрады. Мұның өзі, ұлттық бірліктен ажырамаудың негізгі тармақтарының бірі болып саналады.

Түйін сөздер: түркімен, осмақшы, бұқша, ғыңач, салт-дәстүрлер, рухани байлық.

Түркімен халқы көне тарихы бар халықтардың біріне жатады. Түркімен мәдениетінің қайнар көзі ежелгі дәуірлерден бастау алып, орта азиялық мәдениеттің келбетіне айтарлықтай үлесін қосты. Түркімендердің ұлттық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары заманауи түркімен қоғамының рухани тірегі болып табылады.

Түркімен халқының отбасылық дәстүрлері ішінен ең үлкені келін түсіру болып табылады [Diwangulyyewa, Gubaýew 2013; 54]. Келін түсіру дәстүріндегі ең жауаптысы құдашылық салты болып саналады.

Түркімендерде үйленудің алдыңғы шартты салттарының бірі – неке құдашылдығы. Оған сәйкес ұлдың ата-анасы бір-бірімен ақылдасып, ұлдары мен әулетке лайықты қызды таңдайды.

Бұрын түркімендер қалыңдық таңдауда бірнеше ұғымды басшылыққа алған болатын, яғни, құдалардың кім екені (тегі), келіннің қабілеті, белсенділігі, мінезі, сыртқы келбеті ескерілген. Түркімендер қызды қалай таңдаса, жігітті де солай таңдаған, яғни жігіт жақтың өзіне де әлгіндегі талаптарды қолданған. Бірақ жігіт таңдау мен қыз таңдаудың айырмашылығы, қыздың ата-анасы құдашылыққа келген адамдардың қандай екенін сұрап біліп алғаннан кейін ғана оларға өз хабарламаларын айтқан. Түркімендердегі «қызға келер мың кісі – алып кетер бір кісі» деген нақыл сөздің мәні осында. Соңында отбасы жиналысында келісімге келгеннен кейін ғана құдашылық дәстүрі басталады [Diwangulyyewa 2018: 121].

Құдашылық бұл өте нәзік іс саналған, ол үш кезеңнен тұрып, бірнеше адам арқылы жүзеге асырылды. Оның біріншісі «осмақшы» арқылы орындалған. Осмақшы – бұл құдашылықтың басын бастаушы, яғни мәмілегер болды. Ол әңгіме арасында қыздың ата-анасынан істің барлық мәселері бойынша ұстанымдарын білуге тыры-

сты [Diwangulyyewa 2018: 121–122].

Егер осмақшының құдашылық істерінің орындалуына көзі жетсе, кезек – сөз айтушыға беріледі, яғни, баланың ата-анасына беріледі. Әдетте, олар қасиетті саналған сәрсенбі күні қыздың үйіне барып, өз ниетін білдірген. Егер сөз айтушының сөзі қайтарылса, яғни қабылданбаса, қыздың ата-анасы қыздарын бергісі келмесе, онда «қызымыз жас», «әкеміз бен қызымыз риза емес» деген сияқты өте сыпайы сөздермен жауап берген. Егер олар мақұлдаса, «ойланайық, тағыда айналып келіңіз» деп жауап қайтарған [Diwangulyyewa 2018: 122–123].

Қасиетті ырымның үшінші кезеңі – құдашылық. Бұл салтқа отбасыда немесе әулет арасында қадірлі үлкендер, жігіттің ата-анасы бар бір топ болып қатысады. Құдашылықта ең бастысы ұл мен қыздың отбасының абыройы саналады. Келгендердің негізгі міндеті – құдалық қатынасын берік орнату болған. Нәтижесінде, екі жақ келісілген соң қыз бен жігіт үйленеді. Той күні белгіленген соң қыз жағы да, жігіт жағы да тойға дайындық бастайды. Бұл кезде қыздың тойға дайындығы өзінің «бұқшасын» дайындаудан тұрады. Бұқшада қыздың киім-кешектері, ата-анасының берген әшекейлері мен кілемдер болады [Diwangulyyewa 2018: 122–123].

Түркімен отбасында анасы қызы әлі кішкентай кезден бастап оның бұқшасы үшін әртүрлі кілемдер тоқиды. Ертеден келе жатқан әдет бойынша қыздарына кілем тоқуды үйрету аналардың міндеті болған. Бұл өнер бір жағынан шаруашылық үшін де маңызды болған. Ал тұрмысқа шығар кезде түркімен отбасында қызды кілемсіз жібермеген. Қазір де қыздар тұрмысқа шыққанда бұқшасында кілемді міндетті түрде алып кетеді.

Түркімендерде XX ғасырдың 50 жылдарға дейін келінді түйемен, арбамен әкелу әдет болған.

Түркімендер той кезінде өздерін сәндеуді аз көріп, түйе мен аттарына дейін сәндеген. Оны «асмалық» деп атаған [Gurbanow, Gurbagulyýewa 2010:47]. Ал жақында қолданысқа енуімен XX ғасырдың 60–70 жылдары машиналар мен көліктердің әдемі безендірілген көліктерде әкелу дәстүрге айналған.

Күйеу жігіт қызды алып, үйіне келгенде, оларды адыраспан жағып қарсы алған. Түрікмендерде «от астында бөле болмайды» деген дана сөзден адыраспан жағу әр түрлі апаттың алдын алады деп түсінілген.

Келін көліктен түсетін кезде жеңге көліктің есігін ашпай, өзінің той сыйлығын беруін сұрап, есікті ашпай тұрады. Содан кейін жеңгеге қайын анасы немесе қайын атасы сыйлық береді. Сосын көліктен келінді түсіреді. Осы кезде әйелдердің бірі адыраспанды жағып, қыздың айналасына айналдырады. Келінді оң аяғымен, әуелі енесінің бөлмесіне, сосын әпкесінің бөлмесіне кіргізеді.

Енесінің бөлмесіне кіргізгенде келіннің оң қолын сары майға, одан кейін ұнға батырады. Бұл дәстүр «келіннің» ризығы көп болсын, дастарханы әр қашан ұн мен майға тола болсын» деген ырымды білдірген. Келін өзінің орнына барып отырғанда оның алдына көп балалы болсын деп бір ұл немесе бір қызды отырғызған. Бұл келінді үйге әкелгенге дейінгі салт–дәстүрлер болып табылады.

Келін түскеннен соң күйеу жігіттің үйіндегі той жалғасады. Түркімендердің тойлары салтанатты түрде жалғасып, бақшы–күйшілер, ат бәйгесі, күрес және т.б. ойындар өткізіледі. Ойынға қатысқан адамдардың бәріне тойдан сыйлық беріледі. Той болатын күні күйеу мен келіннің некесі қиылады. Некеден соң жастар тәтті өмір сүрсін деп бал және құмшекер қосылған «тәтті су» алдымен жас жігіттерге, одан кейін қыздарға, сосын тойға келгендердің барлығына таратылады.

Түрікмен тойында бірқатар дәстүрлерден кейін кешкі үйлену тойының ең қызықты бөлігі «белдікті бекіту» дәстүрі орындалады. Бұл дәстүрге жас ұлдар мен қыздар және келіннің жеңгесі қатысады. Келін күйеудің бірінші болып белбеуін, сосын аяқ киімін, одан кейін тон мен бас киімін шешуі керек. Белбеу шешу рәсімі орындалғаннан кейін келіннің жеңгесі тойға сойылған малдың жүрегінен, бауырынан дайындалған қуырдақ әкеледі. Бұл ырым жас жұбайлардың жүрегінің әрқашанда бір болуы үшін жасалған

Той келесі күнге жалғасып, тойдың ертесіне өтетін әдет – дәстүрлер жалғасады. Түркімен үйлену тойындағы ең танымал дәстүрлердің бірі – «баш салма» дәстүрі. Бұрын бұл дәстүр түрікмендер арасында тойдан кейінгі үшінші күні орындалған. Қазір бұл ырым тойдың ертеңіне барлық өңірде тойланады. Рәсімнің мағынасы келіннің пәктік киімін ауыстырып, оны әйелдер қатарына қосудан тұрады. Бұл салтта әйелдер мен қыздар екі топқа бөлінеді. Әйелдер келіннің басына «ғыңаң» деп аталатын орамал байлайды. Сосын қыздар жағы оны атуға тырысып, оған қарсы тұрып, келінді қорғайды. Ақыры әйелдердің бірі келіннің басындағы гүл тақиясын шешіп келіннің басына «ғыңаңты» орайды. Келіннің басындағы гүл тақияны қайын сіңлісіне сыйлыққа береді [Diwangulyýewa 2018: 132]

Түркіменстанның кей жерлерінде тойдың үшінші күні таңертең келін сәлем салуға шығады. Бұл түрікменнің «сәлемдесу салты» деп аталады. Алдымен келін сәлемге келген кезде қайын атасы, қайын енесі, қайын жұрты жиналады. Келіннің қасындағы жолбасшысы алдымен, қайын ата, сосын қайын енесін және т.б. болашақ туыстарын көрсетеді. Келін жұрттың алдында жүзін ашпай, сөйлемей иіліп сәлем береді. Оған баланың ата-анасы мен туысқандары қатысады.

Жоғарыда аталған салт–дәстүрлер мен ырымдардың барлығы орындалған соң келін болашақ отбасына толықтай қосылады. Бұл арқылы халықтың рухани байлықтарын сақтап, болашақ ұрпаққа жетізу мұрасы көрсетілген. Салт–дәстүрлердің орындалуы отбасының ары қарай толықтай өмір сүруіне тілекші ретінде жасалғандығымен байланысты болған және өз жалғасын бүгін де тауып келеді.

Әдебиет

Diwangulyýewa B., Gubaýew A. Ýokary okuw mekdepleri üçin okuw kitaby. – A.: Türkmen döwlet neşirýat gullugy, 2013. – 176 s.

Diwangulyýewa B., Perdeliýewa M., Gurbangulyýewa A. Türkmenistanyň etnologiyasy. Ýokary okuw mekdepleri üçin okuw kitaby. – A.: Türkmen döwlet neşirýat gullugy, 2018. – 176 s.

Gurbanow H.D., Gurbagulyýewa A. Türkmenistanyň etnologiyasy – A.: Türkmen döwlet neşirýat gullugy, 2010. – 274 s.

ЖАНБОЛАТОВА Ә. Ж.

Жанболатова Әсила Жанболатқызы
 Әл-Фараби ат. Қазақ Ұлттық Университеті,
 Алматы, Қазақстан;
 zh.asila@mail.ru

ҚАЗАҚ ЭТНОГЕНЕЗИНІҢ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІ

Аннотация. Бұл мақалада Қазақ этногенезінің қалыптасу процессін сонау тайпалық қатынастардан тарқата қарастырады. Рулардың этникалық территориясының саяси түрде бірігуді сипаттай келе, Алтын Орда мен Шағатай мемлекетіндегі өзара жан-жал мен соғыстың нәтижесінде пайда болған кіші ұлыстар мен иеліктер турасында мәліметтер береді. Сонымен қатар, автор осы аталған мемлекеттер құрамына кірген рулар мен ру бірлестіктеріндегі территориялық және саяси бірлікті, экономикалық мәдениетті әр аудан халықтарының бейбіт тіршілігін барынша ұғынықты түсіндіреді.

Түйін сөздер: Этникалық процесстер, этно-саяси бірлестік, феодалдық мемлекеттер, ұлыстар, рулар

Этногенетикалық процесстер даму барысында бірнеше этаптарға бөлінеді. Антропологиялық зерттеулерге қарағанда, ұзақ мерзімді этникалық даму барысында тұрғындардың европеидтық нәсілі тұрақты сақталса да, уақыт өте келе монғолоидтік нәсіл басым бола түскен. Тілдік тұрғыда да өзгерістер болып, осы территорияларда өмір сүрген ертедегі иран тілдес тайпалар түркі тілдес тайпаларға ауыса бастайды.

Европалық кескіндегі үндірандық андронов тайпалары қола дәуірінде мал шаруашылығымен және жер өңдеумен айналысқан. Олардың ерте темір дәуіріндегі мұрагерлері сақтар мен савроматтар.

Евразияның далалық аймақтарын бүтіндей алғанда және Қазақстандағы этникалық процесстердің шешуші кезеңі б.д.д. 1 мың жылдықтың ортасындағы түркілердің батысқа қарай жаппай қоныстануымен тікелей байланысты болды. Кең байтақ территорияда оңтүстік, оңтүстік-батыс бағытта солтүстік Монғолиядан Әмударияға дейінгі (Жетісуды қоса) аймақта түркі тайпалары біртіндеп қоныстана бастаған. Ежелгі сақ, сармат, үйсін, қаңлы тайпаларының ұрпақтары болып табылатын бұғы, бойырқу, беклі, қыбыр, түргеш, бұлақ, қарлұқ тайпалары Қазақстан жерінің негізгі тұрғындары [Бартольд 1921: 337-355].

VI ғасырдағы жаңа әлеуметтік қатынастар, ерте феодалдық түрік мемлекеті – Түрік қағанатының, кейінгі Батыс түрік қағанатының құрылуы түркі тілдес тайпалардың батысқа қарай үздіксіз ығысуына түрткі болды. Қазақстанның оңтүстік-шығысында құрылған Түргеш қағанатының (VII–VIII ғғ.) орталығы Талас пен Суябта орналасып, Шу мен Іле өзендері аралығындағы үлкен территорияда мекендеген тайпаларды біріктірді. Түріктер отырықшы егіншілікпен айналысып, қалалық өмірге жақындай түсті. VIII-X ғғ. Қарлұқ федерациясына “қарлұқ” деген жалпы атпен көптеген: тукси, шігіл,

азкіші, дулу, чоджи, чорук, арғу, барсхан тайпалары кірді. Сонымен қатар оғыз, ұйғыр, жетісулық соғдылар тобы да кірді. Қарлұқ этносаяси бірлестігінде монғолоид нәсілі араласқан европеид нәсілі басым болды. Қарлұқтардың үлкен бір бөлігі Мәуеренахр жағына кетіп, өзбек халқының қалыптасуына негіз болған. Оңтүстік Қазақстан территориясында қаңлы, қаңғар-печенег (Сырдария даласын мекендеген), Арал–Каспий бойынан ас және аландарды және Жетісудан батысқа қарай жылжыған қарлұқ, холодж, чагра, чарук тайпаларын біріктірген оғыз мемлекеті (IX–XI ғғ.) өмір сүрді [Бекмаханова 1972: 127-134].

Оғыздар антропологиялық жағынан монғолоид нәсіліне жатты. Оғыздардың үлкен бөлігі Орта Азияға қарай жылжып, Қазақстан территориясында құрылған жаңа этно-саяси бірлестік қыпшақ мемлекетінің құрамына енді.

VIII–XI ғғ. Қазақстанның солтүстік, шығыс және орталық аудандарында өздерінің ерте феодалдық мемлекеттерін құрған қимақ және қыпшақ тайпалары өмір сүрді. Қимақ саяси бірлестігінің құрамына көшпелі және жартылай көшпелі түрік тайпалары қыпшақ, әймур, имақ, татар, баяндур т.б. кірді. Қимақ мемлекетінің мұрагерлері қимақ бірлестігіндегі ең ірі тайпа қыпшақтар болды.

Қыпшақ тайпаларының мемлекеттік бірлестігі (XI–XII ғғ.) құрамына көптеген түрік тайпаларын біріктіре отырып Ертістен Жайыққа және Еділден батысқа дейінгі, оңтүстікте Балқаш көлінен оңтүстік-батыс Сібірдің орманды алқаптарына дейінгі жерді алып жатты. Қыпшақ этносы жақын, туысқандық тегі жағынан емес, аймақтық-шаруашылық байланысы негізінде біріккен көптеген рулар мен тайпалардан тұрды (қимақ, баяндур, боғут, қаңлы, урох, югур, тоқсаба, өлтүрлі, иеті, бұржоғлы, анджоғлы, дұрұт т.б.).

XI ғасырдың екінші ширегінде сол кезге дейін жазба деректерде “Оғыздар даласы” аталып келген дала Дешті-Қыпшақ атала бастады. Дешті-Қыпшақтың тарихи-географиялық аумағы Ертістен Днестрге дейінгі аймақты қамтыды. Оны шартты түрде Еділ өзені бойымен екі ірі этноаумаққа: Батыс қыпшақ және Шығыс қыпшақ бірлестіктеріне бөлуге болады [Бернштам 1957: 289-290].

Шаруашылықтың бірдей түрімен айналысуы, қоғамдық қатынастарының ұқсастығы, тілдерінің түсініктілігі бұл этникалық топтардың бір-бірімен бірыңғай этносқа жататындарын сезініп, қыпшақ атауын қабылдап, бірігіп кетулеріне көмектесті. Кейінгі жүз жылдықтағы саяси оқиғалар, түрлі соғыстар қыпшақ бірлестігін де ыдыратып, шығыс қыпшақтардың қазақ, қырғыз, өзбек, қарақалпақ, ноғай халықтарының шығуына негіз болуына алғышарттар жасады. XIII ғасырдың басында Шығыс және оңтүстік-шығыс Қазақстанға Монғолия мен Алтай жерлерінен Шыңғысхан жаулауынан ығысқан, өздерінің саяси мемлекеттік бірлестіктері бар түркі тілдес наймандар мен керейлер келіп орналаса бастады. Кейіннен олар да түркі халықтарының қалыптасуына өз әсерін тигізді.

Сөйтіп XIII ғасырдың басында–ақ Қазақстан жерінде тұрғындардың этникалық жағынан бірігуі басталды. Орта ғасырда Қазақстанда отырықшы және көшпелі мәдениет қалыптасты. Бірақ, тұрғындардың этникалық жағынан бірігуін монғол шапқыншылығы тоқтатты [Вяткин 1941: 42-52].

Монғол шапқыншылығы мен үстемдігі Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан шаруашылығы дамуының экономикалық негізін бұзуы, бұл аудандардың бірігу процессін тежеді, өзара және іргелес жатқан кең-байтақ дала халқымен шаруашылық, этникалық және мәдени байланыстарын тиянақсыздыққа ұшыратты, халқын құлдыққа мәжбүр етті. Жаулап алынған елдердің көшпелі және жартылай көшпелі халқы Шыңғыс ұлдарының ұлыстары құрамына еніп, жергілікті халықтың рулық–тайпалық құрылымы бойынша ондық, жүздік, мыңдықтарға бөлінді, мұның өзі рулық бөлінушілікті ұзақ уақыт сақтап қалуға әсер еткен маңызды фактордың бірі болды. Жошы ұлысы (кейіннен Алтын Орда) Ертіс пен Алтайдан Дунайға дейінгі қыпшақ жерлерін иеленді. Алайда бірте–бірте шаруашылық өмір қалпына келе бастады. Қазақстанның оңтүстігінде қалалар тұрғызыла бастады. Бұрынғы отырықшы мәдени аймақтардағы жер шаруашылықтары қалпына келтірілді, тауар айырбас кеңейді, әртүрлі облыстарда жергілікті шаруашылықтар қалпына келе бастады. Бұл рулардың, ру бірлестіктерінің, басқа да этносаяси топтардың өзара қарым қатынасын қамтамасыз етті. Бұл процесстер Ақ Орда, Әбілхайыр хандығы, Ноғай Ордасы мен

Моғолстан мемлекеттерінің пайда болу және нығаю тарихымен байланысты. Осы мемлекеттердің шеңберінде Монғол ұлыстарына қарағанда Шығыс қыпшақ және Жетісу халықтарының саяси, шаруашылық және әлеуметтік дамуы үшін өте ыңғайлы жағдайлар туды, барлық қоғамдық өмір нысандарындағы өзара қарым-қатынаспен өзара әрекеттестік пайда болды [Дулатова 1984: 272].

Рулардың этникалық территориясын саяси түрде біріктіре отырып, Алтын Орда мен Шағатай мемлекетіндегі өзара жанжал мен соғыстың нәтижесінде пайда болған кіші ұлыстар мен иеліктер, осы аталған мемлекеттер өзіне кірген рулармен ру бірлестіктеріне территориялық және саяси бірлікті, экономикалық мәдениетті әр аудан халықтарының бейбіт тіршілігін дамыту мүмкіндігін қамтамасыз еткен ең бір этникалық дамуы негізделген мемлекеттік ұйым болып табылды. Рулардың халық болып қалыптасуының маңызды шарты сол шаруашылықтың, шаруашылық байланыстарының дамуы болып табылатындағы белгілі. Нақ осы көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы кезінде отырықшы-жер шаруашылығы және қала мәдениеті аралас территориясыменен шаруашылық байланыстары аса қажеттілікпен орнады. Шаруашылық, сондай-ақ, этномәдениеттілік, этносаяси тұрғыда халықтардың тұрақты байланысының арқасында бірыңғай экономикалық аймақ жасалды. Жақын этностар өкілдерінің, сондай-ақ, басқа да этникалық топтардың арасында тұрмыстық қарым-қатынастар орнатыла бастады.

XIV–XV ғғ. I жартысында Ақ Орда кезеңінде, көшпелі өзбектер мемлекетінде Қазақстан территориясында рулардың этникалық құрамы тұрақталады, жергілікті және орын ауыстырған түрік, монғол руларының көптеген айырмашылықтары азаяды, әр ру бірлестіктерінің этникалық белгілерінің артықтығы қалыптасады. Бұл мемлекеттер халықтарының құрамы бойынша негізінде полиэтникалық болды. Ақ Орда хандығының этникалық құрамы: Әбілхайыр хандығымен, көшпелі өзбектер мемлекеті және Ноғай ордасымен бірдей болды. Онда сол кездегі жазбалардан белгілі «өзбек», қыпшақ, үйсін, қоңырат, керей, маңғыт, арғын, қарлық, қаңлы, найман деген этносаяси терминмен белгілі түрік тілді рулар өмір сүрген. Бұдан басқа бүркіт қият, отаршы, жат, шынбай, кенегес дұрман, қарлауыт, таймас, шабдахлы, мажар, ойрат деген руларды да атайды. Бұл рулардың көбісі қазақтың кіші және орта жүздерінде бар. Ал XV–XVI ғғ. Орта Азияға өзбек деген ат өтіп кетті. Ноғай Ордасында қыпшақ, қаңлы, найман, үйсін, қоңырат рулары, маңғыт, алшын, қытай, тама, ас деген рулармен қатар ноғай халықтығының құрамына кірді. Бұлардың бәрі түрік

және түріктенген рулар мен тайпалар болды [Кумеков 1974: 14-22].

Орта Азия Қазақстанның түрік халықтарына ортақ және XIII-XIV ғғ. болған оқиғаларға байланысты осы үлкен территорияда шашылып араласып кеткен тайпалар болды. Бұл халықтар Орта ғасырдың даму дәуірінде бір мезгілде қалыптасты. Бұл қалыптасу жекелей емес, этникалық топтардың тығыз қатынасы – мемлекеттік бірлестіктердің саяси байланыстары, халықтардың шаруашылық және мәдени өзара қарым-қатынасы арқасында қалыптасты. Этносаяси даму процесі өзбектер, ноғайлар, қарақалпақтар, сібір татарлары, қазақтар үшін жоғары дәрежеде болды.

Қазақтардың өмір тіршілігін белгілеу үшін мұсылмандардың сөздерінде қазақылық деген зат есім құрылды. Қазақтық кезіндегі түсінік әдетте: қазақылықтарда (түркі тілдерінде) дар–аями и казак, мұдатти казак иран тілдес сөздерде деп белгіледі.

Қазақтың өмір сүру тіршілігі қарапайым болғаны белгілі. Осыдан қазақ және яғни қазақша «қарапайым» түріктің сөзінен шығып парсының казакане «ане» деген жалғау қосылып жазылған. Мысалы: осы сирек сөздің ортағасырдағы мәтіндерде қолдануының мысалы, Шағатай сұлтан Ахмад нағыз дала ұлы болды. Ол да қатаң өмір тіршілік етті. Бабыр Сұлтан Ахмадты 1502 ж. Танбала әмірге қарсы жорық кезіндегі үй жайын сипаттайды, былайша: “Сұлтан Ахмад жер шалғайында өмір сүргендіктен оның шатыры мен тұратын жағдайы қарапайым қазақша болатын. Қауындар, жүзім, ат әбзілдері барлығы осы шатырда жататын, ол осылайша өмір сүрді [Масанов 1966: 322].

Қазақ әр қашан жалғыз «Қазақшылаған» жоқ. Еркін қазақтың ерекше өмірін сұраған адам қазақдаштанып кетеді. Қазақдаш сөзі мынаны түсіндіреді: жолдаш – «серік», аркадаш – «дос», аул–даш – «жерлес», атандаш – «құрдас» орта ғасыр мұсылман авторлары. Мұндай коллективтер әр уақытта, әр жерде, әртүрлі себептерге байланысты туды. Өз уақытында XV ғ. тарихшысы Абд ар-Раззак Самарканди былай дейді: «қазақ болып кеткен өзбек әскерлерінің біразы Мазандеранға келіп, онда ұрлық істеп қайта артқа кетті». Кейде «қазақ қоғамы» престолға қарсыластарынан қашып құтылғандармен, оларға берілген жақтастарынан тұрды, олар қала мен ауылдан шетте, ойын–сауық іздеушілер. Қазақ сөзі тағы мемлекеттен алыс тек соғыс кезінде бірігіп тұратын көшпенділер тобына да қолданады. Міне Абылхайыр ханның мемлекеттерінің көшпенділері мынадай коллектив болды, оған қарсы шығып, 1459 ж. оның үстемдігінен кеткен, басына Ұрыс хан тұқымы Керей мен Жәнібекті қойып, басқа жерден бақыт іздеген. Өзбек ұлысының біраз адамы біраз уақыт Жетісу маңын мекендеп, «өзбек-

қазақтар» деген атқа ие болады. Қос ат бізді таңдатпауы, ұялтпауы керек. Біздің қарап отырған дәуірде, қазақ сөзі бөлек халыққа, этникалық, саяси және т.б. топтарға және біз білетіннен де көп жеке адам атына да қойылады могол қазақтары, дешті-қазақтары, чу–тур қазақтары (кавказда), тағы да «Әмір Таңбала қазақтары», «біздің қазақтар» (Бабур сөзі), «шибан-қазақтары» және т.б., яғни қос терминді Мұхаммед Хайдар өзінің оқушыларына Керей мен Жәнібек және оның ұрпақтары шынымен Өзбек ұлысынан шыққан деп ескертеді. Сонымен өзбек тектес қазақтар Керей мен Жәнібек: ол Өзбек ұлысынан қашқандардан құралған, бұл өзбек–қазақтар деген алғашқы мағынадан алған. Көрші Моғолыстанның батыс аймақтарындағы «өзбекеш-қазақтар» бойынша: олар өз жерінен бостандық үшін қашқандармен байланысты. Бұдан мынадай сұрақ туады: көшпенді Керей мен Жәнібек қазақ халқының этногенезінде қандай роль атқарады? Өзбек ұлысының көшпенді Керей мен Жәнібекі Жетісуда қазақ халқының этногенезінде шешуші роль атқарды. Тек халықтың құрылуын, тек оның атына ғана емес, яғни 1445 ж. көшу, қазақ халқының пайда болуын айқындады, оның құрылыс процесін тездетті. Осы процестің өтпелі суреттемесі “өзбек-казах” терминімен айқындалады. Осыған байланысты мынаны айтуға болады, қазақ халқының қалыптасуының аяқталуы – бұл бөліну процесі, бір факторға байланысты белгілі тайпа тобының жекеленуі, өзінің полиэтникалық ерекшеліктеріне қарап, конгломерат, руынан, тайпа мен халық құраушылар; Өзінің әртүрлі даму этапында тұрған XV ғ. II жартысының басындағы Шығыс Дешті-қыпшақ тұрғындары қандай болды: Әбілхайыр хан мемлекеті, Ноғай ордасы мен басқа саяси құрылыстар?. Бұл енді бөлінген тайпа немесе тайпа бірлестігі емес. Бұл құрама халық арасында көршілерге белгілі болған өзбек деген атпен әлдеқашан бірнеше халықтардың нығаю процесі жүріп жатқан, кейіннен қазақ деген атпен алады. Басқа сөзбен айтқанда, Әбілхайыр ханның саясатына наразы, бірақ румен Дешті–қыпшақтағы Ұрыс хан тұқымдарының халқы қосылған руымен тайпа қосылысы Жетісуда қоныстанып, өзбек ұлысынан бөлінгендер болып табылады.

Бір сөзбен айтқанда 1459 ж. көшу қазақ халқының құрылуының басы не аяғы емес. Бірақ бұл көп процестің ішіндегі басты кезең: 1459 ж. Жетісу жерінде халықтың бірігуінде тарихи кездесу болды. Яғни, Керей мен Жәнібектің көшуі – қазақ сөзінің тарихтағы бастамасы. Шынымен де. Міне Ұрыс ханның ұрпақтары өздерінің ұлыстарымен Батыс Жетісуды мекендеді. Дұрыс айтқанда сол оқиғалардан кейін Қазақстан тарихының жаңа белестері ашылады. Көршілес тұрған Әбілхайыр ханның үлкен топтары, бұрынғы қарамағындағылар көшпелі өзбектерге соғыс жариялады бұл 1468 ж.

ханның өліміне байланысты тоқтайды. Әбілхайыр өлген соң Керей мен Жәнібектің қолдастындағыларға өзбек ұлысына қайтуына жол ашылды, келіп өздерінің қарсыластарын қуып, жоғарғы билікті қолдарына алады. Өзбек ұлысының ғұлетін Шыңғыстың басқа тұхымының ауыстыруы «өзбек-қазақ» экономикалық және әлеуметтік құрлысына ең өзгеріс әкелмеді. Одан кейін көп өзбектердің басына өзбек ұлысынан отырды. Бұған бұрынғы Ишбан ұрпақтарынан бақталастар туды.

Моңғолдан кейінгі кезең (XIV-XV ғғ.) Шығыс Дешті-Қыпшақ, Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның кең аумағындағы көшпелі және жартылай көшпелі, отырықшы-егінші халықтың бас қосып бірігуімен сипатталады. Бірыңғай халық пен оның мемлекеттігін құру жолындағы тарихи қам-харакеттің дамуы аймақтың саяси бытыраңқылығын болдырмау ісінің аса қиын жағдайында өтеді.

Моңғол империясы ыдырағаннан кейінгі кезеңінен соң осы аймақ халқының саяси өмірінің дамуы жергілікті этникалық негізде пайда болған бірнеше мемлекеттік құрылымның оңашалануы арқылы өтеді: олар Ақ Орда, Моғолстан, Әбілхайыр хандығы (Көшпелі өзбектер мемлекеті), Ноғай Ордасы. XIV ғ. мен XV ғ.-дың бас кезінде Қазақстан халқының мемлекеттік бытыраңқылығының сақталып қалуы – жаңадан ғана құрыла бастаған қазақ халқының этникалық даму жолының, үш жүздің түзілуі сияқты, ерекшелігінің тууына себепші болды [Назарбаев 1996: 6-8].

Тарихи дамудың сол кезеңінде ілгеріде айтылған мемлекеттер шеңберіндегі этникалық-саяси эволюция-

лық өзгерістер жаңадан ұйымдасып жатқан көрші түркі халықтары – өзбек, қырғыз, татар, ноғай, т.б. үшін де белгілі дәрежеде ортақ болды. Ақ Орда, Моғолстан, Ноғай Ордасындағы тайпалар мен тайпалық бірлестіктер экономикалық дамуының деңгейі, қоғамдық қатынастары мен мәдениеті жағынан бір-бірімен өте жақын еді.

Қалыптасып қалған қазақ халқының жекелеген бөліктерінің бірнеше саяси бірлестіктерге – мемлекеттерге енуі, өндіргіш күштердің әлсіреп, мұның ішінде адам санының кемуіне, экономикалық құлдырауына, туыстас этникалық топтардың бытырап кетуіне, олардың саяси және шаруашылық байланыстарының үзілуіне әкеліп соқтырған үздіксіз соғыстар мен Жошы әулеті арасындағы, рулар мен тайпалардың басшылары арасындағы өзара алауыздық талас-тартыстар мұндағы халықтардың бірігіп нығаюын тежеп отырды. Сол себепті этникалық өзара жақын топтардың саяси бытыраңқылығын жеңіп шығуы іс жүзінде бір текті халыққа айналып болған қазақ тайпалары мен руларын мемлекетке біріктіру қажеттілігін алға тартты. Оның шешілуіне Қазақ хандығын құру нақты мүмкіндік туғызды [Қозыбаев 1998: 2-33].

Қазақ хандығының құрылуы Шығыс Дешті Қыпшақ, Жетісу, Оңтүстік Қазақстанның кең-байтақ жерінде етек алған әлеуметтік-экономикалық және этно-саяси құбылыстардың заңды қорытындысы еді.

Ғылыми жетекшісі:

т.ғ.д., проф. Карибаев Б.Б.

Әдебиет

Бартольд В.В. Н.И. Веселовский как исследователь востока и истории русской науки // Записки Вост. Отделения Рус. Археол. Общества. – 1921. – Т.25. – С. 337-355.

Бекмаханова Н.Е. История дореволюционного Казахстана в новейшей советской литературе (1968-1971г.) // Вопросы истории. – 1972. – № 10. – С. 127-134.

Бернштам Н.Т. Некролог // СА – 1957. – № 1. – С. 289- 290.

Вяткин М.К. К вопросу об образовании казахского государства // Большевику Казахстана. – 1941. – № 2. – С. 42-52.

Дулатова Д.И. Историография дореволюционного Казахстана (1861- 1917 гг.). – Алма-Ата: Наука, 1984. –272 с.

Заднепровский Ю.А. Александр Натанович Бернштам // Краткие сообщения о докладах и полевых исследованиях института истории материальной культуры Академии Наук СССР. – 1960. – Вып. 8. – С. 5–16, 9–16.

Кумеков Б.Е., Султанов Т.И. Вклад русских и советских ученых- востоковедов Академии Наук в изучение

средневековой истории Казахстана // Известия АН Каз ССР. Сер. обществ. наук. –1974. – № 2. – С. 14–22.

Масанов Э.А. Очерк истории этнографического изучения казахского народа в СССР. -Алма-Ата: Наука, 1966. – 322 с.

Назарбаев Н.Ә. Қоғамдық келісім – Қазақстанның демократиялық дамуының негізі // Егемен Қазақстан. 1996. 30 сәуір. – 6-8 бб.

Қозыбаев М.Қ. Тарихнама мәселесі толғандырады. // Қазақ тарихы. – 1998. – № 2. – 2-33 бб.

Сулейменов Б.С. Проблемы истории дореволюционного Казахстана в советской историографии // Вестник АН Каз ССР. –1968. – № 1. – С. 63-71.

Феликс Ю., Копылов Н. Едыге – душитель народных масс (к переизданию “Истории Казахской ССР”) //Казахстанская правда. 1945, 9 сентября, 25 сентября, 10 октября – С.25-27.

Шахматов В.Ф. Историография Казахстана// Очерки истории исторической науки в СССР. –М. 1963. – Т.3. – С. 751–760.

КАБУЛБЕКОВА С.Б.

Кабулбекова Сабрина Бегзатовна

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті,

Нұр-Сұлтан қ, Қазақстан;

begzatovna0312@mail.com

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨЗБЕКТЕРДІҢ ӘДЕТ ҒҰРЫПТАРЫНДАҒЫ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация. Мақалада Қазақстандағы өзбек этникалық тобының тарихы, әдет-ғұрыптармен салт-дәстүрлері баяндалған. Қазақстанның оңтүстік өңірін ежелден мекендеген бұл қауымның тарихы мен болмысы Сыр бойындағы қалалық өркениетпен байланысты. Өзбектер мен қазақтардың қонақжайлылығы, қонақтарға өзбек халқының ұлттық тағамы – палауды ұсынуы, шай құю рәсімі, отбасылық ұстанымдары туралы жазылған.

Түйін сөздер: Өзбек, қазақ, қонақжайлық, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, адамгершілік.

Өзбектер – Өзбекстан елінің негізгі халқы. Жалпы саны 30 млн-дай. Олар ТМД шеңберінде, соның ішінде Тәжікстан, Қазақстан, Қырғызстан, Түрікменстанда көптеп шоғырланған. Сондай-ақ Ауғанстан мен ҚХР-да да, басқа да алыс шетелдерде өмір сүреді.

Өзбек тілі – түркі тілдерінің оңтүстік шығыс тармағы, құрлық тілдері тобына датады. Өзбек тілі бірнеше диалектіге бөлінеді. Олардың ең үлкені оңтүстік-шығыс пен қала тұрғындарының тілдік ерекшелігін қамтитын қарлұқ диалектісі, ол қазіргі ұйғыр тіліне ұқсас келеді. Жазуы латын әліпбиіне негізделген.

Қазақстанның көп салалы этникалық дамуының бір айшықты көрінісі деп негізінен Оңтүстік Қазақстан өңірін мекендеген өзбек қауымдастығын айтуға болады. Олардың тарихи тамыры солтүстік суығынан Қаратау қыраттары қорғаған құнарлы және қалалық өлкені мыңдаған жылдар бойы мекендеген отырықшы диқан және саудагер қауымдарына барып жалғасады. Ерте орта ғасырларда Сыр бойындағы қалалық өлкені мекендеген мехнаткер және саудаға бейімді қауымдарды біз деректерден соғды атымен кездестіреміз [Артықбаев 2018: 4].

Ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан өзбектердің салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптары бүгінгі күнге дейін өз күшін жоймай, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, жалғасын тауып келеді. Олардың кез келген әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: баланың дүниеге келуі, отбасылық некелік – жанұялық дәстүрлер мен күнделікті тәршіліктегі сәлемдесу мен ас ішу этикетінің де өзіндік мән мағынасы отбасылық тәлім тәрбиеге толы болып саналады. Осы негіздегі ішкі этномәдени ерекшеліктерді Қазақстан территориясындағы өзбектер де ұстанып, дәстүрлі мәдениеттің сақталуы мен өзіндік этнографиялық ерекшеліктерді толықтыруда. Мұның

өзі бүгінгі таңда этнология ғылымында ерекше назар аударып отырған мәселелердің бірі ретінде қаралады. Сондықтан да бұл мақала автордың ел арасынан көріп байқаған этнографиялық мәліметтері негізінде жалпы шолу негізінде жазылды. Алайда, бұл мәліметтер алдағы уақытта жекеленген тақырыптарды талдауға және зерттеуге негіз бола алады.

Сыр бойындағы қалалардың үлкені, шаруашылық және саяси өмірде басымы – Ташкент. Қазақтар сол кезде қаланың орталығындағы Ескі Ташкентті «бес қақпалы Ташкент» деп атайды, шын мәнінде қалаға кіретін қосымша жолдар да бар. Қазақ хандары мен сұлтандары қалалық өңірде билік құрса ең алдымен сырттан кіретін жолдар мен арықтарын қадағалайды. Бұлар қаланың ағзасының қан тамырлары сияқты. Қаладағы дін басылар, махалла басшылары т.б. қазақтың хандары мен сұлтандарына белгіленген уақытта келіп есебін беріп, шаруашылықтан және саудадан түскен пайдадан үлесін беріп кетеді. Әр түрлі деректерден қала ішіндегі билік сарттардың өз қолында екенін көреміз, әр махалланың өздерінің басшылары, ақсақалдары бар. Отырықшы қауымдардың ерекшелігі де жерлестік қағидаларымен ұйымдасу қабілеттерінің жоғарылығында. Қаланың шаруашылығы мен саяси өмірін басқару да махаллалардан сайланатын өкілдердің кеңесінде жүзеге асады. Қазақ билігі бұл қалалық орындарда көбінесе алым-салық жинаумен және сыртқы жауларынан қорғаумен шектелген [Артықбаев 2018: 62].

Қазақ халқындағы сияқты өзбектердің де қонақжайлылық дәстүрі күні бүгінге дейін өз маңызын жоймай, әрі қонақжайлылық дәстүрінен ер бала мен қыз бала тәрбиесінің негізгі белгілерін де анықтауға болады.

Қонақжайлылық – өзбек халқына тән басты қасиеттердің бірі саналады. Олардың қалыптасқан

дәстүрлеріне сәйкес, әдетте көше бойында танысын танымасын қарсы адам ұшыраса кетсе, оған ерекше ілтипатпен, оң қолын кеудесіне қою негізінде иіліп сәлем беріп өтетін болған. Бұл көрініс бүгінде Өзбекстандағы қазақтар арасында да ерекше этномәдени құбылысты аңғартады. Әдетте қазақ бауырларымыз да өзбектің ала шапанын үстіне киіп, ел ішінде қарсы жолыға кеткен бейтаныс адамға «Ассалаумалайкум, Ака» – деп басын иіп сәлем берсе, әйелдер жағы жолдың шетіне шығып, өзінен үлкен ер адам кездесе кетсе, оған сәлем беру олардың дәстүрлі әдеті саналған. Олай етпесе, әйел адамның «жолы болмайды» немесе «жолы кесіледі» – деген сенім қалыптасқан. Бұл үрдіс қарсы алдынан шыға келгенде жолын кеспей, керек десеңіз артынан айналып өтіп, сол ер адамның артынан жүру әдебімен де орындалған.

Қонақжайлылықтың тағы да бір үлгісі – үй ауласынан (айналасынан) өтіп бара жатқан адамға ерекше ықыласпен арнайы қонақ күту дастарханын жаймаса да, үйінен дәм ауыз тидіру ерекше сипатқа ие. Мұндай қонақ күтудің ықыласына арнайы өзбек ою өрнегімен нақышталған фарфор кесе–шәйнегімен дастарханда көк шәй мен пәтір нандары және бақша жүзімдері дастарханның сәнін келтірген.

Әдетте амандасудан кейін ақ үй иесі қонақты дастарханға шақырып, үй ауласындағы арнайы тапшанға немесе үй ауласына орналасқан асхана үстеліне, яғни өзбек халқы үшін ең құрметті орынға отырғызып, қонақ үшін ерекше қарапайымдылық пен ибалылықты сақтайды.

Өзбек дастарханындағы ерекшеліктің бірі – ол шәй ішу этикеті. Олардың түсінігінде шәй ішу арқылы адам өз денсаулығын емдей алады деп түсінген.

Адамгершілік қарым қатынастың дәстүрлі элементтерінің бірі ретінде пиалаға шәй құюдың мөлшерімен де есептелген. Олай дейтініміз пиалаға құйылған шәйдің мөлшері неғұрлым аз болса, ол қонаққа деген ілтипаттың құрметі саналды. Ол үшін үйге келген қонақ қайта қайта шәй үшін кесе ұсынса, үй иесінің де мәртебесі өседі деп түсіндірілген.

Өзбек халқы үшін қонаққа шәй ұсынудың өзіндік қалыптасқан дәстүрі бар. Ол бойынша ірі жапырақты шәйқайнаған сумен шайылған шәйнекке салынып, демделеді. Оның өзінде де ыдыстың жартысына дейін қайнаған су құйылып, тұндырылып демделеді. Осы кезде шәй жапырақтарының дәмінің өзіне келуі үшін шәйді үш рет қайтарады. Әдетте шәйді үйге ер адам қонаққа келсе ер адам құйып беру міндетті саналып, екеуара әңгіме дүкен құратын болған. Сондықтан да болар Өзбекстан жерінде әрбір махалладағы

шәйханалар – өзбек мәдениеті мен дәстүрінің ерекше элементін құрайды. Сол шәйханаларда ел ішіндегі қарт адамдардың өзі де жантайып жатып дем алып, бір бірінің қуанышты жаңалықтарын да бөлісіп, ыстық шәймен–ақ өзара әңгіме құрады.

Өзбек шәйімен қатар жүретін палау – отбасылық бас қосулар мен тойларда және ас беру сияқты кез келген жиында әзірленеді. Әдетте бұл тағамды 100 кг–ға дейін және одан да көп мөлшерде өзбек халқының ер азаматтары дайындайтын болған.

Палау жеудегі өзбек халқына тән этикалық ерекшеліктің бірі – оны күн шыққан соң, таң намазынан кейін де жей береді.

Өзбекстан тұрғындары сияқты Қазақстандағы өзбектер арасында да әдет–ғұрыптары мен салт-дәстүрлерінде мерекелердің 2 тобын атауға болады. Ол ұлттық және отбасылық болып бөлінеді. Мерекелердің әрқайсысы көне мәдениеттің қалыптасқан әдет-ғұрыптарымен тығыз байланысты, оның негізін әр түрлі мерекелер мен күні бойы атқарылатын шаралар, сондай-ақ дәмді тағамдар мен халық музыкасы құрайды.

Мерекелік мәдениеттің ерекшеліктері әлі күнге дейін көше мейрамдарымен де туристер мен саяхаттаушыларды таң қалдырып келе жатыр. Дегенмен осындай көше меркелерінде күнделікті музыкалық әуендермен ойнау қазақ жерінде болмағанымен, өзбек жерінде әрбір сенбі, жексенбі күндері дәстүрлі үрдіске айналған. Әдетте мұндай жиында музыкалық аспаптарда керемет ойнау мен арқан үстінен жүру сияқты ерекше әдістерді өзбек ер азаматтарынан байқаймыз. Ол бір жағынан ептілік пен шыдамдылыққа және табандылыққа негізделген үрдістер. Осындай көшелік мерекелердің өзі өзбек халқының бірлікте, әрі ынтымақта екендігін білдіреді.

Өзбек халқының отбасындағы отбасылық дәстүрлері ата-бабаларының бай мәдени тәжірибесіне негізделген, соның арқасында халық өзінің бұрынғы болмысын және өзіндік ерекшелігін сақтай алды. Отбасылық мерекелер әртүрлі жағдайларда атап өтіледі: құда түсу, баланың дүниеге келуі, сүндетке отырғызу және т.б. Олардың негізгі отбасылық мерекелері: бесік той, неке той, хатна – килиш деп аталады. Енді осыларға қысқаша тоқталсақ.

Бесік той. Баланың дүниеге келуіне байланысты үлкен мереке ретінде аталады. Бұл отбасылық мерекеге дүниеге келген сәбидің нағашылары, кемінде 50-60 адамдай келіп сәбидің барлық киетін киімдері мен бесік жасау жабдығын, сондай-ақ сәби үшін тұтынатын барлық жабдықтарды арнайы рәсіммен алып келіп, атап өтеді. Мерекенің атауы «Ағаш бесік» деп те аударылады және ол сәбидің туғанына 40 күн толғанда арнайы рәсіммен

өтікізіледі. Бұл мереке тек Өзбекстан өзбектері арасында ғана емес, Қазақстанда тұратын өзбектер арасында да ерекше салттық негізде атап өтіледі.

Неке той. Өзбектер үшін ерекше аталып өтетін негізгі той дәстүрі, ол даңғырлаған музыкалық аспаптар әуендетіп, өте шулы тойланады. Мерекеде әрқашан жақын және алыс туыстар, көршілер өте көп жиналады. Бұл тойдың ерекшелігінде таңертеңгілік палау қалыңдық пен қалыңдықтың үйінде күйеу жақтан арнайы өкілдер келіп дайындап, таңертеңнен бастап жиналған қауымға береді. Осыдан кейін болашақ жар арнайы бөлмеде отырған қалыңдыққа келеді. Оған дұға оқып, некеге тұруға келісінмін алған діни қызметкерлер ғана келе алады. Содан кейін ата-анамен қоштасу салты орындалады.

Хатна-килиш. Ұл баланы 3, 5 кейде 7 жасқа толғанда міндетті түрде сүндетке отырғызу рәсімі. 9, 11 және 12 жаста салыстырмалы түрде сирек орындалады. Сүндетке отырғызу алдында діни қызметкер туыстарының ортасында бата үшін Құран оқиды. Осыдан кейін балаға көрші-қолаң, ағайын-туманың сый-сыяпаттары қойылады. Рәсім мерекелік палауды жеумен аяқталады.

Бүгінде Қазақстандағы өзбектердің ең көп шоғырланған өңірі – шаруашылық-диқаншылық кәсіпті игеруге қолайлы өлке Түркістан өңірі болып табылады. Олар Түркістан өңірінің Қарашық, Сауран, Шорнақ, Иқан, Сайрам өңірлерінде шоғырлана қоныстанған. Олардың үй жайындағы өзіндік ерекшеліктері де Қазақстан өзбектерінде ерекше сақталған. Қазақ хандығы кезеңіне қатысты деректерге қарағанда әр үй дуалмен қоршалып және үш бөліктен тұрады. Сыртқы есіктен кіргеннен кейін алдыңыздан хаули (аула) кездеседі, бұл жерде шаруашылық заттары – арба, соқа т.б. орналасқан. Егер аула үлкен болса оның бір шетінде – молхона, бақ бар. Хаулиден бір бөлмелі үлкен үйге кіресіз (уй, чархары-үй). Одан әрі түнек, не болохо-

на аталатын екі қабатты шаруашылық бөлмесі бар. Төменгі қабатында шаруашылыққа керекті аспаптар мен құралдар, ал жоғарғы бөлмесі (равак) тамақ сақтауға арналады. Дәстүрлі үй-жайдың қаншалықты ғажап құбылыс екенін білу үшін Түркістан қаласының іргесіне (25 шақырым) орналасқан Ескі Иқанның көшелерін аралап келу керек. Бұл көне бекініс – қалашық үлгісін сақтап қалған бірден-бір-қоныс екендігін байқаймыз [Артықбаев 2016: 84].

Орта Азия елдеріндегі бірыңғай шоғырлана қоныстанған аймақтардағы қазақ отбасылары сияқты, Қазақстан жеріндегі өзбектер де шағын болғанмен де, әке-шеше қолында үйленген бір баласы міндетті түрде бірге тұратын [Қалшабаева 2011: 332]. Бұл көрініс Түркістан өңіріндегі өзбектердің ауласындағы бірнеше балаларының жеке үйлерінің бір аулада тұруымен де сипатталады.

Қорытындылай келгенде, қазақстандық өзбек этникалық қауымы өзіндік мәдениеті мен тұрмыс-салт дәстүрлерінің ерекшеліктерін, өзіндік еңбекқорлығы мен көршіге деген адалдығын ұрпақтан-ұрпаққа жалғап келе жатқан халықтардың бірі. Олай дейтініміз тікелей өзбек отбасымен қарым қатынаста болмасаңыз да, өзбек халқының киноөндірісіндегі туындылар ұрпақ тәрбиесіндегі ерекше құндылықтарды дәріптейтіні бәрімізге белгілі.

Ғылыми жетекшісі

т.ғ.к., доцент Ибадуллаева З.О.

Әдебиет

Артықбаев Ж.О. Қазақстан өзбектері: тарихы, шаруашылығы мен мәдениеті, рухани өмірі мен қазіргі жағдайы. – Астана: Фолиант, 2018. – 336 б.

Қалшабаева Б.К. Орталық Азия халықтары (тарихи-этнографиялық зерттеу). – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 406 б.



ЖАСҰЛАНҚЫЗЫ Ш.

Жасұланқызы Шұғыла

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті,

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан;

zasulansuga@gmail.com

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚАЗАҚ ЭТНОГРАФИЯСЫНДАҒЫ ОРНЫ

Аннотация. Ыбырай Алтынсарин – қараңғы қазақтың әр баласының кеудесіне білім шырағын жаққан ұлы тұлға. Ол сан ғасырлар бойы келе жатқан қара қазақтың қаймағы бұзылмаған дәстүрін зерттеген бірден бір этнограф ғалым. Осы мақалда қайталанбас дара жанның зерттеген дәстүрлеріне тоқталып, оны талдап және қазіргі уақытпен салыстыратын боламыз. Ғалымның қазіргі кездегі этнологиядағы орнын айқындаймыз..

Түйін сөздер: Ысқақ, қалың-мал, әмеңгерлік, этнология, Торғай даласы, құн төлеу, құдандалы болу, Пайғамбар жасы, ирригация, балиғат жасы, кебін, бай мен кедей.

XX ғасырдың аяғында қазақ халқы өз тәуелсіздігін жариялап, өркениетті даму жолына түсіп, өзінің тарихын жаңа бағытта жаза бастады. Қазіргі кезде өзекті мәселелердің бірі – ол өткен тарихқа құрметпен баға бере отырып, қазақ халқының тарихы мен мәдениетіндегі орны бар тұлғалардың еңбектерін жариялап, болашақ ұрпаққа жеткізу. Сондай тұлғаның бірі, қазақ халқының мәдениеті мен тұрмысында да өшпес із қалдырған, өн бойында азаматтық пен адамгершілікті ту еткен тұлғалардың бірі – қазақ даласында білім берудің негізін қалаған ағартушы, этнограф Ы. Алтынсарин болды.

XIX ғасырдың соңында өмір сүрген қазақтың ғалым-ағартушысы. Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының ағартушылық тарихында және ұлттық мектебінің қалыптасуында терең із қалдырған тұлға. Адам болмысын оның біліміне ғана ден қоймай, өз халқының діні мен салтының сабақтастығын зерделеп, болашаққа дұрыс бағдар бергізе алды.

Халқымызда «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді», – деген жақсы сөз бар. Тарихта хаты да, аты да өлмей келе жатқан есімі алтын әріппен жазылғандардың бірі – осы Ыбырай Алтынсарин. Өзінің алтын уақытын тарыдай шашылған қазақтардың игілігі үшін өткізген ғалымның артынан қалған мұралары біз үшін баға жетпес асыл қазына. 1860 жылдың жазында Ыбырай ағарту мақсатында Торғайға оралды [Алтынсарин 1991а: 17]. Онсыз халықтың мұң-мұқтажын, тұрмыс-тіршілігін, әсіресе арғы беттегі күресті адекватты түрде танып, белгілі бір істермен айналысу мүмкін емес еді. Туған жерге деген сүйіспеншілік, оған қызмет етуді өзінің мойнына жүктелген борышы санайтын Ыбырай ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан халықтың ауызекі өнерін жақсы көретін, оны бағалап, құрметтеп, қастерлеп қана қоймай, халық өмірінің шын шежіресі ретінде құрметтеп,

өзі әкелген халықтың ұзақ ғұмырының шынайы ізін, арман-мақсатын одан көруге тырысты. Ағартушының асыл мұраты – казак фольклорын және этнографиясын жинақтап, халықтың өмірін, аңсаған арман-мұраттарын ұғыну, оған дұрыс жауап іздеу және табу ағартушының негізгі мақсаты болды.

Ы. Алтынсаринның этнология ғылымындағы орнының ерекше екендігі, оның халқымыздың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын және адамды адамгершілік пен тәрбиелікке баулитын бірқатар шығармалары негізінде белгілі. Оны кейінгі ұрпаққа этнограф ретінде танытқан ғылыми қызметі, ағартушының Ресей Географиялық қоғамының мүшесі болудағы этнографиялық еңбектерінен байқалады. Ол осы қоғамның Орынбор бөлімінің қызметкері болды. Ы. Алтынсарин ұзақ уақыт В.В. Григорьев пен Н.И. Ильминский сияқты атақты орыс шығыстанушыларымен тығыз байланыста қызмет етеді. Ол қазақ салт-дәстүрлеріне байланысты жүйелі түрде жиналған ғылыми материалдарын Орынбор бөлімінде 1870 жылы очерк ретінде басып шығарады. Ол бұл еңбектерін өз көзімен көріп, оның шынайы өмірден алынған материалдар негізінде жазып шықты. Мұның өзі бұл очерктердің құндылығын арттырды. Алтынсаринның алғашқы очеркі жайлы Орынбор бөлімінің отырысының хаттамасында былай делінген: «Қырғыз көшпенділерінің некелесу дәстүрінің шарттарының шынайы өмірге сәйкес келуі, әдеби тілдерінің көркемділігі жиналыс мүшелерінің ойынша- қырғыз халқының осы күнге дейін аз зерттелген этнографиясы мен күнделікті өмірі жайлы құнды мәлімет беретін еңбек ретінде бағалансын». Осы очерктері шыққан соң Ресейдің ғылыми ортасында Ыбырай Алтынсарин есімі танымал бола бастады. Кейін арнайы қызметке тағайындалуына байланысты өзінің зерттелулерінен алшақтап қалған болатын. Бірақта өз туған

өлкесі мен халқының тарихына деген қызығушылығы оның өмірінің соңына дейін бірінші орында тұрды [Алтынсарин 2006а: 154].

Ы. Алтынсариннің еңбектерінің ауқымы қазақ халқының этнографиясын, фольклорын және өз заманындағы әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірдегі жағдайларды қамтиды. Оның ел арасынан, соның ішінде Торғай даласы қазақтарынан жинаған қазақ халқының баланың дүниеге келуі, отбасылық некелік қатынастары мен мәйітті жөнелту жосын-жоралғыларына қатысты зерттеулері болды. Автор бұл зерттеуін 1870 жылы «Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату, той жасау дәстүрлерінің очектері» деген атпен жариялаған болатын [Алтынсарин 2006б]. Бұл еңбегінде, ол адам өміріндегі ең қызықты да, қуанышты сәт, әрі ұрпақ жалғастығы деп, адамның үйленіп жеке отау тігуі. Бұл дәстүрде қыз айттыру, құда түсу мен құдандалы болу сияқты дәстүрлерді атай отырып, бұл қуаныштың тек отбасы мүшелерінің ғана емес, қоғамдық қажеттілік екенін көрсетеді.

Ғалым қазақ халқының той жасау құда түсу дәстүрлеріне толық тоқталып өтеді. Қыз алысып қыз берісудегі дәстүрлер қалың малның төленуі жағдайлары, құдалар арасындағы байланыстың маңыздылығын жеткізе білді.

Ғұлама өз сөзін атастыру рәсімінен бастады. Жалпы атастыру олар туған сәтте (кей жағдайларда туылмай тұрып) нәрестелерді бір-біріне үйлендіруге сөз беру. Бұндай жағдайлар әдетте туыстық қарым-қатынасты күшейту үшін жасалған рәсім.

Ауқатты байлар өз балаларын ерте есейіп жұмыстарға аралассын деген ниетпен 11–13 жас аралығында үйлердіреді. Сол заманда қазақ қыздарының өз таңдауын жасауға ешқандай құқығы болмады. Олар өзің ата-анасы таңдаған ер адамға тұрмысқа шығуға мүдделі болды. Егер әйелдің күйеуі қаза болған жағдайда ол әйел күйеуінің жағын туыстарына (ағысы, бауыры т.б.) әмеңгерлікке берілетін болған. Ол балаларды бөтеннің қолында жетімсіретпеу үшін жасалған [Алтынсарин 2006б: 78].

«Баласына қалың бергісі келген ата-ана, құда болғысы келген адамның үйіне өзінің екі-үш жақын адамдарын жіберіп, құда болу жөнінде сөз салғызады. Егер қыздың ата-анасы бұл ұсынысты қабыл алса, жіберілген адамдар сол арада қалыңмал туралы сөйлесіп келіседі. Дәулетті адамдардың қалыңмалы, басқаша айтқанда, қарамалы, әдетте, келісуіне қарай, ірілі-уақты 47 жылқы болады. Қалыңмалдың мөлшері жөнінде мынадай бір өзгешеліктер бар. Кіші жүзде (бұрынғы Орынбор облысы қазақтарының батыс жағы мен орта жерінде) қалыңмалға 50 жылқы (бес жиырма) беріледі. Орта дәулетті қазақтар уақ малдарын, мысалы, құлынын, бұзауын, тағы

басқаларын қосқанда, 37 қара береді. Оныңүстіне, қалыңмалмен қабат, бесжақсы туралы да келісіледі. Бесжақсыны қалыңдығының сәукелесіне арнап, күйеу беруге тиіс. Ең бай қазақ бесжақсыға 500–600 сом береді, орта дәулетті адам 200–300 сом береді, мұндай кәде, көбінесе, ақшалай төленеді. Екі жақсөзбайласқаннан кейін, сөз салуға жіберілген адамдар ауылына қайтады. Осыдан кейін, көп кешікпей, күйеу баланың ата-анасы оның қайынатасының үйіне, жоғарыда айтылған шартты әбден бекіту үшін, 5–10 адамнан құралған құдашылар жібереді. Құдалардың келе жатқан хабарын есітіп, қалыңдықтың ата-анасы ауылдан оқшаулау бір жерге үй тігеді де, оның ішіне кілем жайып, көрпе төсеп, көпшіктер қояды. Қонақтар сол үйге қабылданады, бірақ мұның өзгеше салты болмайды» [Алтынсарин 2006б: 177] -деп жазған болатын.

Осы еңбегінде Ыбырай тоқал алу туралы да жазған болатын. Ол сол кездегі қазақтардың әйел үстіне әйел алғанның, оларға қалай құн төленгені туралы, тоқал алу кезіндегі салт-дәстүрлер, тойда болатын рәсімдердің барлығына жеке-жеке тоқталған еді.

Сондай – ақ мәйітті жөнелту жосын-жоралғыларына қатысты қайтыс болған мәйітті жерлеу рәсімдерін, оның ішінде жоқтаудың тәлімдік мәнін ашып, өлген адамның жетісін, қырқын, асын беру, бейіт тұрғызу салттарын «Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу және оан ас беру дәстүрінің очеркі» [Алтынсарин 2006б] атты еңбегінде жан-жақты талдап баяндаған. Жалпы қазақ халқы өлген адамды 3–4 сағаттан артық (ұзаған жағдайда жарты тәуліктен) артық үйінде ұстамаған. Сол маңдағы молдаларды шақырып өлікті жуып жаназа дұғасын оқығаннан кейін қаза болған адамның киімдерін кедей-көншіктерге үйлестіріп берген. оны ысқат деп атаған. Ыбырай Алтынсарин ысқат сөзіне мынандай анықтама берген. «Ысқат – қазақтардың түсінігі бойынша, молдаларға, шарият заңы арқылы белгіленген төлеммен, өлген адамның күнәсін сату деген сөз. Мұхаммедтің шарияты бойынша ысқат – өлген адамның тірі күнінде, балиғыға жеткен күннен бастап, күніне бес рет оқылатын намаздың оқылмай қалған қазалары үшін және рамазан айын (мұсылмандардың ораза ұстайтын айының аты) оразасыз өткізгені үшін құдай жолы (садақа) түріндекедейлерге берілуге тиіс.

Сол кезеңнің өзінде ас берудегі астарлы сипаттарды да барынша ашып көрсете білді. Мәселен, өлген адамға асты 63 жасқа (пайғамбар жасына) келген атақты бай, билерге беретіні, аста көп мал сойып, аста төк жасайтыны, ысырапқорлыққа жол беретіні айтылады. Күрес, ат бәйгесі, т.б ұлттық ойындарының ұйымдастырылатыны, аттың бәйгесі мен күрестің бәйгесін рулы елдің талап алып кетіп, балуан мен ат иесіне түк тимейтіні, мұның

бір жағы мақтаншақтық – доңғойлық екендігін айтты. Бұл еңбектер XIX ғасырда қазақ қоғамында орын алған салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды терең талдауға мүмкіндік беретін материалдар [Алтынсарин 1991б: 80].

Бүгінгі күнде ұмытылған, өз кезеңінде дүниетанымдық мәні болған әдет-ғұрыптарды да атап өтеді. Атап айтсақ, қайтыс болған адамның жылқысының ертұрманы, қару жарағы, жақсы деген киім – кешегі үйдің ішіне ілінеді, соның сол жағынан ұзын найза шаншылып, ол найзаның өткір ұшы үйдің қабырғасын жарып, сыртқа шығарылады. Сол жоғары қарап тұрған ұшына өлген адамның жасына байланысты түлі түсті мата ілінеді. Жас адам қайтыс болса өлсе, қызыл мата, орта жастағы адам өлсе қара, қарт адам өлсе, ақ мата байланады. Себебі өткен адамдар матаның түсіне қарапөліктің жасын айырады. Осы жағдайдың бәрі қырқына, кейде жылына дейін сақталады, – деп атап көрсеткен. Осы арқылы ол үйдің қаралы үй екендігін де атап өткен болатын.

Оның еңбектерінде Торғай өңіріндегі суармалы егіншіліктің дамуын, ирригация жүйесін, бұл өңірде қандай дәнді дақылдар түрлері егілетіндігі және егіннің өнімділігі, жер өңдеп, егін егуге қажетті құралдардың түрлері де сипатталады. Бұл кезеңде егін егумен көбінде кедейленген көшіп-қонуға жағдайы келмеген шаруалар айналысқандығын атап өтеді [Алтынсарин 2006а:159].

Ы. Алтынсарин өз елін, халқын жан-тәнімен сүйген, әрі халқымыздың мәдениеті мен тарихын ұлттық болмысымен сақтай білген тұлға. Ол қазақ халқының басқа елдермен терезесі тең болып, қарыштап дамуы үшін де мектеп ашып, прогрессивті дамуын көздеді. Оның артында қалған ізгі мұралары бүгінгі және болашақ ұрпаққа өмір бойы азық болады. Олай дейтініміз, ағартушы демократ ғалым өзінің «Қазақ хрестоматиясы» атты еңбегінде «Қыпшақ Сейітқұл», «Әке мен бала», «Таза бұлақ», «Бай баласы мен жарлы баласы» атты әңгімелері мен Қара батыр, Тазша бала атты ертегі аңыздарында жас ұрпақты саналы, өнегелі істер мен мейірімділікке және адамгершілікке үндейтін тұстарын көреміз. Осы әңгімелері арқылы да автор қазақ әдебиетінде балалар санасын оятып, оларға барынша сіңдіре білді. Сондай-ақ әке мен бала және ана мен бала арасындағы өзіндік махаббаты да шебер суреттей білгендігі бүгінгі ұрпаққа азық болар дүниелер [Алтынсарин 1991а:240–256].

Оның балалар тәрбиесіне арналған шығармаларының өресі өте биік. Мәселен, «Бай баласы мен жарлы баласы» атты шығармасы баланы шыдамдылық пен батылдыққа, сабырлық пен тапқырлыққа және көрегенділікке тәрбиелесе, «Атымтай Жомарт» әңгімесі қайырымдылық

пен қарапайымдылыққа, азды қанағат етіп, мақтаншақ болмауға тәрбиелейді. Төрт түлігі сай бола тұра еңбек етуді, кем-кетік, жетім-жесірге көмектесуді ұмытпаған, тапқан малды орынды жұмсай білген Атымтай Жомартты жастарға үлгі етеді.

Ы. Алтынсариннің өзі өмір сүрген кезеңіндегі тағы бір адами болмысын айғақтайтын, әрі орыс зиялыларымен қанша жерден дос болса да, орыс халқының өкілдерінен бірде бір адамды өзінің жаназасына қатыспасын деп өсиет айтуында да үлкен мән мағына жатыр. Сол арқылы өз заманындағы орыс миссионерлерінің қазақ жұрты үшін қазақи құндылықтарды жоятындығын білгендіктен де, орыс достарын жаназаға келтірмей, есесіне 99 молда шақырындар деп өсиет айтқан болатын. Оның бұл өсиеті өзінің «Мұсылманшылықтың тұтқасы» атты еңбегінде жарияланған [Алтынсарин 1991б].

Ы. Алтынсариннің қазақи болмыс мен мәдениетті сақтауының тағы бір үлгісін, оның отбасында да сақталғандығынан көрінеді. Олай дейтініміз, оның әйелі Айғаныстың үй ішінде және ауыл арасында қонаққа барарда жаулық тартып жүретін болса, орыс таныстарының үйлеріне ерімен барғанда мақпал қамзол мен көмшат бөрік киіп, қазақтың дәстүрлі мәдениетін де паш еткен.

Қорытындылай келгенде, Ы. Алтынсариннің этнографиялық мұраларынан қазақ халқының бай ой-дүниетанымын, білгірлігі мен парасаттылығын байқай отырып, оның ағартушылық қызметіндегі тағылымы мол шығармашылығы бүгінгі және болашақ ұрпақ үшін баға жетпес қазына.

Ғылыми жетекшісі:

т.ғ.к., доцент Ибадуллаева З.О.

Әдебиет

Алтынсарин Ы. Өнер-білім бар, жұрттар: Өлеңдер, әңгімелер, очерктер, хаттар және естеліктер. – Алматы: Жалын, 1991а. – 240 б.

Алтынсарин Ы. Мұсылманшылықтың тұтқасы: Шариат-ул-Ислам. – Алматы: Қазақстан, Қаламгер, 1991б. – 80 б.

Алтынсарин Ы. Этнографиялық очерктер және ауыз әдебиеті үлгілері. //Қазақ этнографиясының кітапханасы. 13 том. – Павлодар, 2006а. – 166 б.

Алтынсарин Ы. Орынбор ведомоствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлерінің очеркі. //Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 2-том. /Құраст. С. Әжіғали. – Алматы, 2006б. – 416 б.

СЕИТОВ Е. К.

Сеитов Ескендир Куанышулы

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,
г. Нур-Султан, Казахстан;
eseitrov@mail.ru

ОСНОВНЫЕ ЭТАПЫ ЭТНОПОЛИТИЧЕСКОЙ ИСТОРИИ УЙГУРОВ

Аннотация. В статье делается обзор основных этапов этнической истории уйгуров начиная с IV в., со времени появления первых письменных источников о предках уйгуров. Рассмотрены основные этнополитические процессы и государственные образования в период средневековья, развернувшиеся на территории Монголии, Восточного Туркестана и Средней Азии. Обозначены основные причины переселения уйгур на территорию Казахстана в Новое время. Дается общая картина положения уйгур в XX – начале XXI в.

Ключевые слова: Восточный Туркестан, Уйгурский каганат, Петербургский договор, Центральная Азия, уйгуры Казахстана.

Уйгуры являются одним из этносов, проживающих в Казахстане со второй половины XIX в., с момента их переселения с территории Восточного Туркестана – запада Китая. В настоящее время численность уйгуров в Республике составляет 274 509 человек (1,47 % населения страны), что позволило им расположиться на четвертом месте по численности среди этнических групп страны [Численность <...>]. Основная масса населения сосредоточена в южных областях – в Алматинской и Южно-Казахстанской [Уйгуры].

По вероисповеданию уйгуры являются мусульманами–суннитами, язык относится к тюркской языковой группе. По своему антропологическому облику они имеют смешанное европеоидно–монголоидное происхождение. Так, по данным «Американского общества генетики человека» удельный вес монголоидной расы у уйгур составляет 70%, европеоидного компонента – 30 % [Hui Li 2009: 934-937].

Для казахстанских уйгуров характерным является их компактное проживание и большая степень этнической консолидации. Уйгуры до сих пор проживают общинами – махалля или жут, в которые объединяются жители одного квартала или микрорайона и осуществляют местное самоуправление. Общиной руководит жигит-беши, который избирается из самых авторитетных людей.

Наличие многофункциональных закрытых внутренних структур, как института сохранения этнической идентичности, свидетельствует о закрытости уйгурского общества, хотя можно утверждать, что взаимоотношения между уйгурами, казахами и другими национальностями достаточно устойчивые [Существование <...> 2017: 53].

В связи с актуальностью изучения процессов интеграции уйгурского этноса в казахстанское общество и поиска возможностей более гармоничного сосуществования с этносами республики, целью статьи является представление краткого обзора основных этапов этнической истории уйгуров.

Древние уйгуры сыграли значительную роль в этнополитической истории народов Центральной Азии. Так, по свидетельству древних китайских исторических сочинений, древние уйгуры произошли от хуннов и динлинов. В письменных источниках история уйгуров прослеживается с IV в., со времени появления первых записей о предках уйгуров – племенах «гаочэ»–«тегрег» [Камалов 2001: 60].

Исторические источники позволяют рассматривать историю древнеуйгурских племен с периода государственных образований в виде союзов кочевых племен, существовавших на территории Монголии и Джунгарии в IV–VI вв. Следующим был период кочевнических государств в Монголии – Первого Уйгурского каганата (647-689 гг.) и Второго Уйгурского каганата (744-840 гг.). Третий период связан с возникновением оседлых государств в Восточном Туркестане и Ганьсу в IX–XIII вв. [Камалов 2001: 7].

Особое место среди уйгурских политических образований средневековья занимает Второй Уйгурский каганат. В 742 г. племена уйгуров, карлуков и басмылов выступили против тюрков и разгромили их. К власти пришли уйгуры, и был образован Уйгурский каганат – могущественное государство, созданное уйгурами на обломках Восточно-Тюркского каганата на территории Северной Монголии. Это было новым этапом в этни-

ческом и политическом развитии уйгуров периодом наивысшего политического подъема древних уйгуров [Тихонов 1966: 29].

Уйгурское государство наряду с Китаем и Тибетом вошло в число трех крупнейших империй того времени, определявших ход событий на обширных просторах Внутренней Азии. В период существования Уйгурского каганата произошли окончательная консолидация уйгурских племен и распространение этнонима «уйгур» на весь племенной союз токуз-огузов, возглавляемый уйгурами.

Крупнейшим событием в Уйгурском каганате стало принятие уйгурами манихейства и объявление его государственной религией. Это – единственный уникальный случай в мировой истории, когда манихейство получило статус государственной религии, сохранившегося вплоть до XIII в. [Камалов 2001: 8]. Принятие манихейства было в значительной степени насильственной акцией. Новое учение распространилось среди знати, а основная масса населения каганата оставались буддистами и шаманистами. Принятие манихейства вызвало вооруженное сопротивление и привело к ослаблению государства изнутри, не смотря на всю мощь Уйгурского каганата и внешние победы [Берзин 1996].

Другой причина ослабления Уйгурского кагана являлась политика Китайской империи, способствовавшая разжиганию междоусобиц между каганами, что привело к дестабилизации внутреннего положения государства.

Важным моментом, на которое необходимо обратить внимание, было то, что в эпоху существования Второго Уйгурского каганата начался процесс перехода уйгуров от кочевнических форм хозяйства и культуры к оседлым, включая элементы городской культуры. Эти процессы начали формироваться в уйгурском обществе под влиянием среднеазиатской (иранской) цивилизации. Однако полное развитие эти тенденции получили после падения Второго Уйгурского каганата (840 г.), когда центр уйгурской государственности переместился из Монголии в Восточный Туркестан. В меньшей мере они были свойственны Ганьчжоускому Уйгурскому кагану, созданному уйгурами в Ганьсу. Исследователь Камалов А.К. отмечает, что фактически произошла «трансформация центрально-азиатской кочевнической социальной, политической и экономической структуры в совершенно иную по своим параметрам модель, выработанную и порожденную оседло-земледельческой и городской цивилизацией в Восточном Туркестане и Средней Азии» [Камалов 2001: 9–10].

В 840-е годы вследствие сложных внутривнутриполитических и экономических причин и поражения в уйгуро-киргизских войнах, произошло падение Уйгурского каганата. Часть уйгуров переселилась в западную часть современной провинции Ганьсу, где образовалось Ганьчжоуское (Кянсуйское) княжество с центром около современного города Чжанье. Княжество просуществовало до захвата его тангутами в 1028 – 1036 гг. [Алмас: 229]. Другая часть уйгур мигрировала в Восточный Туркестан в Турфанский оазис, где было создано Уйгурское Идыкутство. Столицей этого государства был Бесбалык. Кроме уйгуров в каганате проживали киргизы, ягма, карлуки и другие. Авторитет Турфанского каганата в военном деле был велик. Но в XII в. их подчинили себе каракитаи. Уйгуры обязались платить налоги.

В 1209 г. Турфан добровольно присоединился к империи Чингис-хана. В 1270 г. началась война между Хубилаем и потомками Чингис-хана. В ходе этой войны Хубилай захватил Турфанский каганат. В 1283 - 1284 годы уйгуры переселились в окрестности города Юнчан. Китай им выделил земли, на которых они обосновались. История Турфанского каганата закончилась, но именно в рамках этого государственного образования было положено начало формированию этнической территории уйгурского этноса [Владимирцов 1998: 78].

В период позднего средневековья и нового времени уйгуры входили в состав следующих государств, существовавших на территории Восточного Туркестана: Яркендское (Кашгарское) ханство (XV-XVII вв.); Кумульское ханство (1696-1930 гг.), правители которого подчинились династии Цин вовремя ойрато-цинской войны; Турфанское ханство (1696-1930 гг.), существовавшее под властью чагатаидов как вассал империи Цин, а затем и Китайской республики.

В 1864 - 1877 годы в Кашгарии также существовало княжество Йеттишар или Джеты-Шаар, на территории которой была образована провинция Синьцзян, которая заселялась уйгурами («таранчи») китайцами и дунганами. В Илийском крае вовремя уйгуро-дунганского восстания в 1864 г. был образован Илийский султанат, Таранчинский султанат или Кульджинский султанат (1864-1881). В результате борьбы за доминирование в государстве, дунгане потерпели поражение и были вытеснены из края.

С 1871 по 1881 год территория султаната была оккупирована Российской империей. В 1881 между Российской и Цинской империями был подписан Петербургский договор, согласно которому территория, захваченная у Илийского султаната, передавалась

Китаю. В результате заключения Санкт-Петербургского договора началось массовое переселение части уйгуров и дунган из восточной части Илийского края в его западную часть, оставшейся под юрисдикцией России. Часть жителей, уже проживавших на территории западной части Илийской долины в поселениях Яркент, Кетмень, Пинджим, также приняли российское подданство [Сборник: 1952].

Таким образом, в XV-XVI вв. и последующий период уйгурский этнос был разобщен, входил в различные государственные и политико-административные образования. После исчезновения уйгурского государства из-за длительной междоусобной борьбы, историческое название одного из древнейших тюркских народов Центральной Азии с XVI в. было утрачено. Этноним «уйгур» стал мало употребляться и был вскоре вытеснен религиозным самосознанием, так как, начиная с X в., среди уйгуров Кашгара, Яркенда, Хотана распространяется ислам и к XVI в. утверждается на всей территории Восточного Туркестана. Уйгуры именовали себя прежде всего «мусульманами», а также по региону происхождения - кашкарлык (кашгарец), хотанлык (хотанец) и др. или по роду занятия – таранчи (земледелец). Только лишь в мае 1921 года на съезде представителей уйгур в Ташкенте было принято общее для всех таранчей, кашкарлыков и других родственных им групп наименование «уйгуры». В 1930-е годы этноним уйгуры широко распространился и в Синьцзяне.

С 1955 г. провинция Синьцзян была преобразована в Синьцзян-Уйгурский автономный район (СУАР) КНР. В период «культурной революции», из-за жесткого антирелигиозного курса, среди уйгурского населения начался рост антикитайских настроений. В результате «борьбы с местным национализмом» и репрессиями уйгурской интеллигенции и мусульманского духовенства, часть уйгуров бежала в СССР, что составила еще один поток миграции в Казахстан. В основном они переселялись в Семиречье, которое в природно-климатическом и культурном плане имело сходство с прежними местами их расселения в Илийском крае, что способствовало их безболезненной адаптации в новых условиях.

Таким образом, обзор основных этапов этнополитической истории уйгуров показывает, что, как и многие народы, уйгурский народ прошел трудный путь своего становления. В древности кочевые предки уйгуров обитали на территории Монголии, объединяясь в союзы племен, которые играли заметную роль в Центральной Азии. В эпоху средневековья на территории Восточно-Тюркского каганата образовался Уйгурский каганат, после падения которого, происходит массовое пересе-

ление уйгуров в Восточный Туркестан, где и формируется этническая территория уйгуров. Однако отсутствие единого государства и разобщенность этноса не позволили сохранить политическую независимость и самостоятельность уйгуров. В настоящее время значительная часть этноса проживает на территории Казахстана, сохраняя этническую идентичность и в тоже время интегрируясь в казахстанское общество.

*Научный руководитель:
к.и.н., доцент Каженова Г.Т.*

Литература

Алмас Т. Уйгуры. Перевод с уйгурского Х. Хамраева. – Издание осуществлено за счет личных средств Зайнаудина Босакова. – 342 с.

Берзин А. Смена религий уйгурами. Историческое взаимодействие буддийской и исламской культур до возникновения Монгольской империи. Библиотека Берзина (1996) // Studybuddhism. Информационный портал. URL: https://studybuddhism.com/web/ru/archives/e-books/unpublished_manuscripts/historical_interaction/pt2/history_cultures_09.html – (Просмотрено 07.09. 2021).

Владимирцов Б.Я. Чингис-хан. – М.: Юрайт, 2018. – 103 с.

Камалов А.К. Древние уйгуры. VIII–IX вв. – Алматы: Наш Мир, 2001. – 216 с.

Сборник договоров России с другими государствами. 1856–1917/ Под ред. Адамова Е.А.; Сост. Козьменко И.В. – М.: Госполитиздат, 1952. – 464 с.

Сосуществование этнических групп в Казахстане. – Алматы: Фонд имени Конрада Аденауэра, 2017. – 77 с
Тихонов Д.И. Хозяйство и общественный строй Уйгурского государства X–XIV вв. – М. –Л.: Наука, 1966. – 304 с.

Уйгуры. Этноты Казахстана // Assembly.kz. – Ассамблея народа Казахстана. URL: <https://assembly.kz/ethnos/kk/uygury/> (Дата обращения: 20.03.2022 г.).

Численность населения Республики Казахстан по отдельным этносам на начало 2021 года // Findhow.org. – Информационный портал. URL: <https://findhow.org/search?q=%D1%83%D0%B9%D0%B3%D1%83%D1%80%D1%8B+%gsc.tab=0&gsc.q=%D1%83%D0%B9%D0%B3%D1%83%D1%80%D1%8B%20&gsc.page=1> – (Просмотрено 20.03.2022).

Hui Li, Kelly Cho, Judith R. Kidd and Kenneth K. Kidd. Genetic Landscape of Eurasia and „Admixture“ in Uyghurs // American Journal of Human Genetics. 2009 Dec 11. – № 85(6). – P. 934-937.

ТҮМЕНБАЙ Ы.Н.

Түменбай Ысмаатолла Нұрланұлы

Әл-Фараби ат. Қазақ Ұлттық Университеті,

Алматы қ., Қазақстан;

tumenbajysmatolla@gmail.com

АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІНДЕГІ ИСЛАМ ЫҚПАЛЫНЫҢ КЕҢЕЮІ

Аннотация. Мақалада ортағасырлардағы Алтын Орда мемлекетіндегі ислам дінінің дамуының аспектілері қарастырылған. XIII ғасырдың орта шеңберінде құрылып, XVI бас кезіне дейін өмір сүрген Алтын Орда империясының Еуразия даласының шығысындағы халықтардың тарихында алатын орны ерекше. Өзінің бірнеше ғасырлық тарихында аталған империяның ыдырау нәтижесінде құрылған Ақ Орда, Қазақ хандығы, Қырым, Сібір, Қазан, Астрахан хандықтары мен Ноғай ордасы мемлекеттері тарихында өте зор маңызға ие болды. Алтын Орда тарихының қай мәселесі болмасын, қазіргі таңда өте өзекті. Осы мәселелердің бірі ретінде Алтын Орда дәуірінде Ислам дінінің таралуы мен оның ықпалын қарастырамыз. Аталған мақалада ортағасырлық және қазіргі зерттеулерді негізге алып, Алтын Орда дәуіріндегі исламның ықпалына барынша әділ бағасын беруді мақсат етеміз.

Түйін сөздер: Алтын Орда, ортағасырлар, исламдану, Өзбек хан, діни конфессиялар, дін үшін күрес.

Алтын Ордада 1320 жылдары исламды мемлекеттік дін ретінде жариялануы қысқа уақытта орын алған оқиға емес, ұзақ мерзімде қалыптасқан үдерістердің заңды нәтижесі. Алтын Орда саяси элитасының ұзақ жылдар бойы қайшылықты мәселелерінің бірі - діни сенімді таңдау. XIII ғасырдың алғашқы ширегінде Шыңғыс хан құрған алып империяның қоғамдық қатынастары мен билеуші өкілдеріне қатысты аспектілерін Ұлы Жасақ (Яса) заңдары реттеп отырды. Еуразия даласының үлкен аумағын қамтып жатқан империя үшін сол аймақтағы саяси және қоғамдық конфессия өкілдеріндегі діни төзімділік, ең бірінші кезекте мемлекеттің тұтастығы үшін қажет болды. Ұлы Жасақ (Яса) заңдар негізіндегі діни төзімділік жаулап алынған аумақтарда ислам, шаманизм, христиан, буддизм, иудаизм діндерінің еркін таралып, аталған діндер басшыларынан жоғарғы дәрежедегі қолдауларына ие болып отырды.

Жошы ханның мұрагері Батый хан батысқа жеті жылдық жорығының нәтижесінде империяның географиялық шеңбері кеңейді. Жошы ұлысы құрылған күннен бастап Батый хан мемлекеттің ішкі саясатындағы діни ахуалды бақылауда ұстауда өзіндік басқару тәсілін қалыптастырды. Бұл мәселеде парсы тарихшысы Джувейнидің Батый хан туралы: «Ол діндер мен оның ағымдарының ешқайсысын ұстанбады» деген жазбасы кең танымал [Тизенгаузен 1884а: 21]. Джүзджанидің «Батый жасырын түрде мұсылман болып, ислам ізбасарларына толық қолдау білдірді» атты жазбасы Джувейнидің дерегімен сәл қарама-қайшы келеді [Тизенгаузен 1884а: 15]. Келтірілген деректер Батыйдың жаулап алушы болғанымен, діни ұстаным тұрғысынан келгенде, барынша сабырлылық танытқанын көрсетеді. Жошы Ұлысында

Батый хан билік еткен тұстағы діни еркіндіктің қаншалықты жоғарғы дәрежеде болғандығын, тіпті, ханның інісі мен ұлдарының әртүрлі діни сенімді ұстанғанынан толық байқауға болады.

Ұлы Жасақ (Яса) заңдарының беделіне қарамастан, XIII ғасырдың ортасынан бастап саяси элитада дінге деген жіктеліс пайда бола бастайды. Батый ханның ұлы Сартақ христиан дініне жақындап, Берке хан ислам дінін қабылдайды. 1258 жылы Батый хан қайтыс болғаннан кейін мұрагерлері саналып келген Сартақ пен Ұлақшы билігін орнықтырып үлгерместен, көп ұзамай Алтын Орда ханы болып Берке тағайындалды. Христиан дінін ұстанған Сартақ пен Ұлақшыны орталық қолдаса да, билікті тізгіндей алмауын басқарушы элита арасында мұсылмандық топтың ықпалы басым болғандығынан байқаймыз.

Алтын Ордадағы ислам дінінің таралуындағы өзгерістер бірінші мұсылман ханы Берке ханның таққа отырған тұсынан басталды. М.Г. Сафаргалиеваның пікірінше, «Беркенің жеңісін белгілі бір дәрежеде оның кандидаттығын қолдаған мұсылман көпестерінің септігі бар. Дәл осы кезеңде Берке хан Хорезм мен Бұлғардағы мұсылман көсемдерінің қолдауына ие болды. Берке хан тағына отырған тұстан бастап мұсылман көпестері барлық мемлекеттік мекемелерге орналасып, ал мұсылман миссионерлеріне кең далаға жол ашылды» [Сафаргалиев 1960: 47].

Беркенің ислам дінін қабылдауы шамамен XIII ғасырдың 40–50 жылдарына сәйкес келеді. Әл Омаридің жазбасы бойынша: «Берке Моңғолиядан қайта оралғанда Бұхараға исламды қабылдау үшін соқты» деп жазады [Малов, 1998: 84]. Бұған қарағанда Берке 50 жылда-

ры дінді қабылдаған болса, 60 жылдары өзге де саяси элита өкілдері де исламды ұстана бастаған. Берке хан ислам дінін ешкімге қысыммен таратпады, оның есесіне исламның Алтын Ордада кең қанат жаюына сопы шейхтарының миссионерлік қызметі басты себеп болды.

Жоғарыда келтірілген деректер бойынша Берке ханның ислам дінін қабылдауы билеуші әулетпен қатар биліктегі саяси элитада да мұсылмандық бағытқа өту кең тарады. Сол сияқты бұл үрдіс Дешті Қыпшақ даласында тыс қалмады. Ислам дінінің Дешті Қыпшақ даласында орнығуы, осы уақытқа дейін ықпалды саналып келген рухани құндылықтардан жоғарылай бастады.

Алтын Орда бір-біріне саяси, мәдени әрі діни тұрғыдан мүлдем ұқсамайтын Дешті Қыпшақ, Еділ Бұлғариясы, Қырым мен Солтүстік Кавказ сынды аумақтарды біріктіре алды. Осының нәтижесінде мемлекет кеңістігінде ислам, буддизм, христиан, шаманизм т.б. діни конфессиялар өмір сүруі заңдылық.

XIV–XV ғасырларда исламның жылдам қарқынмен таралуына дейінгі дүниетанымдық түсініктер, әдет-ғұрыптар Дешті Қыпшақ даласында маңызды рөл атқарды. Далада исламмен қатар Тәңір идеясы жалғасын таба берді. XIII ғасырдың ортасында Гильом де Рубрук: «Мен жақында қайтыс болған адамды көрдім. Оның айналасына төрт-төрттен он алты жылқы терісін іліп қойған. Одан өзге оның алдына қымыз ішуге әрі ет жеуге ыдыс тұр» [Тизенгаузен 1884б: 110-118].

Моңғолдар қыпшақ аристократиясының ықпалын азайтқанымен, Қыпшақ даласында Тәңіршілдік сенімі дүниетанымнан ажырай қоймады. Бұл туралы түрік саяхатшысы Э. Челеби: «Шыңғыс хан дәуірінен бұл халықтар ханафилік және шафиғилік мәзһабтағы бір құдайға табынушы елге айналды. Бірақ бұлар мұсылманның сүннеттерін орындаумен қатар, қараңғылық пен адасуда қала берді» [Малов 1998: 11]. Аталған деректерден бөлек, бұндай көзқарастар, тіпті, XIX ғасырдың өзінде айтылып жүрді. Бұдан шығатын қорытынды, демек, исламның Дешті Қыпшақ даласында таралуы өзге дін тараған аймақтардан мүлдем өзгеше. Далада ислам діні көшпелі түркі тайпаларының дүниетанымы мен әдет-ғұрыптарын жоя алмады, керісінше, қатар дамыды. Кей зерттеушілер Тәңір сенімі сол уақытта қалыптасқан діни жүйе болған, исламның енгізген бір құдай – Алла идеясының қабылдауына ықпалдасқан деп санайды.

Осылайша, жоғарыда келтірілген фактілерді Өзбек ханның XIV ғасырдың алғашқы ширегінде исламды мемлекеттік дін ретінде жариялауына арқау болған саяси және әлеуметтік алғышарттар ретінде қарастыруға болады. Мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатында, әлеуметтік-экономикалық дамуында ислам ықпалының рөлі күрт артып кетуіне келесідей факторлар себеп болды:

1. Алтын Ордада ислам дінінің таралуына бастапқыда мемлекеттің құрамында ислам өркениетінің ықпалы тараған аймақтардың болуы себеп болды. Көшпелі мен отырықшы мәдениеттің синтезі ретінде дамып жатқан Хорезм, Еділ Бұлғариясы, Хорасан аймақтарының бөлігі Алтын Орда құрамында болуы процессті жеделдетті. Аталған аймақтарда исламның ошағы, қоғамдық институттардың қалыптасуы, қалалар мен қолөнердің, сауда мен мәдениеттің дамуындағы маңызы, тіпті, Алтын Орда мемлекет ретінде қалыптастай тұрғанда жоғары болған.

2. Исламды қабылдаудың сыртқы саяси алғышарттары Берке ханның кезінде қалыптасты. Жошы ұлысының мұсылман елдерімен жақындасу үрдісінің негізгі себебі ретінде XIII ғ. 60–жылдары Берке хан Қарақорыммен байланысты үзуге және Ұлы Қағанның ықпалынан шығуға деген ұмтылысынан көрініс берді. Мұсылман елдерімен дипломатиялық қатынастарды едәуір жеңілдеткен Берке ханның исламды қабылдауы мамлүктік Мысырмен сыртқы саяси одақтың негізі қалануына жол ашады. Осылайша, джучидтердің Күнгей Кавказды басып алуға деген ұмтылысы негізінде мамлүктің Мысырымен Хулагу ұлысына қарсы әскери-саяси одақ құрып, бұл өз кезегінде ислам елдерімен дипломатиялық, әскери және сауда байланыстарының кеңеюіне себеп болды.

3. Алтын Орданың мұсылман әлемімен сауда және мәдени байланыстардың кеңеюі сыртқы саясатының басым бағыты ғана емес, сонымен бірге мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуымен де байланысты болды. Саяси тұрақтылық пен экономикалық өрлеу халықаралық сауданың дамуына мүмкіндік беріп, оны қалпына келтіруді ұйымдастырушылар хорезм және бұлғарлық көпестер болады. Шығыс Еуропадан Күнгей Кавказ, Иран, Орта Азияға сауда жолдары Еділ бойына, Арал маңы мен Қара теңіз қалаларынан апаратын керуен жолдарымен қиылысты, бұл Жошы ұлысының көпестеріне өте тиімді сауда жүргізуге мүмкіндік берді.

4. Алтын Ордада қала өмірінің дамуы отырықшы жерлерде қираған жерлерді қалпына келтірмей, дала оазистерінде жаңа қалалар салу жолымен жүрді.

5. Жошы ұлысының сыртқы саяси векторы ретінде мұсылман елдеріне бағдарлануы, Берке ханның исламды қабылдауы аймақта ислам дінінің әлеуметтік базасының кеңеюіне әкелді. Хорезмнің, Еділ Бұлғариясының, төменгі Еділдің сауда және қолөнермен айналысатын тұрғындар ғана емес, сонымен бірге басқарушы топ, мұсылман ғалымдары, қалалардың дамуы мен сауданың пайда-сын арттыруды көздеген моңғол ақсүйектерінің өкілдері исламның таралуына мүдделі болды.

XIV ғасырға дейін Алтын Ордада ислам дінінің ықпалы артып, саяси топтардың қолдауына ие болып, елдің

көптеген бағыттарын қамтығанымен, мемлекеттік дәреже қабылданбады. Исламның толығымен әрі түпкілікті түрде мемлекеттің ресми дініне айналуы - Өзбек ханның билікке келуімен байланысты.

Деректерде Өзбек ханның Алтын Орданың хандық билігіне келуіне қатысты әртүрлі нұсқалар бар. Олардың біріншісі – Шейх-Увейстың жазбасы: «Дешті Қыпшақта осы жылы (1303–1304) Тоқты хан қайтыс болған еді. Оның Елбасмыш атты баласы болды, оны әмір Кадак билікке қоюға мүдделі еді. Осы тұста Тоқтының қайтыс болуына Кадакты жазым етті» - дейді [Тизенгаузен 1884а: 100].

Екінші нұсқа Эннувейриден жеткен. Ол бұл оқиғаларды сарай төңкерісі емес, діни қайшылықтан туындаған қақтығыс ретінде баға береді. Хафиз-и-Абрудың жазбасы бойынша діни қарама-қайшылықтан кейін өте ауыр жазаға кесілген 120 сарай басшылары мен Шыңғыс тұқымдарының ішінде Елбасмыш та бар дейді [Тизенгаузен 1884а: 323]. Егер жаза кесілген Шыңғыс тұқымдарының мен басшыларының санына сараптама жасасақ, бұдан сарайда антиисламдық көзқараста қызмет атқарған топ өте көп болған.

Үшінші нұсқада Ибн Дукмак: «Тоқты өлер тұста оның артында ұрпағын жалғыстыратын ешкім қалған жоқ. Құтлық–Темір одан Өзбектің таққа келуін сұрады» дейді [Тизенгаузен 1884а: 141].

Моңғол мемлекеттері секілді Алтын Ордада да мемлекеттік іс жүргізуде ұйғыр әліпбиін қолдану кең етек алды. Сарайда көптеген ұйғыр шенеуніктері мен дін ұстаздары өмір сүрді. Тоқты хан кезінде (1290–1312) олар үлкен құзыреттерге ие болды [Тизенгаузен 1884а: 174]. Өзбек хан билікке келген тұстан бастап олар саяси қысым көріп, көпшілігі өлім жазасына кесілді.

Қазіргі таңда Өзбек ханның билікке қандай жолмен келгені нақты белгісіз, бірақ бір түсініктісі Өзбек ханды қолдаған мұсылман шейхтары мен саяси элитадағы топ өкілдері еді.

Шығыс деректеріне сүйенетін болсақ, Өзбек ханның тұсындағы идеологиялық реформалар оңайлықпен орындалған жоқ. Тіпті бұл іс репрессиялар мен қанды қақтығыстарға да алып келгендігі анық. Өн-Нувейри дерегінде «Оның (Өзбектің) мемлекетінде ислам дінін менсінбей, оны мойындамағандар бар еді. Ол оларға соғысты немесе дінді қабылдауды таңдауға бұйрық берді. Олар мұсылман болмаймыз деген соң, Өзбек оларға соғыс ашып, ұрып-соғуға бұйрық берді, аман-қалғандары қашуға мәжбүр болды [Тизенгаузен 1884а: 163]. Ал, әл-Бирзали дерегінде «Өзбек хан өте мықты мұсылман және батыр. Ол бірнеше әмір мен дінсіздерді, ұйғырлардың көбісін, ламдар мен сиқыршыларды исламға кіргізді» делінеді [Тизенгаузен 1884а: 174]. Дәл осындай ақпарат

әл-Муффадал, аз-Захаби, Ибн Касир еңбектерінде де айтылады [Тизенгаузен 1884а: 197].

Өзбек ханның реформасының нәтижелерін араб тарихшылары бірдей бағалайды. Әл-Омари Жошы ұлысында Ислам діні қабылданған соң жағымды жақтарын былай деп хабарлайды: «Мұсылман дінін қабылдаған алғашқы хандардың бірі Берке, Жошының баласы, ал ол Шыңғысханның баласы. Содан кейін өңірде ерекше күн шығып, тек кейбір жағдайлар болмаса халықтардың бәрі жақсылыққа кенелді» [Тизенгаузен, 1884а: 234].

Ибн Касирдың айтуынша: «Өзбек хан<...> мұсылман еді. Ол өз аумағында ислам дінін тарату туралы шешім қабылдап, оған сенімсіздік танытқан әмірлерді өлтірді. Мұхаммед заңы бөрінен де жоғары заңға айналды» [Тизенгаузен, 1884а: 277].

Американдық түрколог К.Г. Менгес өзінің жұмысында мынадай дәйек қалдырды: «Моңғолдар мен татарлар өз мәдениеттерін басқа жаулап алған халықтарға таратуға тырыспады. Моңғол шапқыншылығынан кейін Киев Русі мұсылмандандырылды, бірақ татарлар орыстарды мұсылман болуға қыстаған жоқ» [Менгес 1974: 68]. Шыныменде, Алтын орда хандары оларға бағынышты христиандарға (орыстар, аландар, гагауыздар, Қырымдағы армяндарға) ислам дінін қабылдауға күш көрсетпеді. Алайда, несториандар мұсылман дінін қабылдауға мәжбүр болды, олар қарсы келсе, өлімге кесілер еді. Өзбек хан буддисттер мен шаманистерді де дінді мойындамағандары үшін өлтірткізгендігіне көзіміз жетеді.

Өзбек хан және оның баласы Жәнібек хан (1342–1357) тұсында мемлекет өзінің гүлдену мен даму шегіне жетті. «Ескендір анонимы» (Муин-ад-дин Натанзи) Жәнібектің Көк Ордадағы (нақтысы Ақ Орда) ислам дінін тарату деңгейін айтады. Жәнібек хан сол аумақта көптеп медресе, мешіттерді салдырып, діни тұлғаларды тартып, ғылымның дамуына үлес қосты [Тизенгаузен 1884а: 128]. «Ол (Жәнібек) пейілі таза мұсылман еді» [Тизенгаузен 1884а:146]. Д.М. Исаховтың айтуынша, Жәнібек әкесіне қарағанда исламдануға көңілін бөлді [Исахов 2012: 168].

Мемлекетке ислам дінінің белді өкілдері әр жақтан келе бастады. «Мелик Ашрефтың кетуіне байланысты, Тебриз, Серах, Ардебил, Байлекан, Берд, Нахечиван аумақтарын көптеп қожалар қоныс аударды. Зейн Ад Динның айтуынша, «Мухьи-д-дин Бердаи қажы Сара Беркеге қоныс аударып, ислам дінінің дамуына үлес қосып, танылды» [Тизенгаузен 1884б: 101].

Ираннан Еділ аймағына шиіттердің қоныс аударғандығын назарда ұстауымыз қажет. Бірақ, бұл жағдай Жошы ұлысында аса текетірес тудырмады. Соған қарағанда, сол кезеңде шиіттер мен сүнниттер өзара

жақсы қарым–қатынаста болды. Ибн Баттута деректерінде Алтын Орда тұрғындарының сүнниттер және ханафи мазһабынан болғандығын біле аламыз [Тизенгаузен 1884а: 310].

Бірақ, шын мәнінде Жошы ұлысының түркі халықтары арасында Яссауи тариқатының рөлінің жоғары болғандығы анық. Кубравийа тариқаты алғашқыда Орта Азияның отырықшы халықтарында маңызға ие болды. [DeWeese 1994: 138].

XII–XIII ғғ. деректерде білім алушылар бір шейхтан екіншіге білім іздеп ауысқандығын байқай аламыз. XVI ғ. Шайбанидтердің яғни Яссауи тариқатын ұстанушылар бұл бағыттың Орта Азияда белең алуына жол ашты. Осы жайт жайында Саид Атаның ұрпағы Мухаммад Касима Ризванның 1626 жылы аяқталған «Манакиб ал–ахйар» (басқа атауы– «Макамат–и Саййид Ата–и») дерегінде айтылады.

Ал–Хадж Абд ал–Гаффаридің «Умдет ал–ахбар» еңбегінде сопылық діни көсемдердің жаңа есімдерін атайды: «Берке хан тұсында халық исламға бет бұра бастады, бірақ ол қайтыс болғаннан кейін бұрынғы сенімдеріне ойысты. Одан кейін Қыпшақ даласы мен Жошы Ұлысында сол кезеңдегі төрт беделді әулие ислам дінін таратты. Әлидің ұрпағы – Шейх Маджид ад–дин Ширвани, Әбі Бәкірдің ұрпағы – Баба Тоқлас Шейх Наджиб ад–дин, пайғамбардың ұрпақтары – Шейх Ахмад және Шейх Хасан Гургани». Яғни, бұл жазба бойынша сараптасақ,

ұлыста яссауи мен кубравийа тариқаттарынан басқа да мектептер болуы ықтимал [Аль–Джанаби 1991: 127].

Жалпы Девин Де Виздың айтуынша Нақшбандийа тариқатының негізінде жазылған жұмыс және сол кезеңде (XVII ғ.) ол өте үлкен рухани ықпалға ие болды. Себебі, ең соңғыс сопылық тариқат туралы көлемді ақпаратты жеткізді.

Моңғолдар Еуразия даласында тарих сахнасында көтерілген тұста, олармен бір кезеңде ықпалды өркениеттер өмір сүріп жатты. Моңғолдар алғашында мемлекет саясатына қарсы келмейінше діни тәзімділік танытып келді. Бірақ діни сенім таңдау саяси элита дәрежесіне көтерілген тұста діни ахуал шиеленісіп кетті. Алтын Ордада ислам дінінің таралуы көшпелі өркениеттің қайта өрлеуі болды. Ұлыста ерте кезден Хорезм, Еділ Бұлғариясы аймақтарында исламдану үдерісі жоғарғы деңгейде болуы мемлекеттік дін мәртебесіне көтерілуіне мүмкіндік жасайды.

Алтын Ордада ислам діні Өзбек хан мемлекеттік дін ретінде жарияланды деп түсіну қате тұжырым. Бұл Жошы Ұлысы мен Дешті Қыпшақ даласында бірнеше ғасыр бойы жалғасын тапқан үдерістердің заңды нәтижесі еді. Осының Алтын Ордада ислам діні тек саяси элитадан ғана емес, мемлекеттің ішкі және сыртқы саяси қатынастарын айқындаушы факторлардың негізі болды.

Ғылыми кеңесшісі

т.ғ.к., ассоц.проф. Норайбаева М.С.

Әдебиет

Аль–Джанаби М.М. Суфийский теолог–философский синтез Аль Газали: 09.00.11. Дис. док. филос. наук. – Москва: Российский университет дружбы народов, 2018. – 430 с.

Исхаков Д.М. О дате принятия ислама в Улусе Джучи при хане Узбеке // Урал–Алтай: через века в будущее: Материалы V Всерос. тюркологич. конф., посвященной 80-летию Института истории, языка и литературы Уфимского научного центра РАН (21-22.06.2012 г.) / Сост. В.Г. Котов – Уфа: ИИЯЛ УНЦ РАН, 2012. – 444 с.

Малов Н. М., Малышев А. Б., Ракушин А.И. Религии в Золотой Орде. –Саратов: Изд–во Саратовского государ. Ун–та им. Н.Г. Чернышевского, 1998. – 127 с.

Менгес К.Г. Восточные элементы в «Слове о полку Игореве». – Л№: Наука, 1979. – 268 с.

Сафаргалиев М.Г. Распад Золотой Орды. – Саранск: Мордовское книжное издательство, 1960. – 279 с.

Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. – Т. I. – Извлечения из сочинений арабских. – СПб.: Изд. С.Г. Строганова, 1884а. – 564 с.

Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. – Т. II. – СПб.: Типография Императорской Академии Наук, 1884б. – 307 с.

DeWeese D. Islamization and Native religion in the Golden Horde. Baba Tükles and Conversion to Islam in historical and Epic Tradition. – Pennsylvania State University Press, University Park. – Pennsylvania, 1994. – 656 p.



ЕГИНБАЙ А. Е.

Егинбай Адил Ерланулы

Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева,
г. Нур-Султан, Казахстан;
adil_eginbaev2000@mail.ru

ОСОБЕННОСТИ ПРОЯВЛЕНИЯ КУЛЬТУРНЫХ СВЯЗЕЙ ДОМОСТРОЕНИЯ в АДАПТАЦИОННЫХ ПРОЦЕССАХ

Аннотация: Работа написана в рамках этноархеологического исследования, в котором выявляется специфика домостроения в сходных климатических условиях. В частности, мы пытаемся раскрыть проблему адаптационных процессов в степных зонах Казахстана и Сибири. На основе археологического и этнографического материала предлагается краткий обзор традиций построения постоянных жилищ.

Ключевые слова: усадьба, жилище, Сибирь, степь, адаптация, строительная технология, архитектура.

На сегодняшний день изучение материальной культуры казахов, в частности стационарных поселений и жилищ, требует большого внимания. Данный элемент жизнедеятельности позволит раскрыть тему трансформации казахского общества от чистого кочевания, к полуседлости и оседлости.

Жилище – один из ключевых символов культуры, которое является искусственно созданной человеком защитой от воздействия природно-климатических факторов [Майничева 1997: 122]. Данное определение подходит для характеристики и описания функционального назначения жилища казахов. В нашей статье мы рассмотрим также и усадьбы в целом, которое в данном случае трактуется как жилище и хозяйственные постройки, предназначенные для содержания скота, хранения корма, имущества, продуктов и т.д.

Цель данной статьи – показать сходство и различия в домостроении коллективов, проживающих в одинаковых климатических условиях, но различающихся формой хозяйственного уклада, этнической принадлежностью, духовной и материальной культурой. Очень важно рассмотреть, как происходит адаптация людей к новым условиям. В качестве примера сравним строительные традиции казахов и переселенцев – славян, оказавшихся в XIX в. в степной зоне Сибири.

К южной части Западно-Сибирской низменности относится полоса безлесных степей, покрытых исключительно травянистой растительностью, которая ограничена на севере зоной лесостепи, на юге пологими склонами Тургайского плато и Казахского мелкосопочника, образующими естественную южную границу Великой Сибирской равнины. В свою очередь, казахская степь находится в зоне резкоконтинентального климата, отличающегося большими амплитудами температур.

Н.Э. Масанов дает такую характеристику кочевого ареала: «Экосистемы, характеризующиеся аридностью и континентальностью природно-климатических условий, посезонной продуктивностью, разреженностью и низкой кормовой производительностью растительного покрова <...>» [Масанов 1995: 22]. Такие свойства степного региона ограничивают хозяйственную деятельность человека и вынуждают адаптироваться к условиям, что, в полной мере объясняет особую форму домостроительства в степи. Адаптация – взаимодействие субъекта адаптации с адаптогенными факторами – экологическими, этническими социокультурными, историческими, направленное на создание адекватных новым условиям форм материальной культуры [Шелегина 2005:37]. Относительно экстремальных климатических условий, к которым можно отнести зоны с аридным климатом, форму адаптации называют депривационной [Шелегина 2005: 47].

В качестве источников сравнения были взяты записки о зимовках казахов и описания сибирских домов. В нашем распоряжении также имеются результаты археологических исследований, проведенных на территории Северной Сарыарки и Центрального Казахстана. Предпринята попытка объединения этнографических данных с археологическими.

Степь занимает огромную территорию Казахстана, ограниченную на севере тонкой полосой лесостепи и пустынями на юге, юго-западе. Полупустыни в данном случае можно соотнести со степями, так как жилища в этой зоне аналогичны степным. Рассмотрим прежде усадьбы казахов, живших в степи. Сами жилища делились на два вида: жилища степной зоны и лесостепной полосы, которые были подвержены русскому влиянию. Все постройки казахов в степи сооружались в основном

из дерна, также существовали и деревянные дома, но они считались «роскошью доступной только весьма богатому киргизу<...>» [Шнэ 1894: 2].

Большое значение имело социальное положение. Так, если человек имел больше скота, следовательно, усадьба была больших размеров. Из публикаций последних лет, написанных на основе археологических раскопок казахских зимовок-кыстау, мы видим дифференциацию размеров жилищ. Например, в восточной части Центрального Казахстана, в низкогорной области, на зимовке Карашоқы, самая большая усадьба имела огромную площадь 28х25м [Бейсенов 2020: 9]. Здесь нужно учитывать, что это жилищно-хозяйственный комплекс, включавший 13 помещений, и в отличие от зимовок, находившихся севернее, где дома в основном строили из дерна, здесь строительным материалом служил саманный кирпич.

В северной части Сарыарки, отрядом Научно-исследовательского центра археологии им. К.А. Акишева, в полевом сезоне 2021 года, проводились раскопки поселения Козыкош, общей площадью 160 га. В архитектурно-планировочной застройке территории выделяются около 80 отдельных жилищно-хозяйственных комплексов. За полевой сезон было раскопано 5 жилищ (рис. 1). Размеры жилищ на данном поселении отличались, самая большая исследованная усадьба имеет размеры 30х16м, это при том, что усадьба раскопана не полностью [Отчёт 2021: 12-13].

На территории Восточно-Европейской равнины сложилось два типа жилищ: полуземлянки в степной и лесостепной полосах, а также наземное срубное жилище в лесных районах. С течением времени, происходят изменения в конструкции и архитектуре домов. Дома лесной зоны начали поднимать выше, на так называемые «подклеты» или «подъизбища», за счет усовершенствования техник строительства улучшаются усло-

вия жизни. В степных и лесостепных зонах, а также в дореволюционный период, продолжали существовать и функционировать земляночные жилища – избы или хаты с земляным или глинобитным полом [Бломквист 1956: 60]. Именно этот тип жилища был привнесен на территорию степной Сибири.

Самой древней, и наиболее распространенной формой восточнославянского жилища является двухкамерное, состоящее из жилого, отапливаемого помещения, и холодных сеней. Сени – подсобное помещение, в котором хранятся хозяйственные вещи, пищевые продукты. Сени также защищали жилое помещение от проникновения холода. Заходя в дом, вы попадаете в сени, потом в жилую комнату. Дома почти квадратные в плане, отапливаемые русской печью. С течением времени, наряду с двухкамерными жилищами появились трехкамерные жилища – состоящие из жилого помещения, сеней и клети. Клеть – помещение для хранения имущества, летом использовалась для ночевки и приема гостей, не имело печи [Бломквист 1956: 62]. Исходя из археологических данных и этнографических записей, казахские жилища на кыстау в основном были однокамерными, реже из 2–3 комнат [Наумова 2000: 133].

Рассматривая строительные материалы и способы строительства, отметим, что для всего восточнославянского населения с древних времен характерны срубная и столбовая техники [Бломквист 1956: 64]. Срубная – от слова «рубить», в основе которой состоит прямоугольная или квадратная клеть, о которой мы говорили ранее. Встречается огромное разнообразие видов сруба, отличающихся техниками распила или прорубания бревен, и разнообразными техниками закладывания стен, стыкования углов.

Столбовая техника более гибкая по своему использованию, и была распространена не только в лесистых зонах, но и в степных. Столбовая техника заключается в том, что основу стен составляют столбы, врытые в землю на равных расстояниях, а промежутки между столбами заполняются различными способами. В степных и лесостепных зонах промежутки между столбами заполняли плетнем, камышом, соломой, и обмазывали толстым слоем глины, такой вид называли «турлучными хатами» [Бломквист 1956: 86]. Подобная техника возведения домов в конце XIXв. пришла вместе с переселенцами на территорию Казахстана, но широкое распространение такие дома получили в Советское время.

Кроме дерева в строительстве домов, население Сибири использовало другие материалы, встречающиеся в природе: известь, слюда, глина, а также материалы созданные человеком: кирпич, стекло, скобяные изделия. Люди, которые по политическим или социально-экономическим причинам, должны были переселиться



Рис.1. Ортофотоплан поселения Козыкош.
1–5 –исследованные усадьбы



Рис.2. Поселение Козыкош, усадьба N 3.
Дерновые пласты, с глиной между кирпичами

ся в новое для них место, жили в полуземлянках, или строили дома из пластов дерна.

Дикий камень в беслесных пространствах Сибири имел важное значение. К дикому камню можно отнести гранит, кварцит. Из камня строили фундаменты, дома, хозяйственные постройки. «Саманухи» – так называли саманные дома в Сибири. Сначала они использовались для строительства временных жилищ или хозяйственных построек, но к концу XIX в. чаще стали появляться постоянные жилища из данного материала.

Казахское население степных регионов в строительстве также использовало некоторые виды камня, саманный кирпич, дерновый кирпич. Это зависело от места расположения населенного пункта, от состоятельности семьи, наличия русского влияния. Технология возведения стен в степи также имела вариативность. К примеру, она заключалась в глубине ямы, в которой начиналось возведение стен, наличии или отсутствии фундамента, рядность кирпичей. При строительстве из дернового кирпича каждый кирпич ложился травяной стороной вниз, что увеличивало сцепление, если в промежутки между кирпичами не была добавлена глина. Глина использовалась в качестве цементирующего материала в каждом из типов возведения – саманном, каменном (плитняк) (рис. 2).

Глина – доступный материал, который использовался повсеместно. Полы в казахских зимовках были глинобитными, ею обмазывали стены, печи, полы, использовали в качестве цементирующего материала, а также она являлась составной частью саманного кирпича. Так же и в домах Сибири: глиной обмазывали стены срубов, каменные фундаменты домов, печи, стены и крыши хозяйственных построек. Она служила связующим ма-

териалом в каменных кладках, заполнителем в турлучных сооружениях. Крестьяне-переселенцы из Украины, некоторые казаки, также как казахи полы делали глинобитными [Рыбалко 1996:209].

В конце XIX века на территорию Сибири и Казахстана переселилось огромное количество русских крестьян. Приходя на новые земли и не располагая финансовыми возможностями для строительства своих изб, они строили временные жилища. В основном это были бы-

стро разрушающиеся земляные избы из пластов дерна, толщиной 1–3 вершка (5–15 см), высотой в 3–3,5 аршин (2–2,5 м), или мазанки, которые наполовину были под землей. Такие дома служили своим хозяевам несколько лет, в них царила антисанитария, они не были защищены от половодья в весенний период. Со временем, укрепив свои хозяйства, переселенцы строили постоянные жилища. В степных условиях они воздвигали дома из глины, замешанной с соломой – вальковые и саманные. Крышу крыли соломой или камышом, делая ее двускатной, с центральной балкой [Липинская 1996: 105]. В целом, в восточнославянской традиции домостроения, имеется множество видов крыш – односкатные, двускатные, трехскатные, четырехскатные – на самцах, на стропилах. Такое разнообразие связано с обилием осадков, тогда как в казахстанских степях крыши делались в основном очень пологими, почти плоскими, а иногда плоскими.

Стены в казахской зимовке, в основном были толщиной 1-2 аршин (0,7-1,5 м), каждый кирпич в толщину был от 30 см, что очень сильно отличается от кирпичей в русских временных домах. Это конечно связано с коротким сроком проживания в них. Крыша возводилась с небольшим склоном или скатом. Со склоном – толстые доски, выпуклые с одной стороны, укладываются по ширине жилища, с промежутками, поверх которых укладывали хворост и камыш, сверху закрывая дерном. Все это посередине сдерживалось балкой (Шнэ 1894: 2). Основой двускатных крыш была балка, возвышавшаяся над стеной на 6–12 вершков (25-50 см), по обе стороны которой укладывались жерди. Вся конструкция поддерживалась двумя или тремя балками внутри жилища, которые не врывались в землю, а ставились в гнезда балки, лежащей на полу параллельно верхней. Солома и камыш также широко использовались в строитель-

ве Сибирских домов, также как и у казахов в основном в качестве кровельных материалов. К концу XIX в. распространение в Сибири получило листовое железо на крышах домов, но это также зависело от материального положения людей [Рыбалко 1996: 212].

В строительстве казахских домов с древних времен имеются факты забутовки пространства между саманными, дерновыми кирпичами. В русском домостроительстве также присутствует данный элемент, когда промежуток между стенами заполняли золой – «на засыпах», или известью – «на заливе» [Бломквист 1956: 89]. В примере с российскими домами это было вызвано тем, что так было дешевле строить.

Дверь в казахских домах устанавливалась в середине стены со стороны двора, в противоположной стороне было одно или два окна. Дверь была деревянная, окна натягивались шкурами животных, но были и стеклянные. Окна строились «наглухо» – т.е. без возможности открыть их. С течением времени, стекло вошло в обиход. Окна в Сибирских домах были двух видов – ставившиеся «наглухо» и распашные, состоящие из верхней неподвижной части и нижней поднимающейся, опирающейся на палочку. Были также и задвижные, когда половину нижней части можно было задвинуть вбок. Распашные окна пришли на территорию казахской степи вместе с переселенцами в конце XIX в.

Имелись двери также между жилыми комнатами и хозяйственными. Часто в помещение со слабым или молодым поголовьем можно было зайти только через жилую часть, которая также отделялась дверью. Это указывает на тесную связь жилой части и хозяйственной, представленной комнатами и помещениями для скота. В сибирских домах, похожая тесная связь также была, когда люди строили общее перекрытие жилой части и помещениями со скотом.

«Кругом землянки киргиз строит стойла, загоны для своего скота. Постройка и распланировка двора отличается замечательной целесообразностью и пониманием потребностей скота <...>» [Шнэ 1894: 4]. По обе стороны землянки обычно строились пристройки, для мелкого скота, с отверстием на крыше, для кормки скота. Нередко, рядом с основной землянкой с пристройками для скота, строились еще две землянки – одна играла роль кладовой, вторая служила жильем бедняков-рабочих.

Вокруг основного жилища, расширяя свой жилищно-хозяйственный комплекс, казахи делали рвы и валы. Валы обычно сооружались из выкидов рва, смешанных с валежником, соломой. Эти обособленные территории представляли собой место для хранения сена, соломы, внутри ставились перегородки и возникали загоны для скота.

Подводя итог, можно сказать, что различий между приведенными видами жилых построек было больше. Это мы видим при описании техник строительства, что может быть связано с тем, что у казахов не было определенной устоявшейся традиции строительства постоянных жилищ. К образу жизни, который подразумевает постоянное жилище, казахи пришли совсем недавно. Казахские усадьбы со своими особенностями сопоставимы (технически), с временными жилищами переселенцев населявших Сибирь. Говоря о сходстве, необходимо отметить строительные материалы. Добыть глину, вырезать дерновый кирпич, собрать камни и сделать саманный кирпич в степи гораздо легче, чем найти дерево. Одинаковым является принцип тесной связи жилой части с хозяйственной, а также количество комнат в домах.

*Научный руководитель
к.и.н, доцент Хабдулина М.К.*

Литература

- Бейсенов А.З, Ахияров И.К., Джуманазаров Н.Ш. Карашо-кы, старая зимовка в долине Аксары в Центральном Казахстане // Полевые исследования в Верхнем Приобье, Прииртышье и на Алтае (археология, этнография, устная история и музееведение). – 2019 г.: Вып.15 – Барнаул: АлтГПУ, 2020. – 276 с.
- Бломквист Е.Э. Крестьянские постройки русских, украинцев и белорусов (поселения, жилища и хозяйственные строения) // Восточнославянский этнографический сборник. – М.: Изд-во АН СССР, 1956. – 767с.
- Липинская В.А. Старожилы и переселенцы: Русские на Алтае XVIII–начало XX в. – М.: Наука, 1996. – 296 с.
- Майничева А.Ю. Развитие традиционного жилища русских крестьян Западной Сибири // Народы Сибири: История и культура (к 75-летию выдающегося этнографа, профессора Г.И.Пелих). – Новосибирск: ИАЭТ СО РАН. 1997. – С. 120-127.
- Масанов Н.Э. Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности кочевнического общества. – Алматы «Социнвест» – М. «Горизонт», 1905. – 320с.
- Отчёт о научно-исследовательской работе «Симбиоз кочевой и оседлой культуры казахов как цивилизационный код степи». – Нур-Султан, 2021. – 68с.
- Наумова О.Б. Развитие жилища у казахов Северо-Восточного Казахстана в процессе их перехода к оседлости (конец XIX- начало XX века) // Кочевое жилище народов Средней Азии и Казахстана / Отв. ред. Г.П. Васильева. – М.: Наука, 2000. – С. 123-145.
- Рыбалко А.А. Жилище и усадьба Оренбургских казаков на территории современной Челябинской области // Материалы по археологии и этнографии Южного Урала: Труды музея-заповедника Аркаим/ Гл. ред. А.Д. Таиров. – Челябинск: Каменный пояс, 1996. – С.197-215.
- Шелегина О.Н. Адаптационные процессы в культуре жизнеобеспечения русского населения Сибири в XVIII–нач. XX века: (К постановке проблемы). – Новосибирск: Изд-во Сибирская научная книга, 2005. – 192с.
- Шнэ В.К. Зимовки и другие постоянные сооружения кочевников Акмолинской области // Записки Западно-Сибирского отдела ИРГО. – Омск: 1894. Кн.17, вып.1. – С.1-19.

ҚҰРМАНҒОЖИНА Т.М.

Құрманғожина Тоғжан Мұхтарбекқызы
Л.Н.Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан;
togzhan_k93@mail.ru

ТОРҒАЙ ӨҢІРІНІҢ ТАРИХИ ТОПОНИМИКАСЫ

Аннотация. Мақалада Сарыарқаның солтүстік батысы саналатын Торғай өлкесінің жер-су атауларының тарихы мен оның уақыт ағымына сай өзгерістерге ұшырауы және түрлі аңыз әпсаналармен байланыстылығы жөнінде жазылған. Торғай төсіндегі жер-су атаулары негізінен еліміздің басқа өңірлеріне қарағанда монғол тілінен немесе басқа да тілдерден енген атаулармен өзгермеген таза түркілік бастауларға ие болып келеді. Торғай өлкесінің тарихи-топонимикасы жөнінде кешенді зерттеулердің өзі жоқтың қасы деуге болады. Сондықтан да осы өлкеде кешенді түрде зерттеулерге өзек болатын жер – су атауларының маңызы мен олардың қазақ тарихындағы ауыз әдебиетпен сәйкес келетін мәтіндер қызықты болып табылады.

Түйін сөздер. Жер-су атаулары, ойконимдер, оронимдер, түркілік атаулар, монғол тілінен енген атаулар, аңыздар, жырлар, көне дәуір археологиясы.

Ежелгі Торғай жерінің қойнауы археологиялық және тарихи, архитектуралық ескерткіштерге өте бай. Осынау киелі өңірдің тарихы жер-сулардан ғана емес, оның әр тасынан көрініс табады. Олардың ескерткіштерінің арасындағы ежелгілерінің бірі тас дәуірден басталып, Қазан төңкерісіне дейінгі архитектуралық ескерткіштерге дейінгі кезеңді, яғни ұзақ мерзімді хронологиялық кезеңді қамтиды. Осыған қарағанда, бұл өңірдің ежелгі дәуірден, яғни тас дәуірінен басталған адамдардың мекендеген жерінің тарихының тереңде екендігін түсінеді. Қазіргі кезде Торғай жерінің біраз сырын, әр тасының, оның суының шығу төркіні мен мағынасын зерттеудің қажеттігін жақсы түсінді. Себебі, жаһандану заманында жастардың ежелгі тамырымыздан айырылуының, яғни ұлттық өзіндік иммунитетінің пайда болуының негізі тарихты зерттеумен, оны зерделеуден туады.

Тарихымыздың атасына айналған А.И. Левшиннің «Описание киргиз-казацких, или киргиз-кайсацких, орд и степей» атты белгілі зерттеу жұмысының маңызы өте зор. Бұл зерттеуде Ырғыз–Торғай өңірлері мен Қазақстан территориясының флорасы мен географиясы, фаунасы мен климаты жайлы маңызды мәліметтер берілді [Левшин 1996: 27–29].

Ғалым А.И. Добросмысловтың «Скотоводство в Тургайской области» деген зерттеуі осы жердің шаруашылығын суреттейтін үлкен жұмыс болып саналады. Осындай тамаша зерттеудің «Торғай өлкесінің шағын географиялық сипаттамасы» деген тарауында сол жердің шөлдері мен өзен-көлдері, таулары және осы өңірде өмір сүретін өсімдіктер мен аң-құстар тура-

лы маңызды мәліметтер берілген болатын [Добросмыслов 1893: 125–126].

Белгілі археолог және шығыстанушы ғалым И.А. Кастаньенің «Древности Киргизской степи и Оренбургского края» деген айтулы еңбегінде аталмыш дәуірдегі әкімшілік бөліске сай еліміздің облыстары бойынша жіктелді. Онда археологиялық ескерткіштердің сипаттамалары көрініс тапқан. Өз еңбегінде автор кей ескерткіштердің сипаттамасын ертерек зерттеген зерттеушілердің зерттеу жұмыстарынан алып қолданған. Сонымен қатар, өзінің зерттеу жұмысының бір тарауын Торғай облысына арнайды. Сол өңірдергі жерлеу ескерткіштері мен балбал тастарға нақты анықтамалар беріледі. Оған мысал ретінде келесі ескерткіштерді айта аламыз: Қызылжар мен Айтолқын тамы, сондай-ақ Балғасын мұнарасы [Кастанье 2007:68–69].

В.В. Бартольдтың Ислам энциклопедиясына жазып қалдырған «Тургай» деген мақаласы аталмыш тақырыптың тарихнамасын барынша аша түсті. Ғалым өзінің шағын ғана мақаласында Торғайдың саласы мен ондағы бекіністер мен сауда жолдары жайлы біраз мәліметтер береді [Бартольд 1965: 256–260].

Еліміздің топонимикасына өз ізін салған ғалым А. Әбдірахмановтың «Топонимика және этимология» деген зерттеуінде жалпы топонимика жайлы және оның елімізде дамуы туралы айтады. Сондай-ақ, Қазақстандағы су және жер атауларының, олардың арасында Торғай, Ырғыз атауларының шығу тарихы жайлы біраз деректер келтіреді [Әбдірахманов 1975: 152].

«Тургайская область» деген фотоальбом 1983 жылы жарыққа шығады. Осы бір кішігірім басылымда Кеңес үкіметі тұсында пайда болған Торғай облысының астықты өңірі мен өнеркәсібі, оның жетістігі мен орталығы болып табылатын Арқалықтың дамуы және де өзге де деректер келтірілген фактілерді фотосуреттермен қатар берген [Тургайская область 1983: 52].

Е. Қойшыбаевтың «Қазақстанның жер-су аттары сөздігі» деген сөздігінде жерімізді ертеден мекендейтін халықтар мен сол халықтардың тілдерінен көрініс тауып отыратын мың жарымнан аса топонимдердің пайда болуы талқыға түседі. Ғалымның осы еңбегінде Торғай және Ырғыз өңірлерімен байланысы бар 20 аса елдімекендердің, көлдердің және өзендердің атаулары енгізілген болатын [Қойшыбаев 1985: 47].

1994 жылы жарық көрген Ө. Нұрмағамбетовтың «Жер-судың аты – тарихтың хаты» атты шағын кітапшасында Қазақстан территориясындағы біршама жер-су аттарының атауларының түп мағынасын қарастырған. Аталмыш еңбекте зерттеу тақырыбымыздың аясына кіретін Арқалық, Орсак, Өлкейек, Саға, Ырғыз сынды біршама атауларға тоқталып, сөздің топонимикалық ұғым ретіндегі мәнін аша түскен [Қойшыбаев 1985: 98].

Тарихи қойнауы мол Торғай жері жайлы жеке басылым болып жарыққа шыққан «Торғай елі» атты энциклопедиясында сол жердің мәдени-экономикалық және де тарихи-географиялық даму жолдары барынша сипатталады [Торғай елі 2013: 11]. Сондай-ақ, «Торғай елі» энциклопедиясында сол жердің жер-су атаулары жайлы көптеген зерттеулер осы тақырыптың мазмұнын толықтай ашады.

Ғалым И.В. Шевнинаның көлемді археологиялық зерттеуінің қорытындысы ретінде жарыққа шыққан «Неолит дәуіріндегі торғай тайпаларының қыш өндірісі» деген монографиялық жұмысы Торғай жеріндегі Мақанжар аты мәдениеттің көзешілік өнеріне арналған болатын. Онда сол өңірдің Белқарағай мен Бестамақ қоныстарында орналасқан және де «Екідін–24» пен «Дүзбай–3», «Тұздықөл–2» сияқты археологиялық ескерткіштер мен олардың керамикалық кешендері де зерттелген. Техникалық және технологиялық сараптамалардың нәтижесі бойынша ыдыс жасаудың үрдістері қайта қалпына келтірілген [Шевнина: 2014: 236].

Тарихи деректерде Торғай өзен атауы ретінде XV ғасырдан бастап кездеседі. Бұған дейін «Сауық» деп аталған. Бұл дерек XVI ғасырдың орта тұсында өмір сүрген Хафиз Таныш бин мир Мұхаммад әл-Бұхаридің «Шарафнаме и-шахин» («Абдаллахнаме») атты бел-

гілі еңбегінде айтылады. Осы еңбекте Жәнібек ханның немересі Абдаллах ханның 1582 жылы 19–22 мамыр күндері Торғай мен Жыланшық өзендері бойында болып, Ұлытауға қарай өткені нақты жазылған. 1627 ж. Афанасий Мезенцев жасаған «Книга по большому чертежу» атты кітабында аймақтың ірі өзендері қатарында Есіл, Сауық аталып, оның салалары Өлкейек пен Ырғыз деп көрсетілген [Книга Большому Чертежу 1950: 85]. Дегенмен, өзен атауының төркіні туралы жорамал әрқилы. 1970 ж. Қазақ КСР құрамында Торғай облысы құрылғанда «Торғай құстың атауы» десіп жүрді. Бірақ қазақ даласында торғайсыз жер бар ма? Торғай кісі есімі деген пікір болды. Алайда осыншама кең-байтақ дала мен өзенге есімі берілетіндей кісі тарихта аталмайды. Сондай-ақ, торы руының атына орай аталған деген сөз де дәлелсіз. Белгілі ғалым А.И. Левшин қазақ тарихына арналған «Описание киргиз-казахских, или киргиз-кайсацких орд и степей» деген кітабының «Царство растительное» атты бөлімінде берілген қазақ даласындағы өсімдіктер атауларында: «Г. Эверсман причисляет сие растение к Eurohrasia» дейді. Ал Торғай өзені туралы: «Тургай – значит жаворонок. Название сие, вероятно, дано от множества жаворонков, около Тургая видимых» [Добромыслов 1893: 96] деген ескертпе жасайды. Дегенмен аймақтың әуел баста онда өсетін өсімдіктің атына орай қойылуы заңды сияқты. Өйткені қазақ даласында Қайыңды, Жиделі, Шилі, Сартал, Қарабидайық, Көкөлең сияқты жер атаулары өте көп. Ал өзеннің құсқа байланысты емес, жер атауына орай аталуы әбден мүмкін. Өйткені Торғайдың бастауындағы Қараторғай, Сарыторғай құс түсіне қарай емес, бірінің сарғыш, екіншісінің саздауыттау қара топырақты болуынан алынған. Жергілікті тұрғындар Торғай өзенінің 62 саласы бар дейді. Левшин де жоғарыда аталған еңбегінде осы көрсеткішті мақұлдайды. Бірақ атап көрсетілмеген [Торғай елі энциклопедиясы 2013: 390–391].

Торғай ойпаты бұдан мыңдаған жыл бұрын осы ара Орал мен Таймыр тауларынан оңтүстікке жылыстаған мұздықтардың түйіскен жері екен. Содан осы ойпат пайда болыпты. Әдебиет беттерінде Торғай топониміне: «Торғай ойпаты», «Торғай Қолаты», «Торғай таулы үстірті», «Торғай Бұғазы» немесе «Торғай Қақпасы» деген сияқты атрибуттардың қосарланып жүруі содан [Нұрмағамбетов 1994: 223]. Этимологиясы: көне тілдерге тән тор (тор, дала жүйелес: сай, терең тар шат. ойпат) + кішірейткіш –ғай (–қай) аффиксінің қосындысынан қалыптасқан атау. Атаудың тым көнелігін Омбы облысындағы чұлым татарлары мекені Торғай поселкесінің аты растай түседі. Чұлым татарла-

ры самодий тілдес халықтар тобына жататыны мәлім. Сондықтан да Торғай тұлғасы түркі тілдері аясынан артып, алтай дәуірінен сыр тартады деуге болады [Нұрмағамбетов 1994: 223].

С. Нұрқановтың айтуы бойынша, «Моңғолия мен Алтай және Орта Азия мен Қазақстанды жайлаған түрік-моңғол тілдес халықтар заманымыздың V ғасырынан бастап, қазіргі оңтүстік орыс даласы, тіпті оңтүстік-шығыс Еуропа аталатын жерлерге бірінің артынан бірі үздік-создық өтіп отырған. Бұлар: хун, ауар, бұлғар, хазар, мадиар, беженек, торық, уз, қыпшақ, моңғол т.б. тайпалар және тайпа одақтары елі» [Нұрқанов 1967: 75]. Аталмыш автор орыс жылнамаларында кездесетін торктарды осы торықтармен қатар қояды. Оның пікірінше, торғай сөзі «торық» және «ай» деген тайпалардың атымен жасалған. Ай тайпасының Ай, Айқыз, Аягөз, Айрық, Айтағы деген гидронимдердің құрамында кездеседі. Адай, Қызай, Керей, Өтей деген этнонимдердің құрамындағы –ай, –ей бөліктері де рсы «Ай» тайпасының атына қатысты болса керек. Сондықтан торық//торығ сөзінің мағынасы, біздіңше, сол түсті білдіретін мәннен аулақ болмаса керек. Торы қыпшақ, Ұзын қыпшақ, Қарабалық қыпшақ, Көлденең қыпшақ және Бұлтың қыпшақ деген тіркестердегі торы, ұзын, көлденең, бұлтың сөздері анықтауыш қызметін атқарып, сын есімдік қасиетті меңзейді. Ендеше торы қыпшақ (көне формасы торығ қыпшақ) дегендегі торы сөзі түсті білдіретін, сын есімге жататын сөз болуы керек. Ал көне торығ сөзінің торы формасына айналуын дәлелдеп жатпасақ та түсінікті.

Сонда Торғай гидронимі екі компоненттен, яғни ру атынан жасалған. Бірақ оның торығ деген бөлімі түске байланысты бір сөз деп қараймыз. Ал бұл осы торығтар орыс жылнамаларындағы «торки» этнонимі ме, жоқ па деген мәселе әлі де зерттей түсуді қажет етеді.

Торғай қақпасы – Құсмұрын, Обаған, Сарыарқа үстірті мен Торғай үстіртіндегі өткел. Торғай қақпасы Сарыкөл жерінде орналасқан. Ені он бес немесе жиырма шақырымды құрайды [Ырғыз энциклопедиясы 2010: 401].

Боталыкөл мен Ағаштыкөл Торғайдың оң жақ бөлігіндегі тұщы көл болып табылады. Боталыкөл Үрпек атты ауылдан 3 шақырым жерде орналасқан. Ондағы су көлемі азаймайды. Ені мен ұзындығы бірдей Боталыкөл көлінің ауданы 25–30 шақырым, ал ұзындығы 10–12 шақырымды құрайды. Боталыкөл Торғай өзенімен қазылып отырған қашыртқымен жалғасады. Көктемдегі жыл сайынғы су тасулар кезінде Боталыкөлдің айдыны жаңбыр мен өзен суларына толып отырған. Көлдің оңтүстігі ашық, көлде қоға да өсіп, солтүстік–шығыс пен солтүстік–батыс бөлігіндегі жағалауларда алабота мен

жыңғыл, шағыр мен тал, қамыс және т.б. өсімдіктер өседі. Оның солтүстігіндегі шабындық жерлер Торғайға шейін ұласып жатады. Онда ала жаздай мал жайылымда болып, ел қоныстанып отырған. Оның солтүстік-батыс бөлігіндегі төбелерге IX ғ. тән күйдірілген кірпіш арқылы қаланған Ағаштыкөл ауылы мен Маңғал тамы орналасты. Аталмыш жерді 1916 жылы Амангелді Иманов бастаған көтерілісшілерінің Тіргеневтің жазалаушы отрядына қарсы соғыста куәлік еткен тарихи орын деп айтуымызға болады [Исаченко 1980: 18].

Айыркөл көлі Нұраның солтүстік бөлігінде орналасқан көл. Көл Торғай мен Өлкейек өзендерінің бір-бірімен тоғысқан жерінде орналасты. Оның ұзындығы 21,4 шақырым және аумағы 45,5 шақырым, тереңдігі 4–6 м және ені 1,8–2,7 шақырымға жеткен. Айыркөлдің жағасы жазық болып келген. Оның батысынан 10 шақырым жерге жетпейтін жерде кішкентай өзен кездеседі. Айыркөлдің суы өте тұзды. Ол қазан және қараша айларында қата түсіп, сәуір айының екінші жартысында ери түседі. Көлден үнемі балық ауланып отырады. Жаз мезгілінде жағалауын демалыс орны ретінде пайдаланған [Шүкірұлы 2009: 87].

Айырқызыл теңізден жүз жиырма, жүз отыз метр биіктікте, сондай-ақ Торғай қолатының оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан төбешікті құм. Батыс бөлігінен шығысқа таман ені бес және он төрт шақырым болса, шығысына таман отыз екі км құрайды. Оның жалпы ауданы 284 шақырым. Айырқызылдың төбешіктерінде ақселеу мен жүзген, құмыршық пен астрагал, ал сол төбенің төменгі бөлігінде жиде мен еркекшөп, ақжусан өсіп отырады. Жер бетіне бір және он метр аралықта грунт суы орналасқан. Оны көбінесе қыс кезіндегі мал жайылымдарына пайдаланып отырған [Нұрмағамбетов 1994: 89].

Кездіктің қынабына келетін болсақ, ағаш, қара былғарымен қапталған. Құрсаулары жезден жасалған, жиектері ойық. Алдыңғы жағындағы аузы арқанмен өрілген зәкірдің бедерлі бейнесімен, артқы жағында желкенді кеменің бейнесі бейнеленген. Ауызда және қылышбау белдіктеріне арналған жылжымалы сақиналары бар. Сондай-ақ, теңіз офицерлерінің қанжарлары премиум нұсқада шығарылған, олар қыналы, гүлді оюлармен өрнектелген.

Мақалада Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің негізгі қорындағы негізгі қор түсімі– 3696, негізгі қор түсімі–10362 нөмірлерімен сақталған қылыш пен кездік туралы жазылды. Қылышты кім тапсырғаны, қайдан келгені белгісіз. Пруссиялық қылыш музей қорына қалай келгендігі әлі күнге дейін жұмбақ. Көпке ұсынылып отырған экспонаттар экспозициялық залға қойылмаған, ол арнайы музей қорында сақтаулы.

Ғылыми кеңесшісі
т.ғ.д. проф. Избасарова Г. Б.

Әдебиет

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің қару-жарақ топтамасы бойынша екінші есеп кітабы.

Куринский А. Наследники Блюхера. Холодное оружие с «блюхеровским» эфесом // Калашников. Оружие, боеприпасы, снаряжение. – 2002. – № 3. – 71 с.

Федури́н Д.А. Кортики мира. – М.: АСТ; Астрель, 2008. — 208 с

Swords for sea service, volume one & volume two may, Commander W.E., R.N. and Annis, P.G.W. Published by Her Majesty's Stationery Office, London, 1970

Draeseke, Trevor A The Sword Aboard Ship. The Evolution of a Weapon and Naval Identity. – University of Southampton. School of Humanities, 2009. – 90 p.



5 – сур. Кездік. Негізгі қор түсімі № 10362

ОГОЛИХИНА М.Д.

Оголихина Мария Дмитриевна

Южно-Уральский государственный университет,

г. Челябинск, Российская Федерация;

marya2207@mail.ru

АРХЕОЛОГИЧЕСКИЙ ТУРИЗМ в РОССИИ как СРЕДСТВО СОХРАНЕНИЯ ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ

Аннотация. В статье рассматривается социально-экономический эффект археологического туризма в России как средства сохранения историко-культурного наследия, выделены основные проблемы и пути решения сохранения археологических памятников.

Ключевые слова: археология, туризм, музеефикация, историко-культурное наследие, популяризация.

Выявление, исследование, и в особенности, сохранение объектов культурного наследия требует материальных и физических усилий, которых в большинстве случаев не хватает. Непосредственным исследованием и последующим мониторингом археологических памятников занимаются специальные государственные и муниципальные органы, а также частные научно-исследовательские организации. Косвенными путями решения проблемы сохранения историко-культурного наследия (далее – ИКН) можно назвать привлечение капитала, популяризацию археологии, развитие туризма.

Термин «археологический туризм» может быть воспринят как вид «культурно-исторического» [Фомина 2016], «интеллектуального» туризма или может быть абсолютно самостоятельным. В данном случае используется понятие археологического туризма как особого вида туризма, направленного на знакомство с историко-культурными достопримечательностями, местами действующих археологических раскопок. Он имеет следующие функциональные подвиды: познавательный (посещение памятников археологии) и прикладной (участие в археологических экспедициях).

Важнейшей задачей для развития археологического туризма является создание туристического продукта, который может быть интересен представителям трёх сфер: археологи, туристические организации и непосредственно туристы. Для развития археологического туризма на местах необходимо провести ряд мероприятий, направленных на развитие инфраструктуры [Гончарова 2015].

Археологический туризм способен частично решить несколько задач: привлечение волонтеров и части представителей «черных копателей» для участия в археологических раскопках, создать в обществе адекват-

ное популяризированное представление о памятниках и работе археолога, вне эзотерического и массмедиа подтекста [Куприянова 2014]. Это возможно посредством объединения усилий ученых, органов государственной власти и добросовестных СМИ. Сам по себе туризм не способен собрать достаточно средств для сохранения и поддержания памятника (в т.ч. музеефикацию) и поддержание археологического памятника. Только вкупе с выделением средств из государственного бюджета (в т.ч. гранты), и меценатскую поддержку.

Пути решения назревших проблем в сфере историко-культурного наследия может стать: дополненное и грамотное законодательство, взаимодействие профессионального сообщества с органами местной и государственной власти; привлечение финансов (меценатство, краудфандинг, гранты); музеефикация памятников, находящихся в зоне территории строящихся объектов и присвоение им статуса заповедных территорий; привлечение волонтеров для работы на археологических раскопках, помощи в работах по музеефикации; популяризация грамотного представления об археологии и объектах археологического наследия.

Исходя из вышеперечисленного, одним из способов сохранения памятников древности является их музеефикация. В большинстве случаев территория, включающая такие памятники приобретает статус музея-заповедника и впоследствии становится туристическим центром. Однако музеефикация – затратная процедура, поэтому музеефикации в целях туризма и популяризации подлежат памятники, большей частью не подвергшиеся антропогенному разрушению [Виноградов 2008]. Приведем примеры музеефицированных памятников археологии (следует уточнить, что выборка памятников ограничена памятниками эпохи камня, бронзы и раннего железного века): «Аркаим»

(Челябинская обл.), «Андреевское озеро» (Тюменская обл.), памятники респ. Крым: «Херсонес Таврический», «Пантикапей», «Фанагория», «Кара-Тобе», «Костёнки» (Воронежская обл.), «Танаис» (Ростовская обл.), «Гнёздово» (Смоленская обл.), «Ирендык» (респ. Башкортостан) и др.

В рамках исследования было проведено анкетирование с открытыми вопросами относительно востребованности археологических туров. Мы выяснили, что для осуществления подобного рода проектов необходимо правильно формировать их имидж, для чего необходимо максимально корректно описывать место проведения тура. Присущи мнения, что археологический туризм будет развиваться скорее не как коммерческая направленность, а как волонтерская работа в этой сфере. Таким образом, необходима работа по проработке методов работы между профессиональным сообществом и туристами. Сотрудники туристических организаций заинтересованы в развитии подобного вида туризма, но археологический туризм не закреплён в законодательстве Российской Федерации, следовательно необходима согласованность между многими субъектами мероприятия: государство, ученые, организаторы [Сиволап 2006].

Социально-экономический эффект археологического туризма выражается в:

1. Количестве туристов, посещающих музей-заповедник, археологический парк. Чем больше туристов посетило памятник, тем большее количество средств может быть направлено на нужды музея и сохранение памятника соответственно. В том числе, чем больше туристов посетило памятник, в т.ч. участвовало в экскурсионной деятельности музея, тем больше людей имеет представление об археологии как науке, о ее цели и методах, и, что самое главное, необходимости охраны археологических памятников;

2. Количестве программ археологических туров, представленных в открытых источниках. Увеличение количества проработанной программы археологических туров говорит о современном запросе населения;

3. Количестве добровольцев, участвующих в раскопках. Волонтерство как просветительская работа и как прикладная выражена в помощи научно-исследовательской деятельности (разборка культурного слоя, камеральная обработка артефактов). К участию на раскопках можно привлекать представителей незаконной поисковой деятельности, «любителей старины», что обеспечит, пусть и небольшой процент «переквалификации»;

Таким образом, была произведена оценка археологического туризма как средства сохранения ИКН. Был выявлен ряд проблем на пути становления археологического туризма в России: законодательство, нерегулярность финансового обеспечения, отсутствие единой методики. Так, археологический туризм способен играть роль дополнительного финансового ресурса и способа популяризации.

*Научный руководитель:
Семьян И.А.*

Литература

Виноградов Н.Б. Школьные экскурсии к археологическим памятникам: из опыта работы лаборатории археологических исследований ЧГПИ/ЧГПУ // Педагогическая археология. – 2008. – С. 31–37.

Гончарова Е. Современное состояние археологического туризма на международном рынке туристских услуг // Университетские чтения–2015. Мат-лы науч.–практ. конф. Пятигорского гос. Лингвист.ун-та (13-14.01.2015 г.) . – Пятигорск: ПГЛУ, 2015. – С.43-47.

Куприянова Е.В. Заповедник «Аркаим» и проблемы популяризации археологии на Южном Урале // *Magistra Vitae*. – 2014. – № 12 (341). –С.22-28.

Сиволап Т.Е. Проблема сохранения культурного населения // Научно-технический вестник информационных технологий, механики и оптики. – 2006. – № 24. –С.14.

Фомина Е.Д. Историко-культурный туризм // *Инновационная наука*. – 2016. – № 11-1. –С.238-239.



ЖҰБАТҚАНОВА Қ. Ж.

Жұбатқанова Қолқанат Жарасқызы
 Қ.Жұбанов ат. Ақтөбе өңірлік университеті,
 Ақтөбе қ., Қазақстан;
 Kukash.96@mail.ru

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ТАРИХИ ӨЛКЕТАНУЛЫҚ МУЗЕЙЛЕРІ ҚОРЫНДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ ҚАЗАҚТАРДЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЛГІЛЕРІНІҢ САҚТАЛУЫ

Аннотация. Қазақ халқының материалдық мәдениетін зерттеудің бірден-бір объектісі жергілікті тарихи өлкетанулық музейлер екені белгілі. Бұл тарихи-өлкетанулық музейлердегі қазақтың дәстүрлі мәдениетіне қатысты материалдардың ғылым үшін маңызды екенін көрсетеді. Сонымен қатар, кейбір материалдық мәдениет үлгілерінің халық арасында сақталмауы этнограф, музеолог, өлкетанушыларды тікелей музей қорымен жұмыс жасауға жетелейді. Бұл орайда еліміздегі ҚР MOM, ҚР Ұлттық музейлері сияқты ірі музейлердің әрбір қорына арналған каталогтары жарық көрген

Түйін сөздер: экспедиция, музей, қолөнер, этнография, әдет-ғұрып, салт-дәстүр

Жергілікті жерлердегі шағын өлкетанулық музейлердің коллекциялары мен қор материалдары осы күнге дейін толық ғылыми айналымға енген. Ең алдымен тарихи өлкетанулық музейлердің қор материалдарын жергілікті халықтың тарихы мен мәдениетін айшықтауда басты нысан ретінде қарастырған жөн.

Осы орайда 2020 жылдың 1 қазан – 15 қараша аралығында Ақтөбе облысы территориясында кешенді этнографиялық экспедиция жұмысы жүргізілді. Экспедициялық жұмысты Ақтөбе облысы әкімшілігінің қолдауымен Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институтының Этнология және антропология бөлімі ұйымдастырды. Кешенді экспедиция негізінен Солтүстік Үстірттегі Доңызтау ауданының тарихи және мәдени ескерткіштерін, халықтық архитектурасын және өңірлердегі музейлерді зерттеуге бағытталды. Экспедиция құрамы кәсіби этнографтар, этноархеологтар, өлкетанушылар және музейтанушылардан құралды. Далалық зерттеу жұмыстары Ақтөбе облысының Байғанин, Темір, Мұғалжар, Шалқар және т.б. аудандарын қамтыды [АДМ № 1, № 2, № 3, №4].

Ақтөбе облысында жүргізілген кешенді этнографиялық экспедициялық жұмыстарының негізгі мақсаты – жергілікті халықтың этномәдениеті мен мәдени мұрасын зерделеу болып табылды. Сонымен қатар, аудандық өлкетанулық музейлердегі жергілікті халықтың мәдениеті мен дәстүрлі шаруашылық түрлері мен кәсібіне, салт-дәстүріне байланысты материалдар жинақтау болды.

Жергілікті музейлердің қорларында қазақ халқының ұлттық құндылығына қатысты көптеген материалдар

сақталған. Соның ішінде – қазақ халқының «ұлттық қолөнері» болып табылады. Дәстүрлі қолөнер туралы сөз болғанда ұлттық киімдер де шет қалмайды. Себебі, ұлттық киімдер де ұлттық қолөнердің бір бөлшегі. «Ең әдемі киім – ұлтыңның киімі» деген ұлағатты сөз бар. Қазақ халқының ұлттық киімдері еш халықтан кем емес екені анық.

Ақтөбе облысына жүргізілген этнографиялық зерттеу жұмыстары барысында қазақтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері әлі де жалғасын тауып келе жатқандығы байқалды. Соның ішінде дәстүрлі қазақ киімдеріне қатысты материалдық емес мәдени мұраның әлі де ел ішінде сақталғаны көрінді. Бұл киім тігу ісіндегі ежелден бері пайдаланып келе жатқан материалдар жергілікті әдіспен аң, мал терілерінен өңделуі болып табылады.

Жалпы, қазақтарда салтанаттық киім мен күнделікті киім-кешектің пішімінде айырмашылық бола бермейді. Салтанаттық киімнің бітімі сыпайылау, тігісі жатық, зерлі оқалы, кестелі басына киетіндері көтеріңкі, аяқ киімдері шоңқима, биік өкшелі, түрлі түсті қайыспен, таспамен өрнектелген, зерлі жіптермен кестеленген болып келеді. Күнделікті киімге шекпен тоқымасы, қолда бар мата, бөз, кенеп, шыт, сәтен сеңсең терісі, көн секілді қарапайым материалдар жаратылса, салтанаттық киім-кешекке барқыт, масаты, мәуіті, шұға, жібек, қырмызы, мақпал кездемелері, сусар, көмшат, құндыз терілері, бұлан немесе бұғы күдерісі, жылқы шегірені пайдаланылған [Хинаят, Сужикова 2011: 112].

Қазақи киімде негізгі сырт киімдерге – шапан, күпі, тон, ішік, шекпен, кебенек және т.б. жатады. Ішіне

түйенің жабағы жүнін салып, бидай шүберекке сырып, сыртына берік қоңыр түсті матадан тігілетін киімнің бірі – күпі. Қажетті бұйымдар мен тігілуі оңай болғандықтан, мұны бұрынғы қазақтардың бәрі де киген. Киімнің бұл түрі көктем мен күзде киіледі. Қадыр Мырза Әлидің Абайға арналған өлеңінде: «Күпі киген кемеңгер өзің ғана, - дейтін жолы болса, Мұқағали Мақатаев: «Күпі киген қазақтың қара өлеңін» деп жазған. Осындай күпінің бірі Ақтөбе облысы Шалқар аудандық тарихи-өлкетану музейінің экспозициясынан орын алған. Ауыл тұрғыны Бекмағамбетов Қанаштың XIX ғасырда ауыл шаруашылығымен айналысқанда киген күпісі. Түйе жүнінен жасалып, түлкі терісімен астарланған. Атадан мұра ретінде сақтап отырған құнды жәдігерін музейге Қанаштың ұрпақтары тапсырған [АДМ № 4].

Көшпелі қазақтар ішкі-сыртқы киімдерінің бәрін жүріп-тұруға, көшіп қонуға ыңғайлы етіп ықшамдап тіккен. Ауа райының қолайсыз жағдайлары да ескерілген. Мұндай киімдерді киген халыққа қатты аяз немесе күннің аптап ыстығы, қатты өңменіңнен өтетін жел, құрғақшылық ешқандай қауіп төндірмеген. Себебі киімдер төзімді, ыңғайлы, қарапайым және әсем болған.

Ал ерлердің сырт киімдері түймесіз, көбінде тек белбеумен ғана оң жаққа қарай қаусырылған. Мысал ретінде Темір аудандық музейінде орналасқан шекпенге тоқталсақ болады (1, 2-сур.). Тек қана түйе жүнінен тоқылатын жаздық сырт киім шекпенді матаны иіріп, оны өрмекпен тоқып, шапан үлгісінде пішкен. Оған қалың матадан тік жаға салынып, қолының жиектері өрнектермен көмкерілген. Белбеуі үш түрлі түспен (қызыл күрең, ашық көк, қоңырқай) өрілген [АДМ № 2]. Осыған байланысты Ақтөбе облысы Байғанин ауданының тұрғыны дәстүрлі киім тігу шебері Қуанғалиева Ақбибі Ұзақбайқызымен сұхбаттасып, одан дәстүрлі киім туралы мәлімет алынды. Ол өзінің



1 - сур. Сырт киімдер: 1—Шекпен.
Темір аудандық музейі



2 - сур. Ішкі тон.
Темір аудандық музейі

келіндеріне арнап заман талабына сай шапан, жакет, камзол, ал ер адамдарға арнап тіккен шапан, шекпенін көрсетіп, тігілу технологиясы жайында әңгіме етті.

Оның мәліметтеріне қарағанда, шекпен тек қана түйе жүнінен тоқылады. Күзеп алынған түйе жүнін шаң-тозаңынан арылтып, одан соң қолмен майдалап түтеді де, шүйке жасайды. Шүйкеленген жүнді ұршықпен иіреді. Шекпен тоқитын жіп өте жіңішке болады. Иірілген жіпті екі ағаштың арасынан ыспалап өткізіп, оның буылтықтарын кетіріп қайта өңдейді. Шекпен де терме бау тоқитын өрмекпен тоқылады. Тоқылып болған кездемені кәдімгі матадан киім пішкендей етіп өлшеп, шекпен пішеді. Шекпенді жазда киеді. Оған қара барқыттан не болмаса басқа тыстық матадан қаптал жаға (дөңгелек жалпақ жаға) салып, етек жеңін сондай матамен көмкеріп әдіптейді. Шекпеннің ең әдемі түрін «Шидем шекпен» дейді. Шидем шекпен тайлақтың жүнінен тоқылады. Тайлақтың жүні әрі майда, әрі жеңіл болатындықтан, одан тоқырай шекпен де әдемі болып шығады. Шекпен су өткізбейді. Сондықтан ол әрі сулық, әрі жайшылықта кие беруге жарамды бес аспап киім. Су тиген сайын шекпен ширығын қалындай түседі. Шекпеннің тағы бір артықшылығы ол таза түйе жүнінен тоқылатындықтан аса мықты болады, ұзақ киіледі [Қуанғалиева 2020].

Аяқкиім түрлері олардың жасалған материалына, тұтынушысының жасы мен жынысына, әлеуметтік жағдайына байланысты жасалады. Жалпы қазақтың ұлттық аяқ киімдеріне: байпақ, кебіс, мәсі, етік, шоңқайма және т.б. жатады.

Осындай аяқкиім коллекциясы Шалқар аудандық тарихи-өлкетану музейінде өте көп кездеседі. Соның бірі кебіске тоқталсам, мәсінің сыртынан киюге арналып, былғарыдан тігілген аяқ киім. Қоңырқай келген. Өкшесіне бірнеше қабат ұлтан салып шегелеп, тұмсығы домаланған. Табанын айналдыра екі қатар

мық шегемен бекітілген. 1950–1955 жж. аудан тұрғыны Мұңайтбасова Жұмабике пайдаланған. Оның немересі Темірхан музейге сыйға берген (3-сур.). Ұлттық аяқ киімдердің әрқайсысының өзіне тән тігілу ерекшелігі мен жасалу жолы бар. Осы жайында Жарқамыс ауылының белгілі шебері Қали Ахметовтың баласы Қалиев Өмірбек етіктің жасалу технологиясынан мағлұмат берді. «Саптама етік – қазақтың ұлттық қысқы аяқ киімдерінің бірі. Оны ерлер киеді, кең қонышы тізені жауып тұрады. Ал жасалу жолы ұлтанды кесіп дайындап, ағаш шеге пайдаланады. Оны пештің үстіне кептіріп ромбик қылып темір шегеге ұқсатып шабады. Аяққа ызғар болмас үшін темір шегені жолатпайды. Құрыммен (былғарының жіңішке түрі) мәсі тіксе, былғарымен саптама етік тігеді. Шешеміз ішіндегі астарын ақ матадан тігіп беріп отырған. Ал жиегін іс машинамен мәсіні тіккен. Саптама етіктің іші киізден жасалады, ал мәсіге астар салады. Ағаш шегенің ағашы қайыңнан жасалады. Ағаш шегені қаққанда екі жолақты болып қағып шығады. Ылғалданған сайын ағаш ісініп керемет болып шығады. Көбіне саптама етікті қойшылар киген. Басы сүйір, үзеңгіге кіргенде ары қарай өтіп кетпейді, қауіпсіз. Қойшылар бір саптама етікті бір үлкен ісек қойға бағалап, тігіп берген» (4-сур.), [Қалиев 2020].

Ертеректе қазақ етіктері түзу табан етіп тігіліп, оң аяқ пен сол аяққа бірдей киіле беретін. Яғни қазақ халқы күнделікті тұрмыс–тіршілігіне ыңғайлы аяқ киім киген. Етікті оң мен сол аяққа бейімдеп, қисық табан етіп тігу кейін пайда болған.

Ақтөбе облысының көптеген аудандарында киімнің түпкілікті өзгеріп кеткеніне қарамастан, дәстүрлі қазақ ұлттық киімінің көптеген элементтері әлі де сақталған. Атап айту керек, өңірде дәстүрлі киімді толықтай топтамасымен тек қана егде жастағы әйелдер киеді. Адамның киіміне қарап әлеуметтік деңгейін, жас ерекшелігін байқауға болады. Аталған өңірде дәстүрлі киімдерді тігуде үй жануарларынан алынған тері мен жүн өнімдері қолданылды. Сонымен қатар, фабрикалы маталардан

да дәстүрлі пішімді сақтай отырып тігілген. Және де өңірдегі қазақтар қазіргі таңдағы еуропалық үлгідегі күнделікті және мерекелік киімдеріне дәстүрлі элементтерді үйлестіріп киюге тырысады.

Қазақ қолөнерінің көркемдік ерекшелігінің негізі болып киіз басу өнері саналады. Жүннен әртүрлі киіз басып, киіз үйге туырлық, үзік, түңлік, дөдеге және тұрмысқа қажетті еденге төсейтін текемет, сырмақтар, тұсқа ілінетін тұскиіздер мен қап түрлерін жасаған. Киізден жасалған бұйымдар қазіргі заманда халықтың генетикалық мәдени қарым–қатынасындағы байланысты көрсететін дерек ретінде қабылданады. Ақтөбе облысы Байғанин аудандық музейі қорында

киізден жасалынған бұйымдар – қайталанбас өнер туындысы ғана емес, әлі сыры ашылмаған, толығынан зерттелмеген асыл мұра. Мұнда текемет, тұскиіз, алаша, сырмақ, кілемше секілді құнды жәдігерлер коллекциясы киіз үй төрінен орын алған. Соның бірі ауданның қолөнер шебері Нұрымбетова Райханның қолынан шыққан Тобық Жармағанбетовтың бейнесі салынған кілемше [АДМ № 1]. Апайдың өзімен кездескенде бұл портреттің жасалу жолы өте ауыр екенін тілге тиек етті. Портретті салу үшін алдын-ала штрихтап, клеткалап қағаздың бетіне салынып алады да, соған қарап тоқылады. Оны штрихтайтын басқа адамы болады. Райхан апайдың тоқыған кілемдері ауданның әр үйінен кезіктіруге болады. Қазір бұл өнермен айналыспайтындықтан кілем тоқитын станогында музейге тапсырған [Нұрымбетова 2020].

Киізден жасалған бұйымдардың ішінде өзінің қанық, ашық түсімен оюлы сырмақтар ерекше көз тартады. Музей қорындағы сырмақ топтамасы қазақ халқының ертеден келе жатырған киіз басу тәсілінің бар сырын кеңінен меңгеріп, сырмақ басудағы көркемдік қасиетін толығымен аша білгенін дәлелдейді. Жалпы оюдың қызыл түсі сырмақ бетінің ақшыл түсімен өте жылы үндестік тауып, үйлесіп жатса, қара түсті шаршының жіңішке



3 - сур. Кебіс. Шалқар аудандық тарихи-өлкетану музейі



4 - сур. Саптама етік. Байғанин ауданы, Жарқамыс ауылдық округіндегі мектеп музейі

жолақтары көтеріңкі көңіл лебін сезіндіреді. Сырмақ оюларының негізін көне заманнан байлықты, барлықты білдіретін мүйіз тексті оюлардың барлық түрлері кеңінен қолданылады. Оюлардың орналастыру реті әрқашан бұрыннан келе жатқан ой-санадағы наным-сенімге бағындырылады. Орталық бөлікті жиек оюларымен қоршау – отбасын, өзі өмір сүрген ортаны сыртқы жаман күштерден, күйреуден сақтау, оны қоршау мағыналары сақталған. Киізден жасалған бұйымдар ауыл аралық жүргізілген этнографиялық экспедиция жұмыстары кезінде молынан толықтырылған. Оймауыт ауылының тұрғыны Елбайқызы Күлзираның мәліметіне қарасақ, нарықтың кезінде киізді көптеп басып, Атырау, Құлсары жаққа сатқан. 1 дана сырмақ – 10.000, 15.000 теңгеге дейін бағаланған» [Елбайқызы 2020].

Қызыл, сары, жасыл түсті иірілген жүн жіптерден жүз терутәсілімен тоқылған. 18 қатар жалпақ жолақтардан құрастырылып тігілген. Алашаның екі жаны ақшыл жасыл түсті иірілген жүн жіптермен көмкеріліп жиектелген. Дияр ауылы тұрғыны Шүренбаева Жамилияның қолынан шыққан алаша [Шүренғалиева 2020].

Ұмыт болып бара жатқан ұлттық өнерді насихаттап жүрген Жанбөпе Сырғабекованы Мұғалжар аудандық тарихи-өлкетану музейінің қызметкерлерімен бірге Ақкемер ауылына арнайы іздеп барып, киіз басу тәсілдерін үйреніп, жаңғырған көнеден тәбәрік алып қайттық. Жалпы алғанда киіз басу өнері барлық жерде бір тәсілмен орындалады десек те, әжей өзінің киіз басу өнерінің қыр-сырымен бөлісті. «Бұрын киіз басу кішігірім той іспетті өтетін. Ауылдың қыз-келіншектері мен апа-әжелері асарлатып, белсене кірісетін. Қазан-қазан су қайнатып, келіндер жағы үлкен қазанға ет асып, апа-әжелер өлең айтып, өздерінің жақсы көңіл күйлерімен жасайтын. Киіз басу ауыл тұрғындарын ынтымақ пен бірлікке шақыратын керемет дәстүр болатын. Киіз басқан жерге ер адамды кіргізбейтінбіз. Себебі, үлкендер «киіздің басы бірікпей қалады» деп ырымдайтын» – дейді әжей [Сырғабекова 2020].

Ыстық буымен балбырап жатқан киізді қатарласа отырған киізшілер шидің үстінде көлденең жатқан киізді өздеріне қарай жұла тартып алып, білегімен ұрып, аяққа салып басады. Неғұрлым адам көп болса, соғұрлым демде басылады. Білектеліп болған киізді



5 - сур. Ұсталардың құрал-саймандары. Темір аудандық музейі

ұзыннан екі қабаттап бүктеп, оның екі басын бір-біріне түйістіре жіппен көктеп, қарпу әдісін пайдаланып, киіздің ұзындығын шығарады. Киіз басудың көнегі шебері болған Жанбөпе Сырғабекқызы киіз басудың дәстүрлі технологиясы сабау, шабақтау, булау, ырғау, білектету, қарпу секілді әдістерінің барлығын көрсетті.

Біз көрген Жанбөпе әжейдің отбасы – қаймағы бұзылмай, қазақилықтың иісі аңқыған, ене мен келіннің әдемі үндестігі, жеңге мен қайынсіңлінің сырлы сыйластығы орнаған киелі шаңырақ. Ұлтымыздың ұлттық өнері мен тәлім тәрбиесін насихаттайтын осындай отбасы барда, салт-дәстүріміздің де ескірмейтіні хақ.

Атадан балаға ауысып, уақыт өткен сайын құндылығы арта беретін қолөнер бұйымдарының мәңгілік өлмес озық үлгілерін дүниеге әкелген, оны біздің дәуірімізге ұштастырған шеберлер Ақтөбе облысында көптеп саналады. Ағаштан түйін түйетін шеберлер Басшин Қарамұқан, Қамысбаев Шырынның жасаған домбыралары мен басқада музыкалық аспаптары кезінде таптырмас дүниелердің бірі болды. Шеберлердің осы дәстүрін Байғаниндік бесаспап шебер Хасенов Құтым одан әрі жалғастырып қана қоймай, жетілдіріп дамыта түскен. Бүгінде жасы жетпісті алқымдаған ағамыз ұсталықты жастайынан бастаған. Ұсталық болғанда да, жай бір дүние емес – қазақтың қара домбырасын жасаудың нағыз шебері. Домбыра жасау үшін қажетті ағаш түрлерін таңдап, оның дыбысын, саздылығын, сәні мен мәніне үйлестіре жасай білетін ол өзі дайындаған бұйымдарын VI Республикалық

«Үкілі домбыра» байқауына ұсынып, II – орын жүлдегері атанған. Сонымен қатар Нұрсұлтанның 10 жылдық тойында, «ЭКСПО–2017» халықаралық көрмесі кезінде Құтым ата жасаған домбыралар шетелдіктерге сый ретінде ұсынылған. Шебердің айтуына қарағанда, домбыраны кез келген ағаштан жасамайды екен. Қажетті материалдарды іздеп, қымбаттығына қарамай сатып әкеледі. Әрине, жол шығыны, материал құны аз қаржы емес. Солай болса да, өзінің табиғат сыйлаған дарынын көрсету үшін осының бәріне тәуекел етіп келген. Байғанин аудандық музейінде Хасенов Құтым жасаған туындыларына арнайы экспозиция бөлінген [АДМ № 1].

Осы музей қорындағы музыкалық аспап сыбызғының тарихы қызық. Музейде тұрған темір сыбызғы төрт ойықты, түтіктің бір басы сәл жіңішкелеу. Ұзақ уақыт бойы қолданбағандықтан болу керек, ақшыл түсі қарая бастапты. Сыбызғының иесі Боқанов Қайдас 1898 жылы Ақтөбенің Ебейті жерінде туған. Жастайынан нар қамысынан сыбызғы жасап тартып машықтаныпты. Бір кластықта білімі жоқ, бірақ тұла бойы тұнған талант сыбызғышы Қайдос қарт сегіз қырлы бір сырлы болған. Сыбызғыны жанына серік еткен ол түнде қой күзетіп отырып сыбызғысын сызылтып тартқанда, бүкіл ауыл тыңдайды екен. Қайдас қарт 1975 жылы дүниеден өткенде ұрпақтары көненің көзін көз қарашығындай сақтап қалған [АДМ № 1].

Ақтөбе облысы он саусағынан өнер тамған небір ұсталар мен шеберлерге өте бай елді мекен. Тағы бір себебі қазақты қазақ ететін өнердің бірі – ұсталық десек, осы бір қасиетті өнерді жанына серік еткен Айдос Мұратов Шалқар ауданы тұрғыны. Қолөнерлікті әкеден мұра етіп алған Айдос ақсақал өз өнерін ағаш етік тігумен бастаған. «Балам бұл тіршілігіңді қой, оданда молдаға барып, арабша оқу, жазу үйреніп дәріс ал балам» деген әкесінің бұл сөзін жерге тастамай әке тілін алып молдаға барып, бір жылдай дәріс алған. Келесі жылы молдалықты қойып, тағы да қолөнермен айналысуға бел байлайды. Енді ол ағаштан, тастан, сүйектен бұйымдар жасауға кіріседі. Ағаштан үй жиһаздарын жасаумен айналысқан. Айдос ата жасаған сықырлауық есік, ер-тұрман, адалбақан, ағаш керует, сандық, асадал сынды құнды этнографиялық мұралар Шалқар аудандық тарихи-өлкетану музейі экспозициясында қойылған. Ал, шебердің қайыспен қаптап, сүйекпен жиектеп көмкеріп жасалған ер-тұрманын баласы Ілиясқа арнаған екен. Ал, асадалды қолөнер шебері Айдос Мұратов өзі тұтынған. Кейіннен оны немересі Ерболат Мұратов музейге тапсырды. Міне, Айдос Мұратовтың қол табы қалған бұйымдар 30 жыл бойы музейдің көркін кіргізіп тұр [АДМ № 4].



6 - сур. Көрік. Темір аудандық музейі

Ертедегі ұсталар пайдаланған құрал-саймандарды бүгінде тек музей экспозициясынан кездестіреміз. Әйтсе де, біз осы қалыптасқан ұғымға кереғар жайттың орын алғанына куә болдым. Темір аудандық музейіндегі көптеген жәдігерлерді аралай жүріп, сол өңірде өмір сүрген зергер, ұсталардың құрал-сайманына көзім түсті. Кезінде шебердің қолынан түспеген сом балға мен қысқыш, көмір оятын балға, шаппа шот, жоңғы, бұрғы, кирка, үрлеуіш пен қалақ, тістеуіш пен шымшуырлар қаз-қатар тізіліп тұр (5-сур.). Бұл құралдар музей қорына этнографиялық экспедициялар барысында жинақталған, сондай-ақ жекелеген адамдардың музейге сыйға тартуы барысында толығып отырған.

Осы құралдардың жанында ескірген көрік қойылыпты (6-сур.). Көне мұраларды сақтап, жаңа буынға насихаттап отырған мәдени орталықта сақталған көріктердің бірі аудан тұрғыны Турдамен Қобыланнның пайдаланған көрігі. Бұрынғы кездері көрікті бойында қасиеті бар адамдар ұстаған. Оны жоғары ұстап қастерлейтін болған. Көріктің кереметтілігі сондай ауру адамдарды емдеп жазған. Сонымен бірге көрікті ерте заманда зергерлік бұйым жасау кезінде металдан қыздыру үшін үрлеп тұратын құрал ретінде пайдаланған. Ұста, зергерлер пайдаланған бұл бұйымның көлемі мен қолдану тәсілдеріне қарай бірнеше түрі болған. Олар – қол көрік, мес көрік, қос көрік, жел көрік. Қазір ол кәсіппен айналысушылар жоқтың қасы [АДМ № 3].

Қорыта келгенде, Ақтөбе облысы қазақтарының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерінде әлі де жалғасын тауып отырған дәстүрлі мәдениет элементтері бар. Оны жергілікті тарихи-өлкетанулық музейлердің коллекцияларынан көруге болады. Бұған жоғарыда жазылған

мәлімет арқау бола алады. Сонымен қатар жергілікті жерлерде дәстүрлердің жаңадан жаңғырғаны да, өзгеріске ұшырағаны да кездеседі. Өзіндік ерекшеліктері де жеткілікті екендігін экспедиция барысында көз жеткіздік. Ақтөбе облысы қазақтарының материалдық

мәдениетін аймақтық тарихи-өлкетанулық музейлер тұрғысынан талдау қазіргі этнолог, музеолог мамандардың басты мәселесі болуы тиіс. Келешекте бұл мәселе жан-жақты зерделенеді деген сенімдеміз.

Әдебиет

Автордың далалық материалдары № 1 (АДМ) – Ақтөбе өңірінің жергілікті материалдары (АӨЖММ). Байғанин аудандық музейі материалдары. Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы. 2020 жыл

Автордың далалық материалдары № 2 (АДМ) – Ақтөбе өңірінің жергілікті материалдары (АӨЖММ). Темір аудандық музейі материалдары. Ақтөбе облысы, Темір ауданы. 2020 жыл

Автордың далалық материалдары № 3 (АДМ) – Ақтөбе өңірінің жергілікті материалдары (АӨЖММ). Мұғалжар аудандық музейі материалдары. Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы. 2020 жыл

Автордың далалық материалдары № 4 (АДМ) – Ақтөбе өңірінің жергілікті материалдары (АӨЖММ). Шалқар аудандық тарихи-өлкетану музейі материалдары. Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы. 2020 жыл

Қазақ кілемдері мен тоқыма бұйымдары Қазақстан Республикасы Мемлекеттік музейі коллекциясынан. (Ғылыми каталог. Казахские ковры и ковровые изделия из коллекции Центрального Государственного музея Республики Казахстан. Научный) / Ғылыми ред. және жоба жетекшісі Нұрсан Өлімбай. – Алматы: ICOS, 2012.–384 б

Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» 1998. – 470 бет.

Қазақ халқының ұлттық киімдері. Национальная одежда казахского народа. National dothes of Kazakh people. /Құраст. Б. Хинаят., А. Сужикова. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2011. – 384 бет

Информаторлар

Әділбеков Қайырбек. 40 жаста. Қолөнер шебері. Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Бегімбет ауылы тұрғыны

Елбайқызы Күлзира. 62 жаста. Қолөнер шебері. Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Оймауыт ауылының тұрғыны

Қалиев Өмірбек. 58 жаста. Етікші. Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Жарқамыс ауылының тұрғыны

Қуанғалиева Ақбибі. 57 жаста. Ісмер. Ақтөбе облысы, Байғанин ауданының тұрғыны

Нұрымбетова Райхан. 68 жаста. Қолөнер шебері. Ақтөбе облысы, Байғанин ауданының тұрғыны

Сырғабекова Жанбөпе. 82 жаста. Қолөнер шебері. Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Аққемер ауылы

Шүренғалиева Жәмиля. 82 жаста. Қолөнер шебері. Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Дияр ауылының тұрғыны



ӘБДЕНОВ А.Ж.

Әбденев Айдын Жақсанұлы
Қ.Жұбанов ат. Ақтөбе өңірлік университеті,
Ақтөбе, Қазақстан;
aidyn_617@mail.ru

ӨЛКЕ МҰРАЛАРЫН НАСИХАТТАУ ЖОЛДАРЫ

Аннотация. Аталған мақалада соңғы жылдары Ақтөбе облысының табиғи, тарихи-мәдени мұраларының жастар арасындағы насихатталуы мен атқарылған жұмыстар туралы айтылады. Оның ішінде облыстың киелі нысандарын дәріптеу мақсатында енгізілген жаңа пәндер, өңірдің рухани мұраларының қалыптасуы мен қазіргі қоғамдағы рөлі жөнінде жұмыстар қамтылады. Әсіресе Қобда, Ойыл және Алға аудандарының киелі нысандарының өлкетанудағы маңыздылығына шолу жасалынады.

Түйін сөздер: Өлкетану, мәдени мұра, ескерткіштер, тарихи география, киелі география, тарихи-мәдени мұралар.

Кез-келген халықтың көне заманалардан бері қалыптасқан өзіндік болмыс-бітімі, салт-дәстүрі, материалдық және рухани мұралары сол халықтың ғұмыр жолының айнасы. Өткен заманалардан жеткен мұралар бүгінгі ұрпақ үшін тек тарихтың қарапайым куәгері ғана емес сонымен бірге қазіргі сан тарау мәдениетіміздің бой көтерген биік тұғыры да. Адам баласының таным-түсінігі толысқан сайын өзіне дейінгі ұрпақтар жасаған материалдық және рухани мұраларды зерттеп, игеруге деген қажеттігі арта түскен.

Мемлекет тарапынан да ұлттық құндылықтарымыз бен рухани байлықтарымызды сақтау, қалпына келтіру, жастар арасында насихаттау арқылы туған өлкесіне патриоттық сезімдерін оятуда бірнеше маңызды бағдарламалар қабылданды. «Мәдени мұра», «Болашаққа бағдар рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» және «Қазақстанның киелі жерлер географиясы» соның айқын дәлелі.

Бүгінгі таңдағы ғылыми түсінік ғылымды да, әдебиет пен өнерді де, ел-жұрттың білім өрісі мен сауатын да, халықтың тұрмыс-тіршілігін, өндіріс ауқымын да, ойдың оралымдылығы мен тілдің құмарын да, материалдық және рухани қажеттіліктердің деңгей-дәрежесін де, ең арғысы талғамның танымына дейін мәдениеттің аясына сиғызады [Құрманбеков 2014: 3–4].

Қазақ даласының қай өңірінің де өзіндік тарихы, әркімнің көңіл көкірегінде қонақтап қалатын табиғи келбеті бар. Ұлы Жібек жолында жаңғырған Көкжар жәрмеңкесі, Абат–Байтақ, Қобыланды батыр басқа да құнды ескерткіштері мен тарихи-мәдени орындарға бай Ақтөбе облысының мұраларын танып-білуде өлкетанудың мәні зор [Сергеева, Әбденев, Мамедов, Сүлейменова, Досмуратов 2016: 98-99].

Қазіргі жастар бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру, өңірдің тарихи-мәдени және табиғи мұраларының маңыздылығын түсіндіру, оларды насихаттау барысында Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде біршама жұмыстар жүргізілуде. Батыс аймаққа педагог және қызмет көрсету саласының білікті мамандарын дайындайтын іргелі оқу орны ретінде білім алушылардың модульдық оқу жоспарларына мамандықтарына сай бірнеше пәндер енгізілді. Олардың қатарында: Туристік-өлкетану жұмыстарының негіздері; Қазақстанның табиғи және тарихи-мәдени ескерткіштері; Өлкетану; Географиялық өлкетану; Қазақстанның киелі жерлері географиясы; Ақтөбе облысының киелі жерлері географиясы; Ақтөбе облысының табиғи және тарихи-мәдени ескерткіштері; Мектептегі туристік-өлкетану жұмыстары т.б.

Білім алушылардың ғылыми бағыттағы және тәрбиелік мақсаттағы іс-әрекеттерінде ұлттық құндылықтарды пайдалануда бірнеше жобалар мен шаралар өткізілді. Жыл сайынғы ұйымдастырылып, өткізілетін облыстық «Атаулар сыр шертеді» жобасының маңызы зор. Бұл жобада оқушылар мен студенттер өздерінің туған өлкелерінің тарихына, белгілі тұлғалары, табиғаты мен жер-су атауларына ерекше мән беріп, жан-жақты зерделейді.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы және Астана қаласының (Нұр-Сұлтан қ.) 20 жылдығына арналған іс-шаралар аясында, QazaqGeography Республикалық қоғамдық бірлестігі, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті және Ақтөбе облысы әкімшілігі қолдауымен 2018 жылдың 25–29 маусым күндері Ақтөбе облысының Қобда, Алға және Ойыл аудандарында алғаш рет «Хан қорық» жастар

фестивалі өткізілді. Фестивалға қатысушы жастар 3 бағыт бойынша өздерінің ғылыми жобаларын қорғады: 1) «Туған жер» және «Қазақстанның киелі жерлер географиясы» жобасы мен өлкетану секциясы; 2) Тарихи-мәдени мұралар, этнография секциясы; 3) «Климаттың өзгеруі», «Су ресурсы» тақырыбы бойынша креативті баяндамалар қорғалды. Бір аптаға созылған жастар фестиваліне Қазақстанның 16 - Жоғарғы оқу орындарынан, 2 - Колледж, 1 - мектеп және Ресей, Өзбекстан, Қарақалпақстаннан келген жас зерттеушілер мен өлкетанушылар қатысты, олардың жалпы саны 120 адамнан асты.

Осы шараға қатысушылар Ақтөбе облысының Қобда, Ойыл және Алға аудандарының табиғи, тарихи-мәдени мұралары мен қасиетті жерлерін аралады. Академик Әлкей Марғұлан көшпелі өркениеттің ерекшеліктерін, өзіне тән дүниетанымы мен бейнелеу өнерін талдай келіп «Ең көркем құлпытастар, сұлу күмбездер, кешендер, сағана тамдар Сағыз өзені бойында, Қобдада, Маңғыстауда сақталған» деп бағалаған қорымның бірі Абат Байтақ кесенесі [Әжіғали 2006: 11], елімізде тарихи ғимараттары сақталған орындардың бірегейі, Жібек жолын жалғастырған Көкжар жәрмеңкесі, Қазақтың әйгілі батыры Есет Көкіұлы кесенесіне барып, Кеңес Одағының батыры, қазақтың мерген қызы Әлия Молдағұлова ауылында түнеп, музейді аралап, ескерткішке гүл шоғын қойып, рухани азық алды.

2020 жылдың қыркүйегінде университетімізде Халықаралық туризм күніне арналған «Менің өлкем! Камера! Мотор!» видео турлар байқауы ұйымдастырылды. Байқау өскелең ұрпақтың туған өлкесінің тарихы мен географиясына деген қызығушылығын арттыруға, жаңа көрікті жерлерді анықтауға, жастар арасындағы шығармашылық бастамаларды қолдауға және өскелең ұрпақты туған өлкесінің тарихын, географиясын зерттеуге тартуға бағытталған. Конкурс келесідей номинациялар бойынша жүргізілді: 1. Үздік мәдени-танымдық бейнеэкскурсия; 2. Менің өлкеме қош келдіңіздер!; 3. Этнографиялық калейдоскоп 4. Өлкенің табиғи байлығы.

Осындай шаралардың жалғасы ретінде «QazaqGeography» Республикалық Қоғамдық Бірлестігі және Ақтөбе облыстық тарихи – өлкетану музейінің қатысуымен «Сүйікті өлке объектив арқылы» атты фотоконкурс ұйымдастырылды.

Байқау оқушылардың, студенттердің, магистранттар мен оқытушылардың шығармашылық, танымдық және әлеуметтік белсенділігін ынталандыруға, эстетикалық талғамын дамытуға бағытталған. Сайысқа облыстың әр өңірінен 40-қа жуық өтінім келді.

Ұлттық құндылықтарды оқытудың өскелең ұрпақ тәрбиесіндегі мүмкіндіктерін жақсарту мақсатында университетіміздің география және туризм кафедрасы оқытушыларының еңбектері зор. «Ақтөбе облысының тарихи-мәдени және табиғат мұралары ескерткіштері» тақырыбында облысымыздың аудандары (12 аудан) бойынша жазылған ғылыми жинақтар; «Ақтөбе облысының табиғи, тарихи-мәдени мұралары: қорғау және тиімді пайдалану» (Астана, 2016ж.), «Ақтөбе облысының географиясы» оқулықтары (Ақтөбе, 2020ж.) және т.б., сонымен қатар облыстың киелі жерлердің республикалық тізіміне енген мұралары бойынша «Ақтөбе облысының киелі жерлер картасы» мен ескерткіштердің Qr коды, Ақтөбе облысының табиғи ескерткіштері мен тарихи-мәдени картасы суреттермен безендіріліп, жасалынды, өлкетану бағытында бірнеше авторлық куәліктер алынды. Аталған оқулықтар мен көрнекі карталар қазіргі білім беру процесінде қолданылып, студенттердің туған өлкесінің мұраларын танып-білуге қызығушылығын тудырып келеді.

Кез-келген тарихи мұраның, мән-маңызын, талғам безбеніне салып баға беру үшін – сол мұраның дүниеге келген уақытын, дүниеге әкелген қоғамын, қандай себептермен, кім үшін салғанын анықтау керек. Сонда ғана оның көркемдік құдіреті жарқырай көрінеді. Сонда ғана асыл мұра шын мәнінде халықтың рухани игілігіне айналады.

Жоғарыда сөз еткен табиғи, тарихи-мәдени ескерткіштеріміздің қай-қайсысында арнайы саяхат жасауға лайық, туған жердің рухани шежіресі – не қызықты айғақ бола алатын орындар [Сергеева, Әбденов, Нургазина, Абдуллина, Шумакова 2014:186]. Сондықтан да мұндай орындар санаулылардың ғана емес, баршаның қызықтап-тамашалауына мүмкіндік жасаудың жолдарын қарастыруды қажет етеді.

Әдебиет

Әжіғали С.Е. Кратер елінің асыл мұрасы: көшпенді Арал-Каспий өңірінің тарихы мен мәдениеті туралы. – Алматы: «TimasPrinthouse», 2006. – 64 б.

Құрманбеков Б. Ақтөбе тарихы: (сауда қатынастарының дамуы). – Ақтөбе: «А-Полиграфия», 2014. – 152 б.

Сергеева А.М., Әбденов А.Ж., Мамедов А.М., Сүлейменова Г.Ж., Досмуратов Ф.С. Ақтөбе облысының табиғи, тарихи-мәдени мұралары: қорғау және тиімді пайдалану. – Астана: «Қазақстандық ұлттық географиялық қоғамы», 2016. – 208 б.

Сергеева А.М., Әбденов А.Ж. және басқалары // Ақтөбе облысындағы туризмді дамытуда мәдени-тарихи ресурстардың маңызы. – Прага: «Sociosfera-CZ», 2014. – 179-186 б.

СОВЕТХАН Р.А.

Советхан Раушан Айболқызы

Ықылас ат. халық музыкалық аспаптар музейі,

Алматы қ., Қазақстан;

raushan.sovetkhan@mail.ru

ЫҚЫЛАС АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚ МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАР МУЗЕЙІНІҢ МӘДЕНИ МҰРАНЫ САҚТАУ ЖӘНЕ НАСИХАТТАУ ҚЫЗМЕТІ

Аннотация. Бұл мақалада Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейінің негізгі экспозициялық ерекшеліктері, мәдени мұраны сақтау мен қорғау жолындағы қызметі мен Рухани жаңғыру бағдарламасын іске асыру барысында жүргізіліп жатқан іс-шаралары көрсетіледі. Елбасымыздың Қазақстан халқына арналған дәстүрлі жыл сайынғы жолдауларында халықтың әл-ауқатын көтеру, экономикасын дамыту, ішкі-сыртқы байланысты тұрақтандыру, халық шаруашылығын дамыту, туризм саласын өркендету сынды күрделі мәселелерді күн тәртібінен түсірген емес. Соңғы жылдары ұлттық тарихымызды танытып, насихаттауға бағытталған іс-шаралар кеңінен қолға алынды. Көшпелі өркениеттің ошағы қазақтың дархан даласында әлі күнге сайрап жатқанын ескерсек, онда өңірлердегі тарихи-мәдени ескерткіштерді танытуды жасөспірім буынның бойына сіңірудің кезек күттірмейтін мәселе екеніне күмән жоқ. Осы орайда еліміздегі музейлердегі мәдени мұраны сақтау мен қорғауға бағытталған қарқынды іс-шаралар маңызын жоғалтпайды.

Түйін сөздер: Мәдени мұра, рухани жаңғыру, музей, музыкалық аспаптар, музыкалық археология, экспозиция, қор, жәдігер, ғылыми зерттеу.

Қазіргі жаһандану жағдайында музейлердің тарихи мұраны сақтау, патриотизм мен азаматтылықты тәрбиелеу ісіндегі мәдени-білім беру және ғылыми-ағарту орталықтары ретіндегі рөлі зор. Сонымен бірге, музейлер еліміздің айнасы іспеттес. Олай деуге үлкен себеп кез-келген елге барған уақытта ең бірінші болып бас сұғатын орын музей болып саналады. Сол елдің тарихы, мәдениеті, тұрмыс-тіршілігі мен салт-санасы туралы ақпаратты музейден алуға болады [Мерекеева 2009: 3].

Соңғы жылдары «Мәдени мұра», «Халық тарих толқынында» бағдарламалары, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» мақалалары ұлттық тарихымызды танытып, насихаттауға бағытталған іс-шаралар кеңінен қолға алынды. Жүргізілген іс-шаралар негізінде ата-бабаларымыздың қоршаған ортамен етене өмір сүріп, табиғаттың ажырамас бөлігі ретінде бес мыңжылдық өркениетінің қанат жайып, бүгінгі күнге дейін сақталғаны анықталды. Оған қоса ұлтымыздың тарихи өркениеті дамуы мен қалыптасуы жолын әлем елдеріне мойындатуға бағытталған аса құнды жұмыс болып отыр [Болашаққа бағдар 2017].

Елбасымыздың Қазақстан халқына арналған дәстүрлі жыл сайынғы жолдауларында халықтың әл-ауқатын көтеру, экономикасын дамыту, ішкі-сыртқы байланысты тұрақтандыру, халық шаруашылығын

дамыту, туризм саласын өркендету сынды күрделі мәселелерді күн тәртібінен түсірген емес. Осы орайда, еліміздегі музейлердің атқаратын қызметі зор. Олардың жәдігерлерді насихаттау, сақтау және қорғау, оған қосымша ғылыми-зерттеу жұмыстары маңызды болып отыр.

Сонымен бірге, қазіргі таңдағы кез-келген музейлердің алдында тұрған басты мәселенің бірі ол музей қорындағы мәдени мұраны көпшілікке насихаттау жұмысы. Заман талабына сай музейдің жарнамалық дәрежесінің жоғары болуы тікелей музей аудиториясының кеңеюіне себеп болады. Осы орайда Алматы қаласында орналасқан Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейінің көпшілікке насихатталуы барысындағы қызметін негізге алуға болады.

Халқымыздың қымбат мұрасы һәм асыл қазынасын дәріптейтін бұл музей 1981 жылы белгілі этнограф ғалым, мәдениет жанашыры Өзбекәлі Жәнібековтың бастамасымен құрылған. Музейде ерте кезеңдерде бақсы-балгерлер тұтынған жәдігерлерден бастап, еліміздің ұлы тұлғалары, жыршы, әнші, күйші-композиторлар ұстаған музыкалық аспаптары – қобыз, домбыра, сырнай, сыбызғылардың мол қоры сақталған [Қазақтың халық музыкалық аспаптар музейі 1994–1996: 2]. Музейдің залдары шетелдік музыкалық аспаптармен де толыққан. Музейде қазақ халқының ұлттық музыкалық аспаптарымен қатар, әлемнің 50-ге

жуық елінің мәдениетімен таныстыратын жәдігерлер 9 экспозициялық залға орналастырылған. Музейдің тарихи-мәдени құндылықтарын сақтау, экспозициялау және насихаттау үшін жаңа ақпараттық, цифрлық және басқа инновациялық технологиялар кеңінен қолданылады.

Музей қазіргі таңда негізгі мынадай бағыттар бойынша жұмыс атқарады: ғылыми-қор жұмысы, ғылыми-экспозициялық жұмыс және көпшілік-ағарту жұмысы. Бүгінде музей ғылыми-экспозициялық жұмыспен ғана айналысып қоймай, көпшілік-ағарту қызметін де жүргізеді.

Халық музыкалық аспаптар музей қорындағы жәдігерлердің көпшілікке насихатталуы тікелей көрмелер, жылжымалы көрмелер, шеберлік сыныптар, тақырыптық дәрістер, конференциялар мен музейдің концерт залында ұйымдастырылатын түрлі музыкалық кештер арқылы жүзеге асырылады. Сондай-ақ республикалық деңгейдегі телеарналар мен газет-журналдар және «ВКонтакте», «Instagram», «facebook» сынды әлеуметтік желілерде ақпарат жариялау да қолға алынған. Музей қабырғасында өтіп жатқан шаралар, қоғамдық жұмыстар, дәрістер мен шеберлік сыныптар, т.б. барлығы дерлік ақпарат құралдары арқылы көпшілікке насихатталады.

Музейде «Қазақстан», «Abai tv», «Хабар 24», «Елорна» сынды республикалық деңгейдегі телеарналардың арнайы жобалары бойынша әр түрлі тақырыптық түсірілімдер жүргізіліп, көпшіліктің назарына ұсынылып жүр. Сонымен бірге, «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» және «Алматы ақшамы» сынды газет-журналдарда музейдің ғылыми қызметкерлерінің түрлі мақалалары жарыққа шығып отырады.

Оған қосымша, музейге келушілерді әр экспонат жайында толық ақпаратпен қамтамасыз ету үшін музей залдары 2 ақпараттық киосктар және бейне-контенттік проекторлармен жабдықталған. Киосктар арқылы әр экспонат жайында ақпарат берілсе, бейне-контенттен сол аспаптың дыбысталуы, аспапта ойналатын музыкалық шығармалар көрсетіледі.

Сондай-ақ, музейдің барлық залдарында фондық музыка ойнап тұруын қамтамасыз ететін арнайы дыбыс құрылғылары орнатылды. Нәтижесінде, музейдің Кіріспе, Үрмелі және ұрмалы музыкалық аспаптар, Мемориалдық музыкалық аспаптар және Қобыз залдарында домбыра, қобыз, сыбызғы аспаптарында ойналатын халық күйлері, ал әлем халықтарының музыкалық аспаптарына арналған залдарда сол елдердің аспаптарында ойналатын шығармалар фондық музыка ретінде қойылды, ал 120 орындық кон-

церт залында тұрақты түрде дәстүрлі ән–жыр және күй кештері өткізіліп тұрады [Ибрашева].

Сонымен бірге, музей республикалық түрлі маңызды іс-шараларға, қоғамдық жұмыстарға белсене ат салысады. Соның бірі, Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар, рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының «Туған жер» кіші бағдарламасын іске асыру аясында Мәдениет және спорт министрлігі ұйымдастырған «Рухани қазына – 2018» І фестивалінде 16 аймақтан қатысқан 53 музейдің арасынан «Үздік облыстық маңызы бар мемлекеттік музей» номинациясы бойынша жеңімпаз атанып, 500 000 теңгелік сыйақыға ие болған еді [Ықылас ат. халық музыкалық аспаптар музейінің жеке мұрағаты].

